

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

Т.Н.Ермекова, К.Ә.Бертілеуова, Р.А.Абишева

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық

9



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Е 69

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының сарапшыларымен келісілді.

Е 69 Ермекова Т.Н. ж.б.
Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. / Ермекова Т.Н., Бертилеуова К.Ә., Абишева Р.А. – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2019. – 240 бет.

ISBN 978-601-318-200-1

Оқулық негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жазылды.

Оқулықта оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, алған білімдерін өмірде қолдана білуге машиқтандыратын, сонымен бірге қосымша ізденісті, қазіргі ақпараттық технологияның кең мүмкіндіктерін пайдалануды, шығармашылықпен жұмыс жасауды қажет ететін тапсырмалар қамтылды.

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-318-200-1

© Ермекова Т.Н.,
Бертилеуова К.Ә.,
Абишева Р.А., 2019
© «Арман-ПВ» баспасы, 2019

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатының көшіріп басуға болмайды

Оқулықта қолданылған шартты белгілер



Оқылым. Ұсынылған тақырып негізінде мәлімет беретін мәтіндермен танысып, мәтін жары мен негізгі мәселені айқында.



Тыңдалым және айтылым. Қосымша СД дискіде берілген немесе сілтеме бойынша ғаламтор материалдарын тыңдап, оны жеткізуге, ой қорытындысын жасауға дағдылан.



Ойтұрткі. Оқылым айдарында берілген мәселелеге қатысты өзіңің білім қорың мен ойлау қабілетінді көрсет.



Жазылым. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде өз ойынды жазбаша сауатты жеткізуге тырыс.



Ереже. Әдеби тіл нормалары бойынша анықтамалар берілді. Анықтамалармен танысып, мүкіят зерделе, оларды іс жүзінде дұрыс қолдануды үйрен.



Әдеби тіл нормалары. Грамматикалық, тілдік материалдар бойынша берілген жаттығулармен жұмыс жасап, өз білімінді көрсет.



Сұхбат. Түрлі тақырыпта сұрақ-жаяуп түрінде тілдік қарым-қатынасқа тусу арқылы пікірлесу мәдениетінді қалыптасты.



Гибратты сөз. Тағылымы молданалық сөздерден тәлім ал.



Артық болмас білгенің. Тақырып жөніндегі тың деректер, қызық мәліметтермен таныс. Ол да сенің білім көкжиегінді көнітеді.



Ізденімдік тапсырма. Шығарма-шылық сипаттағы ақпараттық деректерді іздең тауыш, зерттеу жүргіз.



Топтық тапсырма. Тапсырмаларды топқа бөлініп орындау арқылы жүйріктігінді көрсет.



Жағдайлтық тапсырма. Турлі жағдайларда шешім қабылдауға дағдылан. Шығармашылығың мен белсенділігінді арттыруға үмтүл.



Үй тапсырмасы. Тақырып бойынша алған білімің негізінде үйде өз бетінше ізденіп, тапсырманы орында.



Ойталқы. Пікірталас арқылы белгілі бір мәселе жөнінде сөйлеу тілінді дамытуды қолға ал.



Жасап көр. Сабакта менгерген мәліметтер бойынша өз білімінді тексеріп, тест сұрақтарына жауап беріп көр.

Назар аудар

Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда, қосымшаны artman-rv.kz сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктеп алуынча болады



Алғы сөз

Қымбатты оқушылар!

Сендер Қазақстан Республикасының азаматысындар. Еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Қазақ тілі – дүниежүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жұз тілдің және мемлекеттік мәртебеге ие екі жұз тілдің қатарында тұр. Ана тілінің мұрагері болу, оның грамматикалық құрылымы мен тіл байлығын игеру қандай ғажап!

Қазақ тілі – өуезді тіл. Тіл өуезділігін сақтау үшін орфоэпиялық норманы сақтап сөйлей білу керек, ал сауатты жазу үшін орфографиялық норманы жақсы білу қажет. Бұдан басқа дұрыс сөйлеудің, сауатты жазудың лексикалық, грамматикалық, пунктуациялық нормалары бар. Ана тілінің осындағы зандалықтарын білу, атадан балаға мұра боп қалған тілімізді келер үрпаққа жеткізу – сендердің борыштарың.

Сендер енді 9-сынып оқушысы болдындар. Есейіп келесіндер. Қолдарындағы «Қазақ тілі» оқулығы қоғамның белсенді мүшесі ретінде қалыптасуларыңа көмегін тигізеді. Оқулықтағы «Мәңгілік Ел – мұратым», «Жаһандану мәселелері», «Төуелсіздік жылдарындағы Қазақстан. ЭКСПО-2017», «Адам құқығы мен бостандығы», «Отбасы және демографиялық өзгеріс», «Биотехнология және гендік инженерия келешегі», «Бұқаралық ақпарат құралдары», «Әлемдегі қақтығыстар және бейбітшілік», «Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану» сияқты тақырыптар білімдерінді толықтырады. Бұл тақырыптарды жоғарыда айттылған нормаларды игеру арқылы меңгересіндер.

Қазіргі заман оқушыдан көп ізденуді, жалықпай үйренуді талап етеді. Сондықтан оқулықтан алған білімдерінді күнделікті өмірде қолдана білуге тырысындар. Қейбір тапсырмалар қосымша ізденісті, қазіргі ақпараттық технологияның мол мүмкіндіктерін пайдалануды, шығармашылықпен жұмыс жасауды қажет етеді. Мұның бәрі ана тілінің құдіретін сезіндірумен бірге, сендердің тұлға ретінде қалыптасуларыңа ықпал ететінін білгейсіндер. Оқулықта берілген қағидаларды үйрену арқылы сендер ана тілін жетік меңгерген, ойын ауызша және жазбаша сауатты жеткізе алатын, туындаған мәселелерді еркін шеше білетін, шынайы өмірге бейім парасатты азамат болып өсесіндер деп сенеміз.

БӨЛІМ

МӘҢГІЛІК ЕЛ – МҰРАТЫМ

СТИЛИСТИКА

Бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан халқына жолдаған Жолдауымен танысасындар;
- Жолдаудағы көркемдегіш құралдардың рөлін талдайсындар;
- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормага сай жазуды үйренесіндер;
- шығармашылық бағыттағы тапсырмалармен жұмыс істейсіндер.

«Мәңгілік Ел» – жарқын болашаққа бастар жол.

(Н.Назарбаев)

§1.

«Қазақстан-2050» – Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы жол



1. Мәтіналды сұрақтарға өз болжамдарыңмен жауап беріндер.
 1. Қазақ елінің басты арманы не және ол орындалды ма?
 2. Ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі арманы орындауды үшін қандай үлес қосар едіндер?



2. Мәтінді оқып, жанрлық ерекшелігін анықтаңдар.

Қадірлі халқым!

Мәңгілік Ел – ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы.

Ол арман – әлем елдерімен терезесі тен қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді.

Ол арман – тұрмысы бақуатты, тұтіні тұзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді.

Біз армандарды ақиқатқа айналдырық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық.

Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыла түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік Ел» идеясы.

Тәуелсіздікпен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді.

Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – мәңгілік елордамызды тұрғызыдық.

Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеңе, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел!

Мен «Мәңгілік Ел» ұғымын ұлттымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру өлдекайда қиын.

Бұл – әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жанжаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға

жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама?!

Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабак алуға тиіспіз. Ол сабактың түйіні біреу ғана: Мәңгілік Ел болу – біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек.

Байлығымыз да, бақыттымыз да болған мәңгілік тәуелсіздігімізді көздің қарашығындаі сақтай білуіміз керек.

«Қазақстан–2050» – Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнымайық, қадірлі халқым! Әрбір күніміз мерекелі, әрбір ісіміз берекелі болсын! Дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын! Жарқын іспен күллі әлемді таң қылыш, жасай берсін елдігіміз мәңгілік!

*(Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті
Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан.*

Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар)



3. «Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру өлдеқайда қиын» дегенді қалай түсінесіндер?



Орфографиялық норма

Орфография дұрыс жазу нормаларын белгілейді. Орфография (грек. *orfos* – «дұрыс», *grapho* – «жазамын») – жазба тілінде пайдаланылатын жазудың тарихи қалыптасқан жүйесі, біркелкі жазуды қамтамасыз ететін ережелер жүйесін жасайтын және зерттейтін тіл білімінің саласы. Қазақ тілінің орфографиясы үш принципке негізделеді:

1. Морфологиялық принцип.
2. Фонетикалық принцип.
3. Дәстүрлі-тарихи принцип.



4. Оқылым мәтіні бойынша күрделі жоспар құрындар.



Елбасының қанатты сөздері – үрпаққа өнеге

- Қазақ даласы – ұлы түркілердің қара шаңырағы.
- Еркін елде өскен үрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса, ол елдің еңсесі де биік болады.

- Ұлы мақсаттарды өзінің алдына ұлы халық қана қоя алады.
- Қазір бой салыстыратын заман емес, ой салыстыратын заман.
- Болашақ – білімді жастар қолында.
- Менің арманым – Қазақстанның «Мәңгілік Ел» болуы. Заман өтеді, адамдар өтеді. Бірақ тәуелсіздік қалады.



Жанр – мәтін типтеріне сай ерекшеліктері бар сөйлеуді үйімдестеру формасы. Ол тіл мен оның қолданылу формасының сипатын анықтайды. Мысалы: сұхбат – диалог жанрына, публицистикалық мақала – монолог жанрына; мақала – жазбаша жанрга; баяндама ауызша жанрга жатады.



5. «Артық болмас білгенің» айдарында баяндалған жанр түрлерімен танысындар. Оқылым мәтіні мен «Гибратты сөз» айдарында берілген мәліметтерді негізге алып, өздерің қалаған жанрда мәтін құрастырындар.



6. Өздерің құраған мәтіндегі емлесі қыын сөздерді анықтап, орфографиялық сөздік негізінде дұрыс жазындар.



7. Елбасының қанатты сөздері негізінде «Қосжазба күнделігі» өдісімен ой-тұжырымдарынды жазындар.

Елбасының қанатты сөздері	Менің ойым

§2.

Мәңгілік Ел құндылықтары



1. Сұрақтарға жауап беріп, ойларыңмен бөлісіңдер.

1. «Құндылық» деген сөзді қалай түсінесіңдер?
2. Елбасы жастарға қандай сенім артып отыр?



2. Мәтінді түсініп оқып, онда санамалап көрсетілген мәліметтердің ресімделуіне назар аударып, қай жанрға жататынын анықтаңдар.

Қымбатты отандастар!

Біз, қазақстандықтар, бір халықпыш! Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты өрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпықазақстандық ортақ шаңырағымыздың үлттық идеясы, бабаларымыздың арманы.

Тәуелсіздік жылдарында барша қазақстандықты біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған құндылықтар жасалды. Олар көктен түскен жоқ. Бұл құндылықтар – уақыт сынынан өткен қазақстандық жолдың тәжірибесі.

Біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі мен астасы.

Екіншіден, бұл – қоғамымыздың үлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.

Үшіншіден, бұл – зайырлы қоғам және жоғары руханият.

Төртіншіден, бұл – индустріяландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өнім.

Бесіншіден, бұл – жалпыға ортақ еңбек қоғамы.

Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы.

Жетіншіден, бұл – еліміздің үлттық қауіпсіздігі, бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық түрғыдан қатысуы.

Осы құндылықтардың арқасында біз өрдайым жеңіске жеттік, елімізді нығайттық, ұлы жетістіктерімізді еселеңдік.

Біз өз халқымыздың игілігі жолында ұлы мақсаттарды алға қоямыз, сондықтан мен саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді, қазақстандықтарды «Қазақстан–2050» Стратегиясының басты мақсатқа жету жолындағы жұмыстарына белсене қатысуға шақырамын. Өсірепе жастарымызға

мынаны айтамын: бұл Стратегия сіздерге арналған. Оны жүзеге асыратын да, жемісін көретін де сіздер. Өз жұмыс орындарыңызда отырып, осы жұмысқа атсалысыңыздар! Немқұрайды қарамаңыздар! Елдің болашағын барша халық-пен бірге жасаңыздар!

(Нұрсұлтан Назарбаев)

-  3. Көрсетілген жеті құндылықтың қайсысын жедел дамытар едіңдер? Неге?
-  4. Аудиожазбадан (01. mp3) «Мәңгілік Ел құндылықтары» мәтінін тындаңдар. Мәтін бойынша жұмыс жасаңдар:
 1. Мәтіннің мақсатты аудиториясын анықтаңдар.
 2. Мәтіннің жанрын анықтаңдар.
 3. Мәтіннің көркемдегіш құралдарын анықтаңдар.

Морфологиялық принцип – морфемалардың (сөз берін қосымша) құрамында болатын дыбыс алмасуарын ескермей, сөздің морфологиялық құрамын, бастапқы қалпын сақтап жазу. Мысалы, **жамбады**, **жанғанда** түрде айтылатын сөз формаларына ортақ түбір – **жан**, сондықтан **жанбады**, **жанғанда** деп жазылады. Ал жазса, жазышы сөздері айтуда **жасса**, **жаши** болып естілгенімен, жазуда ескерілмейді, бастапқы қалпы сақталып жазылады.

-  5. Оқылым мәтінінен морфологиялық принцип бойынша жазылған сөздерді анықтап, айтылуындағы өзгерістерді кестеге толтырындар.

Бастапқы қалпын сақтап жазу	Айтылудағы өзгерістер
Мәңгілік Ел	Мәңгіліг Ел

-  6. Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.
1-топ. Мәтіндегі деректерді негізге алып, «Құндылық» сөзінің мағынасын «Топтастыру» өдісімен түсіндіріңдер.

2-топ. Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, «Менің елімнің басты құндылығы» тақырыбында шағын мәтін дайындаңдар. Сөз саны – 50.

3-топ. Оқылым мәтіні негізінде «Қосжазба күнделігі» өдісімен ту-сіндірме жазындар. Сөз саны – 50.

Дәйексөз (цитата)	Түсіндірме (комментарий)



7. Сабакта жинақталған материалдар негізінде ауызша және жазба-ша мәтіндер үшін құрделі жоспар құрындар.

- I Кіріспе
II Негізгі бөлім
1.
2.
3.
III Қорытынды



8. Жазба жұмыстарындағы сөздердің орфографиялық нормага сай жазылуын түсіндіріндер.



9. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
- Оқылым мен тыңдалым мәтіндерін салыстырындар. Жеті құн-дылық жөнінде ментальды карта жасаңдар.
 - Қосымша әдебиеттер, баспасөз материалдары мен энциклопе-дияларға сілтеме жасай отырып, «Нұрлы жолдан – Мәңгілік Елге» тақырыбында презентация дайындаңдар.

§3.

Мәңгілік Ел – бабалар арманы



1. Өз болжамдарыңмен сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қалай ойлайсыңдар, ата-бабамыз армандаған «Мәңгі Ел» қандай ел?
2. Суретте бейнеленген «Мәңгілік Ел» қақпасы туралы не білесіңдер?



2. Мәтінді түсініп оқып, жанрлық ерекшеліктеріне назар аударыңдар. Мәтінде шешендік сөз үлгілері бар ма?

«Мәңгілік» ұғым-түсінігі – барша адамзат-қа ортақ қазына. Оның негізінде бүкіл тіршілік иесінің өмірге, қоршаган ортаны игеруге деген құштарлығы жатыр. Мәңгілікке ұмтылған арман-мақсаттың нышанына, ескерткішіне Египет пирамидаларын, мәңгі қала Рим тәмсілін, суга батпайтын, отқа жанбайтын батырлар жайлы аңыз-ертегілерді жатқызуға болады. Демек, бағырғы түркі қоғамында дүниеге келген «Мәңгі Ел» ұстанмы, біріншіден, арғы бабаларымыздың адамзат өркениетіне, оның ақыл-ой қазынасына қосқан айрықша интеллектуалдық үлесін айшықтаса, екіншіден, адамдардың әрқайсының һәм баршасының мүддесін, әрекетін, үрпағының сабактастығы мен жалғастығын жарасымды үйлестіруге септесетін әмбебап формуласы. Үшіншіден, осынау кемел пайым-тұжырым қазақ жерінен, Ұлы Дала елінен ешқашан табан аударған емес. Ол Қорқыттың ажалдан қашқанынан бастап ақын Ж.Молдағалиевтің: «Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген» деген өлең жолдарымен санамызға шегеленген.



«Мәңгі Ел» – арғы бабаларымыздың ұлы интеллектуалдық серпілісі. Құлтегін жазуында «Мәңгі» сөзі бес рет қолданылған. Мысалы: «Өтікен жерінде отырып, керуен

жіберіп отырсаң, онда мұның жоқ. Өтікен жынысында отырсаң, Мәңгі Ел тұтып отырар ең сен», – делінген ескерткіште. Осы текстес қағидатты Білге қаған, Теркін мәтінінен де оқи-мыз. Мұндағы Өтікен – түркілердің астанасындағы қасиетті жері. Байырғы түркілер өз мемлекетінің астанасын ерекше құрметтегенін әсте кездейсоқтыққа балауға болмайды. Ол – мемлекетшіл сана мен рухтың ажырағысыз серігі. Ендеше, мәңгілікке тірек боларлық орда керек екен. Ең кереметі – «Мәңгілік Ел» идеясы да Қазақстанның жаңа елордасында паш етілді ғой.

Интеллектуалдық ұлы іздениспен түзілген «Мәңгілік Ел» өздігінен биік технологияларды, материалдық игіліктерді, әлеуметтік инфрақұрылымды алақанымызға салмайды. Оның миссиясы – қоғамның бар саласындағы адам факторын ізгілікке, жасампаздыққа жетелеу. Олай болса, «Мәңгілік Ел» еліміздің өркендеуіне септесетін ұлы жобалар мен бастамалардың, идеялар мен бағдарламалардың алтын діңгегі бола беретініне сенеміз.

(Ханкелді Әбжанов)

3. Ескерткіштер тілінде «Мәңгі» сезінің қолданылуы нені аңтарады? Интеллектуалды ұлт пен «Мәңгілік Ел» ұғымдарының байланысын қалай түсіндірер едіндер?

Фонетикалық принцип бойынша сөз айтылуындағыдан жазылады, яғни әріп әріп фонеманы емес, дыбысты белгілейді. Мысалы, Аман+келді, Бота+көз, Төре+келді, Құла+кер сөздерінің морфологиялық құрылымы сақталмай, дыбыстық өзгеріске түсіп, айтылуы бойынша жазылады. Амангелді, Ботағөз, Төрөгелді, Құлагер, кітабым (кітап+ым), тарағы (тарақ+ы), сексен (сегіз+он), биыл (бұл+жыл) түрінде жазылады да, фонетикалық транскрипцияға жуықтайды.

4. Оқылым мәтінінен айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздер мен сөз тіркестерін топтастырып жазыңдар.

Айтылуында өзгеріс байқалатын сөздер	Айтылуында өзгеріс байқалатын сөз тіркестері



5. «Мәңгілік Ел» қақпасы туралы ізденіп, ол туралы мәліметті «Торлы диаграмма» өдісімен сипаттаңдар.



6. Мәтінде келтірілген мәліметті пайдаланып, «Мәңгілік Ел – бабалар арманы» тақырыбында өздерің қалаған жанрда мәтін жазыңдар.



7. Тест сурақтарына жауап беріндер.

1. Оқылым мәтіні не туралы?

- A) Египет пирамidalары, Рим тәмсілі туралы
- B) Құлтегін ескерткіші туралы
- C) Астана туралы
- D) «Мәңгілік Ел» идеясының бабаларымыздың арманы болғандығы, бұл идеяның миссиясы туралы
- E) «Мәңгілік Ел» қақпасы туралы

2. Байырғы түркілердің өз астанасын ерекше құрметтегені туралы мәтіннің қай бөлігінде айтылған?

- A) 1
- B) 2
- C) 3
- D) 1 мен 3
- E) Барлық бөлімінде

3. Мәтін бөліктерін ретімен қойыңдар.

1. Құлтегін жазуындағы «Мәңгі» сөзінің мағынасы
2. «Мәңгілік» формуласына түсінік
3. «Мәңгілік Ел» идеясының миссиясы

- A) 1, 2, 3
- B) 3, 2, 1
- C) 2, 1, 3
- D) 1, 3, 2
- E) 2, 3, 1



8. Қосымша әдебиеттер мен бейнежазбаларды пайдаланып, «Бабалар салған сара жол» тақырыбында аргументті эссе дайындаңдар. Сөз саны – 100–120.

§4.

«Мәңгілік Ел» идеясы – ұлы мұратымыз



1. Сұрақтарға жауап беріп, ойларыңмен бөлісіндер.
 1. «Мәңгілік Ел» идеясын қандай қоғам қайраткерлері жүзеге асыруға тырысқан деп ойлайсыңдар?
 2. Неге бұл идея біздің ұлы мұратымыз болып саналады?
2. Мәтінді оқып, онда көтерілген мәселелер бойынша талқылау сұрақтарын құрастырыңдар.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жариялаған «Мәңгілік Ел» идеясының түп-төркіні тереңде жатыр. Мәңгілік Ел болуды, яғни халықтың тарих сахнасынан өшпей, сақталып қалуын ата-бабамыз бұрыннан армандаған. Оның тарихи негізі сонау VI–XII ғасырлардағы Орхон-Енисей жазбаларынан басталады. Тонықөктің тасқа қашалып жазылған жазбаларында «Көктегі түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жер-суы былай депті: түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін...» – деген жолдар кездеседі. Бұл – «аспан мен жер барда жердің бетінде түркі халқы қалады, ол Мәңгілік Ел болады, жер бетінен жойылып кетпейді» деген тілекten туған идея. Бұл идея кейін де жалғасын тапты. Мысалы, орта ғасырлардағы «Оғызнама», «Бабырнамадағы» жазбалар, Қорқыттың мәңгі өмірді іздеу философиясы – барлығы да осыдан туындаған.

Қазақтардың шежіре жазуының өзінде үлкен мән жатыр. Ата-бабалардың, ру-тектердің атын атап, шежіре етіп жазу осы ұлттың сонау ерте замандарда пайда болғандығын мең-зейді. Белгілі қытайлық шығыстанушы Никита Бичуриннің зерттеулерінде де біздің заманымызға дейінгі IV ғасырлардағы Орта Азия халықтары, соның ішінде түркі халықтары туралы да жазбалар бар.

Мәңгілік Ел болу үлттық идеясын XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақтың зиялды қауым өкілдері әрі қарай жалғастырды. Соның ішінде Ахмет Байтұрсынұлы мен Мұстафа Шоқайды ерекше айтар едім. Бірі елде, бірі шетте жүрсе де, екеуінің мұраты бір идеяға тоғысты, екеуі де

азаттықты аңсады, тәуелсіз ел болуды көздеді. Жақындаған Мұстафа Шоқай шығармаларының 12 томдық жинағы шықты, жинақта Шоқайдың Мәңгілік Ел идеясының жалғастырушысы ретіндегі туындылары топтастырылған.

Кеңес үкіметінің кезінде де сонау ерте ғасырларда басталған ұлттық идея үзіліп қалды деуге болмайды. Кеңес үкіметі саясатының ықпалында болса да, астарлы түрде ұлттың үшін еңбек еткен тұлғалар барышылық. Мысалы, Қазақ Ұлттық ғылым академиясын құрған Қаныш Сәтбаевтың да мұраты – ұлттық интеллигенцияны бір жерге шоғырландыру, қазақ тарихын, тілін, ділін, әдебиетін, мәдениетін ғылыми түрғыда зерттеуге барынша құш салу еді. Жанына ұлттық интеллигенцияны жинап, ел ішінде театрлар, мәдени ошақтар салдырған Дінмұхаммед Конаевты да айтып кеткен жөн.

Осы түрғыда Елбасы ұсынған «Мәңгілік Ел» идеясын халық арасында жылдар бойы қалыптасқан идея деуге болады. Бұл идеяның түп-төркіні ұлттық құндылықтарды, соның ішінде рухани құндылықтарды сақтауға, ұлтты ұлт ретінде сақтап қалуға негізделеді.

(Рахым Бекназаров)

-  3. «Мәңгілік Ел» идеясының өміршешендігінің сыры неде деп ойлайсындар? Ойларынды дәлелдендер.
-  4. Ойтурткідегі сұрақтар төңірегінде өзара сұхбаттасындар.

Дәстүрлі принцип – сөздің бұрын жазылып қалыптасқан, дәстүрге айналған түрін сақтап жазу. Бұған қазақ тіліндегі *хат*, *хабар*, *халық*, *қаһар*, *жанаң* сияқты сөздерге *x*, *h* әріптерін қолдануды жатқызуға болады.

Сөздерді дұрыс жазуда орфографиялық сөздікке сүйенеміз.

-  5. Сұхбатқа дәстүрлі принцип бойынша жазылатын сөздерді қатыстырындар.



6. Сызбамен танысындар. Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай дұрыс қолданып, 10 сөйлем жазындар.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОЛ – 2050: БІР МАҚСАТ, БІР МУДДЕ, БІР БОЛАШАҚ

- **Мәңгілік Ел** – ортақ тағдыр.
- **Мәңгілік Ел** – жалпықазақстандық шаңырақтың ортақ идеясы.
- **Мәңгілік Ел** – ел болашағының іргетасы және қазақстанның тардады бірліктерін басты құндылық.

МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ БАСТЫ 7 ҚҰНДЫЛЫҒЫ:

- Қазақстанның төуелсіздігі мен астанасы
- Қоғамымыздығы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен кепісім
- Зайырлы қоғам және жоғары руханият
- Индустримальдыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өнім
- Жалпыға ортақ еңбек қоғамы
- Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы
- Еліміздің ұлттық қаяіпсіздігі, бүкіләлемдік, өнірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы



7. Бұгінгі тақырыпты негізге алып, мақсатты аудиторияның (мысалы, төменгі сынып оқушылары) қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда (сұхбат, мақала, баяндама) мәтін құрастырындар. Сөз саны – 80.



8. Бір-біріңің жазба жұмыстарынды азатжолдарға бөліп, ақпараттарды жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакцияландар.



9. Орфографиялық норманың 3 принципі негізінде қысқаша мақала жазындар. Мысалдарда «Мәңгілік Ел» идеясының тұжырымдарын пайдаланындар.

§5.

Мәңгілік Ел болу үшін...



1. Мәңгілік Ел болуға қажетті факторларды атай аласыңдар ма?
2. Мәтінді оқып, деректерді салыстыру арқылы маңызды тұстары мен басты факторларды анықтаңдар.

Қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел! Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Тәуелсіздіктің арқасында халқымыз мәңгілік мұраттарға қол жеткізді, еліміздің жүрегі – елордамыз тұрғызылды. Қазақтың мәңгілік ғұмыры үрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі үрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел», – деген еді.

Еліміз Мәңгілік Ел болуы үшін «Тіл бірлігі», «Дін бірлігі», «Ұлт бірлігі», «Азаматтық бір мақсат, бір мұдде» деген басты төрт факторды қамтамасыз етуіміз керек. Тіл бірлігінің мысалы Еуропа елдерінде де, әлемнің басқа құрлықтарында да жеткілікті. «Қазақстан» деген атаудың өзі халықаралық терминде «Қазақ елі» дегенді білдіреді. Ал мемлекетке өз атауын берген, төл халқының саны 65%-ке жеткен қазақ жүртты тұрганда, басқа азшылдық диаспоралардың тілі ешқашан елді біріктіруші фактор бола алмайды. Бұл туралы Елбасы Қазақстан халқына кезекті Жолдауында: «Қазақ тілі ғылым мен білімнің, ғаламтордың тіліне айналды. Қазір мемлекеттік тілде білім алатындардың саны қебеюде. Қазақстанда тілді оқытатын 57 арнайы орталық жұмыс істейді. Онда мындаған азаматтар қазақ тілін үйреніп шықты және әрі қарай үйрене береді», – деді. Елбасы келтірген дерек бойынша, былтырғымен салыстырғанда, тілін білуге талпынғандардың саны 10%-ке өсіп отыр. Бұл – өте жақсы жетістік.

Дін бірлігі, негізінен, мұсылман елдеріне тән. Араб елдерінде мемлекеттік саясат ислам құндылықтарына қарай құрылған. Мәселен, араб әлемінде мемлекет тарататын ақпараттың 90%-і ислам тақырыбына арналады екен. Ал халқының 70%-ін мұсылмандар құрайтын Қазақстан үшін осы бағытты ұстанудың мүмкіншілігі жеткілікті деп ойлаймын.

Ұлттық бірлік туралы айтар болсақ, біз тек жергілікті бір ғана ұлттан құрылған мемлекет емеспіз. Бүгінде бір ғана ұлттан құралған мемлекет саусақпен санарлық. Біздің мемлекетімізде жүзден аса ұлт өкілі тұрады. Дегенмен Қазақстан унитарлық, ұлттық мемлекет болып саналады. БҰҰ-ның 1992 жылғы жіктеуі бойынша, Қазақстан ұлттық мемлекеттер қатарына кіреді. Егер әлемде 200-ге тарта мемлекет бар десек, солардың 90%-и – ұлттық мемлекеттер. Халықаралық стандарттар бойынша мемлекет түрғындарының 1%-інен асатын ұлыстар ғана диаспора аталуға хақылы.

Азаматтық біртұастық, яғни мұдде бірлігі – құндылықтар бірлігі. Мұндай мысалды АҚШ, Израиль елдерінен көруге болады. Жер бетіндегі барлық этнос өкілдері АҚШ-та өмір сүреді. Сөйте тұра, американцытар түрі мен түсіне, діні мен тіліне қарамай, мұдде бірлігін танытып, «Біз ең қуатты мемлекетпіз!», «Біз әлемдегі ең демократиялық елде тұрамыз!», «Біз патриоттыз!» деген ұғымды берік ұстанады.

Олай болса, ұлттық идея дегеніміз – жасына, қоғамдағы орнына, дәулетіне, мүмкіндігіне қарамайтын зан, символдық ұғым.

(Амантай Тойшыбайұлы)



3. Мәңгілік Ел атану үшін мәтінде көрсетілген факторлар жеткілікті ме? Тағы қандай ой қосар едіндер?



4. Тыңдалым мәтінінің мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беріндер. Аудиожазбадан ақын Несілбек Айтұлының «Мәңгілік Ел белгісі» өлеңін (02. mp3) тыңдап, жауаптарынды түпнұсқамен салыстырындар.

1. «Мәңгілік Ел» сөзін естігенде қандай сезімде боласындар?
2. Тарихқа көз жүгіртіндер. Мәңгілік Ел болуды кімдер арманнадады?
3. Мәңгілік Елдің белгілерін атаңдар: бірлік, ...
4. «Арман болмас айналсақ алынбайтын қамалға» деген өлең жолдарын қалай түсінесіндер?



5. Оқылым және тыңдалым материалдарын негізге алып, «Мәңгілік Ел болу үшін...» тақырыбында пікір алмасындар. Сөйлеу стиліне тән репликалар қолданындар.



6. Сұхбатта анықталған ой-тұжырымдарынды диаграммамен көрсетіңдер. Диаграммадағы мәліметтерді пайдаланып, бір жаңрда (сұхбат, мақала, баяндама) шағын мөтін жазыңдар.
 7. Тіл тазалығына қайшы сөздер мен тіркестерді түзетіп жазып, тізімді өздерің жалғандар.

Үлкен рақмет, құрметті халықтар, әскерлер жиылсын, ағайындар арасында, аспазшы мамандығы, жанұямыз үлкен, соткама хабарлас, мен бару керекпін.



8. Фаламтор ресурстары мен баспасөзден қате қолданыстағы сөздерді тауып, логикалық түзетулер енгізіп, редакцияланадар. Сөздерінді іріктең, турлендіріп, талғаммен қолданындар.

Үлгү:

Қате қолданыс	Дұрысы
<p>«Мәңгілік Ел» идеясын халық арасында бекіту бойынша бұл бағытта жұмыс жүргізіліп жатыр. Қызметкерлермен «Мәңгілік Ел» идеясының қоғам санаасында бекіту мақсатында дөңгелек үстелдер, семинарлар үйымдастырылады.</p>	<p>«Мәңгілік Ел» идеясын халық арасында насыхаттау багытында жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл жалпыцлттық идеяны қоғам санаасына сіңіру үшін ұжым қызметкерлері дөңгелек үстелдер, семинарлар үйымдастыруды.</p>



9. «Мәңгілік Ел атануымыз үшін...» тақырыбында өз ойларынды «ПСМТ формуласымен» жазындар.

1-сөйлем: «Менің ойымша,...».

2-сөйлем: «Мен оны былай түсінемін...».

З-сөйлем: «Оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын...».

Соңғы сәйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...».

§6.

Тәрбие мен тәлім – әл-Фараби теориясының ажырамас бір бөлігі



1. «Екінші ұстаз» атанған әл-Фараби бабамыздың еңбектері туралы билетін ақпараттарынды ортага салындар.



2. Мәтінді оқып, құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін, тілдік құралдары арқылы стилін ажыратындар.

Әл-Фараби ежелгі грек философиясы мен шығыстың мұсылман ілімін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің «Мәңгілік Ел» философиясының теориялық негізdemесін жасап берді. Фалым «Мәңгілік Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат» шығармаларында баюнрайды. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдыштық пен тұсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім – барлығы әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды. Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың императивтері мен механизмдері көрсетілді. Сондықтан бұлардың бәрі қазіргі таңда түркітілдес мемлекеттердің ұлттық құндылықтары ретінде саналуы тиіс. Әл-Фараби мемлекеттің ішкі және сыртқы міндеттерін толық анықтап береді. Сыртқы міндетіне мемлекеттің қайырымды қала тұрғындарын сыртқы жаулардан қорғауын, яғни құшті қорғаныс ұйымдастыруды жатқызады. Ішкі міндеті – мемлекеттің ез халқының бақытқа жетуі үшін көрнекті шараларды



іске асыруы. Атап айтсақ, әділеттілік орнату, халықты оқыту, оларға керекті ғылымды үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу, қайырымдылықты тарату және ең жақсы бақытқа жеткізетін әдеттерді бойға сіңіру. Қалған мәселелердің бәрі – экономикалық және саяси мәселелер – негізгі міндетке бағынады, яғни адамдардың бақытқа жетуі олардың рухани жетілуіне тәуелді.

(«Мәңгілік Ел» халықаралық гылыми-көпшілік журналынан)

-  3. «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи негіздері қай шығармадан бастау алады?
-  4. Оқылым мәтініндегі мәселелерге оқырманның қарым-қатынасын көрсететін бірнеше сұрақ дайындаңыз, диалог құрындар. Өзекті сұрақтар мен ұтымды жауаптарды «Тестесіне» жазындар.

Өзекті сұрақтар	Ұтымды жауаптар

-  5. Өздерің құраған сұрақтар мен жауаптарда сөздерді таңдал, талғап қолданындар. Бір-біріңің жұмыстарында тексеріп, стильдік қателер мен қисынсыз қолданыстарды анықтаңдар.
-  6. Жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құрындар.

- I Кіріспе
II Негізгі бөлім
1.
2.
3.
III Қорытынды

-  7. Әбу Насыр әл-Фарабидің трактаттары негізінде (мәселен, «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы») ұлттық құндылықтарды анықтап, презентация дайындаңдар.

§7.

Астана – тәуелсіздік тұғыры



- Сұрақтарға жауап беріп, ойларыңмен бөлісіндер.
 - Қазақ елінің астанасы болған қалалар туралы не біле-сіндер?
 - Мәңгілік Елдің астанасы қандай болуы керек?
- Мәтінді оқып, тілдік құралдары арқылы стилі мен жанрын анықтаңдар.

Мемлекет «жүргегі» оның астанасында соғады. Бұл – бұлжымайтын ақиқат. Жас мемлекетке міндетті түрде жаңа, заманауи астана қажет екенін тәуелсіздіктің бірінші күннен-ақ ойладым. Осы ойымның дұрыстығына нық сенімді едім. 1992 жылдың өзінде-ақ Ақмолага жұмыс сапарымен келгенде, астананы осында ауыстыру туралы ойға келдім.

Қазақстанның жаңа астанасының жобасы кездейсоқ пайда болған жоқ. Тәуелсіздік алған күннен бастап жаңа жағдай, мұлде басқа мемлекеттік ахуал қалыптасты. Сол уақыттың шындығы мен бірқатар фактор бізді өз геосаяси кеңістігімізді қайтадан қалыптастыруға жаңа көзқараспен қарауға мәжбүрледі. Астананы көшіру бірқатар өзекті мәселені шешуге ықпал ететінін, соның нәтижесінде Қазақстан халқын ұлттық идеяларға ұйыстыратын жаңа саяси орталық құруға болатынын, аймақтардың бір-бірімен ықпалдасуы күшейіп, ел дамуының алтын діңгегіне айналатын тың қозғаушы құштің туатынын түсіндім. Солардың ішінде саяси-символикалық идеяның маңызы өте жоғары болды. Жаңа астана егемен мемлекеттің өзіндік аңсар-арманы, ұлттық мұдделері мен қажеттіліктері негізінде құрылатыны белгілі еді. Осындай жағдайлардың бәрі жан-жақты ескеріліп, жаңа астана жобасы дәл уақытында жүзеге асты. Қоғоз созбай, тәуелсіз Қазақстанның барыс бітімді, самұрық серпінді асқақ бейнесін жасау қажет болды.

1998 жылдың 15 желтоқсанында, Тәуелсіздік күніне орай, жаңа астанада алғаш рет салтанатты жиын өтті. Сол жиында мен: «Бұл – ұлы бетбұрыс. Қазақстанның енді ғана

бой көтерген астанасы қайталанбас келбетке ие болады», – деген едім.

Мениң көкейімде: «Астана еуразиялық өркениет орталықтарының бірі болады. Есілдің сол жақ жағалауында су жаңа қала – болашақтың қаласы бой түзеуі тиіс» деген ой тұрды.

(Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі»
кітабынан)

-  3. Мәтіннің «Мәңгілік Ел» идеясымен қандай сабактастығы бар? Ойларында ортаға салындар.
-  4. Ойтүрткі сұрақтарына 5 сөйлеммен жауап жазындар. Фонетикалық және морфологиялық принцип бойынша жазылған сөздерді анықтаңдар.
-  5. Оқылым мәтініне күрделі жоспар құрастырындар.
-  6. Суретке қараң, ел астанасын шетелдік достарыңа таныстыру үшін хат не мақала жазындар.



§8.

Мәңгілік Ел – ұлт пен ұлыс тілегі



1. Қазақстан халқының болашақ өмірін қалай елестетесіңдер?
2. Өлеңді оқып, онда көтерілген мәселеге қатысты сұрақтар құрастырындар. Топпен талқылаш, жауап беріңдер.

Мәңгілік Ел

Мәңгілік Ел – арманымның асқары,
Мәңгілік Ел – бақытымның бастауы.
Мәңгілік Ел – тарихымның дастаны,
Мәңгілік Ел нұрлы жолға бастады.

Мәңгілік Ел – менің аппақ мұратым,
Болашаққа нұрын шашып тұратын.
Мәңгілік Ел – нұрлы жолы қазактың
Бар өлемге мойындар қуатын.

Мәңгілік Ел – шежіресі даламның,
Мәңгілік Ел – ақ тілеуі анамның.
Мәңгілік Ел – мәңгілікке аманат,
Мәңгілік Ел – нұрлы жолы бабамның.

Мәңгілік Ел – ынтымақ пен бірлікте,
Мәңгілік Ел – ымыралы тірлікте.
Мәңгілік Ел – ертеңінді ұлықтау,
Мәңгілік Ел – өткенінді ұмытпау.

Мәңгілік Ел – маңдай тері халықтың,
Мәңгілік Ел – нұрлы үміт, жарық күн.
Мәңгілік Ел – із қалдыру мәңгіге,
Мәңгілік Ел – таусылмайтын әңгіме.

Мәңгілік Ел – бейбіт өмір өуені,
Мәңгілік Ел – Ел-Анамдай әдемі.
Мәңгілік Ел – тәуелсіздік тірегі,
Мәңгілік Ел – ұлт пен ұлыс тілегі.

(Маралтай Райымбекұлы)



- 3.** Өлеңде Қазақстан халқының өмірі қалай суреттелген?
- 4.** Мәтінді азатжолдарға бөліп, стильдік түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.

Данышпан халқымыз қашаннан ерекше достыққа, ынтымақтастыққа мән берген. Бауырмал қазақтың шаңырағы көптеген ұлттарға пана болды. Әр кезеңде түрлі себептермен жеріне қоныс аударған өзге ұлт өкілдеріне төрінен орын беріп, тұрақтылық пен бейбітшілік үйлесім тапқан елге айналды. Бұғінде елімізде 130-дан астам ұлттар мен ұлыстар тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Татулық пен достық – біздің дамуымыз бен болашағымыздың негізі. Байтақ елде бірлігіміз бұзылмай, татулығымыз тарқамай өмір сүріп жатқанымыз – ұлken мақтаныш. Мұндай мемлекетте бақытты өмір сұруғе біз сияқты балаларға барлық жағдай жасалған. Бақыт деген – білім ала-мын, одан әрі жұмыс істеймін, мақсатыма жетемін деп өз өмірінді жоспарлауға мүмкіндіктің болуы. Біздерде ондай мүмкіндік бар. Жері қандай кең болса, пейілі де сондай дарқан қазақ деген халықты ғүлгінгі күні бүкіл әлемде мойындағы. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» замандар туды. Бабалардың арманы ақиқатқа айналды. Ол арман – Мәңгілік Ел.

(Балауса Қайратқызы)



- 5.** Өлеңдегі морфологиялық принцип негізінде жазылған сөздерді анықтап, емлесін түсіндіріңдер.



- 6.** Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
 1. Маралтай Райымбекұлының «Мәңгілік Ел» өлеңіндегі өздеріңе ұнаған тармақты тақырып етіп алып, шығармашылық жұмыс (өлең, эссе, шығарма) жазыңдар.
 2. «Мәңгілік Елдің мәңгілік құндылықтары» тақырыбында өз ойларынды қорытындылаңдар.

1-сөйлем: «Мениң ойымша,...».

2-сөйлем: «Мен оны былай түсінемін...».

3-сөйлем: «Оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын...».

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...».

II

БӨЛІМ

ЖАҢАНДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

СТИЛИСТИКА

Бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

- Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтарында Қазақстан халқына жолдаған Жолдауымен танысасындар;
- Жолдауда көрсетілген жаһандануға қатысты өзекті мәселелерді талқылайсындар;
- әдеби тіл нормалары бойынша сөздердің дұрыс жазу принциптерін анықтайсындар;
- стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктерді дұрыс қолдана білуді үйренесіндер;
- шығармашылық бағыттағы тапсырмалармен жұмыс істейсіндер.

Үш тілді менгеру, білу – жаһандаған әлемге жолдама деген сөз.

(Н.Назарбаев)

§1.

«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»



- Сызба түрінде берілген ақпаратпен толықтырып, аралас мәтінді тұтас мәтін етіп оқындар.

Табысты өткен екі жаңғыру арқылы баға жетпес тәжірибе жинақтадық. Біз енді алға батыл қадам басып, үшінші жаңғыруды бастауға тиіспіз.

Бұл жаңғыру – қазіргі жаһандық сын-қатерлермен күрес жоспары емес, болашаққа, «Қазақстан-2050» Стратегиясы мақсаттарына бастайтын сенімді көпір болмақ. Ол Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» базасында өткізіледі.

Мен оның бес негізгі басымдығын көріп отырмын. Олар экономиканың әлемдік өсімінің жоғары қарқынын қамтамасыз етуге және 30 озық елдің қатарына қарай тұрақты түрде ілгерілеуге лайықталған.

I басымдық – экономиканың технологиялық жаңғыртылуы

Денсаулық сақтау, білім беру және т.б. салаларда технологияның озық үлгілерін қолдану

3D-принтинг

онлайн-сауда

мобильді банкинг

цифрлық қызмет көрсету

II басымдық – жаңа индустриялар құру, сонымен бірге дәстүрлі базалық салаларды дамыту

өнеркәсіп

агроөнеркәсіп

көлік пен логистика

құрылымдық секторы т.б.

III басымдық – еңбек нарығының жаңғырту

Жаңа индустрия құру арқылы жұмыспен қамту

Азаматтардың нақты табысын есіру

IV басымдық – адами капитал сапасын жақсарту, білім беру жүйесін өзгерту

Білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру

Оқу бағдарламаларын баланың сыйни ойлау қабілетін, өз бетімен іздену дағыларын дамытуға бағыттау

Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді. Сонымен қатар бүгінде ағылшын тілі – жаңа технология, жаңа индустрия, жаңа экономика тілі.

Қымбатты достар!

Қазақстан – жас, көпүлтты, болашағына сенімді және қарқынды дамып келе жатқан мемлекет! Біз тәуелсіз Қазақстанның 25 жылдық даму жолынан өттік. Алдағы 25 жылда бұдан да биік белестер күтіп тұр.

Мемлекет құры жолында теңдессіз, мол тәжірибе жинап, жаңа кезеңге қадам басып отырмыз. Алдымыздың қандай қызындықтар кездессе де, оларды еңсерे алатынымызға сенімдімін. Біздің басты күшіміз – бірлікті.

Қазақстанды кейінгі үрпақ үшін бұдан да өсіп-өркендеген елге айналдырамыз!

(*Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар*)



2. Жолдауда көтерілген мәселелердің жаһандануға қатысын қалай түсіндіресіңдер? Ойларыңмен бөлісіңдер.



Стиль. Сөйлеу стилі

Стиль дегеніміз – өмірдің белгілі бір саласында қолданылып, тарихи қалыптасқан тілдік құралдардың жүйесі. Тіл қолданысына қарай стиль мынадай топтарға ажыратылады:

- 1) сөйлеу стилі;
- 2) кітаби-жазба стиль.

Сөйлеу стилі. Сөйлеу тілі адамдардың бір-бірімен күнделікті қатынасында пайдаланылады. Сөйлеу тілі диалогтен құралады. Диалог репликалар (диалог үстінде қарсылық білдіру, құптау мәнінде айттылатын

қысқаша жауап) тізбегінен тұрады да, қысқа, тұжырымды болып келеді.

Сөйлеу тілінің ерекше бір түрі – монолог. Монолог – бір кісінің сөзі, ол құрделі ойға құрылып, әртүрлі тәсілмен жеткізіледі.



3. Аудиожазбадан (03. mp3) Жолдау туралы журналистер мен қоғам қайраткерлерінің пікірін тыңдал, негізгі ойды анықтаңдар. Мәтінде айтылған ойға өз көзқарастарыңды білдіріңдер.



Елбасының қанатты сөздері

- Уш тілді меңгеру, білу – жаһанданған әлемге жолдама алу.
- Кез келген мемлекеттің өзегі – оның бірегей мемлекеттік тілі.
- Үштілділікті дамыту – қажеттілік. Қазірдің өзінде қазақстандықтардың 20%-і ағылшын тілін меңгерді.



4. Елбасының қанатты сөздерін негізге ала отырып, «Жаһандану дәуіріндегі үштілділік» тақырыбында сұхбаттасыңдар. Сөйлеу стиліне тән репликаларды қолданыңдар.



5. Үлгіні негізге алып, үй тапсырмасын «WhatsApp» желісінде талқылаған диалогті жалғастырыңдар. Стилін анықтаңдар. Желіде сауатты жазу қаншалықты маңызды?

Сәлем! 😊 Қалайсың?

Сәлем! Жақсы. 😊👍

Үй тапсырмасын қалай жаздың?



6. Оқылым мәтініндегі сыйбаларда көрсетілген мәліметтің ішінен өздерің үшін маңыздысын таңдал алып, өз позицияларыңды дәлелдей, пікірлерінді жазыңдар. Сөз саны – 80. Бұл жазбаларың қай жанрга жатады? Дәлелдендер.



7. Елбасы Жолдауынан алғынған үзіндіде айтылған ойға қатысты өз ұсыныстарыңды жазыңдар. Сөз саны – 100–120.

§2.

Жаһандану дәуірі мен ана тілі



1. Жаһандану дәуіріндегі ана тіліміздің жай-күйі қандай болмақ? Өз ойларыңды ортаға салындар.
2. Мәтінді түсініп оқып, тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін алдыңғы сабактағы оқылым мәтінімен салыстыра талдандар.



Жаһандану және мемлекеттік тіл

Жаһанданудың тілдегі көрінісі қалай болуы мүмкін деген сауалға жауап беру үшін, тілмен бірге халықтың, ұлттың басынан өткен кезеңдерге көз жүгіртуге тұра келеді. Ең алдымен айтарымыз – Фабит Мұсіреповтің сөзімен бейнелеп түсіндірсек, «біз – сағат санап, күн санап өскен ел емес, замана таңбаларын санап өскен елміз».

Бұл не деген сөз? Бұл – «ғасырлар бойы өз сөйлеу өнері, ойлау мектебі бар көне дәуірлерден келе жатқан ежелгі жүртпаз, өркениет келбетін жасаған елміз» деген сөз. Бұл – бір. Екіншіден, халқымыз ұшыраған репрессияға ана тіліміз де ұшырады. Тілге қатысты құндылықтар мен ұлы ойшылдардың ой-пікірлері ұлтымыздың қолына кейін тиді. Мәселен, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлының құнды пікірлері мен еңбектері халыққа олар ақталған соң тиді.

Тілші ғалымдар А.Байтұрсынұлының, Қ.Жұбановтың, Н.Сауранбаевтың қозқарастары мен пікірлері басқа ұлттардың ойшылдары ұсынған қозқарастардан кем емес еді. Бірақ олар қазақ халқына, одан өрі өлемге жетті ме? Жеткен жоқ. Осының бәрі тоталитарлық режимнің қазақ тіліне салған тұсауынан болды. Айта берсек, мұндай мысалдар көп.

Соған қарамастан, барлық рухани, мәдени құндылықтарды сақтап, ұрпақтан ұрпаққа, XXI ғасырға аман алып жеткен ұлы құндылық – тіл, қасиетті қазақ тілі. Ұлы ойшылдар тіл арқылы дүниені тану мен бағалаудың өзгеше үлгісін қалыптастыруды, халық ретінде, ұлт ретінде өмір сүрудің тілдік кеңістігін жасады. Бұл – бір-екі жылда жеткен жетістік емес.

Қазақ тілінің бұдан бес-он жыл бұрынғы кеңістігі мен жағдайы қалай еді, қазір қалай? Қазіргі уақытта әкесі мен

атасы қазақша әрең сөйлеп, өз ойын қазақша қиналышп жеткізгенімен, баласы немесе немересі қазақша әлдеқайда еркін сөйлейтін отбасын жиі кездестіруге болады. Бұл – мәселенің басы ғана.

Осындай күрделі кезеңдерге жақадан қалыпты жағдайға түсіп келе жатқан қазақ тілін жаһанданудың көлеңкесіне қалдыру қаупі қазір бәрімізді де алаңдататыны сөзсіз.


Жаһандану кезеңінде төуелсіздігімізді сақтап қалғымыз келсе, ең әуелі тілімізді қорғай отырып, оның мемлекеттік тіл ретінде тамыр жаюына бәріміз бірдей жауап бергеніміз жөн.

(Фаузия Оразбаева)



Ғылыми стиль

Ғылыми стиль – жазба стильдің бір түрі.



Ғылыми стильде зерттеу нысаны болатын зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелдеуді қажет етеді. Ал пікір дұрыстығын дәлелдеу үшін, нақтылық, логикалық және мазмұн дәлелділігі қажет.

Ғылым салаларының ерекшеліктеріне қарай әр саланың арнайы термин сөздері болады. Мысалы: тіл білімінде лингвистика, лексика, фразеология, семасиология т.б.; физикада анод, вакуум, атом, атомдық салмақ, шама т.б.

Жалпылама лексиканың кейбір сөздері белгілі бір ғылымның саласында қолданылуына байланысты термин сөзге айналады.



3. Мәтіннен ғылыми стильге тән тілдік ерекшеліктерді табыңдар. Әртүрлі ғылым саласына тән сөздерді топтап жазыңдар.

Қазіргі таңдағы қазақ қоғамындағы ұлттық бірліктің дамуын қамтамасыз ететін рухани байлық пен материалдық өндірісті бейнелейтін негізгі құралдың мемлекеттік тіл еженин сезіну тіл зерттеу мәселесіне бұрынғыдан басқаша қаралуымызды қажет етеді. Олай дейтін себебіміз – мемлекеттік тілімізді бекемдей түсу жолында жауапкершілік пен тиянақты істер өте қажет. Мәселен, ономастика, топонимика саласында қазақ сөздерінің молынан көрініс табуы, жер-су, елді мекен атауларының ана тілімізде өрнектеліп, бір жүйеге түсі – маңызды мәселе. Себебі ана тіліміздің дамуы топонимдермен тығыз байланысты.

Географиялық атауларда (топонимдер) физикалық-географиялық, тарихи-этнографиялық, тұрмыс-тіршілікті, экологиялық мәселелерді қамтитын ақпараттар бар. Ал ақпарат белгілі заңдылықтарға негізделіп, кез келген халықтың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайын анықтайды. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқы мындаған жыл бойы байтақ Еуразия кеңістігін игеру барысында аумақтық топонимдерде өз тіліне тән атаулар қалдырыды. Түркі түбірлі топонимдер Қыыр Шығыстағы Камчатқадан Еуропаның батысы, Кавказ елдері мен Ресей жерінде, тіпті Африканың солтүстік бөлігінде, оңтүстігі Декан үстіртінен Еуразия құрлығының солтүстік жиегіне дейін, сонымен қатар Батыс Қытай, Монголия жерінде де кездесетіні мәлім.

(*Kyat Saparov*)



Елбасының қанатты сөздері

- Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде.
- Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада құнделікті қатынас тіліне айналады. Осылайша тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үstem ете түседі.
- Тәуелсіздіктің негізгі тірегі – ұлттың тілі, діні, ділі. Тәңірдің адам баласына жасаған сыйы – тіл. Ол – қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай.

- Тіл – ұлттың аса игілікті өрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры – баршамыздың қолымызда.
- Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан өрі дамытуға күш-жігерімізді жұмсауымыз керек.



4. Берілген екі пікірдің бірін жақтап, ойталқы өткізіндер.

1. Қазақ тілі – тұрмысымыздың барлық саласында кеңінен қолданылатын, сұранысқа ие тіл.
2. Еліміздегі кей азаматтар қазақ тілін үйренуге құштар емес, себебі мемлекеттік тілдің қажеттілігін сезінбейді.



5. Ойталқыда көтерілген екі пікірдің бірін жақтап, әссе құрылымы мен даму желісін сақтап, аргументті әссе жазындар. Елбасының қанатты сөздерінен пайдаланындар. Сөз саны – 100.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. «Дүниежүзі қауымдастығындағы қазақ тілінің орны» тақырыбындағы фылыми стильде презентация дайындаңдар.
2. Бүгінгі сабакта өздеріңе ұнаган пікірді «Қосжазба күнделігі» өдісімен түсіндіріп жазындар.

Маған ұнаган пікір	Түсіндірме (комментарий)

§3.

Қазіргі заманғы жаһандық мәселелер



1. Мәтінді суреттегі ақпаратпен толықтырыңдар.



Жаһандану адамзат қоғамының барлық саласын қамтиды.

Атап айтсақ:

- саяси;
- мәдени;
- экономикалық;
- этникалық;
- аумақтық;
- ақпараттық-коммуникациялық.

Жаһандану дегеніміз – бір-бірімен тығыз экономикалық, ғылыми-техникалық, саяси, мәдени байланыстағы біртұтас адамзат қауымдастырының қалыптасуы. Ол – біздің көз алдымызда өте тез қарқынмен жүріп жатқан процесс. Еліміз басқа елдермен экономикалық, сауда-саттық қарым-қатынасқа түсіп дамып келеді. Алысқа бармай-ақ, езімізге қарайықшы.

Киген киіміміз Еуропа, Қытай, Түркия елдерінде тігілген. Германия, Америка, Оңтүстік Корея елдерінен шыққан көліктерді мініп жүрміз. Құнделікті қолданатын тұрмыстық техника да бізге мұхит асып келіп жатыр. Тіпті ыдыс-аяқты да көрші Қытай елінен аламыз. Ал ішетін шайымызды Үндістан өндіруде. Мұндай мысалдарды шексіз келтіре беруге болады. Біз де өз кезегімізде басқа елдерге мұнай мен газды, жүн мен мақтаны, қара және тұсті металл мен тасқемірді т.с.с. жіберіп жатырмыз.

Жаһандану – жағымды да жағымсыз жақтары, ерекшеліктері бар процесс. Жаһанданудан сырт қалу қаншалықты мүмкін болмаса, оған қарсы күресу де соншалық мүмкін емес. Сондықтан зерттеу арқылы оның жағымсыз жақтарына сақтықпен қарau қажет.

(Райхан Әбішева)

2. Сендердің ойларыңша, соңғы жылдары қоғамдық өмірде жаһандану термині неліктен жиі қолданылып жүр?

Кітаби-жазба стиль

Кітаби-жазба стильдер – әдеби тілдің өмірдің белгілі саласында пайдаланылып, танылған стильдер түрі. Олар әр саладағы атқаратын қызметіне қарай ісқағаздар мен ресми стиль, публицистикалық стиль, ғылыми стиль және көркем әдебиет стилі болып жіктеледі. Публицистикалық стиль қоғамдық, саяси өмірдегі маңызды мәселелерді талқылау мақсатында қолданылатын тілдік бірліктердің қолданысын; ресми-іскерлік стиль экономика, құқық, дипломатия салалары мен мемлекеттік орындардағы құжаттардың тілін; көркем әдебиет стилі көркем әдебиетте (проза, поэзия, драматургия) сөздердің қолданысы мен қызметін; ғылыми стиль ғылым салаларындағы тілдік бірліктердің қолданысын қарастырады.

- 3 Аудиожазбадан (04. mp3) «Жаһандық мәселелерді шешуде Қазақстанның орны» атты қоғамдық-саяси хабардан алынған үзіндіні тыңдап, негізгі ойды анықтаңдар. Мәтіндегі пікірге өз көзқарастарыңды білдіріп, сынни тұрғыдан баға беріңдер.



«Жаһандану» терминін алғаш рет 1983 жылы Гарвард бизнес мектебінің профессоры Теодор Левитт ұсынған болатын. Осы ұғыммен ол дүниежүзіндегі нарықтардың бірігуін атады... Осыдан соң «Жаһандану» ұғымы жапон зерттеушісі Кеничи Омаэнің еңбектерінен көрініс тапты...

«Жаһандану» термині алғаш капиталдың қозғалысы, қаржы әрі биржалық нарықтардың интеграциясын бейнелеу үшін қолданылды.

ХХ ғасырдың соңғы он жылдығында қырги-қабақ соғыстың аяқталуына байланысты саяси процестер, орасан зор көлемдегі экологиялық қауіп-қатерлер, біртұтас планетаның ортақ екенін сезінуге әкелген экономикалық өзара тәуелділіктің артуы «жаһандану» құбылысына экономикалық қана емес, сондай-ақ саяси, тарихи, географиялық және мәдени сипат беріп, оның барынша кеңеюіне алып келді.

(Ақмарал Арыстанбекова)



4. Кітаби-жазба стильдің бір түрін тыңдап, сол стилде қазіргі заманғы жаһандық мәселелер туралы 5 сөйлем жазындар.
5. Сабакта жинақталған материалдар негізінде «Қазіргі заманғы жаһандық мәселелер» тақырыбында аргументті эссе жазындар. Сөз саны – 100.



6. Қазіргі заманғы жаһандық мәселелерді «ПСМТ формуласымен» қорытындылаңдар.

1-сөйлем: «Менің ойымша,...».

2-сөйлем: «Мен оны былай түсінемін...».

3-сөйлем: «Оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын...».

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...».

§4.

Мәдени жаһандану процесі



1. Мәтінді сызбадағы мәліметтермен толықтырып оқындар. Сызбадағы мәліметтерді өңдеңдер.

Жаһанданудың негізгі мағынасы «халықаралық бірігү» дегенді білдіреді. Ол үрдіс ретінде де сипатталады. Бұл үрдіс – экономикалық, технологиялық, мәдени-әлеуметтік және саяси күштердің жақындасуы. Жаһандану экономикалық, ақпараттық, саяси, экологиялық, мәдени және тағы басқа болуы мүмкін.



Халықаралық мәдени құбылыстар үлттықты ығыстырып, оларды үлтаралыққа айналдыруы мүмкін. Көпшілік мұны үлттық мәдени құндылықтарды жоғалту деп түсініп, үлттық мәдениеттің жандануы үшін күреседі. Мәдени жаһандануда ортақ ғаламтор үлкен рөл атқарады. Сондай-ақ жыл санап халықаралық туризм кеңінен етек алуда.



2. Мәтінді мәдени жаһандануға қатысты қандай мәліметтермен толықтыруға болады?
3. Екі топқа бөлініп, жаһандануға қатысты екі түрлі көзқарастың (жағымды жағы/жағымсыз жағы) бірін жақтап, ойталқы өткізіндер.

Публицистикалық стиль

Публицистикалық стиль жүртқа үндеу, үгіт айтуда пайдаланылады. Мұндай үндеуге, үгітке қоғам үшін дәл сол кезеңде мәні зор мәселелер тақырып болады. Басты стильдік сипаты: мұнда қолданылатын сөз үндеу мәнінде жұмсалады. Сөз эмоционалды-экспрессивті сипатта болады (дем беруші, көшбасшы т.б.).

Публицистикалық стиль эмоционалды-экспрессивтік сипаты жағынан көркем әдебиет стиліне жақын, ал фактіні толық және жүйелі баяндау тәсілі жағынан ғылыми стильтеге жақын. Публицистикалық стильдің жазбаша түріне газет, журналдардағы саяси тақырыпқа жазылған мақалалар, очерктер т.б. шығармалар, ал ауызша түріне шешендік сөздер жатады.



Мәдениет – қоғамның заттық-рухани салалары тарапынан жасампаздықпен дүниеге келген «перзенті», яғни миравсы. Сол миравсты иемденушілер өр дәуірде оған қамқор болып, төл мәдениетінің жанашыры екендігін тілімен емес, ісімен дәлелдей білуі қажет. Әйтпесе ондай қоғам өз миравының иесі емес, жетімегі болып шыға келеді. Мұндай жағдай қоғам үшін берекетсіздік пен хаостың туындауына өкеліп соғады. Ал хаос ешқашан ұзакқа созылмайды. Оның орны басқа мәдениеттер тарапынан оп-опай толтырыла салады. Өзінің «менін» ұмытқан адам – қаңбақ. Оның мақсаты мен бағытын тек «жел» ғана анықтайды. Мәдениетін ұмытқан қоғамның да ахуалы осындей.

(Досай Кенжетай)



4. Ойталқыда көтерілген екі пікірдің бірін жақтап, «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген пікірге де өз көзқарастарынды білдіріп, аргументті әссе жазындар. Сөз саны – 80–100.



5. Өздерің жазған аргументті әсседегі тілдік бірліктердің (эмоционалды-экспрессивті сипаттағы сөздерді қолдану, фактіні толық және жүйелі баяндау) публицистикалық стильтеге тән екенін дәлелдеңдер.



6. Мәдени жаһандану процесіне байланысты қосымша ақпараттар жинап, презентация дайындаңдар.

§5.

Латын әліпбие көшу – жаһандану талабы



1. «Латын графикасына көшу – заман талабы» деген пікірге қалай қарайсындар?
2. Екі мәтіннің құрылымы мен тілдік ерекшелігін салыстырындар.

«Қазақ тілі әліпбие кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» ҚР Президентінің 2017 жылғы 26 қазандығы №569 Жарлығына өзгеріс енгізілсін:

1. Аталған Жарлықпен бекітілген латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбие осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

(*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Астана, Ақорда, 2018 жылғы 19 ақпан*)

Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбие

№	Жазылуы	Дыбыс	№	Жазылуы	Дыбыс
1	Aa	[a]	17	Áń	[ń]
2	Áá	[ə]	18	Oo	[o]
3	Bb	[b]	19	Óó	[ə]
4	Dd	[d]	20	Pp	[p]
5	Ee	[e]	21	Qq	[k]
6	Ff	[ɸ]	22	Rr	[p]
7	Gg	[g]	23	Ss	[c]
8	Íí	[f]	24	Tt	[t]
9	Hh	[x], [h]	25	Uu	[ɿ]
10	Ii	[i]	26	Úú	[y]
11	Íí	[i], [ý]	27	Vv	[v]
12	Jj	[ж]	28	Yy	[ы]
13	Kk	[k]	29	Ýý	[y]
14	Ll	[л]	30	Zz	[з]
15	Mm	[м]	31	Sh sh	[ш]
16	Nn	[ń]	32	Ch ch	[ч]

Латын графикасына көшу – заман талабы

Көрші буындардың, дыбыстардың бір-біріне ықпал жасап, өзара ұқсауы үндестік заңы (сингармонизм) деп аталағы. Сингармонизм гректің *syn* – «бірге» және *harmoni* – «байланысу», «үндесу» деген сөздерінен шыққан. Сингармонизм заңдылықтары бойынша сөздің алғашқы буыны жуан болса, келесі буындары да жуан және оған жалғанатын қосымша да жуан болады. Сөздің алғашқы буыны жіңішке болса, келесі буыны да жіңішке және оған жалғанатын қосымша да жіңішке болады.

Осының бәрінің негізінде Ахмет Байтұрсынұлының: «Қазақ сөзі екі түрлі: бір түрі – жуан, екінші түрі – жіңішке. Жуан сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі жуан болады, жіңішке сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі де жіңішке болады», – деген пікірі жатыр.

Бұдан шығатын қорытынды: қазақ жазуына негізделген латын графикасының мүмкіндігі сингармонизм заңына тіке-лей тәуелді.

Біріншіден, өлемдік тәжірибелі ескере отырып, латын әліпбиінің реттік орналасу тәртібін сол күйінде қалдырық. Мысалы, ағылшындар, немістер, итальяндар, түріктер, тіпті әзіrbайжан мен өзбектердің латын әліпбиінің орналасу реті (кейбір ерекшеліктерді қоспағанда) бірдей. Ал айтылуы, оқылуы басқаша. Біз әріптердің дыбысталуын сол күйінде қалдырық.

Екіншіден, латын әліпбиін пайдаланатын елдерге ортақ заңдылық – транскрипция. Транскрипция сөздің оқылуын, дыбысталуын білдіреді. Соңықтан Қазақстандағы жазу тілі латын графикасына көшкен жағдайда, оның транскрипциясы қоса ұсынылады.

Қоғам дамуының заманауи талаптарына лайық болу үшін, қазақ жазуының латын графикасына көшуі – мемлекеттік деңгейдегі мәселе. Әлемдегі елдердің 70%-тен астамы латын қарпін қолданады. XXI ғасырда латын әліпбиі технология, ақпарат, коммуникация тіліне айналып отыр. Бұл оның экономикалық тиімділігін де айқындайды.

(Арман Байқадам)



3. XXI ғасырда латын әліпбиіне көшу мәселесі неліктен өзекті болып отыр? Дәлелдерінді келтіріп, ойларыңды ортаға салындар.



Ресми іскерлік стиль

Ресми іскерлік стиль – түрлі құжаттардың стилі. Атап айтсақ:

- кеңсе құжаттары (өтініш, қолхат, түсініктеме, жеделхат, жолдама және т.б.);
- іскерлік құжаттар (халықаралық келісімшарттар, мемлекеттік актілер, заңдар, үкімдер, жарғылар, нұсқаулықтар, қызметтік хаттар, іскери қағаздар және т.б.).

Әдеби тіл стильтерінің ішінде ресми ісқағаздар стилі басқалардан өзінің тұрақтылығы мен тар шенберлі қолданыс ерекшелігімен сипатталады.

Ресми іскерлік стиль өзінің түрлі жанрлары мен мазмұндарына қарамастан, барлығына бірдей ортақ белгілермен сипатталады.

Олар:

- тілдік құралдардың тұрақты пайдаланылуы, ықшамдылық, шағындық;
- материалдың стандартты орналастырылуы, белгілі бір үлгінің міндептілігі (жеке күелігі, түрлі дипломдар, туу және неке туралы күәліктері, ақшаға байланысты құжаттар және т.б.);
- терминологияның, атаулардың (зан, дипломатия, әскери, әкімшілік және т.б.) кеңінен қолданылуы, ерекше лексика (ресми, кеңеслік) қорының болуы, қысқарған сөздер мен абревиатуралардың қолданылуы;
- ерекше грамматикалық құрылышының болуы, түрлі тұрақты сөз тіркестерінің қолданылуы;



4. Мәтіндегі пікірге өз көзқарастарынды білдіріп, сұхбаттасындар.

Қазақ жазуына реформа жасау қажеттілігі жайлы өз басым аз жазып, аз айтып жүрген жоқпын. Осы мәселенің басы-қасында жүрген маман болғандықтан, жазу реформасына тағы да бір оралуға тұра келіп отыр.

Ең алдымен, қазақ тілінің өзіне ғана тән төл дыбыс құрамының басын ашып алайықшы... Өйткені көбіміз дәл осы мәселеге келгенде шорқақпыз. Оған себеп жылдар бойғы «орыстандыру» саясаты болды. Ең жанға бататыны, орыс тілінің «игі ықпалы» деген сылтаумен, өткен ғасырдың 50-жылдары төл сөздеріміздің жазылу емлесіне қосылған и, у тәрізді таңбалар (дыбыс емес) болды. Оқулық біткен

осы күнге дейін түгел сол жапсырмадан арыла алмай келеді.

Мектептен (тіpten балабақшадан) бастап «қазақ тілінде 42 дыбыс бар» деген тоқпақпен өскен үрпақтан не сұрайсыз? Өзгені былай қойғанда, қазақ тілінің мұғалім-оқытушыларының өзі осыған үйіп қалған...

(Әлімхан Жунісбек)



5. Үш мәтінді салыстырып, «Т кестесіне» жазындар.

Мәтіндердің үқсастығы		
Мәтіндердің айырмашылығы		
I оқылым (жарлық) мәтіні	II оқылым мәтіні	Сұхбат мәтіні
Мақсаты		
Стилі		
Тілдік ерекшелігі мен құрылымы		



6. Косымша материалдарды пайдаланып, «Латын әліпбие көшу қаншалықты маңызды?» тақырыбында аргументті эссе жазындар. Сөз саны – 80–100.
7. Латын графикасына негізделген қазақ жазуымен жаһандануға байланысты болып жатқан әлемдегі өзгерістер туралы достарыңа хат жазындар.

§6.

Жаһандағы қымбат 7 бренд



1. Тақырыпқа қарап, сабактың не туралы болатынына болжам жасаңдар. Сендерге қандай бренд ұнайды?
2. Мәтіннің құрылымы мен тілдік ерекшелігіне қарап, қай стильде жазылғанын анықтаңдар.

«Forbes» журналының америкалық нұсқасы жыл сайын түрлі рейтингтер жүргізіп отырады. Соның ішінде әлемдегі ең қымбат 100 брендінің тізімін көпшілік асыға күтеді.

Тізімге 15 мемлекеттің 20 түрлі сала бойынша қызмет атқаратын компаниялары енген.

Ендеше, әлемнің ең қымбат 7 брендімен таныс болайық.

Р.с.	Әлемдік брендтер	Нарықтық бағасы
1.	Apple	145,3 миллиард доллар
2.	Microsoft	69,3 миллиард доллар
3.	Google	65,6 миллиард доллар
4.	Coca-Cola	56 миллиард доллар
5.	IBM	49,8 миллиард доллар
6.	McDonald's	39,5 миллиард доллар
7.	Samsung	37,9 миллиард доллар

Тізімде 100 компания бар. 2015 жылы енген жаңа бес компания: Lego (82-орын), PayPal (97-орын), Mini (98-орын), Moët & Chandon (99-орын) және Lenovo (100-орын).

Жаңа рейтингте автокөлік және жоғары технологиялық компанияларының бөсі артық. Олардың жартысына жуығы Америкада тіркелген. Тоғыз компания Германияға, жеті компания Жапонияға және тағы жетеуі Францияға тиесілі.

Үздіктердің қатарына көршілес Ресей мемлекеті енбеді. Бұл рейтинг қаржылық нәтижесіне және бәсекеге қабілеттілігіне байланысты жасалды.

(7kun.kz)



3. Аудиожазбадан (05. mp3) «Қазақстандық бренд «Monde Selection» алтын сапа белгісін алды» атты мәтінді тыңдал, ондағы ойға сыни түрғыдан баға беріңдер.

Ісқағаздарының үлгілері

Өтініш – жұмысқа қабылдау, жұмыстан шығару, басқа жұмысқа ауысу, демалыс беру және т.б. туралы өтінішпен ұйымға немесе лауазымды тұлғаға бағытталған құжат.

Үлгі:

Жаңақала ауданының әкімі
Қуаныш Ербатыровқа
Абылай хан көшесі, 24-үйде тұратын
Қасым Құраповтан

ӨТІНІШ

Мені штаттық кестеге сәйкес 2018 жылдың 1 қазанынан бастап ... лауазымына қызметке алуынызды сұраймын.

01.10.2019.

Қолхат

Мен, 9 «А» сынып оқушысы Еріков Әділ, мектептің оқу залынан уақытша пайдалану үшін «Қазақстан» энциклопедиясын (бағасы 1000 теңге) алдым. Кітапты бір аптада қайтарып беремін деп міндеттенемін. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) ...

15 ақпан 2019 жыл (қолы)

Өмірбаян – жеке адамның өмір жолы хронологиялық тәртіpte қысқаша жасалған ресми құжат. Өмірбаян оқуға тусу, жаңа қызметке орналасу т.б. кезінде жазылады. Онда азаматтың аты-жөні, туған жылы, қуні, айы және туған жері, үлтү, отбасы жағдайы, білімі, бітірген оқу орындары, қызметі мен жұмыс тәжірибесі туралы және т.б. қосымша мәліметтер көрсетіледі.

Түйіндеме немесе **резюме** (фр. résumé – «кайтылған я жа-зылған мәселенің қысқаша түйіні») – белгілі бір тұлға жайлы нақты, қысқа мәлімет беретін ісқағазының бір түрі. Жұмысқа орналасатын адам түйіндемеге білімі, біліктілігі, жеткен жетістігі, кәсіптік шеберлігі, жұмыс тәжірибесі, не нәрсеге икемділігі бар екені туралы толық жазуы керек. Түйіндеме сол адамның кең көлемдегі визит карточкасы іспеттес.

Бұл құжаттың ерекшелігі: үміткердің еңбек өтілі туралы мәліметтің көрі хронологиялық тәртіpte берілуі, яғни ең соңғы қызмет орнынан бастап жазылады.

Үлгі:

- аты-жөні;
- туған жылды, күні, айы, туған жері;
- ұлтты;
- жынысы;
- мекенжайы, телефоны;
- отбасы жағдайы;
- азаматтығы;
- білімі;
- бітірген оқу орындары;
- кәсіби біліктілігі мен кәсіби тәжірибесі;
- тілдік дағдылары;
- компьютерлік сауаттылығы;
- жеке қасиеттері (жауапкершілігі, адамдармен қарым-қатынас орнатуға бейімділік, ұстамдылық, мақсаттылық, үйымдастыруышылық, басқарушылық қабілеттер, ұжыммен жұмыс істей білу, ұқыптылық, алға қойған міндеттерге шығармашылық қезқарас т.б.)
- қызығушылығы (саяхатқа шығу, би, домбырада ойнау, кітап оқу т.б.) туралы мәлімет, қосымша ақпараттар (мақтау грамоталары, сертификаттар, наградалар, патенттер т.б.)



4. Үлгілер бойынша бренд өндіретін кәсіпорынға қызметке тұру үшін құжаттарыңды (өтініш, түйіндеме, өміrbаян) дайындаңдар. Стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктерді дұрыс қолданыңдар.




«Сымбат» сән үйі

Тек қана ел ішінде емес, шетелде де аса танымал қазақстандық брендтің бірі деп «Сымбат» сән үйін айтуға болады. Дәл осы «Сымбат» еліміздің тарихында алғаш рет 1972 жылды шетелде ұлттық киім үлгісін ұсынған еді. 65 жылдан аса тарихы бар сән үйінде осы кезге дейін 150 000-нан аса эксклюзивті киім үлгісі көрсетілді. Жылына екі рет «Haute Couture» және «prêt-à-porter» халықаралық сән апталықтарында өз киімдерін ұсынады. Талантты суретші, «Сымбаттың» арт-директоры Балнұр Асанованаң арқасында аталмыш сән үйі көптеген халықаралық сыйлықтың иегері болды. Балнұр

Асанова көбіне қазақы нақыштағы киім үлгілерін тігеді. «Сымбат» – Мәскеу, Дубай, DC Fashion week, Сібір сән апталықтарының турақты қатысушысы.

-  5. «Сымбат» сән үйі шығарған ұлттық киімдердің қазақ мәдениетін өлемге танытудағы рөлі туралы ой қорытындысын жасап, эссе жазындар. Сөз саны – 100.
-  6. Егер сендер отандық бренд өндіретін кәсіпорын ашсандар, логотипі қандай болғанын қалайсындар? Төмендегі суреттерден қажетті мәлімет ала отырып, өз логотиптерінді сипаттаңдар.



-  7. Қазақстанның брендтер туралы мәліметтер жинақтап, оларды кесте, диаграмма, сызба немесе сурет арқылы бейнелеңдер.

§7.

Жаһандану процесіндегі Қазақстанның құндылық бағдарлары

-  1. Сендердің ойларыңша, әлемдік жаһандану процесі Қазақстанға қалай әсер етуде?
-  2. Сызбадағы мәліметтерді өндеп, мәтінді толықтырып оқыңдар.

Қазіргі жаһандану процесі жүріп жатқан кезеңде Қазақстан қоғамының өз мүдделерін қорғай отырып, даму үрдістерін өзінше жүргізгені дұрыс болар еді.

Біздің пікірімізше, Қазақстанда бұл үшін барлық алғышарт қалыптасқан және XXI ғасырда Қазақстан әлемдік мәдени кеңістікке көп мәдениетті тоғыстыра отырып, өзіндік келбетін айқындаған өркениет ретінде енетіні күмән туғызбайды.

Бұл үшін төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру қажет

Отбасылық құндылықтарды сақтау және кеңінен насиҳаттау, отбасы мен неке институттарының дәстүрлі формаларын дамыту

Қалалық және ауылдық аймақтардағы мәдени және бұқаралық спорт кешендерін қайта қалпына келтіру

Мәдени процестерді ақпараттық қамтамасыз ету. Мерзімді басылымдарды, телеарнalarда хабарларды жарықташуғару

Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған әдебиет пен өнерге қоғамдық және мемлекеттік қолдау көрсету

М.Әуезовтің «Ел болам десен, бесігінді түзе» деген ұлаттатты сөзі қазақ халқының өмірлік принциптерінің біріне айналуы қажет.

Корытындылай келгенде, осы аталған жұмыстардың жүзеге асырылғандығын құптаймыз.

(*ҚазҰУ хабаршысынан*)



3. Оқылым мәтініндегі мәліметтерді қарастырып, ой түйінін жасаңдар. Негізгі ақпаратты тезис түрінде беріңдер.



Көркем әдебиет стилі

Көркем әдебиет стилі проза, поэзия, драматургия салаларында жазылған көркем шығармаларда жазбаша; көпшілік алдында, схнада айтылатын әңгіме, аңыз т.б. жанрларда ауызша қолданылады.

Қарым-қатынас мақсаты – шындықты, ақиқат өмірдегі заттар мен құбылыстарды бейнелеу арқылы оқырман сезіміне әсер ету.

Стильдік сипаты: сөздер образды түрде қолданылады, эмоционалды-экспрессивті болады.

Тілдік амал-тәсілдері: ауыспалы мағынадағы сөздер, синонимдер, көркемдегіш құралдар жиі ұшырасады.

Осылардың бәрі грамматикалық амал-тәсілдерді ерекше қилюастрырып қолдану арқылы беріледі.



Қазақстанның мәдени құндылықтары

Тәуелсіздік жылдарында, өсірсе мәдениет саласында айтарлықтай нәтижелерге қол жетті. XXI ғасыр талаптарына сәйкес, заманауи үлгіде салынған мәдениет пен өнер ошақтары қазақ елінің арайлап атқан ақ таңымен жараса бүр жарған шүғылалы өрнектері болды.

Мемлекет басшысының идеясымен 2004–2011 жылдары жүзеге асырылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша рухани қайнарымыз бүтінделіп, мәдени көкжиек өсем өуен рухымен биектеді. Бұл жоба отандық мәдениет пен ғылымды жаңа деңгейге көтерген һәм тартылған айдынымызды қайта толтырып, шығармашылық даңғыл жол ашқан Қазақстан тарихындағы айтулы гуманитарлық іс-шаралардың бірі ретінде ұлттық брендімізге, тарихи шежіремізге айналды.

Мәдениет және спорт министрлігінің мәліметіне сүйенсек, бағдарлама аясында Отанымыздың тарихы, археологиясы, әтнографиясы мен мәдениеті бойынша 600-ге жуық кітап бір жарым миллион данадан астам таралыммен басылыш шықса,

олардан бүгінде «Бабалар сөзі», «Әлемдік философиялық мұра», «Әлем әдебиеті кітапханасы», «Ежелгі уақыттан біздің күнімізге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы», «Қазақ әдебиетінің тарихы» тәрізді құнды еңбектер халқымызды баға жетпес алтын қазынасы ретінде бағалауда. Ал «Қазақтың дәстүрлі 1000 өні», «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» альбомдары – «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша қол жеткізілген ауқымды жобалар.

Елдегі ескерткіштерді түгендеу жұмысы қарқынды жүргізілді. Республикалық және өлкетанулық маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің тізімдері бекітілді. Соның нәтижесінде Қазақстанның бірнеше облысының (Алматы, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар т.б.) және Алматы қаласының тарихи және мәдениет ескерткіштерінің жинағы жарық көрді.

(«Егемен Қазақстан» газетінен)

-  4. Оқылым мәтініндегі сызбада көрсетілген мәліметтің ішінен өздерің үшін маңыздысын таңдаң алып, өз позицияларынды дәлелдей, пікір жазындар. Сөз саны – 100. Бұл жазбаларың қай жанрға жатады? Дәлелдендер.
-  5. «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген мәтіннен көркем әдебиет стиліндегі тілдік бірліктерді табыңдар. Көркемдегіш күралдарды (эпитет, метафора т.б.) синонимдерімен ауыстырып, мәтін стилінің қалай өзгергенін анықтаңдар.
-  6. «Жаһандану дәуіріндегі қазақ елінің мәдени құндылықтары» тақырыбында презентация дайындандар.

III

БӨЛІМ

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН. «ЭКСПО-2017»

СИНТАКСИС

Бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

- тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан Республикасының жеткен жетістіктері мен бағындырған белестерімен танысадыңдар;
- егемен елдің қоғамдық өміріндегі өзекті тақырыптарды қарастырып, талқылайсыңдар;
- құрмалас сөйлемнің жасалу жолдарын анықтап, мағыналық түрлерін ажыратасыңдар;
- шығармашылық бағыттағы тапсырмалармен жұмыс істейсіңдер.

Тәуелсіздік – ата-бабамыздың жүздеген жылдармен өлшенетін арман-аңсарының жүзеге асқан ақиқаты.

(Н.Назарбаев)

§1.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні



1. «Тәуелсіздік» сөзінің мәнін қалай түсінесіңдер?



2. Мәтінді түсініп оқып, авторына сілтеме жасандар, оны айғақтатыны тілдік деректерді көрсетіңдер.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының бірінде мен альпинистер тобымен Алатаудың мұзарт шыңын бағындыруға шықтым. Шың басына тігілген, тау желінің күшімен құлаш жая желбіреген байрақтың әсері әлі күнге менің есімде... Тәуелсіздік дәуірі дегеніміз – ұлттың шыңырау шетіндегі таудың қатерлі соқпағымен жүргенімен бірдей құбылыс. Алайда біз оны да бағындыра алдық. Осы жылдарда маған көп нәрсені өз көзіммен көруге тұра келді. Қауырт жұмысқа тоғы сол күндердің барша ауыртпалығы мен толқыныстарын, үйқысыз түндерді санамалау да мүмкін емес. Мен тұтас мемлекеттердің тағдырына әсер ететін немесе күні бүгінге дейін ықпал-күшін бұрынғыша әлсіретпей ұстап келе жатқан саңлақ саясаткерлермен де, қазіргі әлемнің болмысына тікелей ықпалы бар шешімдер қабылдаған адамдармен де көп кездестім.

1991 жылғы сайлаудан кейінгі бірінші жұмыс алтасында өзім 1991 жылдың 16 желтоқсанында қол қойған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» заңынң мәтінімен жұмыс істедім. Құқықтық тұрғыда әлемнің саяси картасында дәл осы күні жаңа тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасы пайда болды. Осылайша тарихи әділеттік орнап, бабаларымыздың ұлы арманы орындалды. Бұған дейін декларация түрінде ғана болған мемлекеттік тәуелсіздік енді конституциялық негізге ие болды.

Мениңше, Тәуелсіздік күні тек ресми бекітілген мерекелік дата ғана болуға тиісті емес, бұл күннің одан анағұрлым маңызы үлкен мазмұны бар. Ол тәуелсіздік жолындағы күрестің нүктесін қоюмен бірге, оның басталған күні де болды. Бүгін әр қазақстандық оны өзінің жеке тәуелсіздігі мен табысты күні есебінде мерекелей алады.

Әлем жаңа мемлекеттердің қалыптасуына мүқият зер салды. Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқы болып Түркия мойындады. Оқиға Тәуелсіздік туралы Заңға қол қойылғаннан кейін бірнеше сағат өткенде жүзеге асты және қазақстандықтар түркі ынтымағының мұндай көрінісін жоғары бағалады. Келесі күні Қазақстанды Ресей Федерациясы, 25 желтоқсанда Америка Құрама Штаттары мойындады. 1992 жылдың 3 қаңтарында бұл ұлы державаларға – Қытай, ал жылдың соңына дейін тағы 102 мемлекет қосылды.

1993 жылы 2 наурызда БҰҰ Бас Ассамблеясының пленарлық мәжілісінде Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылданып, әлемдік қоғамдастықтың толыққанды мүшесіне айналды.

-  3. Тәуелсіздікке жету жолында қазақ халқы қандай тарихи кезеңдерді бастаған өткерді?

Жай және құрмалас сәйлемдер

	Жай сәйлем	Құрмалас сәйлем
Белгілері	Бір ғана жалаң ойды білдіреді. Жеке сөздерден құралады. Жеке сәйлемге сай дауыс ырғағы да ықшам болып келеді. Әр сәйлемнің аяқталғанына байланысты өзіндік айырмы бар дауыс ырғағымен айтылады.	Екі не одан да көп жай сәйлемнен құралып, құрделі ойды білдіреді. Кейде баяндауыштары тиянақсыз болады, кейде тиянақты болып, бірінші сәйлем екінші сәйлеммен жалғаулық шылау арқылы байланысады. Жеке сәйлемдер бір-бірімен құрмаласып тұрғандықтан, дауыс ырғағы ұласпалы түрде айтылады.
Мысалы	<i>Мереке қызған кезде жастар алтыбақан тепті. Ұлттық ойын түрлері ойнатылды.</i>	<i>Мереке қызған кезде жастар алтыбақан тепті және ұлттық ойын түрлері ойнатылды.</i>
Ереже	Бір немесе бірнеше сөз берілген сөз тіркесінен құралып, тиянақты ойды білдіретін сәйлемдерді жай сәйлем дейміз.	Екі немесе одан да көп жай сәйлемнен құралып, құрделі ойды білдіретін сәйлемдерді құрмалас сәйлем дейміз.



- 4.** Оқылым мәтінінен құрмалас сөйлемдерді теріп жазып, жасалу жолдарындағы ерекшеліктерді кестеге түсіріңдер.

Құрмалас сөйлемдер	Құрмалас сөйлемге тән ерекшеліктер	Жай сөйлемнен айырмашылықтары



- 5.** Екі топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Оқылым мәтініндегі негізгі ойды «Қосжазба күнделігі» арқылы талқылаңдар.

Мәтіннен алынған үзінді	Менің пікірім

2-топ. Мәтіндегі деректерді негізге алып, «Тәуелсіздік» сөзінің мағынасын «Топтастыру» әдісімен түсіндіріңдер.



- 6.** Суреттерге қарап, құрмалас сөйлемге мысалдар жазындар. Құрмаласқа тән белгілерді кестеге жазындар.

Алғашқы жай сейлемінің баяндауышы қандай?	
Құрамындағы сөйлемдер жалғаулық шылаулар арқылы байланысқан ба?	
Даудың ырғагы қандай?	





Тәуелсіздік – ата-бабаларымыздың жүздеген жылмен өлшенетін арман-аңсарының жүзеге асқан ақиқаты.

(Нұрсұлтан Назарбаев)

Тәуелсіздіктің жүгі ауыр.

(Дінмұхамед Конаев)

Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қауымдастықтағы беделінің өсуіне қызмет етуге парыздармыз.

(Нұрсұлтан Назарбаев)

Біз тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Енді сол тәуелсіздіктің қасиетті белгілерін де ерекше қадірлеуіміз, қастерлеуіміз керек...

Елдігіміздің сыналатын бір тұсы – осы.

(Нұрсұлтан Назарбаев)



7. «Фибратты сөз» айдарымен берілген нақыл сөздер негізінде ойталқы үйимдастырындар. Негізгі ойды өмірлік мәселелермен байланыстырындар. Ойтакының түйінін жариялаңдар.



8. Бір нақыл сөзді әпиграф етіп алып, оқылым мәтіні негізінде жинақы мәтін жазындар. Жұптасып, бір-біріңін жұмыстарынды редакциялаңдар: азатжолдарға бөліп, логикалық және стильдік түзетулер енгізіндер.



9. Қосымша ресурстарды пайдаланып, «Тәуелсіз Қазақстанның тарихи кезеңдері» тақырыбында презентация дайындаңдар. Қолданылған деректерге сілтеме жасаңдар.

§2.

Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық жетістіктері



1. Тәуелсіз Қазақстанның қандай жетістіктерін білесіңдер? Өздерің білетін ақпараттарды ортаға салыңдар.
2. Кестедегі мәліметтерді «Уақыт тізбегі» өдісімен сипаттаңдар. Кестені жаңа деректермен толықтырыңдар.

Тарихи жыл	Жеткен жетістіктер
1991 жыл	1991 жылы желтоқсанның 16-сында Қазақстан өз Тәуелсіздігін жариялады. Оның тұңғыш Президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. Н.Назарбаев қол қойған алғашқы Жарлықтың бірі – 1991 жылғы тамыздың 29-ындағы «Семей полигонын жабу туралы» Жарлық болды. Елбасының осы батыл қадамы бүгінде дүниежүзіне мәлім тарихи фактіге айналды. Біріккен Ұлттар Үйімінің Бас Ассамблеясы біздің ел Президентінің ұсынысын мақұлдала, 29 тамызды Халықаралық ядролық қару-жараққа қарсы күрес күні деп жариялады.
1992 жыл	1992 жылдың 2 наурызында Қазақстан Біріккен Ұлттар Үйімінің толық құқылы мүшесі атанды. Қазір еліміздің БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ (ОБСЕ) секілді 70-ке жуық халықаралық ұйымда өкілдігі бар. Мемлекеттің тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 1992 жылғы қаңтарда еліміздің ішкі істер өскери құрылды. Бүкілхалықтық талқылаудан кейін 1992 жылғы маусымда Жоғарғы Қенестің сессиясы Республиканың жаңа мемлекеттік Туы мен Гербін бекітті. Ту авторы – суретші Шәкен Ниязбеков, Герб авторлары: сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов. 11 желтоқсанда Гимн мәтіні бекітілді. Мәтінін жазғандар: Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Жадыра Дәрібаева. Әуенін жазғандар: Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский, Латиф Хамиди (1944 жылғы нұсқасы сақталды). 1992 жылы Алматы қаласында Дүниежүзі қазақтарының I Құрылтайы өтті.
1993 жыл	1993 жылғы қаңтардың 28-інде Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданды. Негізгі Заң 4 бөлімнен, 21 тараудан, 131 баптан тұрды.

Тарихи жыл	Жеткен жетістіктер
	1993 жылғы 5 қарашада «Ақша жүйесін тұрақтандыру жөніндегі шұғыл шарапалар туралы» Президент жарлығы шықты. Сөйтіп, төл теңгеміз 1993 жылдың 15 қарашасында айналымға түсті.
	Елбасының бастамасымен 1993 жылғы мамыр айында «Жаппай саяси құғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заң қабылданды. Мемлекет кертартпа жүйенің кесірінен еліміздің азаттығы мен төуелсіздігі жолында құрбан болған азаматтарды ақтап, бәз біреулердің өктем саясатымен жасалған тарихтың қателігін түзеді.
	1993 жылы «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелге жастандарды оқыту басталды.
1994 жыл	1994 жылы 6 шілдеде Жоғарғы Кеңес депутаттары астананы Ақмола қаласына көшіруге шешім қабылдады.
1995 жыл	<p>1995 жылғы 1 наурызда мемлекет басшысы жаңындағы қоғамдық консультациялық-кеңесші орган – Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды. Оның мақсаты – қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты нығайту.</p> <p>1995 жылғы 24 наурызда Қазақстан халықтары Ассамблеясы (ҚХА) сессиясы ашылды.</p> <p>1995 жылғы 29 сәуірде бүкілхалықтық референдум өткізілді. Сайлаушылардың 95,4% -і Н.Ә.Назарбаевтың өкілеттілігін 2000 жылдың 1 желтоқсанына дейін ұзартуды қолдады.</p> <p>1995 жылды 30 тамызда еліміздің жаңа Конституциясы қабылданды. Бұл негізгі Заңымызда республиканың экономикалық құш-қуаты мен мүмкіндіктері ғылыми тұрғыдан тиенақталып, халықтың әлеуметтік топтарына тиісті мәселелерді шешу ескертілді.</p>
2006 жыл	Республиканың қазіргі Гимні 6 қаңтарда қабылданды. Шемші Қалдаяқовтың «Мениң Қазақстаным» әнінің Жұменек Нәжімеденов жазған мәтіні аз-кем өзгертилді. Мәтінге Н.Назарбаев өз ұсыныстарын енгізді. Жаңа Гимн алғаш рет Елбасын ұлықтау рәсімі кезінде орындалды.



3. Төуелсіз Қазақстанның халықаралық жетістіктеріне ел тарихындағы қандай оқиғаларды жатқызуға болады? Өзара ой белісіндер.



Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары

Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер өзара байланыста болады. Бір бүтін құрмалас сөйлем болу үшін олардың мағыналық, тұлғаулық және интонациялық үйлесімділігі болуы керек. Осындағы байланыстың арқасында жай сөйлемдер күрделі ойды білдіретін құрмалас сөйлем бола алады.

Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер үш түрлі тәсілмен байланысады.

Байланысу тәсілдері	Мысалы
Интонация арқылы іргелесе байланысады.	Менің оны алғаш көруім есімде сақталып қалды: орталau бойлы, өзіне-өзі сенімді жан екен.
Жалғаулық шылаулар арқылы байланысады.	Барлығы бірдей шу етті, себебі олар бірінші орын алғандарын бірден түсінді.
Алғашқы жай сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз тұлғада келіп, келесі жай сөйлеммен ұласпалы түрде құрмаласа байланысады.	Осы жұмысқа шындалап кіріссек, екі-үш аптада нәтижесін көретінімізге күмәніңіз болмасын.



4. Аудиожазбадан (06. mp3) Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты туралы үзіндіні тыңдал, негізгі ойды анықтаңдар. Мәтіндеңі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстырыңдар.



5. Тыңдалым мәтіні бойынша анықталған ақпаратты «Бұрыштар» өдісімен талқылап, мақсатты аудиториясы мен көркемдегіш құралдарының рөлін талдандар.



6. Оқылым және тыңдалым мәтіндеріндегі жай сөйлемдерді кестеде берілген байланысу тәсілдеріне қарай құрмалас сөйлемге айналдырыңдар.

Байланысу тәсілдері	Мысалы
Интонация арқылы іргелесе байланысады.	Улгі: Осылайша әлем картасында Тәуелсіз Қазақстан атты жаңа мемлекет пайда болды, оның тұңғыш Президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды.
Жалғаулық шылаулар арқылы байланысады.	

Байланысу тәсілдері	Мысалы
Алғашқы жай сөйлемінің баяндауышы тиянақсыз тұлғада келіп, келесі жай сөйлеммен ұласпалы турде құрмаласа байланысады.	



Ежелгі Қазақстан

Қазіргі Қазақстан жерін ежелгі адамзат баласы бұдан 1 миллиондай жыл бұрын мекен еткен. Қола дәүірінде Сібірдің, Жайық өңірінің, Қазақстан мен Орта Азияның ұлантайыр даласын тегі және тарихи тағдырлары ортақ туыс тайпалар мекендейді. Бұл тайпалар өзінше бір үлгідегі жарқын мәдениет қалдырды. Мұны ғылымда «Андрон мәдениеті» деп атайды. Темір ғасыры дәүірінде (б.з.б. I мыңжылдық ортасы) Қазақстанда тайпалық одақтар қалыптасты. Қазақстанның оңтүстік, шығыс және орталық аудандарын мекендейген тайпалар сақ тайпалар одағына, ал батыс, солтүстік аудандарындағы тайпалар савроматтар тайпалық бірлестігіне бірікті. Біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырда Қазақстан жерінде кейбір тайпалар өз мемлекетін құрып, алыс-жақын елдермен саяси қарым-қатынастарға түсті. Олардың алғашқылары ғұндар болатын. Зерттеушілер ғұндарды түріктердің арғы ата-бабалары деп есептейді. Мәде басқарған кезде ғұндар бүкіл әлемге танылды. Ғұндардың батысқа жорығы «Халықтардың ұлы қоныс аударуына» түрткі болды. Жетісуда ежелгі тиграхауда сақтарының жерін мұра етіп алған усундер (үйсіндер) біздің заманымыздан бұрынғы 160 жылдары Іле алқабында өз мемлекетін құрды. Олар Қаңлы мемлекетімен шектесті. Бұл тайпалар құрған мемлекеттер Қытай, Парфия, Рим және Күшан империясы сияқты елдермен саяси, экономикалық және мәдени байланыс орнатқан.

(ҚР Президентінің ресми сайтынан)




7. «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген мәтінге аннотация не тезис жазындар. Жұпастып, бір-біріңін жұмыстарыңа логикалық түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.
8. Қосымша әдебиеттерді пайдаланып, тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның халықаралық жетістіктерін бейнелейтін иллюстрациялар дайындаңдар. Суреттер бойынша негізгі ойды дәлелдендер.

§3.

Тәуелсіз Қазақстаным



1. Сендердің «Тәуелсіз Қазақстан» ұғымымен байланысты қандай ассоциацияларың бар? Суреттен түйген ойларыңды қорытындылай отырып, «Кластер» әдісімен көрсетіңдер.



2. Өлеңді оқып, ұлы тұлғалар туралы деректерді кестеге жазыңдар.

Шығу тегі	Атқарған қызметі	Өмір сүрген кезеңі	Жасаған ерліктері	Ел тарихындағы орны	Тұып-өскен жері

Қазақстаным

Қазақстаным, Тәуелсіз Қазақстаным!
Ақ қанат таңның қөрдім мен гажап үшқанын.
Көрдім мен сенің мөп-мөлдір айдындарыңды,
Алатау, Алтай, Қаратая – айбындарыңды.

Ұлытауыңды көрдім мен Шыңғыстауыңды,
Абайдың жыры оқылған мың қыстауыңды.
Гүлденді қазір кең далам иесі болмаған,
Жамбылдың қызыл жолбарыс киесі қолдаған.
Махамбет сөзі лаулаған Қараойды көрдім,
Мағжан боп өзі қаулаған дара ойды көрдім.
Мұстафа, Халел, Жақып пен Әлімхандарың,
Міржақып, Ахмет, Жұсіпбек, Әлихандарың...
Бауырыңа қайта оралды өз арыстарың,
Қазақстаным, Төуелсіз Қазақстаным!
Көне ғасырлар сыр ашты, гүлге де орандың,
Пырағы жетті Құлтегін, Білге қағанның.
Рухсыз жүдеп түр еді жұтап даласы,
Қайта жаңғырды Отырар кітапханасы.
Түркістаным тайқазан – құтым оралды,
Көне Таразым жинады бүкіл адамды.
Тарихтың дариялары терең өрілді,
Арыстан баб пен Ясауи жебеді елімді.
Естілді қайта жаңғырып көне сарындар,
Бабыр, Фараби, Қашқари, Баласағұндар.
Үрпаққа жетті өзгермей бәз алыстағы үн,
Қазақстаным, Төуелсіз Қазақстаным!
Құлпырды жерім қызғалдақ нұрға кенеліп,
Ақындар өлең оқыды жырға бөленіп.
Күйшілер шертті Тәттімбет, Құрманғазыдан,
Домбыра – дала шанағына тұнған қазынам.
Алтын күн алтын далама құйыпты нұрын,
Желбіреп тұрған Қек Туым – биік тұғырым.
Оралып батыр, билерім, хандарым ойға,
Іргеміз бүтін ел болдық, тәуба, Құдайға!
Қазақстан, Астана, өзен-көл, тау-тасым енді
Әлемнің барлық жаңарған картасына енді.
Бостандығымның күн санап асқақтап өні,
Нұрлы болашаққа рухымыз бастап барады.
Фаламға жайдың аспанға қазақ ұшқанын,
Қазақстаным, Төуелсіз Қазақстаным!

(Бауыржан Жақып)



Құрмалас сөйлемнің түрлері

Құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдер салаласып та, сабақтасып та (кейде екі байланыс түрі араласып келіп те) байланысады. Құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдердің салаласа, сабақтаса байланысуына орай құрмалас сөйлем түрлері үшке бөлінеді.

Салалас құрмалас	Сабақтас құрмалас	Аралас құрмалас
Сызбасы: _____, _____.	Сызбасы: ~~~~~, _____.	Сызбалары: _____, ~~~~~, _____.
Үйі алыс емес екен, екеуміз жылдам жеттік.	Бірлік бол- май, тірлік бол- мас.	Бір топ адам келеді: көлік мінген топ сияқты көрінгені- мен, топ ішінде жаяулар да бар.



3. «Қазақстаным» өлеңінен құрмалас сөйлемнің түрлеріне мысалдар келтіріңдер, жасалуындағы ерекшеліктерді түсіндіріңдер.

Үлгі:

Алтын күн далама нұрын төгіп, көк туым биікте желбірейді.
(Алғашқы жай сөйлемінің баяндауышы тиянақсыз түлғада келіп, екінші жай сөйлеммен ұласпалы түрде құрмаласа байланысқан).



4. Өлең мәтіні туралы өз пікірің мен досыңың пікірін салыстырып, тәменде берілген үлгі бойынша талқылаңдар.

Бірінші сөйлем: «Мениң ойымша, ...».

Екінші сөйлем: «Мен оны былай түсіндіремін ...».

Үшінші сөйлем: «Оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ...».


Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мынадай қорытындыға келдім: ...».



5. Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.
- 1-топ. Бауыржан Жақыптың «Қазақстаным» өлеңінен алған түсініктерінді «5–5–1» әдісімен түжірымдандар. Өлең мазмұны

бойынша бес сөйлем жазып, одан кейін бес сөйлемді бес сөзге дейін қысқартыңдар. Сонында бес сөзді бір сөзben түйіндеңдер.

2-топ. «Блум түймедағы» әдісімен алты сұрақ құрастырып, жауап беріңдер. Жауптаратыңды салыстырыңдар.



3-топ. «Борт журналы» әдісімен оқылым мәтінінен игерген мәліметтерінді кестеге жазыңдар.

Берілген тақырып бойынша маған не белгілі?	Мәтіннен қандай жақалық туралы білдім?

-  6. Ақын Б.Жақыптың өлеңін негізге алып, өздеріңе ұнаған формада шығармашылық жұмыс (әссе, мақала, ойтолғау, хат) жазыңдар. Құрмалас сөйлемнің түрлерін пайдаланыңдар.
-  7. Қосымша ресурстардан (ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, ғылыми еңбектер) алынған деректер бойынша Отан туралы презентация дайындаңдар, сілтеме жасаңдар.

§4.

Қазақ елінің тұңғыш Президенті



1. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жөнінде қандай мәлімет білесіндер?
2. Мәтінді оқып, «Торлы диаграмма» әдісімен талдаңдар. Мәтіннен алғынған деректерді дәлел ретінде қолданып, тақырып бойынша пікір бөлісіндер.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын небәрі ширек ғасырлық жасына келген тәуелсіз Қазақстанның болашағына бағдар беретін аса маңызды құжат деп қабылдадым. Бұл мақалада Елбасы жаңа ғасырда әр қазақстандықтың уақыт сыйынан сүрінбей өтуі үшін жаңаша ойлауы, санасын жаңғыртуы жас мемлекетіміздің алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосылуы үшін аса маңызды фактор екендігін терең пайымдап көрсетеді.



Бірінші – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы. Алдағы жылдарда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең үздік 100 оқулықты қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасалады. «Білімді болу – жаңалық ашуға қабілетті болу», – дейді Әбу Насыр әл-Фараби. Бұл жоба – талабы зор, талғамы биік үрпақ тәрбиесінің ұтымды ұстанымы. Жобаны жүзеге асыру үшін Ұлттық аударма бюросы құрылады. Бұл іс рухани құндылығымыздың өркен жайып, дамуының бірден-бір көрінісі болмақ.

Екінші – «Тұған жер» бағдарламасы. Тұған жеріне, өзі өсіп-өнген жеріне көмек жасауға талпынған азаматтарды қолдау және оларды ынталандыру жұмыстары іске асады. Жоба ауылды ұлықтап, қарапайым жай қазақ пен бәсекеге

қабілетті бай қазақтың, бізге тілеулемес өзге тілді тұрғындардың патриоттық сезімдерін оятады, ауылдарды дамытуды, мәдени орындар мен тарихи ескерткіштерді қалпына келтіруді көздейді. Халық арасында үлкен қолдауға ие болса, бұл жоба жалпы ұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналынына сенім мол.

Үшінші – «Мәдени-географиялық белдеу» жобасы. Еліміздегі тарихи-мәдени ескерткіштерді жаңғырту, сақтау, дамыту, халыққа таныту, оларды насиҳаттау, тарихын жете зерделеу. «Сананы рухани жаңғыртуға бәсекеге қабілетті, білімді елдің ғана шамасы жетеді. Жоба ғылыми-ағарту зерттеулеріне кең тыныс береді, өрбір азаматты өзінің туған жерінің гүлденеуі үшін нақты үлес қосуға үндейді. Елін, жерін сүйетін батыр ұлдарымыз берілгенде қызыларымызды бүкіл әлемге қазақ халқының тұлғасын дәріптейтіндей тәрбиелеу мәселесінің дәл осы тұста өзектілігін айтпасақ болмас. Руханиятыныздың өрісін кенейтетін құнды пайымдауларды негізге ала отырып, ортақ ісімізге жаңа серпін алдық. Бұл – ұлттық бірегейліктің басты тірегі бола алады.

Төртінші – «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы. Бұл жоба арқылы мәдени жаунарларымызды әлемге танытудың жаңа тәсілдері қарастырылады. Елбасы: «Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбекендер тарихтың шаңына көміліп қала береді», – деп ой түйеді.

Бесінші – «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы. Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы дамуына белсене атсалысқан, әртүрлі салада өз көсібі арқылы табысқа жеткен, еліміздің әр өнірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихын жариялау. Осы бағыттағы міндеттер табысты іске асса, еліміз өлеуметтік және идеологиялық тұрғыдан жаңаша серпінмен дамиды деп сенемін. Қоғамдық сананы жаңғыру жөніндегі Елбасы идеясы – еліміздегі конституциялық, экономикалық реформалардың заңды жалғасы.

Мақалада жаңа заман көшіне ілесіп, өркениетті ел болу үшін ұлттық сананы сақтау мен өрістетудің нақты жолдары ұсынылған.

(Т.Әпендиев)



3. Мақалада Қазақстанның дамуына қатысты қандай бағдарлар берілген?



Салаласа байланысу	Сабактаса байланысу	Араласа байланысу
Көктем шыға ауыл ерекше күйге бөлениеді, бала-шагаға дейін шаруаның қамына кіріседі.	Көктем шыға ауыл ерекше күйге бөленип, бала-шагаға дейін шаруаның қамына кіріседі.	Көктем шыға ауыл ерекше күйге бөле-ніп, бала-шагаға дейін шаруаның қамына кіріседі, кешегі жас бала кәдімгідеі көмекшіге айналады.
Құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты болып келіп, бір-бірімен тәуелсіз, тен дәрежеде байланысады.	Алдыңғы сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз болып, кейінгі сөйлемге бағына байланысады.	Құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен салаласа да, сабактаса да байланысады.



4. Оқылым мәтіні бойынша құрмалас сөйлемнің түрлерін анықтап, кестеге жазындар. Олардан аралас сөйлем жасандар.

Салалас құрмалас сөйлем	Сабактас құрмалас сөйлем



5. Өздерің билетін және қосымша мәліметтерді пайдаланып, «Президент» сөзіне қатысты өзіндік түсініктерінді «Бестармақ» әдісімен жазындар.

Бірінші тармақ (жол) – 1 зат есім.

Екінші тармақ – 2 сын есім.

Үшінші тармақ – 3 етістік.

Төртінші тармақ – кез келген сөз таптарынан тұратын 4 сез.

Бесінші тармақ (әдетте зат есім) тағы да бір сөзден тұрады.



Елбасы жолы – үрпақта өнеге

Қазақстан – біздің ең жақын стратегиялық одақтасымыз және өріптесіміз. Президент Нұрсұлтан Назарбаев тәжірибелі және парасатты саясаткер ретінде өрдайым өз елінің болашағын ойлайды.

(В.В.Путин, Ресей Федерациясы Президенті)

Қазақстан Президентінің өз елін басқаруына жоғары баға беремін. Нұрсұлтан Назарбаев, шынымен, Қазақстанның дүрыс жолмен алып келеді. Президент көпэтносты және көпконфессионалды ел ішінде қоғамдық келісім орната алды. Қазақстан өңірдің барлық еліне үлгі бола алады.

(Тони Блэр, Ұлыбритания Премьер-министрі (1997–2007))

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өлем көшбасшыларына ядролық қауіпсіздік пен ядролық қаруды таратпау мәселесі бойынша үлгі бола алады. Қазақстан бүкіл өлемде ядролық қарудан бас тарта отырып, қауіпсіздік пен экономикалық өсімді қамтамасыз етудің озық үлгісін көрсетті.

(Барак Обама, АҚШ Президенті (2008–2017))



6. Екі топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Оқылым мәтінінен 3 дәйексөз алып, «Қосжазба күнделігін» толтырыңдар.

Дәйексөз	Менің көзқарасым

2-топ. «Гибралларттың сөз» айдарымен берілген ақпаратты пайдаланып, «Елі сүйген, елін сүйген Елбасы» тақырыбындағы мақалаға аннотация жазыңдар.



7. Оқылым мәтініндегі бірнеше жай сөйлемді анықтап, оларды құрмалас сөйлемдерге айналдырып жазыңдар.



8. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті туралы түсірілген фильмдерді көріп, алған өсерлерінді өңгіме, өлең, шығарма түрінде жазыңдар.

§5.

Қазақстан Республикасының елордасы



1. Сұрақтарға жауап беріп, ойларыңмен бөлісіндер.

1. Елорда тарихы мен қалыптасу кезеңдері туралы қандай ақпарат білесіндер?
2. Суреттердегі астанамыздың келбетін 5 сөзben қалай сипаттар едіндер? Жауаптарыңды салыстырындар.



2. Мәтінді түсініп оқып, еліміздің астанасының даму кезеңдерін «Хронологиялық кесте» әдісімен сипаттаңдар.

Қазақстанның заманға лайық жаңа астанасын салу идеясы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа тиесілі.

Елорданы Алматыдан Ақмолага ауыстыру туралы шешімді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылы 6 шілдеде қабылдады. Астананы ресми көшіру 1997 жылғы 10 желтоқсанда жүзеге асты. Президенттің 1998 жылғы 6 мамырдағы Жарлығымен Ақмоланың атауы Астана болып өзгертілді. Жаңа астананың халықаралық тұсауқесері

1998 жылғы 10 маусымда өтті. 1999 жылы Астана ЮНЕСКО шешімімен «әлем қаласы» атағын алды. Қазақстанның бас қаласы – 2000 жылдан бастап астаналар мен ірі қалалардың Халықаралық Ассамблеясының мүшесі.

Еуразия құрлығының ортасында қолайлыш орналасуы елордамызды экономикалық түрғыдан тиімді көлік, қатынас және логистика орталығына, Еуропа мен Азия арасындағы өзіндік транзиттік көпірге айналдырды.

Қала экономикасының негізі – сауда, өнеркәсіп өндірісі, көлік, байланыс және құрылым салалары.

Шаһардың өнеркәсіп өндірісі, негізінен, құрылым заттарын, азық-түлік өнімдерін шығару мен машина жасау ісі төңірегіне шоғырландырылған. Қаланың ірі кәсіпорындары қатарында Целиноград вагон жөндеу зауытын, «Цесна-Астық» концернін, «Тұлпар-Тальго» ЖШС жолаушылар вагонын құрастыру зауытын, «Еурокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС тікұшақ құрастыру зауытын айтуға болады.

Қала Қазақстандағы ірі бизнес орталығының біріне айналды. Кәсіпкерлік мәдениеті қарыштап дамып келеді: елордада 128 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік нысандары жұмыс істейді.

Елорда құрылым ауқымы жөнінен елде көш бастап тұр. Астана мәртебесін алғалы бері қалада 10 миллион шаршы метр түрғын үй салынды. Астана құрылымына жүздеген отандық және шетелдік құрылым компаниялары қатысты.

Елорданың сәулеткерлік тұжырымдамасын жасау барысында Елбасының Батыс пен Шығыстың мәдени дәстүрлөрі үйлесім тапқан ерекше еуразиялық стиль қалыптастыру идеясы негізге алынды. Астаналық бас жоспардың авторы белгілі жапон сәулеткери Қисе Қурокава болды.

«Бейтерек» кешені жаңа елорданың басты символына, оның өзіндік бойтұмарына айналды. Өзге де бірегей сәулеткерлік гимараттар қатарына «Бейбітшілік және келісім» саррайын, әлемдегі ең биік шатыр ұлгісіндегі ғимарат – «Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығын, «Думан» орталығын, «Астана опера» мемлекеттік опера және балет театрын, Орталық Азиядағы ірі мешіт – «Әзірет Сұлтан» мешітін т.б. атауга болады.

Жаңа спорттық нысандар арасында 30 мың көрерменге арналған «Астана-Арена» жабық стадионы; 2011 жылды өлемде

үздік деп танылған, 10 мың орынға арналған «Сарыарқа» бірегей велотрекі бар. Тағы бір маңызды спорттық кешен – ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін «Алау» мұз айдыны.

Қазақстанның елордасы елдің барлық өңірлеріндегі талапкерлер үшін тартымды орталыққа айналды. Мұнда отандық білім беру ісінің жетекшілері – Назарбаев Университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразиялық үлттық университеті, Қазақ үлттық өнер университеті, Қазақ агротехникалық университеті, Астана медициналық университеті орналасқан.

Бүгінде астанамыз халықаралық маңызы бар іс-шаралар өтетін Еуразия кеңістігінің орталығына айналды. Елордада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері, форумдар, конгрестер мен маңызды халықаралық жиындар тұрақты түрде өтіп келеді. 2011 жылдың басында республиканың елордасы VII Қысқы Азия ойындарының қатысушилары мен қонақтарын қабылдады. 2017 жылы елордада «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі өтті.

(ҚР Президентінің ресми сайтынан)



3. Оқылым материалын негізге алып, «Еркін микрофон» әдісімен бір-бірінен сұхбат алындар. Сұхбаттағы маңызды сұрақтар мен ұтымды жауаптарды «Тектесіне» жазындар.

Маңызды сұрақтар	Ұтымды жауаптар



4. Оқылым мәтініндегі жай сөйлемдерді өзара байланыстырып, салалас, сабақтас және аралас құрмалас сөйлемдер құрастырып жазындар.

Салалас құрмалас	Сабақтас құрмалас	Аралас құрмалас



- 1998 жылды ЮНЕСКО-ның шешімімен Астана қаласына «Бейбітшілік қаласы» деген атақ беріліп, медальмен мара-патталды. Бразилияда өткен дүниежүзілік байқауда әлем бойынша 12 жас қаланың ішінен Астана жоғары атақты иеленді.

- Қазақстанның астанасы – Азия елдерінің ішіндегі солтүстікте орналасқан қала, өлемдегі сұық астаналардың қатарында. Ұлан-Батыр қаласынан жылырақ, ал Оттавадан сұық.
- 2019 жылы 20 наурызда Қазақстанның жаңа Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қаланың атын Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың құрметіне Нұр-Сұлтан деп өзгерту туралы бұйрыққа қол қойды.
- Өлемдегі екі елдің астанасы Солтүстік Мұзды мұхит бассейнінде орналасқан: Монголия астанасы Ұлан-Батыр қаласы – Енисей, ал Нұр-Сұлтан қаласы Есіл өзенінде орналасқан.
- Қала төрт ауданнан: «Алматы», «Сарыарқа», «Есіл» және «Байқоңыр» аудандарынан тұрады.



5. Оқылым мәтіні және «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген ақпаратты пайдаланып, түрлі рөлде (Президент, сөүлетші, қала тұрғыны т.б.) «РАФТ» кестесін толтырыңдар.

Рөл	Аудитория	Форма (пішін)	Тақырып



6. Қосымша ресурстарды (галамтор, энциклопедия, газет-журналдар, тылыми еңбектер) пайдаланып, елорда туралы шығармашылық жұмыс орындаңдар.

1. Презентация дайындандар;
2. Арнау өлең немесе мақала жазындар.

§6.

Есіл жағасындағы арман қала



1. Суреттегі елорданың келбетіне қарап, «арман қала» деп аталу себептерін түсіндіріңдер.



2. Өлеңді оқындар. Құрылымы мен рәсімделуі бойынша жанрлық ерекшелігін, тілдік құралдары арқылы стилін анықтаңдар.

Астана

Астанам! Ару қалам, асқақ ордам,
Қалың жұрт, қазағыма қақпа болған.
Ту ұстап, тұлпар мінген бабаларым,
Бермеген ел намысын жатқа қолдан.

Бозоғым, бозбеткейлім, баққа оранған,
Тарихтың қойнауынан тапқан олжам.
Баянды бақыттымың бастауындей,
Айналдың астанаға аппақ арман...

Жар болып Жаббар Ие жалғыз ғана,
Фасырға аяқ бастық ал біз жаңа.
Сұрланып сырт айналған сұық көздер
Қарайды өлі саған сәл қызығана.

Көш келді Қараөткелге өр тұлғалы,
Кеңесін ерлерімнің ел тыңдады.
Тұлғасы бой көтерді Хан Қененің
Жарасып жарқ-жүрк еткен ер-тұрманы.

Ертеңің ұлтын сүйген ұлыңа сын,
Қашанда еркіндіктің құны басым.
Керіліп қербез далам көсіледі,
Сезініп бостандықтың шұғыласын!

Сан ғасыр армандаған Алаш бабам,
Жалғанды жалт қаратты жаңа астанам.
Бірлікті байрақ етіп болашаққа,
Барайын, уа, Жаратқан, жол аш маған!

(Қалқаман Сарин)



3. Тыңдалым мәтінінің мазмұны бойынша берілген сұрақтарға болжаммен жауап беріндер. Аудиожазбадан (07. mp3) Е.Шаймерденовтің «Арман қала – Астана» өлеңін тыңдалап, жауаптарынды түпнұсқамен салыстырындар.
1. Ақын ел астанасының ғажайып ғимараттарын неге теңейді?
 2. Туған жердің төріне ту тіккен елдің көңіл күйі қандай?
 3. Ақын елордаға байланысты қандай эпитет, теңеулер қолданған?
 4. Елорданың ел үшін маңыздылығын қандай сөздермен берген?



4. Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.
- 1-топ. Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша «Инсерт» әдісімен ойларынды түйіндеңдер.

Білемін	Мен үшін түсініксіз	Мен үшін жаңа ақпарат	Мені таңғалдырды

2-топ. «Үш қадамды сұхбат» әдісімен Қазақстанның елордасы туралы билетін ақпараттарынмен бөлісіндер.

3-топ. Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша алған мәліметтерінді «Венн диаграммасы» өдісімен салыстырыңдар.



Елбасының қанатты сөздері

- Жаңа астана – ежелгі қазақ жерінің төрі.
- Астана – Отанымыздың журегі, төуелсіздігіміздің тірегі.
- Жаңа астана – тәуелсіз Қазақстан үшін жарқын келе-шектің нышаны.
- Астана келбеті – ұлт келбеті.



5. «Фибратты сөз» айдарымен берілген қанатты сөздерді пайдаланып, «Арман қала» тақырыбында шығармашылық жұмыс жазыңдар. Жолдастарыңмен алмасып, бір-біріннің жұмыстарыңа логикалық түзетулер енгізіңдер. Азатжолдар мен бөліктерге бөліп, қайта өңдеңдер.



6. Қалқаман Сариннің «Астана» өлеңінен үзінді алдып, құрмалас сөйлем құрастырып жазыңдар. Құрмаластың қай түрі екенін ажыратыңдар.

Мәтіндегі сөйлем	Құрмалас сөйлем
<p>Жар болып Жаббар Ие жалғыз гана, Фасырга аяқ бастық ал біз жаңа. Сурланып сырт айналған сұық көздер Карайды әлі саган сәл қызығана.</p>	<p>Еліміз жаңа гасырга қадам басты, осы сәтте сырт көздің бізге қызғанышпен қарайтыны – шындық. (салалас құрмалас сөйлем)</p>



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

- Қазақстанның астаналары туралы ізденип, құрмалас сөйлемдерді қатыстырып, салыстырмалы эссе жазыңдар.
 - «Төрт сөйлем» өдісімен Нұр-Сұлтан қаласы туралы билетін ақпараттарыңды қорытындыландар.
- Пікір.
 - Дәлел.
 - Мысал.
 - Қорытынды.

§7.

Болашақтың энергиясы



- Халықаралық ЭКСПО көрмелерінің өткізілуі жөнінде қандай мәліметтер білесіндер?
- Мәтінді түсініп оқындар. Ондағы деректерді дәлел ретінде қолданып, «ЭКСПО» көрмесін сипаттаңдар.

«ЭКСПО-2017» көрмесі

«ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін Астанада өткізу – Қазақстанның негізгі ірі жобаларының бірі. Мұндай ауқымды шараны еліміздің астанасында үйымдастыру туралы бастама Мемлекет басшысына тиесілі.

2011 жылғы 10 маусымда Париждегі Халықаралық көрмелер бюросының Бас хатшысы Винсенте Гонсалес Лоссерталеске ресми түрде Қазақстан Республикасының өтінімі тапсырылды. 2012 жылғы 12 маусымда осы үйымның Бас Ассамблеясының 151-отырысында Астананың ресми презентациясы болып өтті. Жиынның басында делегаттарға Қазақстан Президентінің арнайы бейнеүндеуі жолданды. Елбасы өз сезінде жобаның табысты жүзеге асырылуы үшін бар күш-жігерін жұмсайтынына кепілдік берді.

Астана ұсынған көрменің тақырыбы «Болашақтың энергиясы» деп аталды, ол баламалы энергия көздеріне және «жасыл» технологияға арналды.

2012 жылғы 22 қарашада ХҚБ-ге мүше 161 елдің өкілдерінің жасырын дауыс беру барысында Астана жеңіске жеттіп, «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі өтетін орын ретінде таңдалды. Астананың өтінімін 103 ел қолдады. «ЭКСПО-2017» ТМД елдерінде өтетін алғашқы көрме болды.

Астанадағы бүкіләлемдік көрме 3 айға дейін жалғасты. Оған өлемнің 100-ге жуық елі және 10 халықаралық үйым қатысты.

2014 жылғы сөүірде Президент «ЭКСПО-2017» көрме кешені құрылысын бастап берді. Кешен құрамында 4 мың пәтер, жаңа мейманхана, Конгресс-холл және университеттен орталыққа дейін ұласатын жабық қала салынды. Көрме аймағында ұлттық, тақырыптық павильондар, ойын-сауық және

қызмет көрсету нысандары орналасты. Көрме кешенінің жалпы ауданы – 174 гектар.

ЭКСПО көрмесі кезінде Қазақстанның астанасы әлемнің түкпір-түкпірінен келген түрлі мәдениеттердің үндесетін орнына айналды. Көрменің аумағында күн сайын концерттер және өзге де ойын-сауық іс-шаралары өтті.

Көрме өткеннен кейін «ЭКСПО-2017» базасында ерекше мәртебеге ие «Астана» қаржы орталығы құрылды.

Қазақстан 1997 жылдан бастап Халықаралық көрмелер бюросына мүше ел болып саналады және ЭКСПО көрмелеріне 2005 жылдан бастап қатысып келеді.

(*ҚР Президентінің ресми сайтынан*)



- 3.** Оқылым мәтінінен бірнеше жай сөйлем мен құрмалас сөйлемді анықтап жазып, ерекшеліктерін түсіндіріңдер.

Жай сөйлем	Құрмалас сөйлем	Ерекшеліктері



- 4.** Оқылым материалы бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы тезис жазыңдар.



ЭСКПО-ны II Елизаветаның бабасы ойлап тапқан

Ең алғаш ЭСКПО өткізу туралы идеяның авторы Ұлыбританияның қазіргі ханымының арғы атасы Альберт ханзада еді. Алғашқы Бүкіләлемдік көрме Лондонда 1851 жылдың 1 мамырында Гайд саябағында ашылған. 20 аптаңың ішінде оған 6 млн адам келген (сол кезде Лондонда 3 млн адам тұрған болатын).

«Ең үздік сәулет өнері жобасы» байқауында Хрусталь сарай салуды ұсынған Джозеф Пакстонның жобасы жеңіске жеткен. Пакстон кәсіби архитектор емес, жылыжайда гүл өсіретін бағбан болған. Сарай бір мезгілде 14 000 адамды қабылдай алғатын еді.

Алғашқы көрмеде сол кезде әлемде өндірілген заттардың барлығын көруге болатын. Құрал-жабдықтар бөлімі ең үлкен өсер қалдырған: бу қозғалтқыштары, стерео-фотосуреттер, американдық Чарльз Гудиер ойлап тапқан ысытылған резеңке, қойытылған сұт, консервіленген азық-тұлік, мүгедектерге арналған протездер, шыны көздер, стоматологиялық

креслолар, «веналық» деп аталатын орындықтар және басқа да заттар. Қөрмеден түскен пайда қомақты болған: шамамен, 186 000 фунт стерлинг. Осы ақша бірнеше музейдің құрылышына, солардың ішінде әйгілі Виктория мен Альберттің музейінің бой көтеруіне жұмсалған.

Телефон және қызанақ кетчубы

1874 жылы ЭКСПО көрмелеріне, ақыры, Америка қосылды (Филадельфия қаласы). Алғашқы рет көрме бір ғимаратта емес, бірнеше павильонда өтті. Олар бесеу болды: басты павильон, өнер павильоны, құрал-жабдықтар залы, бағбандық сарай және ауылшаруашылық залы. Қөрме ішінде теміржол көлігін қолдану нағыз ноу-хау болды. Дәл сол Филадельфияда алғашқы рет Александр Грэм Беллдің телефоны, Томас Альва Эдисонның телеграфы, Ремингтонның жазу машинасы және «Хайнц» қызанақ кетчубы көрермендер назарына ұсынылды.

-  5. «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген деректерден құрмалас сөйлемнің түрлеріне мысалдар келтіріп жазындар.
-  6. Екі топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.
 - 1-топ. Оқылым мәтіні негізінде «ЭКСПО-2017» көрмесі – тұрақты дамудың биік үлгісі» тақырыбында постер қорғаңдар.
 - 2-топ. «Болашақтың энергиясы» тақырыбында жинақы мәтін жазып, жұптарыңың жұмысымен салыстырындар. Түзетулер енгізіп, қайта редакцияландар.
-  7. «Терминдер арқылы болжау» әдісімен «ЭКСПО-2017» көрмесіне қатысты мәліметтерді сипаттап, әңгіме құрастырындар.
 - 1-қадам: тақырыпқа қатысты 4–5 сез таңдалу алу;
 - 2-қадам: сол сездерді қатыстырып, әңгіме құрастыру.

§8.

«ЭКСПО-2017» – Қазақстанның мақтанышы



1. 2017 жылы елордада өткен «ЭКСПО-2017: болашақтың энергиясы» тақырыбында өткізілген халықаралық көрменің еліміз үшін маңызы қандай болды? Көрмеде өнертапқыштардың сендерді таңдандырган қандай өнертабыстары болды?
2. Мәтінді мұқият оқып, алынған дереккөзіне сілтеме жасандар. Өздерің білетін мәліметтермен салыстырып, БВУ кестесін толтырындар.

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

«ЭКСПО-2017» көрмесі және Қазақстан

Біздің планетамыз және ондағы адамзат өмірі үнемі өзгеріп отырады. Әр дәуірдің өз қиындықтары, әр ғасырдың өз құндылықтары және әр қоғамның өзіне тән өзекті мәселелері бар. XXI ғасырда табиғат ресурстарының кең көлемде игерілуі және адамдардың мұқтажына жұмсалуы, сондай-ақ отын-энергетика саласындағы антропогендік әрекеттер бұрын-соңды болмаған экологиялық мәселелер мен табиғат апаттарын туғызуда. Дүниежүзілік жиында шикізатты қарқынды өндірудің, өңдеудің нәтижесінде отын қорының азайып бара жатқаны туралы айтып, баламалы қуат көздерін тұтыну үрдісіне өту жайлы бірегей идея мен тың ой салған бірден-бір мемлекет – біздің еліміз, яғни Қазақстан. «Жасыл планетаны» құру мақсатында «ЭКСПО-2017: болашақтың қуаты» деген жаңа жобаны ұсынды.

Ғасырға жуық тарихы бар ауқымды көрме Қазақстан үшін қандай мүмкіндіктерге жол ашады?

Әлемдік маңызы бар іс-шараға дайындық барысында үйымдастырушы мемлекеттің алдында үлкен мақсат, жауапкершілік және міндеттер тұрады. Көрменің ойдағыдай өтуі үшін елімізде барлық жағдай жасалды. Оған дәлел ретінде қалалардың инфрақұрылымының жақсарып, әлеуметтік

қызмет көрсету саласының жетілгенін келтіруге болады. Жалпы, тарихи сараптамаға сенсек, ЭКСПО көрмесі дүниежүзіндегі туристік тартылымы жоғары іс-шаралардың біріне кіреді екен. Туристердің көңілінен шығу үшін астанамызыда бірнеше жыл ішінде модерн стиліндегі ғимараттар мен павильондар бой тұзеді.

Индустриализацияның негізгі символы болып табылатын халықаралық көрменің елімізге берері зор. Табиғи кеніштердің сарқылып, экологияның ластануы дабыл қағатын деңгейге жеткен сәтте тек адамдар ғана бұл процесті тоқтата алады. Мұндай ғаламат бастамалар келешекте табиғатқа зиян келтірмейтін қуат көздерін тұтынуға жол ашады және экологиялық мәселелердің шешімін тауып, қоршаған орта қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бастамасы болады.

-  3. Суретке қарап, «Тамаша идеялар» өдісімен «ЭКСПО-2017» көрмесі туралы пікір алмасындар, ой түйінін жасандар. Ақпараттарды өмірлік мәселелермен байланыстырындар.





4. Екі топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.
- 1-топ. Оқылым мәтініндегі негізгі мәліметтерді «Көршіце әңгімелеп бер» әдісімен баяндап, талқылаңдар.
- 2-топ. Оқылым мәтініндегі тірек сөзді анықтап, халықаралық көрме туралы ойларынды топтастырыңдар.



5. Фаламтор желісінен алғынған сөйлемдерге логикалық, стильдік түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.

1. Көрме өткізу үшін арнайы салынған, кейін Хрусталь сарайы атауына ие болған 1912 жылы Лондон Гайд-паркінде бірінші Дүниежүзілік көрме өткізілген сәттен бастап 161 жыл етті.

2. Бас Ассамблеяда құпия дауыс беру нәтижесінде Қазақстанның астанасы мейлінше көп дауыс жинап, Бельгияның Льеж қаласын женіп, «EXPO-2017» өткізу орны болып анықталды.

3. Жерінде табиғи байлықтың мол қоры бола тұра, Қазақстан баламалы энергетика мәселесін қозғауы тегін емес.

4. ЭКСПО өткізу кезінде Астанада өлемнің түкпір-түкпірінен әртүрлі мәдениет орталары шырқалады. Көрме аумағында құн сайын концерттер, ұлттық күндер және басқа да ойын-сауық шаралары өткізілетін болады.

5. Көрменің арқасында мемлекетке түсетін инвестиция мен дивиденттер мөлшерінің және оны көруге келетін қонақтар саны көп боларына сенімдімін. Демек, Астанада өтетін көрме қоғамның табиғат пен келешекке деген көзқарасын өзгертіп, ЭКСПО-ның басты мақсаты – жаһандық мәселелерді шешіп, халықаралық қатынастарды нығайтуға септігін тигізеді.

6. ЭКСПО-ға қатысу туралы шешім үкіметтер тараҧында қабылданады, ал оған қатысушылардың саны 195 құрайды. ЭКСПО-ға қатысушылар саны 40–45 млн адамды құрайды.



6. «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі – халқымыздың ұлы мұраты» тақырыбында шығармашылық жұмыстың бір түрін (әссе, әңгіме, мақала, репортаж, хроника, хат) жазыңдар.



7. Құрмалас сөйлемнің түрлерін қолданып, халықаралық көрмелер тарихына шолу жасаңдар.

IV

БӨЛІМ

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ МЕН БОСТАНДЫҒЫ

СИНТАКСИС

Бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

- Қазақстан Республикасы Конституциясының жекелеген баптарымен танысып, өзекті мәселелерін талқылайсындар;
- адам құқықтары мен бостандықтарына қатысты тақырыптар негізінде орта көлемді монолог дайындаисындар, күрделі жоспар құрасындар және аргументті эссе жазасындар;
- салалас құрмалас сәйлемдердің мағыналық түрлерін ажыратуға дағдыланып, түрлендіруді үйренесіндер;
- шығармашылық бағыттағы тапсырмалармен жұмыс істейсіндер.

Конституция – Қазақстанның тұрақтылығы
мен өркендеуінің негізі.

(Н.Назарбаев)

§1.

Азаттықтың Ата Заңы



1. Тәуелсіз Қазақстанда қабылданған Конституциялар жайында қандай мәліметтер білесіндер?



2. Аудиожазбадан (08. tr3) «Ата Заң – мемлекеттің негізі» тақырыбында алынған үзіндіні тыңдаңдар. Мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарастарыңды білдіріп, сыни тұрғыдан баға беріңдер.



3. Тыңдалым мәтініндегі мәліметтерді негізге алып, сұхбаттасындар. Қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдап, орта қолемді монолог дайындаңдар.



4. Өлеңді мәнерлеп оқып, тақырыбын, құрылымын, тілдік ерекшелігін тыңдалым мәтінімен салыстыра талдаңдар.

Азат елдің ар-намысы – Ата Заң

Еліне арналатын тілегі шын,
Ей, ұлым, Отанымның тұлегісің!
Іргесін туған елдің тіреп тұрған
Қадірін Ата Заңың білемісің?!

Ешкім де мін таға алмас елдігіме!
Дауласып жармаспайды белдігіме.
Бойында Ата Заңың өріліп тұр
Даламның кеңдігі де, теңдігі де!
Бағынған өз заңына жұмыр ғалам,
Сондықтан Күннен Жерім суынбаған.
Қоғамның сан саласын реттейтін
Әрбір заң Ата Заңнан туындаған.
Бастайтын болашаққа бақ кемені,
Осы жол халықтың да нақ сенері!
«Халқыма адамын!» деп Ата Заңға
Елбасы қолын қойып Айт береді.
Болғанмен бұл өмірде айлаң күшті,
Ел үшін кім тындырар қайран істі?!

Еліңдің дамуы мен дағдарысы
Ол дағы Ата Заңға байланысты!
Нұр шашқан жас үрпақтың үғымына,

Тікелей өсер еткен ғұмырына,
Айналды Ата Заңым мызғымайтын
Төуелсіз мемлекеттің тұғырына!
Әр бабы, әр тармағы жойылмайды,
Шектеу де және тегін қойылмайды!
Келісімшарт жасасқан барлық шет ел
Қазақтың Ата Заңын мойындайды!
Өмірден әділдік пен бақ табатын,
Құқығым қорғалды деп шаттанатын,
Өзіндей жас өркендер келеді өсіп
«Бұл біздің – Ата Заң» деп мақтанатын!
Өркендең өз қолына алған ісі,
Биікке қазағымның самға, құсы!
Халық бол қадір тұтып, қастерлеген
Ата Заң – азат елдің ар-намысы!

(Айбатыр Сейтак)



Салалас құрмалас сөйлем

Салалас құрмалас сөйлем – құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты тұлғада келіп, бір-бірімен өзара тең дәрежеде байланысқан құрмалас сөйлемнің түрі.

Салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер екі түрлі жолмен байланысады:

1. Даудыс ырғағы (интонация) арқылы іргелесе байланысады. Мысалы: *Айтпақ ойы екеу: бірі – Арманның ұсынысына даярлаған жауабы, екіншісі – көптен ойында жүрген інісінің жұмысына қатысты сауал.*
2. Салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен жалғаулық шылаулар арқылы байланысады. Мысалы: *Одан арғыны Игілік айтқан жоқ және қасындағылары сұрай алған да жоқ.* Салалас құрмалас сөйлем 6-ға бөлінеді:
 - 1) ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем;
 - 2) қарсылықты салалас құрмалас сөйлем;
 - 3) түсіндермелі салалас құрмалас сөйлем;
 - 4) себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем;
 - 5) талғаулы салалас құрмалас сөйлем;
 - 6) кезекті салалас құрмалас сөйлем.



5. Оқылым мәтіні бойынша топтық тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Өлеңдегі салалас құрмалас сөйлемдердің түрлерін ажыратып, жасалу жолдарын түсіндіріңдер.

2-топ. Өлеңдегі жай және құрмалас сөйлемдердің ерекшеліктерін түсіндіріңдер.

3-топ. Алғашқы және соңғы шумақтарын салалас құрмалас сөйлемдер түрінде жазып, түпнұсқамен салыстырыңдар.



- Алғашқы ҚазАКСР Конституциясы 1926 жылы 18 ақпанда қабылданып, басқару нысанын, мемлекеттік құрылышты, саяси режімді, мемлекеттік билік органдарының құрылымын бекітті.
- 1937 жылдың 26 наурызында қабылданған Қазақ КСР Конституциясы 11 бөлім мен 125 баптан тұрды. Онда: «Қазақ КСР-і өзінің егемендік құқықтарын толық сақтай отырып, мемлекеттік билікті өздігінен жүзеге асырады», – делінген.
- Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы 1993 жылы 28 қантарда Қазақстан Жоғарғы Қенесінің IX сессиясында қабылданды. Ол кіріспеден, 4 бөлім, 21 тарау және 131 баптан тұрды.
- 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум өтті, нәтижесінде Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды. Жаңа Конституцияға адам дүниеге келген сәттен оның ажырамас құқықтарына қатысты нормалар енді.



6. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде «Ата Занда да-lamның кеңдігі өріліп тұр» тақырыбында шағын мәтін (сөз саны – 100) жазындар. Жұптасып, бір-біріңің жазған мәтіндерінді азатжолдарға бөліп, ақпарат пен идеяны жүйелеп, логикалық түзетулер енгізіп, редакцияландар.



7. Артық болmas білгенің» айдарымен берілген мәліметтерді одан әрі өрбітіп, құрмалас сөйлемдер арқылы хронологиялық репортаж дайындаңдар.

§2.

Азаматтардың құқықтары мен бостандығы



1. Сұрақтарға жауап беріп, ойларыңмен бөлісіндер.
 1. Адам құқықтары мен бостандығы туралы қандай мәліметтер білесіндер?
 2. Тарихқа көз жүгіртіндер. Қазақ хандары мен билері адам құқықтары мен бостандығына байланысты қандай заңдар шығарған?
2. Мәтінді сыйбадағы мәліметпен толықтырып оқындар. Мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастырындар.

Адам құқықтары мен бостандығы (АҚБ) – жеке тұлғаның әлем қауымдастығы мойында, халықаралық-құқықтық құжаттарда бекітілген, әлеуметтік және құқықтық түрғыдан қамтамасыз етілген, ешкім шек қоймайтын немесе тыйым сала алмайтын құқықтары мен бостандығы. Адамның қандай да бір ігіліктерді иеленуін қамтамасыз ететін, өз еркімен іс-әрекет жасауды мүмкіндік беретін мемлекет пен бұқара арақатынасының негізгі принциптері АҚБ-ға жатады.

Адамзат қоғамында бұл мәселеге ежелден баса назар аударылған. Мысалы, Аристотель адам құқықтарын «табиғи» және «шартты» деп екіге бөледі. Ол адамның табиғи құқықтарын мемлекет орнатқан шартты құқықтардан жоғары қояды.

Ортағасырда өмір сүрген либерализм өкілдері – Т.Гоббс, Дж.Локк, Ш.Монтескье, Ж.Руссо, И.Кант, Т.Джефферсон, Т.Пейн және т.б. ойшылдар адам құқықтары мен бостандығына баса назар аударды. Қағидалардың ең маңыздылары ретінде олар адамдардың еркін, қауіпсіз өмір сүруге, же кеменшік иеленуге тең құқықтарының болуын, халық биліктің негізгі иесі екендігін, биліктің тармақталуын, биліктің халық мұддесіне қызмет етуі керектігін атап көрсетті.

Жүзеге асырылу ортасына қарай АҚБ бірнеше топқа жіктеледі.



Саяси және азаматтық құқықтардың қазіргі түжірымдары БҰҰ Бас Ассамблеясының Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында (1948 жыл 10 желтоқсан) баяндалған. Қазақстан Республикасының Ата Заңы бойынша былай түсіндіріледі:

1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі;
2. Адам құқықтары мен бостандықтары өркімге тұмысъянан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықтады.

(«Саяси түсіндірме сөздіктен»)



Ыңғайлас салалас

Құрамындағы жай сөйлемдер білдіретін ой өзара мезгілдес, бағыттас, ыңғайлас мәндеңі қарым-қатынаста айтылатын салаластың түрі ыңғайлас салалас құрмалас сейлем деп аталады.

Ыңғайлас салалас сейлемнің құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен жалғаулықты да, жалғаулықсыз да байланыса береді. Мысалы: Қазір қара бие де қартайды, Қайыптың өзі де ел ағасы болды. Ол тәмен түсіп еді, жол екіге бөлінді.

Ыңғайлас салалас үтірмен ажыратылады. Ыңғайластық қатынастағы жалғаулық шылаулар мыналар: және, да, де, та, те, әри.



3. Оқылым мәтініндегі негізгі ойды сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы аннотация немесе тезис (100–150 сөз) жазындар.



Жер бетінде қанша мемлекет болса, сонша заң мен дәстүр бар. Олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары да жетерлік. Бірі қызық болып жатса, енді біреулері ессіздік болып көрінеді.

Солардың кейбіріне тоқталайық.

- АҚШ-тың Аляска штатында аюды атуға болады, бірақ оны оятуға, онымен суретке түсуге болмайды.
- Венецияда көне ғимараттарды сақтау мақсатында көгершіндерді тамақтандыруға болмайды.
- Данияда өлең айта алмайтын адамдар караокеге бара алмайды.
- Францияда үй жануарларына «Наполеон» деген есім беруге тыйым салынған.
- Үндістанда пілдің көлеңкесінде ұйықтауға болмайды.
- Аустралияда адамдардың қауіпсіздігі үшін өлген китке 100 метрге дейін жақындауға рұқсат етілмейді. Себебі оның маңында акулалар жүруі мүмкін.



- 4.** Оқылым мәтінін немесе «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген қызықты мәліметтерді пайдаланып, бірнеше ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем құрастырып жазындар.

Мәтіндегі сөйлем	Ыңғайлас салалас



- 5.** Дүниежүзі елдерінің бәрінде адам құқықтары сақтала ма? «Иә» немесе «жоқ» деген екі пікірдің бірін жақтап, ойталқы өткізіндер.



- 6.** Ойталқыдағы пікірлерінді қорытындылап, 5 құрмалас сөйлем құрастырындар.



- 7.** «Сен өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында шолу түрінде шағын мақала жазындар.

§3.

Адам құқығы – мемлекеттің басты қуаты



- Сендердің ойларыңша, М.Әуезовтің «Оқыған азамат» әңгімесінде қандай оқиға айтылуы мүмкін?
- Мәтінді оқып, өткен сабактағы оқылым мәтінімен салыстыра талдаңдар. Кестені толтырыңдар.

«Азаматтардың құқықтары мен бостандықтары» мәтіні	«Оқыған азамат» мәтіні
Тақырыбы	
Стилі	
Тілдік ерекшелігі мен құрылымы	

Оқыған азамат

Сонымен, Жұмағұл мен Қадиша іске кірісті. Бұлар әр жерге барып сұрастырып, ізденіп жүріп, аяғында оқу бөлімінің жанында жас баланың қамын жейтін кеңсені тауып алып, соған арыз кіргізді. Кеңсе қызметкерін жаңылдырып, тез иландыру үшін Жұмағұл бір жайды көптіріп, екінші жайды шөмейте сөйлеп, есебін тауып жүр. Ақыры бұл кеңсе Қадишаңың арызын қарастырып, аяғында Мақсұттан қалған дүние-мұліктің бәрі «жас баласы – Жәмилаға ауысады, содан басқа ие жоқ, ол ержеткенше «опекун» Жұмағұл болады» деп бүйрыйқ берді...

Кемпір бұл сөзді естігенде, басына Мақсұттың өлімімен тең қабат қаза келгендей болып, аузы күбірлеп жалбарынып, жағасын ұстады. Баласы өлгеннен бері қарай бір күн болмаса, бір күн көремін-ау деген зорлық, жетімдік жаңаған көз алдына бетпе-бет келгендей болды... Кемпір бар қуатын жиып алып:

— Мен баламнан, арғы ата-бабамнан қалған мұлікті тұған емес, туысқан емес, дүспан болып отырған Жұмағұлға неге беремін? Мениң балам жоқ болса да, ағайыным бар, Жұмағұл сияқты жатқа кеткенше, соларға кетсін! Ырзалығыммен бір сабак жіп бермеймін. Қурап қалған сорлы кемпірге зорлық қылмақ болыпсындар ғой, көптіктерінді істей беріңдер! – деп, Дүйсенді үйіне қайырды. Бірақ Қадишаңың ұлықтан әкеп отырған бүйрыйғын естіген соң және өзінің көмексіз

жалғызығын ойлаған сайын, кемпір есінен адаса бастады. Көріне зорлық-қияннатты сезіп тұрса да, не амал қыларын білмегі. Аяғында Құдайға жылап-жалбарынып, «ah» ұрып отырғанда, есіне баласының бұрынғы жолдасы Мейірхан түсті. Сол күні қасына ақсақ бауырын ертіп алып, кемпір Мейірханға келді, жылады. Бәрін айтты. Қадишаның қалған есесі жоқ, Жұмағұлға тиерде төркінінен әкелген барлық мұлкін алып кеткенін де түгел айтты. Баласының достығы үшін жалбарынып, Мейірханнан ақ ісіне көмек сұрады. «Зорлықтан қорға!» деп тілек қылды. Мейірхан дағдылы көңілшектігі ұстап, кемпірдің сөзіне ергендей болды. Зорлыққа ара түсуге уәде қылышп, ертең Жұмағұлмен де, басқалармен де сөйлеспекші болды. Кемпір жетімсіреген көңіліне болымсыз сүйеу алғандай болып, үйіне қайтты.

Ертеңіне Мейірхан Жұмағұлға жолығып:

– Шіркін, адамшылық қарызы деген бар емес пе? «Оқыған» деген атың қайда?! Пысық жігіт болдың, тегін қатын алдың, үйінен әкелген мұлкін алдың. Өзің де кедей емессің, қатыныңың төркіні – қаланың үлкен байы. Кішкентай қыздың шығынын көтере алмайын дедің бе? Неменесіне өлгелі отырған кемпірді жылатып, кешегі жолдасың – Мақсұттың аруағын күніренттің? – деді.

Жұмағұл бұл сөздің бәрін Мейірханның іштарлықпен, қызғаншақтықпен айтып тұрған сөзі деп санап:

– Бұл жұмысты істеп журген – мен емес, Қадиша. Мен оны тоқтата алмаймын. Және мұндай болымсыз жұмыс үшін арам дейтін болсаң – айтып қой, сені біз сынайтын да кезек келер! – деп қыр көрсетті.

«Оқыған азамат», «жаңа адам» дегені тек оқыған бай, арсыз дүниекоңыз екенін жаңа үққан Мейірхан қатты ширығып:

– Байыған сайын араның ашылып, жұтпақсың ба зарлыны?! Қақаларсың әлі-ақ!.. – деп салды.

Мейірханның сөзі Жұмағұлға қонған жоқ. Ол «заң бойынша» іс қылатын болды. Мейірхан сұлдері құрып, жолдасынан түршігіп, тұңіліп қала берді. Бұл әңгіменің артынан Жұмағұл, Ақтайлар сол күні-ақ «Мейірхан қызғаншақтық қылышп жүр» деп, сөзге таңа бастады.

Кемпір Жұмағұлдың ниетін естіген соң, бір-екі күннің ішінде күйікті ойдың салмағынан езіліп, бөлекше ауруға

ұрынды. Есі ауып қалып, шатасып сандырақтайдын өдет пайда болды.

Сол күні кешке кемпірдің «дүниені бермеймін» деген сөзін естіген Жұмағұл қолындағы бүйрек қағазды милицияға алып барып, содан үш солдат алып, Мақсұттың үйіндегі нәрселерді алуға кемпірдікіне келді.

Кемпірдің шатынап, бұзылып отырған көзі мылтық ұстап келіп тұрған солдаттарға түскенде, орнынан жылдам тұрып, ақырын тәлтіректеп барып, өлі кеткен қолдарымен төсектің басынан ұстап:

– Бермеймін... Өлтір... Өлтіріп кет... Мақсұт... құтқар! – деп, сылқ етіп шалқасынан жығылып қалды. Жұмағұлдар төрге шығып, бұның қасына келгенде, кемпір бойы сіресіп, көзі жұмылып, жақтары тістесіп, үзіліп барады екен. Тағы бірер секунд өткенде, демі бітіп, үзілді.

Жұмағұл, Қадишаның мұраты орнына келді...

(Мұхтар Әуезовтің «Оқыған азамат» әңгімесінен)



3. Мұхтар Әуезовтің «Оқыған азамат» әңгімесінде адам құқықтары бұзылған ба? Ойларынды ортаға салып, пікірлесіңдер. Қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдап, орта көлемді монолог дайындаңдар.



4. Сұхбаттағы тұжырымдарынды «ПСМТ формуласы» өдісімен жазындар. Жұптасып, бір-біріңің мәтіндеріндегі ақпаратты дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізіп, редакцияландар.

1-сөйлем: «Менің ойымша, ...».

2-сөйлем: «Себебі мен оны былай түсіндіремін...».

3-сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын:».

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мынадай қорытындыға келдім: ...».



1. Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жекеменшігінде ұстай алады.
2. Меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі.

3. Соттың шешімінсіз ешкімді де өз мұлқінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мұліктен күштеп айыру оның құны тең бағамен өтелген кезде жүргізуі мүмкін.
4. Әркімнің көсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мұлқін кез келген заңды көсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар. Монополистік қызмет заңмен реттеледі әрі шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады.

(*Қазақстан Республикасының Конституциясы, 26-бап*)

-  5. Оқылым мәтіні мен «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген материалдағы мәліметтер негізінде жалғаулықты және жалғаулықсыз ынғайлас салалас құрмалас сөйлемдер құрастырып жазындар.
-  6. Тест сұрақтарына жауап беріндер.
1. Оқылым және «Артық болмас білгенің» мәтіндеріне ортақ тақырып қайсы?
 - A) Адам құқығының бұзылуы
 - B) Оқыған азаматтардың әрекеті
 - C) Меншік, мұрагерлік құқығы
 - D) XX ғасыр басындағы жағдай
 - E) Жер мәселесі 2. Оқылым мәтінінің стилі қандай?
 - A) Ресми-іскерлік стиль
 - B) Қөркем әдебиет стилі
 - C) Фылыми стиль
 - D) Публицистикалық стиль
 - E) Ауызекі сөйлеу стилі 3. «Артық болмас білгенің» мәтінінің стилі қандай?
 - A) Ресми-іскерлік стиль
 - B) Қөркем әдебиет стилі
 - C) Фылыми стиль
 - D) Публицистикалық стиль
 - E) Ауызекі сөйлеу стилі

 7. Қөркем әдебиеттен адам құқықтары мен бостандықтарына байланысты мысалдар тауып, презентация дайындаңдар.

§4.

Әйел құқығы



1. XIX ғасырдағы қазақ әйелінің басында қандай бостандықтар болды? XX–XXI ғасырлардағы әйел құқығымен салыстырындар.
2. «Тұртіп оқу» әдісімен мәтінді оқып, негізгі ойды анықтандар. Мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастырындар.

XIX ғасырдағы қазақ әйелінің тағдыры

Жесір әйелдің ерінен қалған мал-мұлікке еншілестік жайы тіпті сөз етуді көтермейді екен... Қазақ рулары ереккін қалған жағынан құалай құрылады. Бір үйдің ереккін кіндіктің өліп таусылса, ол үй сонымен өзі де жоғалады. Ол үйде он қызы қалса да, есепке алынбайды. Сондай апатқа ұшырай қалса, ауыл да солай, рудың өзі солай жоғалады, біtedі. Әйел үй иесіне саналмайды. Бесікте жатқан ұлы болса, өне, мал-мұліктің иесі – сол. Ереккін калған жесір әйелге енші берсе, ол – ағайынның қайырымдылығы. Дұрысына келгенде, ондай әйелге өменгерлік қана пана бола алады...

Еркектер жағы түгел осы ыңғайда болған соң, жиналыстың шын бастығы Леознер Үлпанға қарады:

– Сіз не айтар едіңіз, Акнар Артықбаевна?

Есенеймен азды-көпті кеңесіп келген Үлпан іркілген жоқ.

– Мен мұндай жиында сейлеп көрген емеспін... Не айтсам да, қалай айтсам да ұзын-ырғасы Есенейдің сөзі. Қазақ біреудің жүйрік атына қызықса да, құда бола салады. Болыс-би сайлауларының тұсында ондаған байлар құда болысып қалады. Әлі тумаған балаларды атастырып, аманат-құда болатындары да бар. Әйел тағдыры осыдан басталмай ма?

Есенейдің бірінші тапсырғаны – балалар ержетіп, бірін-бірі көріп, ұнатса ғана құдалық басталатын болсын. Қазақ қызы бетін жасырмайды. Көшпелі елдер жылда араласып отырады... көріспі, білісу қызын емес. Қазақта «қызы көру» деген жөн-жосық бар еді ғой. Соны әдет-ғүрпымызға айналдыра-йық.

Екінші, өменгерліктің қай түрі болса да жойылғаны дұрыс болар еді. Сіздер өменгерлікке ұшыраған әйелдің бақытты

болған біреуін айта аласыздар ма? Жоқ, атай алмайсыз! Мен ондайдың отпен кіріп, құлмен шығатын қүң болған жүзін атай аламын. Есенейдің өз елінде де толып жатыр.

Ерінен қалған мал-мұлікке әйелі еншілес емес дегендеріңіз – үлкен жәбір. Оның ар жағында қазақтың рулары ереккі нәсілін қуалай құрылады деген ой жатыр. Солай емес пе? Олай болса, жалпы Қерейдің он екі болыс болып отырған үлкен бір тармағы Абақ-Қерей деп аталады. Абақ – әйел аты. Ондаған руларды бастаған әйелдің аты. Жиырма болысқа жақындаған Қаракесек руларының ұраны «Қарқабат» екен. Біржан сал Сарамен айтысқанда сол Қарқабатқа сыйынады екен той. Бәріңіздің құлағыңызда бар сөз – «Сал Біржан салды айқайға Қарқабаттап» демей ме? Сол Қарқабат – әйел! Айбике, Нұрбике, Сүйімбике, Қызыбике, Бике, Құңгөне деп әйел атымен аталатын ондаған елдер бар. Бәрі де ең кемі бір руды бастаған әйел аты. Осы бес болыс Қерейдің талай руы осы әйелдердің аттарымен аталмай ма? Қуандық, Сүйіндік, Қаржас деген үш баласына енші бөліп беретін шешесі емес пе?!

Қадірлі болыс-бiler, көре-тұра обал-озбырлыққа барманыздар. Жесір қалған әйел үй иесі болып қала берсін. Әйел үй иесі болып саналмайды деп қорқытып, әменгеріне қоса салу пышақkestі тоқталатын болсын! Біздің үйдің ойы – осы. Біздің үй облыстық төтенше съезге шақырыла қалса, осы ойымен барады, – деді Ұлпан...

Мәжіліс тағы екі күнге созылып барып әрең аяқталды. Билер Есенейдің көңілін сұраған болып, Ұлпан ойларын жұқартқылары келіп еді, Есенейдің мойны бұрылмады. «Мен Ұлпанға шылбыр-тізгінімді біржола беріп қойған адаммын. Мен түгіл, бүкіл Сибанның сөзін ұстайтын – сол кісі. Осыған көздерің үйрене берсін», – деді де, басқа сөз айтпады.

Мәжілісті аяқтап келгенде, Тұрлыбек пен Леознердің сүйемелдеуі арқылы Ұлпанның екі ұсынысы амалсыз қабылданды.

1. Жесір қалған әйел кімге тиемін десе де, өз еркінде болсын.
2. Жесір әйел ерінен қалған мал-мұліктің үштен екісіне өзі ие, үштен бірі ерінің ағайын-туғандарына берілсін.

Бұдан көп жыл кейін өткен болыс-бilerдің облыстық төтенше съезінде де бұл екі ұсыныс өзгертілмей алынды.

(*Fabit Mysirepovtің «Ұлпан» романынан*)



Себеп-салдар салалас

Құрамындағы жай сөйлемдердің бірі екіншісінде айтылған ойдың болу себебін білдіретін салаластың түрі – себеп-салдар салалас құрмалас.

Жай сөйлемдердің бірі себеп мәнді, екіншісі салдар мәнді болып, орындары ауысып та келе береді.

Себеп мәнді жай сөйлем	Жалғаулық шылау	Салдар мәнді жай сөйлем
Ержан қаламымдың сұрылышын алды,	сондықтан (сол себепті)	естігенімді қарындашпен түсіруге мәжбүр болды.

Салдар мәнді жай сөйлем	Жалғаулық шылау	Себеп мәнді жай сөйлем
Олар уәделі жерге кешігіп жетті,	өйткені (себебі)	көлік таппай қатты қиналышты.

Себеп-салдар салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен жалғаулық шылаулар (сондықтан, сол себепті, себебі, өйткені, неге десеніз) арқылы да; жалғаулықсыз, іргелес тұрып та байланысады. Мысалы: *Бұл шаруа келінге тапсырылды: ол жер жағдайын жақсы біледі. Көлік жүре алмайтын тар жол екен, біз амалсыздан ауылға жаяу тарттық.*



Қазақ хандығындағы әйелдер құқығы қандай болған?

Әйелді ренжіткен адам одан кешірім сұрауы тиіс, сұра-маған жағдайда арсыздығы үшін айып салынған. Сондай-ақ ер азamatқа жақын туысымен, өз руының қызымен некелесуіне қатаң тыйым салынған. Ол үшін өлім жазасына кесіліп отырған немесе сол рудың талқысына берілген.

«Жеті Жарғы» заңында күйеуі әйелімен еш себепсіз ажырасатын болса, онда балалар шешесінің қамқорлығына берілетіндігі айтылған. Жесір қалған әйел қайтыс болған күйеуінің ағасына не інісіне әмеңгерлік жолмен әйелдікке берілген. Марқұмның балалары мен мал-мұлкі де бауырының жауапкершілігіне өтеді. Егер жесір әйел әмеңгерлік жолмен күйеуге шыққысы келмесе, онда балалары балиғатқа жеткенше, мал-мұлкі, балаларына өзі бас-көз болады. Жесір әйелге мұраның сегізден бірі тиесілі болған.



- 3.** Оқылым және «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген материалдар бойынша анықталған ұқсастықтар мен айырмашылықтарды «Тестесі» өдісімен көрсетіңдер.

Әйел құқығына қатысты ұқсастықтары	Әйел құқығына қатысты айырмашылықтары



- 4.** Сөйлемдерді толықтырып, себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем құрастырындар. Жалғаулықты және жалғаулықсыз түрлерінің ерекшеліктерін түсіндіріңдер. Себеп мәнді және салдар мәнді сөйлемдерді ажыратындар.

1. Мәжілісте Ұлпанның екі ұсынысы да амалсыз қабылданды, себебі...
2. Ұлпан өменгерліктің жойылғанын қалайды: ...
3. ..., сол себепті әйел адамның атымен аталатын ру, ауыл атаулары көп болған.
4. Әйелді ренжіткен адамға айып салынған, себебі...
5. ..., өлім жазасына кесілген немесе сол рудың талқысына берілген.
6. Балаларды жас кезінен атастыру дұрыс емес, сондықтан...



- 5.** Оқылым мәтініндегі мәліметтерді пайдаланып, жақтайтын немесе даттайтын топтар ретінде ойталқы үйымдастырындар.



- 6.** Ойталқыдағы пікірлерінді дәлелдеп, аргументті эссе жазындар. Сөз саны – 120–150.



- 7.** Қосымша ресурстар (ғаламтор, бұқаралық ақпарат құралдары) бойынша қазақ әйелінің бүгінгі таңдағы құқықтарын анықтап, өз пікірлерінді «Төрт сөйлем» өдісімен түйіндендер.

- Пікір.
- Дәлел.
- Мысал.
- Қорытынды.

§5.

Бала құқығы – басты құндылық



- Сендердің ойларынша, біздің елімізде балалар мен жасөспірімдердің құқықтарын қорғайтын арнайы үйимдар бар ма? Олар өз жұмысын қандай нормативтік құқықтық құжаттар бойынша жүргізеді?
- Мәтінді оқындар, тақырыбын, қызметін, құрылымын және тілдік ерекшеліктерін өткен сабактағы оқылым мәтінімен салыстыра талдаңдар.

«Бала құқығы туралы Конвенция» мәтіні	«XIX ғасырдағы қазақ әйелінің тағдыры» мәтіні
Тақырыбы	
Стилі	
Тілдік ерекшелігі мен құрылымы	
Қызметі	

Бала құқығы туралы Конвенция

Конвенция – 0-ден 18 жасқа дейінгі барлық балаға қатысты халықаралық заң. Бұл күшат 1989 жылы 20 қарашада қабылданды. Біздің елімізде 1994 жылы 11 қарашада заңдық күшіне енді.

1-бап. 18 жасқа дейінгі балалар Конвенцияда ұсынылған барлық құқықты қолдана алады.

2-бап. Баланың, оның ата-анасының немесе қамқоршысының нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе өзге де сенім-нанымдарына, ұлттық, этникалық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мұліктік жағдайына, денсаулығына немесе өзге де жағдайларына қарамастан, өрбір баланың осы Конвенциямен көзделген құқықтары құрметтеледі және қамтамасыз етіледі.

3-бап. Балаларды әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерімен айналысадын мемлекеттік немесе жеке мекемелер, соттар, әкімшілік немесе заң шыгарушы органдар балаларға

қатысты қолданылатын іс-әрекеттерінің бәрінде бірінші көзекте баланың мүддесін қамтамасыз етуге қоңіл бөледі.

4-бап. Қатысушы мемлекеттер осы Конвенцияда көрсетілген заң шығарушы, өкімшілік және басқа да құқықтарды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Ал экономикалық, өлеуметтік және мәдени құқықтарға қатысты шараларды мүмкіндігінше қолда бар ресурстарын пайдалана отырып, қажет болған жағдайда халықаралық ынтымақтастық шенберінде іске асырады.

5-бап. Қатысушы мемлекеттер ата-аналардың, кейбір жергілікті салт-дәстүр бойынша кеңейтілген отбасылар мен қауымдастық мүшелерінің, қамқоршылары мен балаға жауапты тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін құрметтейді. Осы Конвенцияда көрсетілген құқықтарды жүзеге асыруды балаға даму қабілеттеріне сәйкес дұрыс бағыт беріп, башшылық жасауына жағдай жасайды.

6-бап. Қатысушы мемлекеттер өрбір баланың өмір сүрге деген ажырамас құқығын мойындайды. Олар баланың аман болуын және денсаулығының мықты болып өсуін барынша қамтамасыз етеді.

7-бап. Бала туған бетте тіркеуге алынады, осы сәттен бастап өзіне есім және азаматтық алуға құқығы бар, сондай-ақ мүмкіндігінше өзінің ата-анасын білуге және олардың қамқорлығына ие болуға құқылы.

8-бап. Заңда қарастырылғандай, қатысушы мемлекеттер баланың жеке басының даралығын, атап айтсақ, азаматтығын, есімін және отбасылық қарым-қатынасын сақтау құқығын құрметтейді. Оған заңсыз араласуға жол бермейді.

9-бап. Қатысушы мемлекеттер баланың еркінен тыс ата-анасынан айырылмауын қамтамасыз етеді. Бұған құзырлы органдардың сот шешіміне сәйкес баланың мүддесі үшін оны ата-анасынан айыру қажет екендігін анықтаған жағдайлар жатпайды. Мұндай анықтама ата-анасы балаға қатыгездік танытқанда не оған қамқорлық жасамағанда, болмаса ата-анасы бөлек тұратын, сол себепті баланың тұрып жатқан жеріне қатысты шешім қабылдау қажет болғанда беріледі.

10-бап. Ата-анасы әртүрлі мемлекетте өмір сүріп жатқан бала тұрақты негізде ата-анасының екеуімен де жеке қарым-қатынас және тікелей байланыс орнатуға құқылы.

11-бап. Қатысушы мемлекеттер балалардың шетелге заңсыз жөнелтілуіне және қайтарылмауына қарсы күрес үшін шараларын қабылдайды.

12-бап. Қатысушы мемлекеттер өз көзқарасын жеткізуғе қабілетті баланың өзіне қатысты барлық мәселе бойынша ой-пікірлерін еркін білдіру құқығын қамтамасыз етеді. Бұл ретте баланың жасына және өсіп-жетілудің сәйкес оның ой-пікіріне тиісті назар аударылады.

13-бап. Бала өз пікірін еркін білдіруге құқылы: бұл құқыққа ауызша, жазбаша басылымдар мен көркемөнер шығармаларынан не болмаса баланың өз таңдауы бойынша басқа да құралдардың көмегімен өртүрлі ақпарат пен идеяны іздеу, алу және беру еркіндігі кіреді.

14-бап. Қатысушы мемлекеттер баланың ойлау, ар-ұждан және дін бостандығына деген құқығын құрметтейді.

(Республикалық құқықтық ақпарат орталығының мәліметтерінен)



- 3.** Берілген сызба бойынша «Бала құқығы – маңызды мәселе» тақырыбында мәтін жазындар. Жұптасып, бір-біріңінде жазба жұмыстарындағы ақпараттарды дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакцияландар.





- 4.** Аудиожазбадан (09. mp3) «Ювеналды әділет – көмелетке толмағандар құқықтарын қорғау кепілі» мәтінін тыңдаپ, қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдаңыз, орта көлемді монолог дайындаңдар.
- 5.** Сызбаларды негізге алып, тақырып бойынша себеп-салдар салалас құрмаластың жалғаулықты және жалғаулықсыз түрлеріне сөйлем құрастырыңдар, жасалу жолдары мен тыныс белгілеріне түсінік беріңдер.

Себеп мәнді жай сөйлем	Жалғаулық шылау	Салдар мәнді жай сөйлем

Салдар мәнді жай сөйлем	Жалғаулық шылау	Себеп мәнді жай сөйлем

Себеп мәнді жай сөйлем	Салдар мәнді жай сөйлем

Салдар мәнді жай сөйлем	Себеп мәнді жай сөйлем



- 6.** Бала құқығын қорғаудың айналысатын халықаралық және қазақстандық үйымдардың атқарып жатқан жұмыстары туралы ізденіп, презентация дайындаңдар.
- 7.** Іңғайлас және себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемдерді қолданып, «Бала құқықтарын қорғау туралы Конвенция» жөнінде мақала жазындар.



§6.

Бала құқықтарының қорғалуы



1. Сендердің ойларынша, елімізде ата-анасынан айырылған жетім балалардың құқықтары қалай қорғалады?



2. Аудиожазбадан (10. mp3) «Балаларды қорғау күні» тақырыбындағы мәтінді тыңдал, жағдаятын (қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік) анықтаңдар. Сөздер мен сөз тіркестерін таңдал алып, орта көлемді монолог дайындаңдар.




3. Мәтінді оқып, тақырыбын, құрылымын, тілдік ерекшелігін тыңдалым мәтінімен салыстыра талдаңдар.

Бала Қасымның тағдыры

...Бірақ күндер өтті. Қасым жетім болды. Жетімдік бұған өзінің барлық суық пішінін емін-еркін танытты. Қатал тағдыр мықты қолымен қатты үстады.

Әжесі өткен соң «жақынымын» деп, жаны ашыған ие болып шығып, Иса деген ағайыны Қасымды қолына алды. Қасымның әке-шешесінен отыз шақты қой, он шақты қара қалып еді. Исаға Қасымның малын берерде жүрт: «Жетімнің малына қиянат қылма! Өзін адам қыл, күт, асыра, жылатпа!» – деп тапсырған болып беріп еді.

Исаның балалары көп, малы жоққа жақын кедей болатын. Үрысқақ долы қатыны Қадиша мен Иса Қасымды алғаш қолына кіргізіп алышымен, малды өз малындай баурай бастады. Олар Қасыммен бірге келген малдың санын азынып, әрқайсысының түсін атап: «Әне бір көк саулық пен қарабас қойды соғымға жібереміз, қасқа сиырды сатып, үй ішіне, бала-шағара саудагерден бұл аламыз», – деп ашық кеңесіп жатты...



Қасымның көңіліне жетімдік, әлсіздік қайғысы зіл қара тастай орнап қалды. Аз заман өткенде бұрынғы толық ажарлы бала аппақ болып қуарып жүдеп, ылғи қабағы түйіліп, қайғы сыйымен тұксийп алды. Жалғыздық, сорлылық кебін барлық пішінімен білдіретін болып еді.

...Қасымның малы үсталабастады. Қек саулықтың мойнынан құшақтап жабысқан жолында Иса мен Қадишадан қабат таяқ жеді. Жылаған сайын тамақ бермейтін болды. Олардың балалары бірінен-бірі ерке болып шығып, Қасым қағаберісте қалатын болды. Қасымға таласа-тармаса күн көру керек болды. Малы үсталғалы басында қайғыртып жылатып, кішкене сорлы жетімнің ішіне у болып жиналып жүрсе де, әрі-беріден соң ол қайғы бір бөлек қалды. Енді Қасым тамақты да жөндейп іше алмайтын болды. Жыламаса, әке-шешесі бар балалардан кезек тимейді. Оның үстіне олардың ересегінен таяқта жей бастады. Қасымға бұдан соңғы бір қайғы – қозы бағу шықты. Аздан соң өзге балалар «тілазар, көпір, бармайды» деген атпен құтылып кететін болып, Иса мен Қадишаның бейілді қабағына ырза болатын қүйге келген Қасым тезек төртін болды. Малдан кешке келіп сүрініп-жығылғанда болмаса, Қасымға бостандық, еркіншілік жоқ еді. Кейде Иса өз балаларын: «Олардың малы жоқ, малдың иесі – Қасым», – деп қойып, олардың еріншектігіне өзі құрық беріп, Қасымның бейшаралығын ашық арамдықпен қақпай қылыш та қояды. Бұл халдің барлығы сорлы жетім көңілінде күннен-күнге арылмастай у болып жиналды. Қасым енді барлық өзіне қарсы арналған арамдық, өгейлік мінезді қабақтан, жарты сөзден үғатын болды. Құз күніндей жабырқап жүдеп, қабағы қатқан қайғыда...

Үнемі аштық, күтімсіздік, ауыр жұмыс қосылып, ойын шатастыра берді. Әжесі өлген соң, көңілінде тіршілігіне сүйсінгендей бір күн болған жоқ. Кішкентай Қасымның түсі де, көңілі де қартайып, жүдеп барады. Бұл уақытта Қадишаның қолы үйреніп алған таяғы күннен-күнге: «Жетім ит!», «Жаман неме!» – деп көзге шұқып, жиі-жиі тие бастады.

Бүгінгі Қасым жалғыз келе жатқан түннің алдында таңертеңнен кешке шейін Иса мен Қадиша бұны үйіне жолатпай, ауылдан қуып жүріп сабап еді. Ақырғы рет кеш алдында күні бойы жылаумен үздігіп өлі біткен Қасым жетімдіктің барлық сорлылығына бойсұнған пішінімен Исаның үйін жағалап

келе жатыр еді. Жаутаңдаған көзімен жылы шырай іздел келе жатқанда, алдында бұрынғыдан зәрленіп түрған Исаны көрді. Иса бұған «сен қарсы келдің» деген зілмен тағы да үр мақшы болып қарсы жүгірді. Сол уақытта Қасым жаны қүйіп шыдай алмай, жылап жүріп сөйлеп:

— Мені мұндай сорлы қылғандай не жазып едім?.. Жазығым — қуарып қалған жетімдігім бе? — деп, жерде жатқан үлкен тасты ала салып, төніп келіп қалған Исаны тізесінен періп кеп жіберіп, далаға қарай қаша жөнеліп еді.

Иса аузына келгенін айтып боқтап, аяғы мертігіп «бақ» етіп отырып қалды. Қасым сол бетімен тас лақтырып құған балаларға жеткізбей, үлкен тауға қарай жөнеліп кеткен.

Ауылға енді қайта барса аямайтынын біліп, зарлай еңіреп, өжесі мен атасының атын атап шақырып келе жатқанда, бұрыннан ойладап жүрген бір көмескі ниеті есіне түсті, ол ниеті – қыстау маңында өке-шешелерінің зиратына бармақшы еді...

Тау асатын жолда жалғыз келе жатқан зар еңіреген жетім бала Қасымды алып келе жатқан хал – осы...

(Мұхтар Әуезовтің «Жетім» әңгімесінен)



4. Қазақстан Республикасындағы балалар мен жасөспірімдердің құқықтарына қатысты пікірталас жүргізіндер. Анықталған түйінді ойларынды «Еркін микрофон» өдісімен баяндаңдар.



Қарсылықты салалас

Құрамындағы жай сөйлемдердің біріндегі ой мен оқиға екінші сыннарындағы ой мен оқиғага қарама-қарсы болып келетін салаластың түрі қарсылықты салалас деп аталады.

Қарсылықты салалас құрамалас сөйлемдер жалғаулықтар арқылы да, іргелес түріп та байланысады.

Жалғаулықсыз, дауыс ырғағы арқылы іргелес түріп байланысуы	Жалғаулықты байланыс (бірақ, алайда, дегенмен, әйтсе де, сонда да, әйткенмен, сөйткенмен, сөйтсе де, десе де)
Біз ыңғай бермеп едік, – Әлендер қоғадай жапырылды.	Алыстан әлдекімнің дауысы естілгендей болды, бірақ қай жақтан естілгенін шамалай алмадым.

Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемнің құрамындағы баяндауыштар антоним сөздерден немесе болымды-болымсыз формадағы сөздерден жасалады.

Қарсылықты салаластың жалғаулық шылаулар қатысқан түрінде қолданылатын тыныс белгісі – ұтір, ал жалғаулық түсіріліп айтылған жағдайда алдыңғы сөйлемнен кейін ұтірден соң жалғаулық орнына сзықша қойылады. Мысалы: *Жоспарланған шара уақытында өтті*, – күткен нәтижеге қол жеткізе алмадық.



5. Оқылым мәтінін пайдаланып, жалғаулықты және жалғаулықсыз қарсылықты салалас сөйлемдер жазындар.

Жалғаулықты қарஸылықты салалас	Жалғаулықсыз қарஸылықты салалас



6. Оқылым және тыңдалым материалдарында көтерілген мәселелерді қорытындылап, «Балаларды қорғау – болашаққа бағдар жасайтын маңызды мәселе» тақырыбында мәтін жазындар. Сөз саны – 80–100. Жұптасып, бір-біріңнің жазған мәтіндеріңе түзетулер енгізіп, редакцияландар.



7. Өз мәтіндеріндегі жай сөйлемдерден қарсылықты салалас құрмалас сөйлем құрастырындар.

Мәтіндегі сөйлем	Қарсылықты салалас



8. «Егемен ел аясындағы менің құқықтарым» тақырыбында аргументті әссе жазындар. Сөз саны – 150–160.

§7.

Тұған жерге түнің тік



- Шет жердегі қандастарымыздың туған жерге оралуы заңмен қорғалған ба?
- Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңдар. Мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға бағытталған талқылау сұрақтарын құрастырыңдар.

Атамекенін аңсаған жаннның тағдыры

...Төлеутай жетіге толып, мектепке барғаны бұл үшін үлкен мереке болып еді. Екі арқардың етін қазанға бір-ақ салып, маңайын шақырып той жасады. Иленген тау ешкінің терісінен немересіне өп-әдемі сумка жасап берді. Қашан үйреніскеңше, мектепке өзі ертіп апарып жүрді.

Немересінің тілі қандай қызық. Зерек, әр нәрсені білуғе құмар-ды. Қарттың есіне мына бір оқиға түсті. Бір жолы Төлеутайды таяу жердегі Қарасуға үйрек атуға ертіп барған. Көктемгі құс келетін уақыт. Сол маңдағы шұқанақ көлдер мен Қарасуда шүрегей үйректер жыртылып айырылады. Шал бара салып екі үйрек атып алды.

Бір заматта қанаттары сартылдал, су жағасына жіпке тізген моншақтай бір топ қаз келіп қонды. Жол бастаушы көсемі қамшы салым бәрінің алдында жүр.

– Ата, мына қазды атайықшы, – деді Төлеутай қуанып. – Атшы анау алдында жүрген үлкенін.

– Жоқ, балам, бұл қаздарды атуға болмайды, – деді қарт басын шайқап. – Бұлар да жолаушы ғой, алысқа кетіп барады. Жолынан қалдырмайық.

– Алысқа дейсің бе? Қайда барады сонда? – деді Төлеутай таңырқап.

– Тұған жеріне кетіп барады...
– Тұған жері қайда?
– Алыста, сонау таудың ар жағында, – деп қарт, қазір өзі жатқан асууды нұсқап еді сонда.

Бала «түсіндім, онда атуға болмайды екен» дегендей, өзіне жараспайтын бір естиярлықпен ойланып қалған. Ақылы көп, зерек еді-ау, айналайын.

Әлгі қаздар бой жазып, суға қанып алды да, кешікпей аспанға көтерілді... Бұлардың төбесінен тағы бір айналды да, солтүстік қайдасың деп тартып берді. Қарт немересімен екені қаздар тобы қөзден ғайып болып, аспан тұңғиығына сіңіп кеткенше кірпік қақпай қарап тұрды...

Сол немересінен қарт қапыда айырылды. Соңғы бірнеше жыл ұдайымен бұл өлкені жыландаған ашаршылық бұлардың қара лашығына ене алмай-ақ келіп еді. Маңайдағы ел аштықтан ісініп, көнек ауруына шалдығып, жаппай қирап жатқанда, бұлардың өзегі тала қоймаған. Қарт кәрі сүйегін сүйретіп, аң, құс атып өкеліп, аузыменен жем тасыған қарлығаштай немересін сақтап қалуға бар жанын салған. Қөлденең кеселге килікпесе, Төлеутайын апаттан аман алыш та қалатын еді. Бірақ амал қанша, Құдай оған жеткізбеді ғой.

Бір құні атып алған қояны мен кекілігін арқалап, үйіне келгені сол еді, мұны екі полицей тосып отыр екен. Ай-шайға қаратпай, шалдың қол-аяғын байлады да, арбаға отырғызып қалаға алыш кетті. Мектепке кеткен немересіне де мойын бұрғызған жоқ. Тергеусіз, сұраусыз апарып түрмеге қамап тастады. Бір айдай жауапсыз жатып қалды. Өзіне қандай айып тағылғанын да білмеді. Тек тергеуге өкелгенде ғана үқтү мәнжайды.

Бұған екі түрлі қылмыс тақылған көрінеді. Біріншісі – «Аң аулағанды сылтау қылышп, ұнемі тау арасында жүреді екенсің. Бірнеше рет шекара бойына да жақын барып қайтыпсың. Сондағы мақсатың не?» Екіншісі – «Сенде тығулы жатқан мылтық бар. Соны өкіметке тапсыруың керек».

Қандауырдай қадалған осы екі сұраққа жауап таба алмай, қарт түрмеде бір жыл жатты. Тек қыс өтіп, келесі көктемде ғана мұны қапастан босатты. Мылтығын тартып алыш, аң аулаға тыйым салды да, бақылау астында ауыр жұмыс істеуге жіберді.

Алдында қандай қасірет күтіп тұрганын бұл ауылға келгенде бір-ақ білді. Отken қыста да ақ сүйек жұт болып, малдан тігерге тұяқ қалмаған. Адам шығыны да аз емес. Тірілердің қатары селдіреп, жотадағы зираттың қарасы молая түсіпті.

Қарт сол зираттың шет жағындағы кішкентай жас топыракты құшақтап, бір тәулік ессіз жатты. Өзі жоқта жалғыз жұбанышы – Төлеутайы аштыққа төзбей, қыршынынан қылышты.

Жасы жетпіске келсе де, қайраты қайтпаған қарт сол күннен бастап құрт төмендеп кетті... Мына жарық дүниенің бұл үшін пәлендей қызығы, мән-мағынасы қалмаған еді.

Жатса-тұрса көзіне өлім елестеді. Есіне сонау алыста қалған туған жері түсे берді. Түсінде сол ғажайып өлкеде жүретін болды. Шал ендігі қалған аз өмірін бір игілікті іске жұмсауға бел байлады. Ол – қырық жыл бойы кекірек түпкірінде жатқан осынау сапар болатын.

(Қабдеш Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесінен)



3. Қабдеш Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесінен алынған үзіндіден негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді теріп жазып, «Қосжазба күнделігі» өдісімен түсіндіріңдер.

Негізгі ойды білдіретін сөйлем	Менің пікірім



4. Мәтіндегі құрмалас сөйлемдерді анықтап, салаластарды мағыналық түрлеріне қарай талдаңдар.



5. Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, өз ойларынды дәлелдей, «Туған жерге туынды тік» тақырыбында аргументті эссе жазыңдар. Сөз саны – 80–100.



6. «Әрбір азамат өз туған жерінде өмір сүрге құқылы». Осы пікірді негізге алып, жалғаулықты және жалғаулықсыз қарсылықты салалас құрмалас сөйлемдер құрастырып жазыңдар.



7. Салалас құрмалас сөйлемнің мағыналық түрлерін қолдана отырып, «Егемен ел азаматтарының құқықтары» тақырыбында қысқашағылыми-зерттеу жұмысын жазыңдар.

V

БӨЛІМ

ОТБАСЫ ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӘЗГЕРІС

СИНТАКСИС

Бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

- Қазақстан Республикасының демографиялық жағдайы туралы;
- әлемдегі демографиялық өзгерістер жайлы;
- түсіндірмелі салалас, талғаулы салалас, кезектес салалас сөйлемдердің жасалу жолдарымен танысадыңдар.

Біз жас үлтпыш. Еліміздегі орташа жас – 35.
Бұл біздің адамдық әлеуетімізді сақтауға,
әлемде өзіміздің орнығуымызға зор
мүмкіндік береді.

(Н.Назарбаев)

§1.

Отбасы – ұлт құндылығы



1. Суреттен қандай ой түйдіндер?



2. Мәтінді түсініп оқындар. Тілдік құралдары арқылы стилін анықтаңдар. Шешендік сөз ұлгілері бар ма?

Егемендіктің алғашқы жылдарында Ата Заңға арнағы бап енгізіліп, «неке және отбасының, ана, әке болудың және балалықтың мемлекет қорғауында болатыны» айқындалды. Осы арқылы тәуелсіздік жылдарында отбасылық-демографиялық саясат мемлекет дамуының стратегиялық бағыты ретінде бекітіліп, бұл саладағы келелі мәселелер кезең-кезеңімен түпкілікті шешімін тауып келеді.

Ширек ғасырда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бәсекеге қабиlettesі ұлт, әл-ауқаты артқан отбасы, білімді ұрпақ қалыптастыруға бағытталған сындарлы саясаты отбасылық саясатты жетілдіруге, ана мен баланы мемлекеттік қолдау бойынша бағдарламалық құжаттардың қабылдануына, осы бағытта тұстастай жүйенің құрылуына жол ашты. Осылардың қатарында Қазақстан Республикасында 2006–2016 жылдарға

арналған Гендерлік теңдік стратегиясының қабылдануын, Отбасы күнінің белгіленуін, Балалы отбасыларды өлеуметтік қолдаудың ұлттық моделінің қалыптасуын, «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының өткізілуін және басқа да нақты шараларды алға тартуға болады. Бұл игілікті істер нәтижесінде әрбір босағасы берік отбасы Отанымыздың баянды болашағының берік негізі ретінде орнықтырылды.

...Осының бәрі отбасының адам баласының өмірге жолдама алатын көусар бастауы, арқасүйер алтын діңгегі екенін, Қазақстан қоғамында отбасының мәртебелік мәні қашанда терең екенін көрсетеді. Өйткені «Мәңгілік Елдің» іргесін берік, керегесін кең, шаңырағын биік ететін ұлттың басты құндылығы өрелі үрпак, ұлағатты отбасы екені ақиқат.

(Гүлшара Әбдіқалықова)



3. Еліміздің ең басты ұлттық құндылықтары туралы өз пікірлерінді ортаға салындар. Отбасыны ұлт құндылығы деп танудың себебі неде деп ойлайсындар?



Түсіндірмелі салалас құрмалас

Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемнің алғашқы сөйлемінде айтылған іс-әрекет, оқиға желісінің мәні кейінгі сөйлемде сараланып, түсіндіріліп, ашылып отырады. Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемнің бөліктері жалғаулықсыз байланысады.

Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемнің жай сөйлемдерінің аражігіне қойылатын тыныс белгілері: сызықша, қос нұкте.

Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемнің бірінші бөлігінің баяндауышы ретінде **сол, мына, мынау, мынадай** сияқты сілтеу есімдіктері қолданылса, олардан кейін көбінесе қос нұкте қойылады; ал **соншама, соншалық, сондай** сияқты сілтеу есімдіктері мен сілтеу мәнді сөздер қызмет етіп, екі жай сөйлемді құрмаластырып тұрса, мұндай баяндауыштардан соң сызықша қойылады.

Мысалдар:

Ректорат **мына** мәселені еске салады: ол – студенттерді өртеп бастан ғылыми еңбек жазуға төсөлдіру (С.Шаймерденов). Қуанғаны **соншалық** – орнынан атып тұрып, құшақтай алды. Оның не айтып тұрғанын ұқтыйм: қаржыдан қысылып тұр екен ғой. Саған ашып айттарым **сол**: мен осында қаламын (Ә.Әбішев).



- 4.** Оқылым мәтініндегі негізгі ойды танытатын 3 сөз бер 3 сөйлем жазып, отбасы құндылықтарын сипаттаңдар.



- 5.** Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілерін қойып, себебін түсіндіріңдер.

Бұл трубалардың жуандығы сондай Бейсен сияқты тәпелтек адамдар ішінде жүгіріп жүрерлік.

Бұның жақсы ырым от жағыпсың, шай қайнатыпсың, дастарқан жайыпсың.

Фылымға берілгендейдің сондай қолынан кітабы түспейді, үнемі оқиды да жүреді.

Мұның түпкі себебі мынау романда ұнамсыз кейіпкер мұлде жоқ.

Сіздерге айтар тілегім сол мені ұшқыштың оқуына жіберіңдер.



- 6.** Оқылым мәтініндегі сөйлемдерді түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемге айналдыруға бола ма? Байқап көріңдер.

Мәтіндегі сөйлем	Түсіндірмелі салалас



- 7.** «РАФТ стратегиясы» бойынша ұстаздың, көпбалалы ананың, өкімнің т.б. рөліне еніп, «Отбасы құніне» орай халықта арнау сөз жазындар. Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді қатыстырындар.

Рөл	Аудитория	Форма (пішін)	Тақырып



- 8.** Ойларынды дәлелдеп, «Отбасы – ұлт байлығы» тақырыбында қоғамда қалыптасқан жағдайлар негізінде ойтолғау жазындар.

§2.

Демография деген не?



1. Мәтінді мұқият оқып, қай стильде жазылғанын анықтаңдар. Мәтіндегі ақпаратты сыйба, кесте, диаграмма түрінде түсіндіріңдер.

Демография (грек. *демос* – «халық») – белгілі бір халықтың, ұлттың, ұлыстың, этникалық топтың санын, құрамы мен құрылымын, аумақта бөлінуін, өсу не кему динамикасын қоғамдық-тарихи жағдайлармен байланыстырып зерттейтін әлеуметтік ғылым саласы.

Демография ғылымының негізін салушы – ағылшын ғалымы Дж.Граунт. Ол алғаш рет Лондондағы тіркелген адам өлімінің бірнеше жылдық жазбалары негізінде халық арасындағы өлудің көрсеткішін жасауға және оның заңдылықтарын анықтауға талпыныс жасаған.

Демография – адам популяциясын оның көлемі мен құрылымына сәйкес, яғни жынысы, жасы, отбасылық жағдайы және этникалық шығу тегі бойынша, сондай-ақ осы популяцияны туу, өлу және көші-қон коэффициенттеріндегі өзгеруі түрғысынан статистикалық зерттеу.

Демографиядағы ең басты мәселе – халықтың ұдайы өзгеруін, өсу мөлшерін, дамуын анықтау. Халықтың ұдайы өзгерісі үрпақ алмасу, туу мен өлу, яғни табиғи жағдай арқылы жүзеге асады. Белгілі бір аймақтағы халықтың өсу мөлшерінің өзгеруі адамдардың басқа жерлерден көшіп келуі (иммиграция) мен олардың бөтен аймақтарға қоныс аударуына (эмиграция), яғни халықтың көшіп-қону қозғалысына да байланысты.

Демографияда халықтың және оның бөліктегінің өзгеруі тек сан жағынан ғана емес, сонымен қатар сапалық түрғыдан да қарастырылады. Мысалы, белгілі бір жастағы адамдардың санының өзгеруімен қатар олардың тұлғалық дамып-жетілуі, денсаулығындағы өзгерістері де назарға алынады.

Демографиялық процестер қоғамда қалыптасқан белгілі бір әлеуметтік қарым-қатынастарға негізделеді. Сондықтан халықты зерттеуде демография мынадай ғылымдармен тығыз байланыста болады: саясат, экономика, медицина, математика, этнография т.б. Олардың зерттеу өдістері мен

тәжірибелерін, материалдарын пайдалана отырып, демография өз тарапынан да өзге ғылымдарға қажетті деректер береді.

Қазақстандағы демографиялық процестерді тарихи-әлеуметтік түрғыдан қарастырған алғашқы зерттеулер қатарында М.Шоқайдың шетел баспасөзінде, М.Тынышбаевтың 1924 жылы «Сана» журналының 2–3-сандарында жарияланған деректерін т.б. статистикалық еңбектерді атауға болады. Республикада бүгінгі таңдағы көсіби демографтар М.Б.Төтімов, Ү.М.Ысқақов, Ә.Б.Фали, М.Сембин, Е.Мұсабеков, С.Қарасаев, А.Елемесова, Н.Ермекова, А.Әлжанова т.б. еңбектерінде қазақ халқының, жалпы Қазақстан халқының өсу, даму заңдылықтары зерттелді.

(«Орысша-қазақша түсіндірме сөздіктен»)



2. Ойтурткі сұрақтарына жауап беріңдер. Ақпараттарды өмірлік мәселелермен байланыстырыңдар.

1. Адамдар санының өсуі немесе кемуінің қоғамдық маңызы бар ма?
2. Демография ғылымының қоғам үшін маңыздылығы қандай деп ойлайсыңдар?
3. Демография ғылымын алмастыратын ғылым салалары бар ма? Өз ойларыңмен бөлісіңдер.
4. Ағылшын ғалымы Дж.Граунт алғашқы демографиялық зерттеулерді қандай мақсатта жасады?



3. Берілген сөйлемдердің салаластың қай түріне жататынын анықтаңдар.

Берілген сөйлемдер	Салаластың қай түрі?
Халықты зерттеуде демография басқа ғылымдармен тығыз байланыста болады және демография өз тарапынан өзге ғылымдарға қажетті деректер береді.	
Демография халықтың және оның бөліктерінің өзгеруін тек сан жағынан ғана қарастыrmайды, сонымен қатар сапалық түрғыдан да қарастырады.	

Берілген сөйлемдер	Салаластың қай түрі?
Олардың зерттеу әдістері мен тәжірибелерін пайдаланады және демография өз тараапынан өзге ғылымдарға қажетті деректер береді.	
Қазақстандағы демографиялық процестерді тарихи-әлеуметтік түрғыдан қарастырылған алғашқы зерттеулер сақталған: М.Шоқайдың шетел баспасөзінде, М.Тынышбаевтың «Сана» журналының 2–3-сандарында жарияланған деректерін т.б. статистикалық еңбектерді атауға болады.	
XX ғасырдағы халық санының жылдам артуын «демографиялық жарылыш» деп атайды, себебі осы кезде әлемде адам саны күрт өсті.	
Халықтың материалдық жағдайының жақсаруына байланысты дүниежүзі халқы жылдам қарқынмен өсе бастады, дегенмен 1980 жылдардың ортасына қарай халық санының өсуі баяулай бастады.	

4. Өздерің өскен ауыл не қаладағы халық санын білесіңдер ме? Бұрынғы және соңғы мәліметтерді пайдаланып, диаграмма сызыңдар.
5. Түсіндірмелі салаластарды қатыстырып, демография ғылымының басқа ғылымдармен байланысу себептері туралы шағын мәтін жазыңдар.




6. Қазіргі әлемдік статистиканы ескере отырып, «Халық санының өсуі қоғам дамуының көрсеткіші бола ма?» деген тақырыпта әссе жазыңдар. Сөз саны – 150.

§3.

Қазақстан Республикасының демографиялық жағдайы



1. ҚР Статистика агенттігінен алынған көрсеткішке назар аударындар. Берілген мәлімет арқылы еліміздің демографиялық ахуалына баға беріндер.



2. Мәтінді оқып, қолданылған тілдік құралдары арқылы стилін анықтаңдар.

1990 жылға дейін Қазақстан халқының демографиялық жағдайы тұрғындар санының үдайы қарқынды өсуімен, қалада тұруышылар үлесінің шұғыл артуымен, ұлттық құрамының қарқынды араласуымен, халық тығыздығының біркелкі болмауымен сипатталды. 1990 жылдан кейінгі кезеңде славян, герман текстес тұрғындардың тарихи Отанына қоныс аударуы көбейіп, республика халқы едөуір азайды, қазақ және басқа түркі текстес халықтардың үлесі артты. Сондай-ақ нарықтық қатынастарға байланысты ішкі көші-қонның өсерімен қала тұрғындарының саны есе бастады.

1917 жылға дейін Қазақстан қалаларында жалпы халықтың 9,7%-і тұрды. Соғысқа дейінгі жылдарда қала халқының өсуіне Қазақстанның минералдық шикізат қорларын игеру, ірі теміржол құрылыштарын салу факторлары әсер етті.

1939 жылды қала халқы 3,3 есе өсіп, қалалық елді мекендер саны 81-ге жетті. Соғыс жылдарында жаңадан 28 қалалық елді мекен пайда болды.

Жер аумағы үлкен болғанымен, Қазақстан халық сирек қоныстанған елге жатады. Оның аумағының 1 км²-қа 5,4 адамнан келеді. Тұрғындар үшін табиғат жағдайы неғұрлым қолайлыштың оңайлықтары – Түркістан, Жамбыл, Алматы облыстары (Алматы қаласын қоса алғанда). Мұнда республика тұрғындарының 37,8%-і орналасқан. Салыстырмалы түрде тұрғындары көп келесі аймақтар – Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Павлодар облыстары. Мұнда ел тұрғындарының 24,8%-і орналасқан. Шығыс Қазақстанда республика тұрғындарының 10,2%-і тұрады. Орталық Қазақстанда (Қарағанды облысы) республика тұрғындарының 9,4%-і орналасқан. Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Қызылорда облыстарында бұкіл тұрғындардың 17,7%-і орналасқан.

(КР Статистика агенттігі)

-  3. Оқылым мәтініндегі деректерден салалас құрмалас сөйлемдер құрастырып жазыңдар.
-  4. Сұрақтарға жауап беру арқылы сұхбат құрындар.
 - 1. Қала халқы санының артуына қандай факторлар өсер етуі мүмкін?
 - 2. Түркістан облысы мен Алматы облысында халық санының көп болу себебі неліктен? Ойларыңды дәлелдендер.
 - 3. Өздерің тұратын аймақтың демографиялық жағдайына баға беріңдер. Халық санының өсуі байқала ма?
 - 4. Тарихи мәліметтерге сүйене отырып, демографиялық жағдаймызға баға беріңдер. Демографиялық ахуалдың жақсаруына өсер ететін факторларды анықтаңдар.
-  5. Берілген диаграмма мен оқылым мәтініндегі мәліметтердің сәйкестігіне назар аударындар. Статистикалық мәліметтердің өзгеру себептерін анықтап жазыңдар.

Диаграммадағы мәлімет	Оқылым мәтініндегі мәлімет	Халық санының өсуіне, кемуіне өсер етуші факторлар



- 6.** Мәтіндегі жай сөйлемдерден салалас құрмалас сөйлемдер құрастырып жазыңдар.

1897 жылы бүкілресейлік халық санағының мәліметі бойынша, қазіргі Қазақстан аумағындағы халықтың 80%-ін қазақтар, 12%-ін славян тектес халықтар құраған. 1897–1913 жылдар аралығында мұндағы халық саны қоныс аударған орыс, украин, беларусь, татар, үйғыр, дүнген т.б. шет жүрттықтар есебінен 1 264,0 мың адамға көбейген.

Кеңестік дәуірде, өсіресе 1930 жылдан кейін елімізге сырт өлкеден халық толассыз келумен болды. 1937 жылы алғашқылардың бірі болып Қиыр Шығыстағы корейлер көшірілді. Олар, негізінен, Қазақстанның оңтүстік-шығыс және оңтүстік аудандарына қоныстандырылды. 1937–1944 жылдары тұтас үлттарды атажұртынан Қазақстан аумағына күштеп көшіру науқаны жүргізілді.



- 7.** Мәтін құрылымын сақтай отырып, кестеде берілген мәліметтердің (stat.gov.kz) маңызды тұстары мен үрдістерін анықтап жазыңдар.

Қазақстан Республикасындағы халық саны (2018 жыл)	
Барлығы	18 115 337
Ақмола облысы	738 942
Ақтөбе облысы	857 711
Алматы облысы	2 017 277
Атырау облысы	620 684
Батыс Қазақстан облысы	547 497
Жамбыл облысы	1 117 220
Қарағанды облысы	900 415
Қостанай облысы	875 616
Қызылорда облысы	783 156
Маңғыстау облысы	660 317
Түркістан облысы	2 929 196
Павлодар облысы	851 278
Солтүстік Қазақстан облысы	558 584
Шығыс Қазақстан облысы	1 383 745
Нұр-Сұлтан қаласы	998 175
Алматы қаласы	1 801 993

§4.

Қазақстанның демографиялық саясаты



1. Сұрақтар төңірегінде өз ойларыңмен бөлісіңдер.

1. «Елдің басты қазынасы – халық» деген оймен келісесіндер ме? Неліктен?
2. Халық санының өсуі немесе кемуі мемлекеттің бақылаудында болуы мүмкін бе? Өлде оған әсер ететін басқа факторлар бар ма? Ойларыңды дәлелдендер.
3. Мемлекеттің демографиялық саясаты қандай болуы мүмкін? Барлық мемлекет бірдей демографиялық саясат үстіна ма?



2. Мәтінді мұқият оқып, мәтіннің жазылу стилін анықтаңдар. Мәтінде қолданылған тілдік құралдарға назар аударыңдар.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев 2012 жылы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында XXI ғасырдың жаһандық он сын-қатері қатарында жаһандық демографиялық теңгерімсіздікті атайды.

«Жаһандық демографиялық теңгерімсіздік күн өткен сайын күшіне түсуде. Жалпыәлемдік тренд – адамзаттың қартауы. Туудың азауы және адамзаттың қартауы көптеген елде еңбек нарығындағы мәселелерге, атап айтқанда, еңбек ресурстарының жетіспеушілігіне әкеледі.

Біз Қазақстанда жекелеген өңірлердегі заңсыз еңбек мигранттары жергілікті еңбек нарықтарын тұрақсыздыққа әкелген көші-қон қысымымен бетпе-бет келіп отырмыз. Тауы болашақта кері процеспен – елдің шегінен тыс жерлерден бізге келетін еңбек иммиграциясымен бетпе-бет келуіміз әбден мүмкін.

Біз жас үлтпыш. Еліміздегі орташа жас – 35. Бұл біздің адамдық өлеуетімізді сақтауга, әлемде дұрыс орнығуымызға зор мүмкіндік береді. Бүгінгі күні алға жылжуга бізде жақсы негіз бар. Елімізде әрбір ізденген адам табуына болатын жұмыс бар. Оның үстіне біздің жұмыс істеп, өзімізді асырауға мүмкіндігіміз бар. Бұл – біздің үлкен жетістігіміз.

Мен сіздерді жалпыға ортақ еңбек қоғамына бастап келемін, онда жұмыссыздар жай ғана жәрдемақы алушылар емес, олар жаңа кәсіптерді менгеретін болады, мүгедектер жасампаздық қызметпен белсенді түрде айналыса алады, ал корпорациялар мен компаниялар олардың еңбегі үшін лайықты жағдай жасай алады.

Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машинықтар алуға, білім мен технологияны құнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндікті жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек».

(Нұрсұлтан Назарбаевтың
Қазақстан халқына Жолдауынан)



3. Ақпараттарды өмірлік мәселелермен байланыстыра отырып, сұрақтарға жауап беріндер.
 1. Елбасының алаңдауының басты себебі неде?
 2. Сендердің ойларыңша, ұлттың қартаюы елдің дамуына кедергі келтіре ме? Әлде оның салдары басқа болуы мүмкін бе?
 3. Қазақстандағы орташа жас 50 жас болғанда, қалыптасқан жағдай қалай өзгеруі мүмкін? Ойларыңды дәлелдендер.



Талғаулы салалас құрмаластар

Талғаулы салаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-біріне тәуелсіз, дербес әрекеттерді баяндайды да, сол әрекеттердің тек біреуі ғана жүзеге асатынын білдіреді. Жай сөйлемдер салаласа және тек жалғаулық шылаулар арқылы байланысады, арапарына үтір қойылады. Сейлемге талғаулық мағына беретін жалғаулықтар: *не, немесе, я, яки, болмаса, әйтпесе, әлде*.

Мысалы: *Бұл істің шындығын не көзімен көрген айтар, не құлагымен естіген айтар* (Б.Майлин). *Бірге барғанымыз дұрыс-ау, болмаса өзім бара беремін* (Ә.Нұршайықов).

Ескерту: Екі жай сөйлемнің арасында *немесе* шылауы бір рет келсе, онда сөйлемдер арасына үтір қойылмайды.

Мысалы: *Өзі кетіп құтылды ма еken немесе ағасының ықпалы болып па* (Б.Майлин)? *Сөз бер қылыш суық көңілді жылыштады немесе жылыш көңілді суытады* (Ғ.Мұстафин).



4. Талғаулықты салалас құрмаластарды толықтырып жазындар. Өздерің де тақырыпқа қатысты бірнеше сөйлем құрастырындар.

1. Елдегі жас сәбилерге мемлекеттік қолдау көрсету керек немесе
2. Не шетелдегі қандастарымызды елге қайтарудың жаңа жобаларын жүзеге асыру қажет, не
3. Қазақстанда демографиялық ахуалды жақсарту үшін я табиғи өсімді көтеру қажет, я



5. Кестедегі демографиялық болжамға назар аударындар. Болашақтағы демографиялық ахуалдың проценттік көрсеткішін шығарып көріндер. Мәтін құрылымын сақтап, маңызды тұстары мен үрдістерді жазындар.

Жылдар	Халық саны
2017	17 962 170
2018	18 182 015
2019	18 393 708
2020	18 596 568
2021	18 790 610
2022	18 976 379
2023	19 154 791
2024	19 327 060
2025	19 494 551

(Экономикалық зерттеулер институты
жинақтаган мәліметтерден)



6. Берілген ақпаратты мұқият оқып шығындар. Өз сыныптарындағы қыздар мен ер балалардың санын анықтаңдар. Кішігірім әлеуметтік зерттеу жасап, үлгіге сәйкес болжам жасап көріндер.

Қазіргі таңда еліміздегі әйелдер – 51,8%, ал ерлер 48,2%-ті құрайды. Ал 2030 жылы еркектер санының 1 млн 727 мың адамға артуы күтілуде. Олар 9 млн 827 мың адамды құрайды (48,38%). 2030 жылы әйелдердің саны 10 млн 486 мың адамды құрап (51,62%), еркектер санынан 659 мың адамға басым болады деген болжам бар.



7. Тест сұрақтарына жауап беріндер.

1. Оқылым мәтінінің тақырыбы қандай?
 - A) Елбасы Жолдауында айтылған жаһандық мәселелер
 - B) Жаһандық қауіпке айналған демографиялық теңгерімсіздік
 - C) Қазақстан үшін демографиялық қауіп жоқ
 - D) Халықты жұмыспен қамтамасыз ету
 - E) Жастардың оқуына, еңбек етуіне мүмкіндік жасау
2. Мәтіндегі тірек сөздерді табындар.
 - A) Жастар, корпорациялар, компаниялар
 - B) Білім мен технология
 - C) Демографиялық теңгерімсіздік, жалпыға ортақ еңбек
 - D) Орташа жас, мүмкіндіктер
 - E) Жұмыссыздар, жәрдемақы алушылар
3. Қазақстан халқына адамдық өлеуетін сақтауға, өлемде дұрыс орнығуына мүмкіндік беретін фактор туралы қай бөлімде айтылады?
 - A) 1
 - B) 2
 - C) 3
 - D) 4
 - E) 5 пен 6



8. Мәтін құрылымын сақтай отырып, кестедегі деректерді салыстырып, маңызды түстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазындар. Алдағы бес жылға болжам жасаңдар.

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
Халық саны	мың адам	16 417	16 511	16 758	17 010	17 248
Күтілетін өмір сүру үзактығы	жас	69,1	69,2	69,5	69,8	70,1

§5.

Демографиялық ахуалы нашар мемлекеттер



1. Сұрақтарға жауап беріп, ойларыңды ортаға салыңдар.

1. Еуропаны неліктен «Көрі құрлық» деп атайды? Пікірле-рінді ұсыныңдар.
2. Қай кезде елдің демографиялық ахуалы нашар болуы мүмкін?



2. Мәтінді түсініп оқып, стилін анықтаңдар.

Қалыптасқан жағдайды өзгерту мүмкін бе?

2014 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша, Жер ғаламшарындағы адам саны 7,2 миллиардқа жетіп отыр.

Ғаламшар тұрғындарының санын көбейтуге ең көп атсалысқан – Үндістан. Халық саны 15,6 миллионға көбейген. Үндістан осылайша өсу жөнінен Пәкістанды, Нигерияны және Эфиопияны артқа қалдырыды.

Халық саны жөнінен әрдайым көш бастап келе жатқан Қытай және Үндістан 2028 жылы 1,45 миллиард адамға жетіп, теңеседі. Содан кейін қытайлықтар азайып, үнділер көбейе түседі деген болжамдар жиі айттылып жүр. Қазіргі таңда Үндістан мемлекеті халық саны жағынан әлемде екінші орында тұр. Нақтырақ айтсақ, Үндістандағы жалпы халық саны – 1,21 миллиард адам. Бұл Жер планетасының 17%-ін құрайды. Осыдан түп-тура 60 жыл бұрын, Ұлыбритания бодандығынан босап, өз төуелсіздігін жариялаған жылдары, Үндістанның халық саны 350 миллион адамды көрсеткен екен. Алғыс жыл ішінде үндістандық азаматтардың саны үш есеге өсken.

Ал Жер тұрғындарының қартаю үрдісі бірнеше жыл бойы бірқалыпта болады, 2100 жылы 60 жастағы адамдардың саны 3 миллиардқа жетеді деп күтілуде.

Еуроодақ сарапшыларының пайымдауынша, 2013 жылы 507 миллионды құраған көрі құрлықтағы халық саны 2050 жылға қарай бар-жоғы 526 миллионға дейін ғана есіп, 5%-ке артады. Алайда осыдан кейін кеми бастайды: 2060 жылы 523 миллион адамды құрамақ.

XXI ғасырдың ортасында халық саны 15%-ке қысқартылған елдердің қатарында Украина, Ресей, Беларусь, Болгария, Куба, Румыния бар.

Кезектес салалас құрмалас сөйлем



Кезектес салалас құрмалас сөйлем – синтаксистік бөліктерінде баяндалатын іс-әрекеттің бірінен соң бірі кезектесіп іске асатындығын белгіретін құрмалас сөйлем.

Кезектес салалас сөйлем тек жалғаулықтар арқылы байланысады. Кезектес салалас сөйлемді жасауға қатысатын жалғаулықтар: *біресе, бірде, кейде.*

Мысалы: *Қазан аспаның астында от кейде жылтылдайды, кейде қызыл жалын лапылдайды* (М.Әуезов). *Біресе Хамит Құдірені алып ұрады, біресе Құдіре Хамитті алып ұрады* (С.Сейфуллин). *Кейде мен шабыттана өлең оқимын, кейде олар асқақтата ән айтады* (О.Бодықов).



3. Кезектес салалас құрмаластарды толықтырып жазыңдар. Өздерінде тақырыпқа қатысты бірнеше сөйлем құрастырыңдар.

1. Демографиялық саясат туралы хабарды біресе газеттен оқиды, біресе
2. Дүниежүзі елдерінің демографиялық ахуалы туралы бірде жаңалықтарда айтылады, бірде
3. Халық санының өсу деңгейі кейде жоғары көрсеткішті көрсетеді, кейде



4. Оқылым мәтініндегі жай сөйлемдерді салалас құрмалас сөйлемге айналдыруға бола ма? Байқап көріндер.

Үлгі:

Алпыс жыл ішінде үндістандық азаматтардың саны үш есеге өсті, сол себепті Үндістан қазір халық саны жөнінен әлемде екінші орын алады.



5. Төмендегі сұрақтарға жауап берсе отырып, сұхбат құрыңдар. Сұхбаттағы негізгі ойды анықтаңдар.

1. Әлем үшін қайсысы қауіптірек: халық санының өсуі ме, әлде халық санының азаюы ма? Ойларыңды дәлелдендер.

- Демографиялық дағдарыс орын алған Еуропаның дамыған елдеріндегі ахуалды өзгерту үшін қандай жағдайлар жасау қажет деп ойлайсыңдар?
- Таяу Шығыс пен Африка елдерінен келген босқындарды қабылдау арқылы Еуропа елдерінің демографиялық ахуалы түзеледі деп ойлайсыңдар ма?
- Қазақстанның ұстанып отырған демографиялық саясатына қандай баға бересіңдер? Біздің елімізде демографиялық дағдарыс орын алуы мүмкін бе?



- Кестедегі мәліметтерді негізге алып, мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда (сұхбат, мақала, баяндама) мәтіндер құрастырыңдар.

2006 жыл – Азия	Азиядағы халық саны 4 млрд адамға дейін жетті
2009 жыл – Африка	Аймақтағы халық саны 1 млрд адамға дейін жетті
2010 жыл – Жапония	Халық санының қысқаруы басталды
2017 жыл – Мексика	Жапонияны әлемдегі тұрғындары көп 10 елдің қатарынан ығыстырып, ондыққа кірді
2017 жыл – Дүниежүзі	Халық санының қысқаруы 28 елде байқалады



- Демографиялық жағдайы нашар мемлекеттің (дамыған Еуропа немесе өлім-жітім көп Африка елдерінің бірі) басшысы ретінде елдегі жағдайды түзету мақсатында халыққа арнап публицистикалық стильде үндеу жазындар. Сөз саны – 120–150.

§6.

Әлемдегі демографиялық өзгерістер



1. Мәтінді оқындар, ондағы мәліметтерді сызба не диаграмма түрінде бейнелеп, түпнұсқамен салыстырындар.

БҮҰ экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі департамент хатшылығының халықтарды зерттеу бөлімінің болжамы бойынша, ағымдағы сөтте (2017 ортасында) әлемдегі халық саны 7 миллиард 550 миллион адамды құраған және соңғы 12 жылда 1 миллиард адамға артқан. Әлем халқының 60%-тен астам бөлігі Азияда (4,5 миллиард), 17%-і Африкада (1,3 миллиард), 10%-і Еуропада (742 миллион), 9%-і Оңтүстік Америкада (646 миллион) және 6%-і Солтүстік Америкада (361 миллион), сондай-ақ Мұхит аралдарында (41 миллион) өмір сүруде. Әлемдегі халық саны үлесі жөнінен Қытай (1,4 миллиард) мен Үндістан (1,3 миллиард) – 19% және 18%-ті иеленетін ең ірі екі мемлекет.

15 жасқа дейінгі балалар әлем халқының 4/1-ін (26%), 60 және одан жоғары жастағылар шамамен 8/1-ін (13%) құрайды. Сәйкесінше, әлем халқының жартысынан көбі 15-тен 59 жасқа дейінгі жастағы ересектерге сәйкес келеді (61%). Егер де әлем халқын жасы бойынша жіктейтін болсақ, онда жартысы 30 жастан төмен, ал қалған жартысы 30-дан жоғары жастағыларға келеді.

Бүгінде әлем халқының саны, аз қарқынмен болса да, бұрынғыға қарағанда арта түсуде. Он жыл бұрын Жердегі халықтың орташа санына жыл сайын 1,24% қосылып отырды. Алайда бүгінде өсу қарқыны 1,1% -ке дейін қысқарды, ол жыл сайын 83 миллион адамға артып отыр дегенді аңғартады. Алдағы он үш жылда халық санының 1 миллиардқа дейін арту ықтималдығы күтілуде, яғни 2030 жылды 9,8 миллиардқа, ал 2050 жылды 11,2 миллиардқа артуы мүмкін дегенді білдіреді.

2050 жылғы өсу қарқыны артатын аймақ ретінде Африка болжанып отыр. Оның үлесі 2 миллиард адамға дейін, дәлірек айтсақ, 1,3 миллиард артады деп күтілуде. Азия осы ретте өсу қарқыны жөнінен екінші орындағы құрлық болса, мұнда 2050 жылға қарай халық саны 750 миллион адамға артады деп болжануда. Еуропаның халық саны 2050 жылға қарай

2017 жылмен салыстырғанда 26–27 миллионға қысқарады деп болжануда.

(Еңбек ресурстарын дамыту орталығы жинақтаган мәліметтерден)




2. Төмендегі сұрақтарға жауап беріндер.

1. Еуропада халық санының қысқару себебі нede деп ойлайсыңдар?
2. 2050 жылға жасалған болжамдар қандай факторларға сүйене отырып жасалуы мүмкін?
3. Өздерің тұратын аймақтың 2050 жылғы демографиялық жағдайын қалай елестетесіндер? Ойларыңмен бөлісіндер.



3. Кестедегі халық санының өсу деңгейінің әр 20–30 жылда өзгеру үрдістері туралы 10 сөйлем жазыңдар. Салалас құрмалас сөйлемдерді қатыстырыңдар.

ХАЛЫҚ САНЫ БОЙЫНША ОНДЫҚҚА КИРЕТИН ЕЛДЕР





4. Диаграммада берілген мәліметті оқылым мәтініндегі мәліметтермен салыстырыңдар. Ақпараттарды өмірлік мәселелермен байланыстырыңдар.



5. Оқылым мәтінінде кездесетін салалас құрмалас сөйлемдерді тауып, түрін, жасалу жолын ажыратыңдар.



6. «Әлем халқы санының өсуі қуаныш па, өкініш пе?» тақырыбында саныптастарыңмен 2 топқа бөлініп, пікірталастырыңдар.



1. Секунд сайын әлем халқының саны 4 адамға өсіп отырады.
2. Минут сайын Жердегі адам саны 250 адамға толығады.
3. 2100 жылы 60 жастағы адамдардың саны 3,1 миллиардқа жетеді деп күтілуде.



7. Газет-журналдардан немесе ғаламтордан әлем демографиясына қатысты 10 қызықты дерек тауып, жазыңдар.

§7.

Қазақстандағы отбасы күні



1. Төмендегі суретке назар аударып, сұрақтарға жауап беріңдер.



1. Отбасы күні мерекесін тойлап көрдіңдер ме? Отбасы күнін тойлау қаншалықты маңызды деп ойлайсыңдар?
 2. «Отбасы – шағын мемлекет» деген тұжырымға көзқарастарың қандай?
 3. Егер мүмкіндік болса, қандай отбасылық мерекені тойлауды енгізер едіңдер? Себебін түсіндіріңдер.
2. Мәтіннің стилін анықтап, стильдік ерекшеліктерін танытатын тілдік құралдарды көрсетіңдер.

Отбасы күні

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 1 наурыздағы № 511 Жарлығымен қыркүйектің екінші жеке сенбісі «Отбасы күні» деп бекітілген.

Бірінші кезекте, Отбасы күнін Қазақстанда мерекелеу не-ке мен отбасы институтын, сонымен қатар қоғамда имандылықты және руханилықты нығайтуға негізделген.

Бұгінде демографиялық саясаттың өуелгі факторы ретінде отбасылық құндылықтарды халық санасына сіңіру – басты мемлекеттік міндеттердің бірі.

Откізіліп отырған мемлекеттік әлеуметтік саясат қазақстандық отбасының оң имиджін насиҳаттау арқылы өскелең үрпақты отансүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелеу мәселе-леріне зор назар аударады. Бұдан басқа отбасы, әке, ана мен баланы қорғауды қамтамасыз етеді немесе мемлекеттің демо-графиялық дамуы үшін жағдай жасауға жұмыс жүргізіледі.

Конституцияның 27-бабына сәйкес неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Статис-тикалық мәліметтер бойынша еліміздің 5 миллионнан астам халқын балалар құрайды. Бұдан соңғы жылдары туған бала-лар санының түрақты өсу үрдісі байқалады. Мысалы, 10 жыл бұрын республика бойынша 250 мыңнан астам бала дүниеге келіп, 2009 жылы 360 мыңдай, ал 2013 жылы туған нәресте-лердің саны 400 мыңнан асты.

Отбасы күнін мерекелеу отбасында адамгершілік пен ру-хани дамуды, қоғамда ерлі-зайыптылықтың маңызды жауап-кершілігін мойындауды нығайтуға көмектеседі.

Отанға деген махабbat отбасынан басталады. Туған шаңы-рағында алған тәрбие – бұл жалпы біздің денсаулығымыз бен келешегіміздің кепілі.

(ҚР Әділет министрлігінің ресми сайтынан)

-  3. Аудиожазбадан (11. mp3) қоғам қайраткери Зейнеп Ахметованың отбасы тәрбиесі туралы айтқан пікірін тыңдал, мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтаңдар.
-  4. Тыңдалым мәтінінде құрмаластың қай түрі (салалас құрмалас, сабақтас құрмалас, аралас құрмалас) жиірек кездескеніне назар аударып, ойларынды мысалдармен дәлелдендер.
-  5. Жай сөйлемдерден салалас құрмалас сөйлемдер құрастырындар.

Жер шары халқы жылдам өсуде. Әр секунд сайын екі-үш бала дүниеге келеді. Дамушы елдерде халық саны күрт өсті.

Дамыған елдерде табиғи өсім тәмен. Табиғи өсім жоғары елдерде жұмыссыздық орын алады. Дамушы елдер халық санының өсуін тежеуге бағытталған саясат ұстанып отыр. Еуропа елдерінде демографиялық дағдарыс байқалады. Осыған байланысты «ұлттық қартауы» орын алған. Дүниежүзінде халықтың өмір сүру жасының ұзақтығы жылдан жылға өсуде. Дамыған елдерде орташа жас ұзақтығы – 74 жас.



6. Отбасы құндылықтарына нелерді жатқызысады? Оқылым және тыңдалым мәтіндерін негізге алып, сұхбаттысындар. Ақпараттарды өмірлік мәселелермен байланыстырындар.



Бала тәрбиесі – басты байлығын,
Кешіксең, көретінің – қайғы-мұн.

(Абай)

Адам ата-анадан тұғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады.

(Абай)

Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

(Абай)

Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл, құлша тәрбиелесең – құл болмақшы.

(А.Байтұрсынұлы)

Ата-ана баланы тәрбиелегенде дәл өзіндей етіп тәрбиелеуге тырыспау керек, олар баланы өзінен құшті етіп тәрбиелеуі тиіс. Өйткені олардың заманы ата-анасының өмір сүріп отырган заманына қарағанда анағұрлым күрделі, талабы жоғары болатынын ұмытпаған жөн.

(М.Жұмабаев)

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.

(Н.Назарбаев)

Баланың мінез-құлқы ата-анасының жағымды іс-әрекетінен үлгі алу барысында қалыптасады.

(И.Павлов)



7. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда (сұхбат, мақала, баяндама) мәтіндер құрастырындар.

8. Жоғарыдағы ғибратты сөздерді қатыстырып, отбасыңа арнап Отбасы күнімен құттықтау немесе сырласу хатын жазындар. Хаттың көлемі 120 сөзден кем болмауы және мәтінде салалас құрмалас сөйлемнің барлық түрі кездесуі тиіс.

VI

БӨЛІМ

БИОТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНДІК ИНЖЕНЕРИЯ КЕЛЕШЕГІ

СИНТАКСИС

Бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

- биотехнология тарихы туралы оқып-білесіндер;
- қазіргі заман талабы – гендік инженериямен танысасындар;
- атақты биотехнологтер жайлы мәлімет аласындар;
- шартты және қарсылықты бағыныңқы сабактас құрмалас сейлемдермен танысып, талдайсындар.

Бұгінде әлем Төртінші революция дәуіріне,
техникалық, экономикалық және әлеуметтік
салалардағы терең және қарқынды
өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді.

(Н.Назарбаев)

§1.

Биотехнология – XXI ғасыр сұранысы



1. Мәтінді мұқият оқындар. Мәтіннің тілдік құралдарына талдау жасай отырып, стилін анықтаңдар.

Биотехнология тарихы

Биотехнология дегеніміз – биологиялық организмдердің қатысуымен жүретін процестерді адамның мақсатына сай өзгерту арқылы өндірісте пайдалану.

«Биотехнология» деген терминді алғаш рет 1919 жылы венгр ғалымы К.Эреки енгізді.

Қазіргі биотехнологияның басты мақсаты – өсімдіктердің жаңа сорттарын, жануарлардың асыл түқымын шыгару. Оны адам өміріне қажетті заттар өндіру үшін биологиялық нысандар мен процестерге негізделген жаңа ғылымның және өндірістің сапасы деп қарауга болады.

Қазіргі биотехнологияның мынадай негізгі бағыттары бар:

- микробиологиялық өндіріс;
- жасушалық инженерия;
- гендік инженерия.

Биотехнологияның биологиялық өдістерін қоршаған ортаны ластанудан тазарту үшін қолданады. Laстанған суларды микроорганизмдердің көмегімен тазартады. Үлкен қалалардың, өндіріс орындарының шығарған зиянды қалдықтары бактериялардың көмегімен залалсызданырылады. Металл қалдықтарымен (уран, мыс, кобальт т.б.) ластанған суларды тазарту үшін, улы заттарды өз жасушаларына жинастын бактериялардың түрлерін пайдаланылады. Демек, биотехнология экологиялық мәселелерді шешуге қатысады.

Үндістанда, Қытайда, Филиппинде үйлерді жылыштуға және тамақ дайындауда биогаз – метан мен көмірқышқыл газдың қоспасын пайдаланады. Ол үшін арнаулы контейнерлерге малдың қыын, қант өндірісінің, ауылшаруашылығы заттарының қалдықтарын жинап, оларға бактерияның арнайы себіндісін қосады. Осы қоспадан биогаз алады.

Биотехнологияның даму дәрежесі жөнінен АҚШ-тан кейінгі орынды Жапония алады. Бұл ел биоиндустрияның дәстүрлі салаларында ең жаңа биотехнологиялық әдістерді қолдану жағынан АҚШ-тан артта қалып отыр. Келесі биотехнологияның қарқынды дамуы Батыс Еуропа елдерінде байқалады. Болашақта бұл елдер осы саладағы қызметтерін үйлестіре отырып, биотехнологиялық өнімдер нарығына айтарлықтай ықпал етуі өбден мүмкін.

([wikipedia.org/wiki](https://en.wikipedia.org/wiki/Bioengineering))

2. Биология мен технологияны не байланыстыруы мүмкін? Биотехнология ғылымының дүниеге келуіне не себеп болды деп ойлайыңдар?
3. Екі пікірдің бірін дәлелдеп, биотехнологияның адамзат өміріндегі атқаратын рөлі туралы ойталқы өткізіндер.
1. Биотехнология адамзаттың жаһандық мәселелерін шеше алады.
 2. Биотехнология ғылымынсыз-ақ адамзат өзінің жаһандық мәселелерін шеше алады.
4. Сызбадағы мәліметтерді оқылым мәтініндегі ақпаратпен салыстырып, «Биотехнология заман талабы ма?» деген сұраққа өз ойлаңды дәлелдеу арқылы аргументті эссе жазыңдар.

Климаттың өзгеруі мен адам өмір сүретін ортасын бұзылуының алдын алу

Жер тұрғындарын қажетті азық-түлікпен қамтамасыз ету

Биотехнологияның атқаратын рөлі

Қаэба байлықтарының сарқылуына байланысты кризиستі азайту

Медициналы түбебейлі жақсарту



Сабақтас құрмалас сөйлем

Сабақтас құрмалас сөйлем – құрамындағы жай сөйлемдері бір-бірімен сабақтаса байланысқан құрмаластың түрі. Құрамындағы алғашқы жай сөйлемінің баяндауышы тиянақсыз тұлғада кепіл, екіншісіне бағына байланысады. Мағынасына қарай 6 түрге бөлінеді:

- 1) шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем;
- 2) қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем;
- 3) мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем;
- 4) себеп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем;
- 5) қымыл-сын бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем;
- 6) мақсат бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.

Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем

Бағыныңқы сөйлемі басыңқы сөйлемдегі ойдың болу-болмау шартын білдіретін сабақтастың түрі шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем деп аталады.

Бағыныңқы сөйлемінің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады:

1. Етістіктің шарттырай түрінен болады: *Осындаі қалың жұрт батысқа қарай ағылып бара жатса, сол көптің бірі бол біз қандай оп-оңай араласып кетер едік.*
2. Болымсыз етістіктің -й тұлғалы көсемше түрінен болады: *Қазақ білімге бет бүрмай, ел алға жылжымас.*
3. Жатыс септік тұлғасындағы есімшеден болады: *Қара теке Әзімбай болғанда, осы текенің әкесі – сары теке қатар тұр еді.*



5. Фаламтор, энциклопедия, газет-журналдар мен оқулықтарды пайдалана отырып, оқылым мәтінін толықтырындар.



6. Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолдана отырып, тәмендегі сұрақтарға жауап жазындар.

1. Биотехнология ғылымы сенің қызығушылығынды қай кезде тудыруы мүмкін?
2. Адамдардың биотехнология ғылымына деген сұранысы тәмендеуі мүмкін бе?



7. Биотехнология ғылымына үлес қосқан ғалымдардың өмір жолын зерттеп, мақала жазындар.

§2.

Гендік инженерия – заман талабы



1. Суреттерге мұқият қараңдар. Не байқадындар?



2. Сұхбатты «Пікірлер желісі» әдісімен оқындар. Мөтіннің жоғарыдағы суретпен қандай байланысы бар? Академиктің пікірімен келісесіндер ме? Өз ойларынды ортаға салындар.

Төрекелді Шарманов академик, Қазақ тагамтану академиясының президенті:

– Мен гендік модификацияланған өнімді бір кісідей-ақ зерттеп келемін. Тағамды гендік өзгерту арқылы көбейтуді алдымен американалық ғалымдар 50-жылдары ашқанын жүртшылық жақсы біледі. Содан бері әлемде трансгендік өнімдер турали неше түрлі пікір айттылып жүр. Бірақ ешқайсысы нақты ғылыми тұжырымдалған жоқ. Сондықтан оның қаупі бар деп алдын ала байбалам салудың керегі жоқ. Тосқауыл саламыз деп те басты қатырудың қажеті шамалы. Қазір АҚШ, Жапония, Қытай, Корея сияқты елдердің бәрі гендік өзгеріске ұшыраған жаңа өнімдерді қаптатып шығарып жатыр. Бұл өнімдер жылдан жылға көбеймесе, азаймайды. Қайсыбіреулер: «Гендік модификацияланған азық-түлік ісік ауруларын туғызады, ағзаны зақымдайды, генді бұзады, иммунитетті төмендетеді», – деп жүр. Мұның бәріне сене беруге



болмайды. Адамның гені тамаққа бола бұзыла салатындаі оңай нәрсе емес. Оның бірнеше қабат қорғаныс құші бар. Ағзаның генетикалық кодын бұзу үшін радиация мен химиялық жойқын құш керек. Сондықтан қауіп тамақта емес. Қайта құрылымы, пішіні өзгерген тамақтың құрамы өртүрлі дәрумендермен байытылып, нәрлілігі арта түседі. Кезінде жануарлардың асылтуқымын, өсімдіктердің ерекше сорттарын, пайдалы микроорганизмдердің штамдарын жаңартып шығаратын селекция өдісі пайда болған кезде құллі дүниежүзі дүрлігіп, оған қарсы тұрды. Бүгінде оның пайдасының көп екеніне көз жеткіздік. Сондықтан тағамды молайтуға мүмкіндік жасап отырған технологияның шыққанына қуану керек.

(Сұхбаттасқан Қымбат Тоқтамұрат)



3. Академиктің «гендік модификацияланған өнімдер адам өміріне қауіпсіз» деген пікіріне қалай қарайсындар?



Қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем

Басыңқы сөйлемдегі ой бағыныңқыда айтылған ойға немесе бағыныңқыдағы ой басыңқыдағы ойға қарсы қойылатын сабақтастың түрі қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем деп аталады.

Бағыныңқы сөйлемінің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады:

1. Шартты райлы етістікке да, де шылауы тіркесінен болады: *Қанша тырысса да, тобығы орнына келмеді.*
2. Болымсыз тұлғадағы етістіктің шартты райынан болады: *Мотор үні өшиті демесен, екпіні басылмай тұр.*
3. Көмектес септік тұлғасындағы есімшеден болады: *Бұл атыраптың күні ыстық болғанмен, түні салқын.*
4. -ша, -шө тұлғалы есімшеден болады: *Мынның түсін білгенше, бірдің атын біл.*
5. Көсемше тұлғалы күрделі етістіктен болып, көмекші етістік тұра, тұрып сөзі болады: *Дүкеннің жабық екенін біле тұрып, Рустем соған беттеді.*
6. Шығыс септік тұлғасындағы болымсыз есімше түрінен болады: *Бетіме көз салмасстан, жасқа ерік бергеніне таңғалдым.*



4. Аудиожазбадан (12. mp3) эколог-биолог Евгений Климоўтіц пікірін тыңдаңдар.

Мәтін бойынша жұмыстар:

1. Мәтіннің мақсатты аудиториясын анықтау.
2. Мәтіннің жанрын анықтау.
3. Мәтіннің көркемдегіш құралдарын анықтау.



5. Тыңдалым және оқылым мәтіндеріндегі екіжақты пікірдің біреуіне таңдау жасап, өз ойларынды дәлелдей, кестеге жазындар. Қарсылықты бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлемді пайдалануға тырысындар.

Тыңдалым мәтініндегі ой	Оқылым мәтініндегі ой	Менің пікірім



6. Оқылым мәтініндегі сөйлемдерді қарсылықты бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлемге түрлендіріп көріндер. Жасалу жолын түсіндіріңдер.

Үлгі:

Кезінде селекция әдісіне күллі дүниежүзі қарсы тұрганымен, бүгінде халық оның пайдасының көп екенине көз жеткізді.

(Бағыныңқы сөйлемінің баяндауышы көмектес септік түлғасындағы есімшеден болған).



7. Гендік инженерияға арналған иллюстрация дайындандар.

§3.

Биотехнология саласындағы жаңалықтар



1. Өзіңнің көшірмен (клон) болғанын қалар ма едің? Биотехнологияның шегі бар ма?
2. Екі мәтінді мұқият оқып, салыстыра талдандар.

A мәтіні	Ә мәтіні
Тақырыбы	
Қызыметі	
Идеясы	
Тілдік ерекшелігі мен құрылымы	

A мәтіні

Қытай ғалымдары адам мүшелерін өсіріп шығарудың жаңа технологиясын сынақтан өткізіп, есту мүшелері кем балаарға көмектесті. Бұл зерттеу туралы «EBioMedicine» журнальында жарияланған.

Пациенттер – микротия ауруымен туған бес бала: олардың құлақ қалқаны дұрыс дамымаған немесе құлақ қалқаны мүлдем жоқ. Әдетте мұндай жағдай құлақта жиі кездеседі. Ғалымдар пациенттердің сау құлағының пішінін негізге ала отырып, 3D-принтерлі төсемеде басып шығарып, оған пациенттің жасушаларын сеуіп тастаған. Жасушалар үш ай ішінде өсіп шыққан соң, құлақ қалқанын балаларға отырызады.

Операциядан кейін екі жыл өткенде бес пациенттің төртеуінің отырғызылған құлақтарында шеміршек пайда бола бастады, ал үшеуінің құлақ қалқаны сау пішінге айналды, екі баланың құлағы біршама қисық болып қалады. Бірақ та мүшениң қабылдамау бірде-бір балада байқалмады.

Адам мүшелерін өсіріп шығарудың бұл тәсілі айтарлықтай қымбат болғанымен, ғалымдар одан әрі дамытуды және оны қолданудың жаңа амал-тәсілдерін іздестіруді жоспарлап отыр. Олар: «Бұл жұмыс құлақ пен басқа да шеміршектен

тұратын мүшелерді ұлпалық инженерия негізінде қайта қалпына келтіруге қатысты амалдардың өте жақын арада медициналық практикаға енетінін айқын дәлелдеді», – дейді.

Ә мәтіні

Әдетте денесі қатты күйген адамның терісін қалпына келтіру ұзақ уақытқа созылады. Оның үстіне жарақатты таңатын медициналық жабдықтарды жиі ауыстыру қажет. Емдеу процесінің ұзаққа созылатындығы да сондықтан. Жасанды тері арқылы осы қыындықтардан құтылуға болады. Фалымдар ең өуелі жануарларға тәжірибе жүргізген.

Қасым Мұқанов, ҚР БFM Ұлттық биотехнология орталығы бас директорының орынбасары:

– Жасанды тері жасау бойынша жүргізілген медициналық зерттеу жұмыстары оң нәтиже көрсетті. Бірнеше клетканың жасанды штамдарын (ағзаның таза дақылы) алып, клиникалық сынақтан өткізіп, әрі қарай медициналық тәжірибеде қолдануға болады. Алғашқы тәжірибелі сәтті өткізген орталық мамандары енді клиникалық сынаққа дайындалып жатыр. Бұл жолы сынақ адамның өзіне жүргізілуі мүмкін. Ол үшін ерікті донордан немесе науқастың өзінен тері жасушалары алынады. Сосын оны арнайы зертханада қажетінше үлкейтіп, күйік шалған немесе басқа жарақаттың үстіне жабыстырады. Бұл ең өуелі зақымданған терінің жылдам қалпына келуіне көмектеседі. Астыңғы жараның беті қатқаннан кейін он шақты құннің ішінде жасанды тері өздігінен түсіп қалады.

Ерлан Раманқұлов, ҚР БFM Ұлттық биотехнология орталығының бас директоры:

– Біз дені сай ересек адамдардың тері жасушаларымен жұмыс істейміз. Сол қарапайым жасушаларды керегінше түрлендіріп, қажетімізге жарататын боламыз. Жасанды теріні науқас адамдарға нақты қашан пайдалануға болады? Ол үшін фалымдар екі жылдай уақыт керек екенін айтады. Осындай ғылыми жұмысты тоқтатпай жүргізу үшін биылғы жылға қаражат жеткілікті. Ал енді Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының талаптарына сәйкестендіру үшін келесі жылды қыруар қаржы керек.



3. Қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмаластарды толықтырып жазындар. Өздерің де тақырыпқа қатысты бірнеше сөйлем құрастырындар.

1. Жапония жаңа биотехнологиялық әдістерді қолдану жағынан әлемде алдыңғы қатарда болса да,

2. Гендік модификацияланған өнімдердің зияны жок десек те,

3. Әлемде трансгендік өнімдер туралы неше түрлі пікір айтылып жүргенімен,

4. Бұл өнімдер жылдан жылға көбеймесе,

5. Фалымдар бұны халықты азық-түлікпен қамтасыз етудің негізгі жолы деп санағанымен, ...



4. Жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құрындар.

I Кіріспе

II Негізгі бөлім

1.

2.

3.

III Қорытынды



5. Жасанды теріге байланысты әлемдік тәжірибелер туралы ізденіп, зерттеу жасаңдар.



6. Оқылым мәтіндеріндегі қозғалған мәселеге көзқарастарынды білдіріп, сыныптастарыңмен пікір таластырындар.



7. «Биотехнология ғылымына қатысты жасалған тәжірибелер ақтала ма?» тақырыбында аргументті эссе жазындар. Сөз саны – 120–150.

§4.

Қазақстандағы биотехнология ғылымының дамуы



1. Суреттермен танысындар. Қазақстанда биотехнология ғылымы қандай деңгейде дамуда деп ойлайсындар? Пікірлеріңмен белгісіздер.



2. Мәтінді оқып, тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін талдандар.

Қазақстанда биотехнология саласы қарқынды дамып келеді. Мәселен, отандық ғалымдар биоүйлесімді желім өзірлеп шығарды. Оның қолданылу аясы – медицина мен биология. Биоүйлесімді желім қарапайым хирургиялық тігістерді алмастыруы мүмкін. Бұл жобамен Ұлттық биотехнология орталығының ғалымдары екі жылдан бері шұғылданып келеді. Мамандардың айтуынша, олар осыған ұқсас материалдардан жұз есе сапалы, төзімділігі жоғары материалға қол жеткізген.

Бұғінгі күні дүниежүзінде медициналық желім жасап шығарумен бар болғаны бірнеше ғана ғылыми топ айналысады. Қазақстанның ғалымдардың өзірлемелері импорттың орнын отандық өніммен алмастыруға және алдағы уақытта шетелдік нарыққа шығуға мүмкіндік береді.

Қазір Биотехнология орталығы басқа да бағыттар бойынша жұмыс жүргізуде. Айталық, ғалымдар ауылшаруашылығында гербицидке төтеп беретін бактериалды ген егілген мақтаның ерекше сортын жасап шығарды. Мұндай мақта сортын жетілдіру келешекте өнімділіктің артуына әкеледі.

Ұлттық биотехнология орталығы ғалымдары осы жетістіктермен шектелмек емес, өз өзірлемелерін жасауды одан әрі жалғастыра береді.

Ерлан Раманұлов, Ұлттық биотехнология орталығының бас директоры:

– Бидайдың, картоптың жаңа сорттарын биотехнологиялық әдістердің көмегімен жасап шығарудамыз, олар топырақтың сортаңдануына, құргақшылыққа, кейбір зиянкестерге төтеп бере алады. Біз өсімдіктер мен жануарлардың ауруларын айқындау мақсатында диагностикалар жасаймыз.

Медицина үшін диагностикалар өзірлейміз. Медицинада адам генетикасы саласында жүргізген зерттеулеріміз ете көп.

Елбасының Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауында айтылған төртінші өнеркәсіптік революция, ғалымдардың пайымынша, биотехнологияның дамуынсыз мүмкін емес. Сондықтан да Орталықтың мамандары адам өмірін жақсартуға мүмкіндік беретін инновациялық шешімдерді одан әрі құрастыруға ниетті. Тағы да бір басты міндеттерінің бірі – осы саланы мол табысты бизнес көзіне айналдыру.

(Ұлттық биотехнология орталығы сайтынан)



3. Оқылым мәтіні негізінде екі дәйексөз жазып, «Қосжазба күнделігін» толтырындар.

Дәйексөз	Менің пікірім



4. Берілген сөйлемдерді салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдерге айналдырып, мағыналық түрін ажыратындар.

Берілген сөйлемдер	Өз сөйлемдерің
Қазақстан ғылымындағы маңызды жетістіктердің бірі – 1993 жылы Ұлттық биотехнология орталығының құрылуы. Бұл орталық – фундаментальды зерттеулер жүргізетін базалық мекеме.	
Ұлттық биотехнология орталығы осы же тістіктермен шектелмек емес, ғалымдар өз өзірлемелерін одан әрі де жалғастыра бермек.	
Төртінші өнеркәсіптік революция биотехнологияның дамуынсыз мүмкін емес. Сондықтан да Орталықтың мамандары адам өмірін жақсартуға мүмкіндік беретін инновациялық шешімдерді одан әрі құрастыруға ниетті.	

Берілген сөйлемдер	Өз сөйлемдерің
Біз өсімдіктер мен жануарлардың ауруларын айқындау мақсатында диагностикалар жасаймыз. Біз медицина үшін диагностикалар өзірлейміз.	
Қазақстанның ғалымдардың өзірленімі импорттың орнын отандық өніммен алмастыруға және алдағы уақытта шетелдік нарыққа шығуға мүмкіндік береді.	
Биотехнологіц қызметін екі сөзбен айттып жеткізу мүмкін емес. Оның жұмысы медицинаны да, фармацевтиканы да, гендік инженерияны да қамтиды.	
Үлттың салауаттылығы, елдің экономикалық және қорғаныс қабілеттілігі – маңызды мәселелер. Бұл мәселелерді шешуде биотехнология шешуші рөл атқарады.	

-  5. Фаламтор мен газет-журналдарды пайдалана отырып, отандық биотехнология ғылыминың қол жеткізген табыстары туралы зерттеу жүргізіндер.
-  6. Жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құрындар.

I Кіріспе
II Негізгі бөлім

- 1.
- 2.
- 3.

III Қорытынды

-  7. ҚР Үлттық биотехнология орталығы туралы мәтіннің тезисін жазып келиндер.

§5.

Атақты биотехнологтер



1. Биотехнология ғылымына үлес қосқан қандай ғалымдарды білесіндер?
2. Мәтінді оқып, алдыңғы тақырыптағы оқылым мәтінімен салыстыра талдандар.

«Қазақстандағы биотехнология ғылымының дамуы» мәтіні	«Атақты биотехнологтер» мәтіні
	Тақырыбы
	Қызыметі
	Идеясы
	Тілдік ерекшелігі мен құрылымы

Ізбасар Рахымбаев – биология ғылымдарының докторы, ҰҒА академигі, профессор. 1936 жылы Алматы облысында дүниеге келген. К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауылшаруашылық институтын бітірген. 370-ке жуық ғылыми еңбекі, оның ішінде 7 монография, 9 оқу қуралы, 21 оқулығы бар. Бидайдың 4 жаңа сорттының, 2 күріш сорттының авторы. Қазақстанда алғаш рет өсімдіктер биотехнологиясының негізін қалаған профессор. Ғалымдар I. Рахымбаевтың басшылығымен микрокөбейту әдісін пайдаланып, өсімдіктің 2400-ден астам түрін шығарды. Осындағы жұмыстардың нәтижесінде сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктердің генофондысын сақтауға және көбейтүгे, сәндік өсімдіктердің бірегей сорттарын тез арада көбейтүге мүмкіндік туды.

(Өсімдіктердің биологиясы және биотехнологиясы институты жинақтаган мәліметтерден)



3. Биотехнология және гендік инженерия ғылымында отандық ғалымдардың ашқан жаңалықтары туралы сұхбаттасындар. Қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдап, орта көлемді монолог дайындаңдар.
4. Жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құрындар.



Мезгіл бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлем

Бағыныңқы сөйлемі басыңқы сөйлемдегі ойдың болу мезгілін білдіретін құрмаластың түрі – мезгіл бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлем.

Сұрақтары: *Қашан? Қашаннан бері? Қашанға шейін?*

Бағыныңқы сөйлемінің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады:

1. Жатыс септік тұлғаласындағы есімшеден болады: *Абай жолға шыққанда, оның бар ойы ауылына тезірек жету еді.*
2. Есімше тұлғалы етістік пен кезде, күнде, шақта, уақытта деген мезгіл мәнді сөздердің тіркесінен болады: *Жусан иісі мұрынға келген уақытта, біз міндетті түрде Аянды еске аламыз.*
3. Барыс және шығыс септік тұлғасындағы есімше мен шейін, дейін, кейін, соң, бері, бұрын шылауарының тіркесінен болады: *Сейіттің әке-шешесі өлгеннен кейін, Игілік жетім баланы өз қасына алдырған.*
4. -ша, -ше тұлғалы есімшеден болады: *Балалар беттерін ауылға бұрганша, ойға таман түсіп келе жатқан қалың көш көрінді.*
5. Көсемшениң -ғалы, -гелі, -қалы, -келі тұлғасынан болады: *Біржан ауылға келгелі, Абай жанынан бір елі ажыраған емес.*
6. -ысымен (-ісімен) қосымшалы етістіктен болады: *Күн ұясына кірісімен, ауыл балалары Аянның жанына жиналады.*



- 5.** Мезгіл бағыныңқы сабактас құрмаластың жасалу жолдарына тақырыпқа қатысты бір мысалдан келтіріндер. Жасалу жолын түсіндіріндер.

Үлгі:

Биотехнология гылымын дамыту заман талабы болып түрган уақытта, біздің галымдар да аянбай еңбек етуде.

(Бағыныңқы сөйлемінің баяндауышы есімше тұлғалы етістік пен кезде, күнде, шақта, уақытта деген мезгіл мәнді сөздердің тіркесінен болған).



- 6.** Қазақстандық биотехнолог ғалымдар туралы деректер жинаңдар, ондағы жай сөйлемдерді мезгіл бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлемге айналдырып, өндеп көріндер.

§6.

Әлеуметтік көзқарастар Қақтығысы



1. Мәтінді оқып, ондағы ақпараттарды «5-5-1» әдісімен түйіндеңдер. Мәтін мазмұнын ашатын 5 сөйлем алып, оны 5 сөзге қысқартыңдар, сонында 1 кілт сөзді атаңдар.

ГМО (гендік модификацияланған организмдер) – гендік инженерияның табысты жемісіне айналып отыр. Нақтырақ айтсақ, ГМО бір ағзаның геніне бөтен ағзаның генін енгізу арқылы пайда болады. Мысалы, шетелдерден тасымалданатын шие мен қытай қиярына шошқаның гені қосылады екен. Америка 1983 жылы биологиялық қару жасау барысында ең алғашқы гендік модификацияланған өсімдіктерді өндірген. Сосын гендік модификация 1986 жылы өсімдіктерді үсіп кетуден сақтау үшін пайдаланылған. Бұл сол кездері ғылымдағы үлкен жетістіктердің бірі болатын. 1994 жылы тасымалдау кезінде бұзылмай сақталатын қызанақтар өндірілді.

ГМО-ның пайда болуының себебін ғалымдар жер шарында адам санының жыл санап жедел қарқынмен өсіп келе жатқанымен байланыстырады. Статистикаға көз жүгірттін болсақ, 1800 жылы жер бетіндегі адам саны 1 миллиард, 1929 жылы 2 миллиард болса, соңғы 50 жылдың ішінде 7 миллиард-қа дейін өсken. Ал 2050 жылға дейін 9,5–11 миллиард адамға көбейеді деген болжам бар. Жер шары осыншама адамды асырай алмауы мүмкін. Соңдықтан да ғалымдар ГМО арқылы әлем тұрғындарын аштықтан аман алып қалудың жолын тапқан сыңайлыш.

Шаруашылықта ГМО-ның пайдасы өте көп. Атап айтсақ, тағамның дәмділігі мен сапасы артады, тез пісіп, жетілуін жеделдетеді, құнарлылығы жоғарылайды, ұзак уақыт сақтауға болады, құрт тұсуден, зиянды ағзалардан сақтайды, ең бастысы, жаңаша өсіру технологиясы арқылы жаңа түр алуға болады. Дегенмен ГМО-ның зияны да көп деп деп ойлаймыз: аллергия ауруын туыннатады, иммунитет өлсірейді, зат алмасу қызметі нашарлайды, қатерлі ісік ауруы пайда болуы мүмкін.

ГМО тағамдары адамды семіздікке ұрындырады. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, әлемде 1,9 миллиард адам артық салмақтан арыла алмай келеді.

Гендік өзгеріске ұшырап, будандастыру арқылы алынған жануарлардың жаңа түрлерінен де үрпақ өрбімейді. Мысалы, жылқы мен есектің буданынан алынған жануар өседі, жетілеңді, бірақ үрпақсыз.

Қазіргі таңда көптеген елдер гендік модификацияланған өнімдерден бас тарту туралы заңдар қабылдаған. Австрия, Грекия, Польша, Швейцария, Венесуэла ГМО өнімдерінен мұлдем бас тартты. Алайда басқа батыс елдерінің тұрғындары ГМО-ны азық етуге мәжбүр. Өйткені экологиялық жағынан таза өнімдерді қарапайым халықтың қалтасы көтермейтін көрінеді. Қазақстанда жағдай өзгеріссіз күйінде. 2000 жылды биоқауіпсіздік туралы Картахен көлісімі қабылданғаны мәлім. Бұл құжатта көптеген мемлекеттің ГМО өнімдеріне қатысты көзқарастары белгіленіп, 166 мемлекет қол қойған. Сол елдердің ішінде Қазақстан да бар. Құжатта көрсетілгендей өнімнің зияндылығы дәлелденген жағдайда кез келген гендік тұрғыда өзгертілген өнім зиян деп танылады.

(Маржан Сәбет)

-  2. Оқылым мәтіні негізінде ГМО-ның оң және теріс жақтарын баяндайтын постер дайындал, сыныптастарыңмен 2 топқа бөлініп, қорғаңдар.
-  3. Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, ойталқыдағы екі пікірдің біреуіне таңдау жасап, өз ойларынды дәлелдеп, аргументті эссе жазындар. Сөз саны – 80–100.
-  4. Өзің оқитын мектеп оқушылары, көршілерің немесе туған-тұысқандарыңың ГМО өнімдерді қолданатын/қолданбайтындығын анықтап, статистикалық диаграмма құрындар.
-  5. Оқылым мәтінінен құрмалас сөйлемдерді тауып, қай түріне жататынын анықтаңдар.



6. Кестедегі сөйлемдерді сабактас құрмаласқа айналдырыңдар.

Берілген сөйлемдер	Оз сөйлемдерің
Америка 1983 жылы биология-лық қару жасау барысында гендік модификацияланған өсімдіктерді өндірген. 1986 жылы гендік модификация өсімдіктерді үсіп кетуден сақтау үшін пайдаланылды.	
ГМО-ның шаруашылықтағы пайдалысы өте көп. Мәселен, өнім тез піседі, тез жетіледі, ұзақ уақыт сақтауға болады, құрт түсуден, зиянды ағзалардан сақтайты.	
Жер шарында адам саны жыл санап жедел қарқынмен өсіп келеді, сол себепті ғалымдар оларды аштықтан аман алып қалудың жолдарын қарастыруда.	
Жер шары осыншама адамды асырай алмауы мүмкін, сондықтан да ГМО-ға қажеттілік пайда болды.	
2000 жылы биоқауіпсіздік туралы Картахен келісімі қабылданды. Бұл құжатқа 166 мемлекет қол қойған.	



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Биотехнологиялық жолмен алынған бір өнімді «РАФТ» өдісімен таныстырыңдар.

P – биотехнолог ғалым
A – ғалымдар мен тұтынушылар
Ф – ғылыми семинар
Т – жаңа биотехнологиялық өнімнің презентациясы
2. Биотехнология мен гендік инженерия ғылымының болашағы туралы мақала жазыңдар.

VII

БӨЛІМ

БҮҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

СИНТАКСИС

Бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

- төртінші биліктің пайда болу тарихы туралы;
- әлемдік бүқаралық ақпарат құралдары жайлы;
- себеп бағыныңқы сабактас құрмалас пен қимыл-сын бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлем туралы білесіндер.

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
(А.Байтұрсынұлы)

§1.

Бүқаралық ақпарат құралдары – көпшілікке ақпаратты жеткізу құралдары



1. Бүқаралық ақпарат құралдарының адам өмірінде атқаратын рөлі қандай? Суретке қарап, өз ойларыңмен бөлісіңдер.



2. Мәтінді сызбадағы мәліметтермен қосып оқып, құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшелігін талдаңдар.



Бұқаралық ақпарат құралдары – баспа, дыбыс-бейне хабарлар мен материалдар, яғни бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз таратудың нысаны.

Бұқаралық ақпарат құралының өнімі – мерзімді баспасөз басылымының жеке нөмірінің немесе дыбыс-бейне бағдарламасының таралымы немесе таралымының бір бөлігі, радио, теле, кинохроникалық бағдарламалардың жеке шығарылымы, ғаламтор ресурстарында орналастырылған ақпарат.

Бұқаралық ақпарат құралының өнімін тарату – мерзімді баспасөз басылымдарын сату (жазылу, жеткізу, үлестіру), радио, телебағдарламаларды әфирге шығару, кинохроникалық бағдарламаларды көрсету және ғаламтор ресурстарында ақпаратты орналастыру.

Бұқаралық ақпарат құралының редакциясы – бұқаралық ақпарат құралына материалдар жинауды, дайындауды және шығаруды жүзеге асыратын жеке тұлға не заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын шығармашылық ұжым.

Желілік басылым – ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, уәкілетті органда есепке қою рәсімінен өткен ғаламтор ресурсы.

Бас редактор (редактор) – бұқаралық ақпарат құралының редакциясын басқаратын және оны шығару мен таратуға, әфирге шығаруға өкілеттігі бар жеке тұлға.

Журналист – бұқаралық ақпарат құралының өкілі, еңбек қатынастары немесе өзге де шарттық қатынастар негізінде бұқаралық ақпарат құралы үшін материалдар жинау, оларды өндеу және өзірлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға.

Таратушы – мешіткік иесімен, баспағермен шарт бойынша немесе өзге де заңды негізде бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

(*Республикалық құқықтық ақпарат орталығының мәліметтерінен*)



3. Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы маңызы қандай деп ойлайсыңдар? Қай бұқаралық ақпарат құралдарына көбірек жүргінесіндер?



Себеп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем

Себеп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем – бағыныңқы сөйлем басынқы сөйлемде айтылған ойдың себебін білдіретін сабақтастың түрі.

Сұрақтары: *Неліктен? Не себепті? Неге? Не деп?*

Бағыныңқы сөйлемінің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады:

1. Есімшенің өткен шақ формасына *-дық+тан* (-дік+тен) деген жұрнақ пен жалғаудың қосылуы арқылы жасалады: *Өзі кешкі кезекте істейтін болғандықтан, бүгін тынығып жатыр екен* (Д.Исабеков).
2. Есімшенің өткен шақ формасына *соң шылауы тіркесуі* арқылы жасалады: *Шаршап кеткен соң, екеуміз трактордың көлеңкесіне жатып дем алдық* (Д.Исабеков).
3. Көсемшенің -й жұрнағына біткен етістіктің болымсыз түрінен жасалады: *Арапарына түсемтін арашаши болмай, екеуі де әбден титықтап шаршады* (М.Әуезов).
4. Ашық райлы етістікке *деп* көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады: *Ер Төстік жалмауыздың қолында қалды деп, елі мұлде күдер үзіп қояды* («Ер Төстік» ертегісі).



- 4.** Уш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Оқылым мәтінінің тілдік құралдарын талдай отырып, стиль түрін ажыратыңдар.

Тілдік құралдар	Стиль түрі

2-топ. Оқылым мәтініндегі мәліметтерді негізге алып, себеп бағыныңқы сабақтас сөйлемдерге мысалдар жазыңдар.

Үлгі:

Бас редактор бүқаралық ақпарат құралының редакциясын басқаратын түлға болғандықтан, оның материалды шыгару мен таратуга, әфирге шыгаруға өкілеттігі болады.

3-топ. Оқылым мәтініндегі ақпаратты пайдаланып, «БАҚ қызметі» тақырыбында постер құраңдар.



1840 жылды француз жазушысы Оноре де Бальзак баспасөзді «төртінші билік» деп атады. Билік институтында БАҚ-тың заңды билігі болмағанымен, оның саяси процесстегі орнын жоққа шығара алмайсыз. Ал электронды ақпарат құралдары пайда болғалы, БАҚ бүгінгі қоғамды, саяси биліктік қатынастарды түбірімен түрлендіріп жіберді.



- Жауға қарсы жүздеген мың қол өскерден төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор (*Наполеон Бонопарт*).
- Газет – халықтың көзі, құлағы һем тілі (*Ахмет Байтурсынұлы*).
- Баспасөз – қоғамдық сананың жетекшісі (*Ги де Монаксан*).



- 5.** Басыңқы сөйлемін ойдан жазып, себеп бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлемдерді аяқтаңдар.

Бағыныңқы сөйлем	Басыңқы сөйлем
Бұқаралық ақпарат құралдары азаматтарды жұмылдыруда үлкен рөл атқаратын болғандықтан,	
Адам ақпараттың басым бөлігін БАҚ арқылы алатын болған соң,	
Газет өз оқырмандарымен тікелей байланыс орната алмай,	
Халықты жұлдыздардың жеке өмірі қызықтырады деп,	



- 6.** Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

- «Артық болмас білгенің» айдарында берілген өз сөйлемге өз дөлелдемелерінді қосу арқылы оларды себеп бағыныңқы сабактасқа айналдырындар.
- «Фибратты сөз» айдарында берілген қанатты сөздерді қатыстырып, тәменгі сынып оқушыларын газет оқуға қызықтыратын үндеу жазындар. Себеп бағыныңқы сөйлемдердің болуын қадағаландар. Сөз саны – 100.

§2.

Төртінші биліктің пайда болу тарихы



1. Не себепті БАҚ-ты «төртінші билік» деп атаған? Оның қоғамда атқаратын қызметі қаншалықты маңызды?



2. «Газет пен радионың пайда болу тарихы» мәтінін (13. тр3) тыңдалап, негізгі ойды анықтаңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Ең алғашқы газеттер қандай материалдарға басылды және оларда қандай мәселелер жарияланды?
2. Алғашқы құйма әріпті баспа станогін ойладап тапқан кім?
3. Бүгінгі газеттерге үқсас ең бірінші басылым қай жылы, қай елде шықты?
4. Америка мен Ресейде шыққан алғашқы газеттер қалай аталды?
5. Төмендегі ақпараттардың дұрыстығын тексеріндер.



Гульельмо Маркони – Нобель сыйлығының иегері



Ганс Христиан Эрстед – Поповтың тәжірибесін жалғастырушы



Попов Александр Степанович – радио аппаратын ойладап тапқан ғалым



3. Фаламтор желісінен алынған сөйлемдерге логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.

1. Қазіргі уақытта бұқаралық ақпарат құралдары көп-қырлышты билік пен жүртшылық арасындағы тиімді байланысты жүйелеуге, адамдардың нақты проблемаларын

шешуге мүмкіндік беретін әртүрлі ойлар мен көзқарастарды көрсететін өзіндік пікірталас алаңына айналды.

2. Облысымыздың ақпараттық кеңістігінде алпысқа жуық бұқаралық ақпарат құралдары белсенді түрде еңбек етуде.

3. Бұқаралық ақпарат құралдары адам өміріне терең еніп, онымен тығыз байланысқа түсті. Ол әр адамның өміріне дерліктей өсерін тигізеді.

4. БАҚ ішінде керексіз, жалған, тұтынушыны тұзу жолдан бұзатын ақпарат жеткілікті. Бұл кішкентайлар мен жастарға үлкен қаупін тигізеді. Кішкентайлар мен жастар әлі толық жақсы мен жаманды ажыратса алмайтынын әр адам біледі. Жастар керексіз ақпаратты қабылдап, жалған білім немесе дұрыс емес дүниетанымға ие болу қаупі бар.



Қимыл-сын бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлем

Қимыл-сын бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлем – бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі ойдың қалай орындалғанын білдіретін сабактастың түрі.

Бағыныңқы сөйлемінің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады:

1. -а, -е, -й және -ып, -іп, -п тұлғалы көсемшеден болады: *Алыста жүрген немересін есінен шығармай, тілеуін тілеп отыратын. Бүкіл ауыл көңілденіп, думанды бол қалады.*
2. Есімше тұлғасына -дай, -дей жүрнағы жалғанып жасалады: *Бала-лары анасынан туғандай, түрлери бір келбетте.*
3. Есімше тұлғасына күйі, күйінде, қалпы, қалпында, бетте деген көмекші есімдердің тіркесуі арқылы жасалады: *Қоңырқай солақша беті күренденген күйі, бала жұмысына қайта кірсіті.*
4. Болымсыз етістікке есімше жүрнағы, оған шығыс септік жалғауы жалғану арқылы жасалады: *Ол ештеңені уайымдамастан, бірден үйқыға бас қойды.*



4. Тақырыпты негізге алып, қимыл-сын бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдарына мысалдар жазындар.
5. Өздеріце ұнайтын газет, журнал, радио не телеарна тарихын зерттеп, презентация дайындаңдар. Сабактас құрмалас сөйлемдерді пайдаланындар.



§3.

Бұқаралық ақпарат құралдарының түрлері



1. Күнделікті өмірде қай бұқаралық ақпарат құралын көбірек пайдаланасындар? Неліктен? Ойларыңмен бөлісіңдер.
2. Мәтінді оқып, анықталған мәліметтерді кесте, диаграмма не сызба арқылы көрсетіңдер.

Қазақстандағы мерзімді басылымдар мен радиостанция

Газет – тұрақты атаумен кем дегенде айына бір рет үздік-сіз шығатын басылым. Қазақ тіліндегі тұңғыш басылымдар – «Түркістан уәлаятының газеті» (1870–1882) мен «Дала уәлаятының газеті» (1888–1902). XX ғасырдың басында қазақ зиялыштары ұлттық мұддені көздең, бұқаралық сананы оятуға ұмтылған «Қазақ» (1913–1918), «Айқап» (1911–1915), «Серке» (1907) басылымдарын шығаруды қолға алды.

Қазіргі кезде қазақ тілінде 100-ге тарта газет шығарылады («Егемен Қазақстан», «Жас Алаш», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі» т.б.). Олар шартты түрде реңми, тәуелсіз, партиялық т.б.; таралым аумағына қарай орталық (республикалық), облыстық, қалалық, аудандық деп бөлінеді.


Радио – радиобайланыстың көмегімен өзге толқындары арқылы хабар тарататын бұқаралық ақпарат құралдарының бір түрі. Радионың негізгі жанрлары: ақпараттық, қоғамдық-саяси, көркем-публицистикалық жанрлар (радиоочерк, радиофельєтон, радиокомпозиция) және көркем жанрлар (радиоинсценировка, радиопьеса және т.б.). Радио өз хабарларында әдеби және музыкалық шығармалардың трансляциясын да, радиога арнағы дайындалған драмалық және опера-лық спектакльдерді де пайдаланады.

Қазақстанда 30-дан астам радиостанциялар бар. Оның ішінде Қазақстан тұрғындарына, ТМД елдерінде және шетелдерде тұратын қазақ тыңдармандарына хабар тарататын «Қазақ радиосының» алатын орны ерекше. Оның 60-тан астам қоғамдық-танымдық, 20-та жуық музыкалық ойын-сауық бағдарламасы бар. Жедел ақпараттар (жаңалықтар, шолулар, репортаждар т.б.), қоғамдық-саяси, экономикалық,

тылыми, білім беру, әдеби-драмалық, музыкалық, спорттық және басқа хабарлар таратылады.



3. Мәтінде берілген ақпарат пен диаграммадағы ақпаратты салыстыра отырып, маңызды тұстары мен үрдістерді анықтап жазындар. Мәтін құрылымын сақтаңдар.



4. Басыңқы сөйлемін ойдан жазып, қимыл-сын бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлемдерді аяқтаңдар.

Бағыныңқы сөйлем	Басыңқы сөйлем
Бальзак баспасөзді «төртінші билік» деп атап,	
Осы оқиғаны өз көзімен көргендей,	
Теледидар көріп отырған күйі,	
Жаңалықтарды аяғына дейін оқымастан,	



5. Қазіргі БАҚ түрлеріне байланысты өзіндік сынни пікірлер, көзқарастар, жаңа идеяларды қамтып, РАФТ стратегиясы бойынша рөлдік сұхбат құрындар.

Рөл – журналист

Аудитория – сынып оқушылары

Форма – сұхбат

Тақырып – «Қазіргі БАҚ-тың дамуы»



6. Тұған-туystарың мен ата-анаңа, сыныптастарыңа сауалнама жүргізіп, олардың БАҚ-ты пайдалану статистикасын (проценттік көрсеткішін) диаграммаға түсіріңдер.

Теледидар көретіндер	Радио тындаитындар	Газет-журнал оқытындар	Фаламтор қолданушылар

§4.

Әлемдік бұқаралық ақпарат құралдары



1. Әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарын қаншалықты пайдалана-сындар?



2. «Әлемдік бұқаралық ақпарат құралдары» (14. mp3) мәтінін тың-даپ, сұрақтарға жауап беріндер. Мәтіндегі айтылған ойға өз көзқа-растарыңды білдіріп, сини түрғыдан баға беріндер.

1. Ақпарат тарату алаңы бойынша қай БАҚ түрі көш бастап түр?

2. Аталған БАҚ-тардың әлемдік деңгейде танымал болуы-ның сыры неде? Ойларыңмен бөлісіндер.

3. Аты аталған арналар мен газеттерді пайдаланып көрдің-дер ме?

4. Алдағы жиырма жылда аталмыш БАҚ-тардың ақпарат тарату деңгейі мен көлемі қандай болады деп ойлай-сындар?



3. Тыңдалым мәтінін қайта тыңдаپ, кестедегі мәліметтермен салыстырып, толықтырулар енгізіндер.

Джон Уолтер «Таймстің» негізін 1875 жылы қалауды.

Ол кезде газет «The Times» деп аталған.

«Таймс» – АҚШ-тың күнделікті газеті.

CNN-нің негізін 1980 жылы Тед Тернер қалаған.

CNN әлемнің 28-ден астам елінде таралады.

BBC (British Broadcasting Corporation) – Ұлыбританияның радиоха-бар бірлестігі.



4. Мәтінді мұқият оқып шығып, жанрлық ерекшелігін анықтаңдар.

Роберт Эдвард (Тед) Тернер III – әлемдік медиаимпе-рияның, яғни тәулік бойы хабар тарататын CNN жаңалықтар телеарнасының негізін қалаушы америкалық көсіпкер.

Тед Тернер 1938 жылдың 19 қарашасында Охайо штатын-дағы Цинциннати қаласында дүниеге келген.

Кішкентай кезінде ата-анасы Тенесиге қөшіп, Тед осы жерде ұзақ тұрды. Әкесі Әдтің «Turner Outdoor Advertising» атты шағын жарнама агенттігі болған. Әке мен баланың арасында түсініспеушіліктер жиі туындытын. Соған қарамастан, жас кезінде әкесінен алған тәлімі бизнесте табысқа жету жолында көп көмектескен.

Тед Тернер бала кезінен тарихи тұлғалар туралы шығармаларды көп оқыды. Ол Александр Македонский, генерал Джордж Паттон және ғұндар қағаны Аттилаға еліктеді, соларды пір тұтты.

Тед Тернер 1980 жылы тәулік бойы жаңалықтар тарататын CNN (Cable News Network) арнасының негізін қалады. Қөп ұзамай бұл арна Американың аясынан асып, бүкіл әлемді қамтиды. Ең кереметі, CNN тілшілері Жердің жасанды серігінің көмегімен елеулі оқиғалардың тұра ортасынан тікелей репортаждар бере бастады. Өткен ғасырдың 80-жылдарының басында бұл нағыз революция еdi.

Бүгінгі күні CNN – әлемнің барлық мемлекетінде, соның ішінде Қазақстанда да хабар тарататын алып медиаимперия.

(«Бизнестің 10 данышпаны» кітабынан)



5. Оқылым мәтінінен алғынған ақпараттардан сабақтас құрмалас сөйлемдер құрастырып, жазындар. Мағыналық түрін ажыратындар.

Мәтіндегі сөйлем	Сабақтас құрмалас

6. Сыныптастарыңмен мектеп жаңалықтарына арналған газет дауындандар. Газеттің айдарларын өз қалауларыңмен таңдандар. Мәселен, «Мектеп жүлдіздары», «Спорт пен мәдениет» т.б.

7. Оқылым мәтініндегі мәліметтерді толықтырып, «Әлемдік медиаимперияның негізін қалаушы» тақырыбында кәсіби қызметкө жету жолын қамтитын презентация дайындаңдар.

§5.

Қазақстан Республикасының телеарналары



1. Қай отандық телеарналарды көріп тамашалайсыңдар? «Qazaqstan» үлттық арнасының қандай бағдарламаларын көресіңдер?
2. Мәтіндегі ақпаратты кесте не сызба түрінде көрсетіңдер.



Қазақстанда 30-дан аса телеарна көгілдір әкраннан көрерменге өз жұмысын ұсынуда. Соның ішінде үлттық телеарналарының алатын орны зор. «Қазақстан» Үлттық телеарнасы – бірінші қазақстандық телеарна. 1958 жылдың 8 наурызында Алматыда «Қазақстан» қонақүйі маңында орналасқан телестудия тұңғыш рет хабар таратты, желтоқсан айынан күнделікті 5 сағаттық хабар беріле бастады. Бұл ел тарихындағы елең еткізер айшықты жаңалық еді. Тұңғыш телеарна аз уақытта үлттың үні, қоғамның айнасына айналды.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақ теледидарының тарихында жаңа кезең басталды. 1994 жылы 4 сәуірде Қазақстан Президентінің жарлығымен «Қазақстан теледидары мен радиосы» республикалық корпорациясы болып құрылды. 2002 жылдан «Қазақстан» Үлттық телеарнасы деп аталды. Үлттық арна 100% қазақ тілінде хабар тарататын еліміздегі ең алғашқы және жалғыз телеарна ретінде отандық телевизия тарихында алтын өріппен жазылды.

«Қазақстан» Үлттық телеарнасы хабарларын 2003 жылдан бастап Қыргызстан, Өзбекстан, Ресейдің Қазақстанмен шекаралас 12 облысы мен Қытайдың Шыңжан-Ұйғыр автономдық аудандарының тұрғындары көре бастады. Бұған қоса Қазақстанның түкпір-түкпірінде 14 филиалы жұмыс жасап жатыр.

«Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы АҚ құрамында «Қазақстан» Үлттық арнасы, «Қазақ радиосы», «Шалқар», «Классик» радиолары бар. Балаларға арналған «Балапан», спортсүйер көрермендерге арналған «Қазспорт» телеарналарын іске қосты.

Телерадиокорпорация 60-тың асуына жаңаша түлеп, креативті түрде қадам басты. «Qazaqstan» Үлттық телеарнасында

барлық филиалдарымен бірге ребрендинг (брендтің логотипін өзгерту) жүргізілді. Бұл – рухани жаңғырудың бастауы.

(Руслан Нұрланұлы)



3. Мүмкіндіктерің болса, «Qazaqstan» Ұлттық арнасының жұмысына қандай өзгерістер енгізер едіңдер?



Мақсат бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлем

Мақсат бағыныңқы сабактас сөйлемнің бағыныңқысы басынқыдағы іс-әрекеттің, ойдың мақсатын білдіреді.

Бағыныңқының баяндауыштары а) түйік етістікке, кейде болжалды келер шақ есімшенің болымсыз түріне үшін шылауының тіркесуі арқылы (көру үшін, көрмес үшін,); ә) -мақ, -мек жүрнақты етістіктен кейін болып деген көмекші етістіктің (-мақ болып); б) етістіктің шартты, қалау және бүйрық райының III жағынан кейін деген көмекші етістіктігінің (айтсам дег, айтайын дег, аитсын дег) тіркесуі арқылы жасалады.

Мақсат бағыныңқы сабактастың жай сөйлемдері үтір арқылы бөлінеді. Мысалдар: *Дәүіт ұшып кетпеу үшін, қарлығаш оның қанатын қырқып қояды. Адам мен ат жазып болып жүрмес үшін, тек айналма бәйгемен тынбаққа келісті. Ат тұяғының дүбірі естілмесін дег, бұлар ауылдың ық жағымен жүрді. Абай оңаша сөйлесейін дег, Магаш, Әбіштерді осында шақыртқан. Абайлар Ойқұдықтағы ауылға жете қонбақ болып, аттарын шоқытта жәнелді. Білмегенін білсем дег, оқушылар ынтығар.*



4. Елімізде хабар тарататын қандай телеарналарды білесіңдер? Берілген тізімді жалғап, олардың рөлі туралы сұхбаттасындар. Айтылған ойға өз көзқарастарынды білдіріп, сыни түрғыдан баға беріңдер.

- | | |
|--------------|----------------------------|
| 1. Qazaqstan | 8. Жетінші арна |
| 2. Balapan | 9. Kazakh TV |
| 3. Хабар | 10. Еуразия бірінші арнасы |
| 4. Qazsport | 11. Мир |
| 5. 24 kz | 12. 31 канал |
| 6. Astana TV | 13. НТК |
| 7. КТК | 14. СТВ |



5. Мақсат бағыныңқы сабақтас құрмаластың әрбір жасалу жолына тақырыпқа қатысты мысалдар келтіріндер.

Үлгі:

Балалар багдарламаларды, фильмдер мен мультфильмдердің қазақ тілінде көрсін деп, «Балапан» телеарнасы ашилды.



6. Орны алмасқан сөздерді дүрыс қою арқылы сөйлем құрап, тыныс белгісін қойындар. Сөйлем түрін ажыратындар.

1. алғаш / ақшаның / түскенін / ертіп / көру / оны / ол / үшін / келді / осында.
2. болымсыз / бола / нәрсеге / кетті / жазалауы / сайын / күн / өткен / жиілеп / балаларды / қатайып / мінезі.
3. қара / ашты / біліммен / ол / ошақтарын / боп / қазақ / сусыннатпақ / білім / жерінде / халықты.
4. ма / қойды / қалар / тына / алдына / екен / деп / самауырда / Қөпей / есік / сол / шаң.
5. оңбай / жерге / гүрс / ете / берді / көзі / Қайрат / жасаурап / сипалай / жамбасын / түскен.



7. Сыныптастарыңмен топтаса отырып, шағын телебағдарлама сценарийін құрындар. Бір-бірінің жұмыстарың түзетулер енгізіп, редакцияланадар.

Ұсынылатын телебағдарлама бағыттары:

1. Музыкалық бағдарлама
2. Жаңаалықтар топтамасы
3. Ақпараттық бағдарлама
4. Зияткерлік бағдарлама
5. Өзіл бағдарламасы



8. Екі тапсырманың бірін орындандар.

1. «Қазақ телевизиясының тарландары» тақырыбында қазақ телевизиясының негізін қалаушы тұлғалардың өмірбаянын зерттеп, хронологиялық мәтін дайындаңдар.
2. Оқылым мәтінін үлгіге ала отырып, «Телеарна тарихы» тақырыбында қазақстандық бір телеарнаның тарихын зерттеп, мақала жазындар.

§6.

Дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиаәлем



1. Сендер жаңалықты қайдан оқысындар? Газеттен бе, теледидардан ба, ғаламтордан ба? Қайсының үлес салмағы басым?
2. Мәтінді оқып, жазылу стилін анықтаңдар.

Күні кешеге дейін телеарналар көрермендерді көбіне таңты, кешкі жаңалықтарымен өзіне «баурап» келген еді. Бірақ соңғы жылдары телевизия мен газет «жаңалықтары» айналдырыған бірнеше сағатта, кейде тіпті бірнеше минут ішінде «ескі де көне хабарға» айналып барады. Жаңалықтарды ақпарат агенттіктерінен, жеке сайттардан, кейде азаматтық журналистикаға баланып келе жатқан блог беттерінен де өп-сөтте оқып, тіпті бейнежазбасын қарап шығуға мүмкіндік бар. Яғни бүгінгі күннің жаңалығын кеште теледидардан қарап, оның өртесіне газет беттерінен оқытын күн келмеске кеткен жоқ па?!

Бүгінде Америка мен Еуропаның белді газет-журналдары қағаздық нұсқаларын қысқартып, онлайн режиміне өтіп жатыр. Америка газеттер қауымдастырының статистикалық ақпаратына сенсек, соңғы жылдары күнделікті басылымдардың таралымы өте жылдам түсіп барады. Мәселен, АҚШ-та тарайтын 395 күнделікті газет болса, оның ішіндегі ең ірісі әрі таралымы көп басылым – «USA Today» болып саналады. 2008 жылы 2 млн 113 мың таралымы болған газет айналдырыған жарты жыл ішінде қағаздық нұсқадағы таралымының 7,5%-ке төмендегенін мойындаған. Содан болар, Батыс басылымдары онлайн режиміне көшіп, ғаламторға газеттік және сайттық нұсқаларын бірдей енгізуге атсалысып келеді. Газеттердің қағаздық нұсқасының азаюына «жасылдар» да мудделі сияқты. Батыста табиғатты қорғау мәселесі өте өзекті болған соң, ағаш кесіп, қағаз шығару мәселесіне тек «жасылдар» ғана емес, қатардағы азаматтар да теріс қарайды.

Есесіне, жыл өткен сайын жаңалықтарды тікелей ғаламтор арқылы билетін азаматтар саны көбейіп келеді. Мәселен, 2002 жылы өлемдік жаңалықтарды ғаламтор арқылы оқып-қарайтындар саны 1,1 млрд адам болса, 2004 жылы

3,4 млрд адамнан асып түскен. Ал алдағы жылдары сандық медианың үлес салмағы 80% -тен асып түсіү мүмкін деген болжам бар.

(Кәмшат Тасболат)

-  3. Газеттер өз құндылығын жоғалтпау үшін қандай әрекеттер жасауы қажет деп ойлайсыңдар?
-  4. Басыңқы сөйлемін ойдан жазып, мақсат бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлемдерді аяқтаңдар.

Бағыныңқы сөйлем	Басыңқы сөйлем
Дәстүрлі БАҚ-ты бәсекеге қабілетті ету үшін,	
Жаңалықтар көрермендерге жылдам жетсін деп,	
Жаңа медианың артықшылығын байқау үшін,	
Соңғы жаңалықтарды оқымақ болып,	
Бәсекестік орын алған заманда өз оқырмандарын көбейту үшін,	
Жаңалықтардан бейхабар қалмас үшін,	

-  5. Мақсатты аудиторияның (мысалы, жоғары сынып оқушыларының) қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда (мақала, сұхбат, баяндама) «Бүгінгі медианың адамзатқа әсері» тақырыбында мәтін жазыңдар. Сөз саны – 100.
-  6. Қоғамда қызу талқыға түскен дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиаөлемнің жетістігі мен кемшілігін ортаға салып, ойталқы өткізіндер. Кем дегенде 2 аргумент, аргументті нақтылайтын дәлелдер ұсыныңдар.
-  7. Фаламтордан бір жаңалық мәтінін жазыңдар. Мәтінді азатжолдарға бөліп, автордың ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелендер. Логикалық түзетулер енгізіп, редакцияландар.

VIII

БӨЛІМ

ӘЛЕМДЕГІ ҚАҚТЫҒЫСТАР ЖӘНЕ БЕЙБІТШІЛІК

СИНТАКСИС

Бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

- әлемдегі саяси және әскери қақтығыстардың ошақтары жайлы;
- ұлтаралық қақтығыстардың себебі мен салдары жөнінде;
- діни қақтығыстардың шығу себебі мен салдары туралы;
- әлем тыныштығын сақтайтын халықаралық ұйымдар жайлы;
- еліміздің бейбітшілік пен ынтымақтастыққа қосқан үлесі жайлы;
- аралас құрмалас сейлем туралы білесіндер.

Тұрақты және қауіпсіз әлем – бұл азаматтарымыз берілген балаларымыз үшін аса қажетті құндылық.

(Н.Назарбаев)

§1.

Әлемдегі саяси және әскери қақтығыстар ошағы

1. Суретке назар аударындар. Картадағы аймақтардың осылайша (жасыл, сары, сарғыш, қызыл, қою қызыл) белгілену себептері туралы өз болжамдарында айтып, сыныптастарыңмен ой бөлісіндер.



- 2.** Мәтінді оқып, осы мәселеғе өз көзқарастарыңды білдіру мақсатында талқылау сұрақтарын құрастырыңдар.

Әлемде қақтығыстар саны күн санап кемудің орнына артып келе жатқанына төрткіл дүние куә. Қазіргі таңда әлемнің бірнеше мемлекеті ішкі тыныштығы мен қауіп-сіздігін сақтай алмай отыр. Қөшпілігі – Азия мен Африка елдері. Олардың қатарында Мысыр, Сирия, Ирак, Пәкістан,

Ауғанстан, Иран, Ливия, Йемен, Түркиядағы курдтер көтерілісі, Конго, Либерия, Нигерия, Судан елдері бар.

2015 жылдың әлемдегі қақтығыстар ошағында жүріп жатқан әскери ұрыс қимылдарынан 167 мыңға тарта адам опат болған. Осы көрсеткіштің үштен бірін Сириядағы соғыстан көз жұмғандар құрайды. Бұл мәлімет Халықаралық стратегиялық зерттеулер институтының баяндамасында айтылған. «Тұастай алғанда 2015 жылды соғыстан қаза тапқандар 2014 жылғымен салыстырғанда азайған», – деп айтылған аталмыш баяндамада. Қарулы қақтығыстың тағы бір ошаты саналатын Ауғанстандағы жағдай да көңіл көншітпейді: 2013 жылды 3,5 мыңға жуық адам ажал құшса, 2015 жылды бұл көрсеткіш 15 мыңға жеткен.

Соңғы үш жылда соғыстан бас сауғалаған босқындар қарасы артқан. 2013 жылды әлем бойынша 33 млн адам босып кеткен. Ал 2014 жылды бұл көрсеткіш 43 млн-ға жеткен. 2015 жылды жарты жылдың ішінде 46 млн-нан асқан.



3. Мәтінде аталған мемлекеттер неліктен қақтығыс ошақтары болып отыр? Өз ойларыңмен бөлісіңдер.



Аралас құрмалас сөйлем

Жай сөйлемдері бір-бірімен өзара салаласып та, сабақтасып та байланысады. Ерекшеліктері:

1. Аралас құрмалас сөйлемде білдіретін ой салалас пен сабақтастағы ойдан күрделірек болады.
2. Аралас құрмалас сөйлем салаласа да, сабақтаса да байланысып, кемінде үш не одан да көп бөліктерден тұрады.
3. Аралас құрмалас сөйлемдердің құрамында жалғаулықты да, жалғаулықсыз да сөйлемдер болады.
4. Аралас құрмалас сөйлемде сабақтастағы және салаластағы тыныс белгілерінің ережелері сақталады.

Мысалы: Сонда менің бойымды тағы да бір күш керней жөнелді, көңілім жадырап, Анархай елі туралы арманым қайта айналып келді (Ш.Айтматов). Бүгін жұмысқа кім шықпай қалса, соны көнбенеңге санаймын да, бүгіннен бастап есебін беріп, босатып жіберемін (F. Mусірепов).



- 4.** Әлемдік қақтығыстардың көбеюінің себептері неде? Кім кінелі (сол елдің ішкі саясаты, сыртқы күштер, алпауыт елдер, қару жарақ саудасымен айналысындар т.б.)? Өз пікірлерінді ортаға салып, ойталқы өткізіндер.
- 5.** Ойталқыдағы пікірлердің біреуіне таңдау жасап, ойларынды дәлелдей, аргументті эссе жазындар. Сөз саны – 100.
- 6.** Үлгілерді негізге алыш, үш жай сөйлемнен тұратын аралас құрмалас сөйлемдерге мысал келтіріндер.

Бағыныңқы сөйлем	Басыңқы сөйлем	Басыңқы сөйлем
<i>Байтас пен Жұмабай жақындағы бергенде,</i>	<i>Абай да қасына кеп қалып еді,</i>	<i>үшеуі жамырай сәлем берді. (М.Ә.)</i>
Баяндауышы тиянақсыз сөйлем аралас құрмаластың алғашқы сынары болып тұр.		

Басыңқы сөйлем	Бағыныңқы сөйлем	Басыңқы сөйлем
<i>Ара ағайынның сөзін қарындастың көз жаиттым,</i>	<i>қарындастың көз жаисын айттың деп,</i>	<i>мені тағы жазғырмақ па едің?! (М.Ә.)</i>
Баяндауышы тиянақсыз сөйлем аралас құрмаластың басыңқы сынарларының ортасында тұр.		



- 7.** Кестені толтырындар. Қақтығыс ошактары саналатын екі елді таңдап, қосымша ақпараттарға сүйене отырып, кестені толтырындар. Арапас құрмалас сөйлемдерді қатыстырындар.

Елдер	Қақтығыс себебі	Нәтижесі	Өз пікірің

§2.

Ұлтаралық қақтығыстар: себебі мен салдары



1. Мәтінді оқымастан бұрын сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Достарыңмен көбінесе қандай мәселе жөнінде келісе алмай қаласыңдар?
2. Достарыңның арасындағы түсініспеушіліктің соны қалай аяқталады?
3. Достар арасындағы түсініспеушілікті жойып, араздықты болдырмаудың қандай жолдары бар?



2. Мәтінді оқып, онда көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастырыңдар.

Ұлтаралық қақтығыс: қалыптасқан жағдай

Қазіргі замандағы ұлтаралық қақтығыс түрлі ұлттардың, этникалық топтардың арасында тәуелсіздікке, саяси билікке үмтүлуға, жер дауына, діни негізде, этникалық кемсітушілікке, тағы басқа себептерге байланысты туады. Қазіргі замандағы ұлтаралық қақтығыстың көрінісі ретінде Израиль мен Палестина арасындағы қақтығысты айтуға болады. 1947–1948 жылдардан бастап арабтар мен еврейлердің жерге таласуы қарулы қақтығыстар формасында жалғасып келе жатыр.

Ұлтаралық қақтығыстар қатысушы топтардың өшпендейтілігі мен жауығуы жағдайында өрши түседі. Мұны Түркияданы құрд мәселесі де дәлелдеп келеді. Құрдтердің өздері тұратын аймақта Құрдістан мемлекетін құру мақсаты түрік-қурд қайшылықтарына себеп болуда. Батыс Еуропа елдерінде лаңкестікті ислам дінімен байланыстырудың орын алуы мұсылман халықтарының өкілдерін құдалауға негіз болуда. Кейбір жағдайда жеке бір ұлттың шектен тыс шовинистік піғылдары да ұлтаралық қақтығысқа өкеледі. Мысалы, бұрынғы Югославия мемлекетіндегі сербтердің, албандардың шовинистік піғылдары этности тазалауға немесе екінші бір этнос өкілдеріне қарсы құдалаушылық саясат жүргізуге себепкер

болды. Нәтижесінде Югославия халықтарының ұлтаралық қақтығыстары тұтас бір мемлекеттің ыдырауына алыш келді. Антисемиттік, яғни еврейлерге қарсы піғылдарға байланысты қақтығыстар да жиі қайталанды. Германияда, Италияда антисемиттік қырып-жоюлар болғаны белгілі.

Ұлтаралық қақтығыстар – ұлттық процестер мен ұлттық өмірдің құрамдас бөлшегі. Саяси тұрақтылықты, қоғамдық келісімді және ұлтаралық татулықты сақтау үшін үнемі ұлтаралық қақтығыстарға себеп болатын қайшылықтар мен мәселелерді шешіп отыру қажет.

(«Қазақ энциклопедиясынан»)



3. Оқылым мәтініндегі ақпараттарды пайдаланып, өлемдегі қақтығыстардың себептері мен салдарлары туралы сұхбаттасындар. Оларды сызбаға түсіріндер. Қоғамдық-саяси, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңdap, орта көлемді монолог дайындаңдар.



4. Сызбалар бойынша аралас құрмалас сөйлемдер құрастырындар. Тыныс белгілерін қандай ережеге сүйеніп қойғандарынды түсіндіріндер.





- 5.** Кестеде берілген қақтығыстарды шешу жолына өзіндік пікірлерінде білдіріп, тұжырым жасаңдар.

Қақтығыстарды шешу жолдары	Өз пікірлерің мен тұжырымдарың
Қарулану жолы. Бұл жағдайда күш қолдануда өз басымдығын көрсеткен тарарап жеңіске жетеді. Негізінен, әскері жақсы дайындалған және қаруланған тарарап бар кезде басқаларды жеңіп отырады.	
Келіссөздер жолы. Тараптар бірқатар шегініс жасауға келісе отырып, келісімге келетін жолдарды іздейді. Келіссөздер тарараптардың мұдделерінің заңдылығы өзара құрметтелең тін және мойындалатын жағдайда ғана орын алуы мүмкін.	
Бітімгерлердің араға тұсуі. Қақтығысқа туспіп отырған тарараптардың сенімі мен құрметіне ие адамдар мен үйымдар оларды бітімге шақырады. Бітімгерлердің егестерді бітімге келтіруде біршама тәжірибесі болуы тиіс және қолданыда қақтығыстарды шешу тетіктері болғаны жөн.	



- 6.** Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
1. Әлемдегі ұлтаралық қақтығыстардың салдары туралы суреттік иллюстрация жасап келіңдер.
 2. Өз ойларынды дәлелдеп, «Ұлтаралық қақтығыстар болмас еді...» тақырыбында аргументті эссе жазындар. Сөз саны – 120–150.

§3.

Дінаралық қақтығыстар: шығу себебі мен салдары



1. «Дінаралық қақтығыс» үғымы қалай пайда болуы мүмкін? Өз пікірлеріңмен бөлісіңдер. Қақтығыстарды шешу үшін қандай шаралар қабылдау қажет деп ойлайсыңдар?
2. Мәтінді оқып, тақырып қойыңдар. Танымдық оқылым стратегиясы бойынша кестеге мәтіннің тақырыбын және мазмұнын аштын 5 сөйлем мен 5 сөз жазыңдар.

Мәтіннің тақырыбы	5 сөз
	5 сөйлем

Соңғы кезде көп жердегі қантөгісті шиеленістер мен қақтығыстардың негізінде дінаралық түсініспеушілік жатқаны анық және ол жиілеп барады. Бір елдің халқы ұлыстарға, дінге бөлініп, бір-біріне қарсы турып, бүлініп жатады. Бір дінде ұран етіп ұстап, екінші елге шапқыншылық жасағанға тарихта мысал көп. Тіпті бір діннің екі тармағының арасындағы қанқұйлы қақтығыс қазірге дейін жалғасып жатыр. Оған мысал – христиан дініндегі протестанттар мен католиктердің, исламдағы сұнниттер мен шииттердің қақтығысынан қаншама адам құрбан болды. Сондай-ақ бір ұлттың әртурлі дінді ұстанған қауымдары арасындағы қақтығыстар да жетерлік.

Соңғы кезде де діни негізде біршама қақтығыстар болып, ол әлем жүртшылығының назарын аударды. Ең алдымен, тұрақтылығы жоғары дейтін Египеттегі оқиға бұл елді ғана емес, Еуропаны дүрліктірді. Египеттегі халықтың 10%-і – копт-христиандар. Олардың шіркеуінде жарылыш болып, одан біраз адам қаза тапты. Оған қарсылық ретінде елдің ірі қалаларында копт-христиан жастарының қарсылық акциялары өтті. Еуропаның біршама елі бұған байланысты мәлімдеме жасады. Олар мұны дін еркіндігіне қарсы әрекет деп сипаттады. Әрине, Египет үкіметін экстремистердің әрекеті үшін айыптау да қыын. Үкімет экстремист-арандатушыларды ауыздықтауда қатаң шараларға да барды: олардың ұйымдарына тыйым салды. Бәлкім, ел үкіметін «конфессияаралық ынтымақты орнықтыра алмады» деп кінәлауға болар.

Ал Судандағы жағдай мүлде өзгеше. Мұнда конфессияаралық қақтығыс ұлттық сипат алып отыр. Белгілі дәрежеде оған ел билігінің де қатысы бар. Онда экстремистік күштер ашық әрекет жасайды. Елдің христиандар өмір сүретін оңтүстік аймағында шаригат заңын енгізу халықтың қарсылығын тудырды. Оның ақыры елдің бөлінуіне апарып соқтыратын сыңайлыш.

Қазіргі жағдайда көпнәсілді, көпұлысты, әртүрлі дінді ұстанатын Африка құрлығы мемлекеттерінің көбінде дінаралық қарым-қатынас шешілуі қын мәселеге айналды. Қақтығыстар жиі ұшырасады. Құні кеше құрлықтағы ең халқы көп ел – Нигерияда дінаралық қақтығыс бүрк ете қалып, одан 11 адам қаза тапты. Биліктегілер бұл қақтығыс былтырғыдай тереңдеп кетпесе екен деп тілейді. Ол кезде 500 адам қаза тапқан.

Жақында Рим Папасы Бенедикт XVI-ның дүниежүзі дін басшыларының кеңесін өткізу жөнінде ұсыныс жасауы біздің еліміз бас болған игі істердің жалғасындаі көрінеді.

(«Егемен Қазақстан» газетінен)



- 3.** Сызбадағы ретін сақтап, берілген сөйлемдерден аралас құрмалас сөйлем жасандар.

Басыңқы → Бағыныңқы → Бағыныңқы → Басыңқы

Бағыныңқы → Басыңқы → Бағыныңқы → Басыңқы

Берілген сөйлемдер	Өз сөйлемдерің
Ең алдымен, тұрақтылығы жоғары дейтін Египеттегі оқиға бұл елді ғана емес, Еуропаны дүрліктірді. Олардың шіркеуінде жарылыс болып, одан біраз адам қаза тапты.	
Египет үкіметін экстремистердің әрекеті үшін айыптау да қын. Үкімет экстремист-арандаушыларды ауыздықтауда қатаң шараптарға да барды: олардың үйімдарына тыйым салды. Бәлкім, ел үкіметін «конфессияаралық ынтымақты орнықтыра алмады» деп кінәлауға болар.	

Берілген сөйлемдер	Өз сөйлемдерің
Ал Судандағы жағдай мүлде өзгеше. Мұнда конфессияаралық қақтығыс үлттық сипат алып отыр. Белгілі дәрежеде оған ел билігінің де қатысы бар. Онда экстремистік күштер ашық әрекет жасайды.	
Күні кеше құрлықтағы ең халқы көп ел – Нигерияда дінаралық қақтығыс бүрк ете қалып, одан 11 адам қаза тапты. Биліктегілер бұл қақтығыс былтырғыдай тереңдеп кетпесе екен деп тілейді. Ол кезде 500 адам қаза тапқан.	



- 4.** Жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құрындар.

I Кіріспе

II Негізгі бөлім

1.

2.

3.

III Қорытынды



- 5.** Оқылым мәтініндегі ойлар тізбегін ретімен орналастырып, осы мәселе туралы ойларыңмен бөлісіндер. Қоғамдық-саяси фразаларды таңдаңыз, монолог дайындаңыз.

1.	Христиандар мен протестанттар қақтығысы
2.	Діни қақтығыстың белгілері
3.	Нигериядағы дінаралық қақтығыс
4.	Египеттегі қақтығыс
5.	Рим Папасының ұсынысы
6.	Судандағы жағдай



- 6.** Қазіргі қоғамдағы жағдайларды негізге ала отырып, «Діншілдік үлтшылдықтан да қауіпті ме?» тақырыбында аргументті әссе жазындар. Әссе көлемі – 150 сөз.

§4.

Әлем тыныштығын сақтайтын халықаралық үйымдар



1. Суреттерде қай халықаралық үйымдардың символдары берілген? Ол үйимдардың атқаратын қызметі туралы не білесіндер?



2. Мәтінді оқып, ондағы ақпаратты «Торлы диаграмма» өдісімен сипаттаңдар.

Біріккен Ұлттар Үйымы – екінші дүниежүзілік соғыстар кейін антигитлерлік коалицияға мүше мемлекеттердің ұсынысымен құрылған халықаралық үйім. Дәлірек айтсақ, 1945 жылы Сан-Францискодағы конференцияда КСРО, АҚШ, Қытай және Ұлыбритания мемлекеттерінің белсенділік танытуымен құштерін біркітіру мақсатында құрылды.

Бас кеңесі АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында орналасқан. Атауын АҚШ-тың сол кездегі президенті Ф.Д.Рузвельт ұсынған. Декларациясы 1945 жылы 24 қазанда қабылданды. Бұл күн БҰҰ-ның күні деп жарияланды. Қазір БҰҰ құрамына 192 мемлекет кіреді.

Жарғысына сәйкес, БҰҰ өз қызметінде келесі 4 мақсатты көздейді:

- бүкіл әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау;
- ұлттар арасындағы достық қатынастарды дамыту;
- халықаралық мәселелерді шешуде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру мен адам құқығын құрметтеуді қолдау;
- осы мақсаттарға қол жеткізуде ұлттардың бірлесіп әрекет ететін орталығы болу.

БҮҮ-ның негізгі саяси органдарының бірі – Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі. Кеңеске халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жауапкершілігі жүктелген. Қауіпсіздік Кеңесі БҮҮ-та мүше 15 мемлекет өкілдерінен құралған. АҚШ, Қытай, Ресей, Ұлыбритания, Франция – кеңестің тұрақты мүшелері.

-  3. Аудиожазбадан «Әлемдік мұдде» мәтінін (15. mp3) тыңдандар. Мәтіннің мақсатты аудиториясын анықтап, көркемдегіш құралдардың рөлін талдандар.
-  4. Оқылым мәтіні мазмұны бойынша аралас құрмалас сөйлемдер құрастырындар. Тыныс белгілерін қандай ережеге сүйеніп қойғандарынды түсіндіріндер.
-  5. Сыныптастарыңмен топқа бөлініп, «ЕІКҰ», «ШЫҰ», «НАТО» халықаралық үйімдары туралы постер дайындаңдар. Постерде үйімдар туралы қысқаша мәлімет пен негізгі миссиялары қамтылуы тиіс.



Мақал-мәтелдер:

1. Ынтымақ – бұзылмайтын қорған.
2. Саусақ бірікпей, ине ілікпейді.
3. Құш – бірлікте.
4. Келісіп пішken тон келте болmas.



- 6. БҮҮ-ның Қауіпсіздік Кеңесіне Қазақстанның атынан сайланған өкілі ретінде «Бақытты болашақ әлем тыныштығынан бастау алады» тақырыбында халыққа арналған үндеу дайындаңдар. Үндеу көлемі – 100 сөз. Үндеуде жоғарыда берілген мақал-мәтелдерді ұтымды қолдануға тырысындар.



- 7. «Әлем тыныштығын сақтау үшін...» тақырыбында аргументті әссе жазындар. Әссе көлемі – 150 сөз.

§5.

Бейбітшілікті аңсаған әлем елдері



- Сұрақтарға жауап беріп, ойларыңмен бөлісіндер.

Олар үшін дастарқан басында тамақтану – мереке. Олар үшін кешке отбасымен амандықта кездесу – бақыт. Неліктен? Олар кімдер? Олардың тыныштығын бұзған не немесе кім?



- «Зерделік оқылым» стратегиясы бойынша оқылым мәтінінің оқиға картасын толтырындар.

Мәтін кейіпкері	Қалыптасқан жағдай	Көзқарастар
Мәселені шешудің әлемдік үйімдар ұсынған жолдары	Сенің ұсыныстарың	

Қазіргі таңда Сирия еліндегі жағдай ушығып барады. Скрипаль оқиғасына байланысты мәселе сәл басыла бергенде, Сирияның Дамаск маңындағы Дума қаласында хлор толтырлыған бомба жарылып, ондаған адам мерт болғаны туралы ақпарат сол сәтте-ақ бүкіл әлемді шарлап кетті. Құрбан болғандардың дені балалар екен. Батыс елдері мен Сирия оппозициясы бұл қайғылы жағдайды президент Башар Асад әскерінен көреді, сондай-ақ олар бұған Ресейдің де қатысы бар деп санайды. Осы жағдайға байланысты геосаяси жағдайдың ушығып бара жатқанын, ол алаңдаушылық тұғызбай қоймайтынын атап өткен В.Путин: «Бәрібір түбінде парасаттылық үстемдік құрады. Халықаралық қатынастар өзінің үйлесімді арнасына түседі және әлемдік жүйе бұрынғыдан да тұрақты әрі болжауға болатындей қалыпқа келеді деп үміттенеміз», – деді. Осы «химиялық шабуыл» мәселесі сейсенбіде БҮҰ Қауіпсіздік Кеңесінде де сөз болды. Кеңес отырысында Ресей де, АҚШ та Сирияға қатысты өз алдарына жеке-жеке қарар жобасын ұсынған еді. Екі жоба да қабылданбады. Ең дұрысы осы болды. Себебі бұл «химиялық шабуыл» тыңғылықты зерттеуді, жан-жақты талдауды қажет етеді...

Осы жағдайға байланысты еліміздің БҮҮ Қауіпсіздік кеңесіндегі тұрақты өкілі Қайрат Омаров та мәлімдеме жасады. Ол Қазақстанның Сирияданы жағдайға алаңдаушылық білдіріп, халықаралық құқық пен заңды қатаң сақтауға шақыратынын мәлімдеді.

Сирия үшін қара алтын бақ емес, сор болды. Сирия мұнай өндіруші елдердің қатарында болғанымен, оны саудалап, қыруар пайда тауып жүрді деп айта алмаймыз. Бұл ел Парсы шығанағындағы тарихи ескерткіштерге аса бай мемлекеттердің бірі саналатын.

(Әлісултан Құланбай)



3. «Қара алтын бақ емес, сор болды» деген сөйлемнің мағынасын қалай түсінесіңдер? Ойларыңмен бөлісіңдер.



4. Жай сөйлемдерден аралас құрмалас сөйлемдер жасап, жасалу жолын көрсетіңдер.

Берілген сөйлемдер	Оз сөйлемдерің
Сирияданы жағдай ушығып барады. Да-маск маңында бомба жарылды. Ондаған адам мерт болды. Бұл хабар сол сәтте-ақ бүкіл әлемді шарлап кетті.	
Қазақстан Сирияданы жағдайға алаңдаушылық білдірді. Халықаралық құқық пен заңды қатаң сақтауға шақырды. Еліміздің БҮҮ Қауіпсіздік кеңесіндегі тұрақты өкілі мәлімдеме жасады.	
Сирия – тарихи ескерткіштерге аса бай мемлекет. Соғыс басталғалы 300-дей көне ескерткіш қиратылыпты. Қалған құнды жәдігерлердің сақталуына ешкім кепілдік бере алмайды.	



5. Төмендегі мемлекеттердің бүгінгі тақырыпқа қатыстылығын дәлледеп, әссе жазыңдар. Әссе көлемі – 150 сөз.

Судан, Ирак, Пәкістан, Бахрейн, Бирма, Ауғанстан, Сирия, Ливия, Алжир, Колумбия, Марокко, Эфиопия.

§6.

Қазақстан – бейбітшілік пен ынтымақтастық жаршысы



- БҮҮ Қауіпсіздік Кеңесінің өлемдік саясатта атқаратын рөлі туралы білесіндер ме? Бұл Кеңеске мүше болу қаншалықты маңызды?
- Мәтінді мұқият оқындар. Тұжырымдамалардың құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратындар.

Қымбатты отандастар!

Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы белесінде тағы бір маңызды тарихи оқиға болды.

Еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің 2017–2018 жылдардағы тұрақты емес мүшелері құрамына енді.

Бұл Кеңес – Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысымен «халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздіктің басты жауапкершілігі» жүктелген, тұрақты жұмыс жасайтын орган.

Еліміздің оған сайлануы – Қазақстанның халықаралық аренадағы беделі мен еңбегінің мойындалуы деген сөз.

Қазақстан алдағы екі жылға БҮҮ Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелігіне сайланды.

Бұл халықаралық қатынастардағы күрделі кезең болмақ. Оны бүтінгі күн ахуалына қарап-ақ көруге болады.

Дүние созылмалы жанжалдармен қатар, қауіпсіздікке төнген қатердің бұрын-соңды болып көрмеген кең ауқымымен бетпе-бет келіп отыр.

Біз жаһандық проблемаларды шешудің жолдарын іздестіруге сүбелі үлес қосатын боламыз.

Тұрақты және қауіпсіз әлем – азаматтарымыз бен балаларымыз үшін аса қажетті құндылық.

Сондай-ақ Қазақстан су, энергетикалық және азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін шешуге серпін беретін болады.

БҮҮ Қауіпсіздік Кеңесіне сайлану – бүкіл Қазақстан халқының лайықты табысы.

Бұл – ұлт толысқандығының көрсеткіші.

Біздің республикамыз БҮҮ Қауіпсіздік Кеңесіндегі өкілеттігін қамтамасыз ету жөніндегі құрметті миссиясын лайықты орындастынына сенімдімін.

Еліміз осынау зор сенімнің үдесінен шығып, Қазақстанның әлемдік аренадағы абыройы асқақтай түсеріне көміл сенемін! Баршаңызды осы табысымызben құттықтаймын!

(*Қазақстанның БҮҮ Қауіпсіздік кеңесінің 2017–2018 жылдардағы тұрақты емес мүшелігіне сайлануына байланысты Елбасының үндеуінен үзінді*)

-  3. Оқылым мәтінін пайдаланып, «Әлемдегі бейбітшіліктің Қазақстан ушін орны қандай?» деген сұрақ төңірегінде сұхбаттасындар.
-  4. Сендер саяси сарапшысындар делік. Қазақстанның БҮҮ Қауіпсіздік кеңесінің мүшесі ретінде атқаратын істері туралы мақала жазындар. Сөз саны – 100.
-  5. Төменде берілген жай сөйлемдерден аралас құрмалас сөйлем жасандар. Тыныс белгілерін қандай ережеге сүйеніп қойғандарынды түсіндіріңдер.

Берілген сөйлемдер	Өз сөйлемдерің
Дүние қауіпсіздікке төнген қатердің бұрын-соңды болып көрмеген кең ауқымымен бетпе-бет келіп отыр. Біз жаһандық проблемаларды шешудің жолдарын іздестіруге сүбелі үлес қосатын боламыз. Тұрақты және қауіпсіз әлем – азаматтарымыз бен балаларымыз ушін аса қажетті құндылық.	
Бұл Кеңес – бейбітшілік пен қауіпсіздіктің басты жауапкершілігі жүктелген орган. Қазақстан алдағы екі жылға БҮҮ Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелігіне сайланды. Еліміздің оған сайлануы – Қазақстанның халықаралық аренадағы беделі мен еңбегінің мойындалуы.	
Еліміз осынау зор сенімнің үдесінен шығады. Қазақстанның әлемдік аренадағы абыройы асқақтай түсеріне көміл сенемін! Баршаңызды осы табысымызben құттықтаймын!	

-  6. Аралас құрмалас сөйлемдерді қатыстырып, «Мен бейбітшілік жаршысымын» тақырыбында бейбіт заманың артықшылықтарын дәлелдейтін аргументті эссе жазындар. Эссе көлемі – 150 сөз.

§7.

Бейбітшілік және келісім сарайы



- Елордадағы осы керемет ғимаратты білесіндер ме? Ол жерде болғандарың бар ма? Осы ғимараттың атқаратын қызметі туралы пікірлерің мен болжамдарыңды ұсыныңдар.



- Мәтінді оқып, онда көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастырыңдар.

Бейбітшілік пен келісім сарайы – архитектуралық құрылыш кешені, сәулет өнерінің бірегей туындысы. Ол қолдан жасалған жота үстінде орналасқан. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съездерінің өткізілетін орны ретінде әлемге әйгілі архитектор Норман Фостердің жобасымен тұрғиялық «Сембол Иншаат» құрылыш компаниясы салған.

Пирамида іспетті етіп тұрғызылған сарай 2006 жылы 2 қыркүйекте салтанатты түрде ашылды. Оның табан қабырғасының ұзындығы – 62 м, ауданы – 25,5 мың м². Сарай ғимаратының құрылышы құбылмалы ауа райын ескере отырып салынған: оның кіре берісі жер астында орналасқан.

Болат пен тастан тұрғызылған сарай өзара рухани түсінушіліктің жаһандық орталығына айналды. Фимарат экстерьері пирамида түрінде болса, сарайдың орталық күмбезді залы Нью-Йорк қаласындағы БҮҮ Қауіпсіздік кеңесінің холы төрізді етіп салынған.

Бейбітшілік пен келісім сарайында Қазақстан халықтары Ассамблеясы, ұлтаралық және дінаралық келісім орталығы, музей, 1,5 мың көрерменге арналған концерт және опера залы орналасқан. Сахна жанында 80 музыканың арналған 2,8 метрлік оркестрлік орын бар.

Ең үлкен зал – 2000 шаршы метр ауданды алыш жатқан «Хеопс атриум» залы. Осы залда Елордамызды 2030 жылға дейін дамытуға арналған басты жоспарының макеті орналасқан.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі пирамиданың ең жоғарғы қабабындағы Қазақстанның Мемлекеттік туымен түстес витраждармен безендірілген дөңгелек залда өтеді. Оны «әлемнің қолын» бейнелейтін төрт тірек ұстап тұрады.

Бір қабат төменде үлкен кітапханасы бар әлемдік діндерді зерттеу орталығы орналасқан.

Пирамиданың ортасына қарай иілген қабыргаларда аспалы бақтар орнатылған.

Пирамиданы елімізде бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатқан әртурлі ұлт өкілін бейнелейтін 130 көгершіні бар үлкен шыны күмбез қоршап тұр. Тұнгі уақытта күмбез жанып, маяқ секілді әртурлі мәдениеттің, діннің, халықтың бірлігін бейнелейді.

(«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан)

-  3. Пирамида бейнесін таңдауға не себеп болуы мүмкін? Пирамида ненің символы ретінде алынған? Өз тұжырымдарынды ортаға салып, сұхбаттасындар. Қоғамдық-саяси жағдаятқа сай сөздер мен фразаларды таңдап, монолог дайындаңдар.

-  4. Сендер еліміздің астанасын таныстырушысындар (гид). Оқылым мәтініндегі негізгі ақпараттарды пайдаланып, Бейбітшілік және келісім сарайын шетелдіктерге таныстырындар.



- 5.** Оқылым мәтініндегі жай сөйлемдерден берілген сызбалар бойынша аралас құрмалас сөйлемдер құрастырыңдар.

Сызбалар	Аралас құрмалас сөйлемдер
Бағыныңқы, бағыныңқы, басыңқы	
Басыңқы, бағыныңқы, басыңқы	
Басыңқы, бағыныңқы, бағыныңқы, басыңқы	
Бағыныңқы, басыңқы, бағыныңқы, басыңқы	



- 6.** Жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құрыңдар.

- I Кіріспе
II Негізгі бөлім
1.
2.
3.
III Қорытынды



- 7.** Дүниежүзіндегі қандай мемлекеттерде Бейбітшілік және келісім сарайлары бар екенін зерттеп, презентация дайындаңдар.



- 8.** Сабактан түйген ойларынды толықтырып, еліміздің бейбітшілік бесігі екендігін дәлелдейтін аргументті әссе жазыңдар. Сөз саны – 150.

§8.

Әлем тыныштығы – ел тыныштығының кепілі



1. Сұрақтарға жауап беріп, ойларыңды ортаға салындар.

1. Ел қауіпсіздігінің құны қаншалықты қымбат?
2. Досыңың басына қызындық туганда, сенің әрекетің қандай болмақ? Ойларыңды ортаға салындар.
3. Көршінің үйінде басталған өрт сенің үйіңе жетпеу үшін қандай әрекет жасар едің?



2. Мәтінді оқындар. «Көрсетімдік оқылым» стратегиясы бойынша негізгі ойды анықтап, азатжолдарға тақырыппашалар қойындар.

Орталық Азия – табиғи ресурстарға бай аймақ, өркениеттердің шектесіп жатқан алтын шекарасы, Батыс пен Шығыс әлемінің арасындағы дәнекерлеуші рөлді атқаратын ерекше аймақ. Орталық Азия мемлекеттері – ежелден-ақ Еуразияның жүргегі.

Орталық Азияның қауіпсіздігін қамтамасыз ету қазіргі таңдағы ең басты мәселе болып отыр, өйткені Орталық Азия мемлекеттері саяси тұрақсыз Ауғанстан, Сирия, Пәкістан сынды мемлекеттермен шектесіп жатыр. Осы аймақтағы мәселелер сөзсіз Орталық Азия мемлекеттеріне тікелей әсер етеді. Тіпті 90-жылдардағы аласапыраннан кейін Тәжікстанды «Орталық Азияның Ауғанстаны» деп атаса, Өзбекстандағы әйгілі Ферғана жазығын «Орталық Азияның Базиристаны» деп атая жиі кездесіп жүр. Жат пігылдағы үйымдар көбіне Өзбекстан мен Тәжікстан мемлекеттерінде өмірге келген. Бұл үрдіске әсер еткен – Ауғанстанның жақын орналасуы мен халықтың өміріндегі ислам дінінің алатын орны.

Орталық Азия мемлекеттерін, негізінен, екі ірі топқа бөлуге болады. Біріншісі – мемлекет пен халықтың ішіндеғі ислам діні шешім қабылдауда аса маңызды рөл ойнамайтын, діннен гөрі ата дәстүр мен салт-жоралғы басым тұратын Қазақстан, Түркіменстан және Қыргызстан болса; екіншісі – мемлекет пен халық ішінде шешім қабылдауда діннің рөлі зор Тәжікстан мен Өзбекстан елдері. Сондықтан діни экстремистік үйымдар мен қозғалыстардың Орталық Азия

мемлекеттері ішінде Өзбекстан мен Тәжікстанда тереңнен дамуы – занылдық. Діни экстремистік ұйымдар бұл елдердің ішіндегі саяси тұрақтылықты ыдыратып, исламдық халифат құруға КСРО құлаған сәттен бастап жең түріп кірісе бастады. 1992–1997 жылдардағы Тәжікстандағы азаматтық соғыс пен 1999 жылғы Ташкентті дүр сілкіндірген террорлық әрекеттер, 2005 жылғы Андижандағы оқиғалар – соның дәлелі.


Орталық Азияның ойранын шығарып, тәуелсіз елімізді төңкөріп тастағысы келетін террорлық топтар табалдырығының міндеттесінде есік қағып тұр. Сақтықпен күн кешетін халық қана келер күннен үміт күте алмақ. Қараشوқы қақпаны ашпаса, Отыrap құламас еді. Дәл сол сияқты қақпаны іштеп ашар жау барын да ұмытпайық. Ал ол жауды табу, сол жаудың өзіне айналмау – күрделі жұмыс. Өйткені сырттан келген жауға қарғанда, іштеп шыққан жау жаман. Ал бұл – нағыз мәселе!

(Асхат Қасанғали)



3. Азиядағы тұрақсыз мемлекеттерді картадан табындар.

АЗИЯНЫҢ АЙМАКТАРЫ МЕН ЕЛДЕРІ





- 4.** Мәтінде берілген ақпараттар негізінде «Қосжазба күнделігін» толтырындар.

Мәтіннен алғынған тұжырымдар	Менің пікірім



- 5.** Әлем тыныштығы, ел тыныштығы туралы құрмалас сөйлемдер құрастырып, кестеге жазындар.

Салалас құрмалас	Сабақтас құрмалас	Аралас құрмалас



- 6.** Екі көзқарастың бірін таңдап, өз ойларынды дәлелдеп, ойталқы өткізіндер.

1. Әлем тыныш болса, елің де тыныш.
2. Ел тыныштығы әлем тыныштығына тәуелді емес.



Халқының ынтымағы жоқ, дүшпанының алдауына сенген, арбауына көнген, інісі мен ағасы дауласқан, бегі мен қарашасы жауласқан ел елдігінен айырылады.

(Күлтегін)

Бірлік түбі – береке.

(Майқы би)

Бейбіт елде сән бөлек, бұлінген елде дау бөлек.

(Төле би)



- 7.** Ойталқыдағы екі пікірдің біріне таңдау жасап, өз ойларынды дәлелдеп, жоғарыдағы нақыл сөздерді қатыстырып, аргументті әссе жазындар. Әссе көлемі – 150 сөз.



- 8.** «Қазақстанның әлем тыныштығын сақтауға атсалысы» тақырыбына ақпараттар жинап, презентация дайындандар.

IX

БӨЛІМ

ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

ПУНКТУАЦИЯ

Бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

- табиғат ресурстары туралы жалпы ақпарат алып, оларды тиімді пайдалану жолдарымен танысасындар;
- табиғат ресурстарын тиімді пайдалану туралы мәселелерді қарастырып, өзіндік ой қорытасындар;
- осы мәселеге қатысты ғалымдардың пікірлерін талқылап, өзіндік тұжырымдарынды ұсынасындар;
- әдеби тіл нормалары бойынша құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілерін дүрыс қою принциптерін анықтайсындар.

Қазақстан өзінің табиғат байлықтарын тиімді пайдалану арқылы уақытша қызындықтарды жеңіп, қарқынды экономикалық даму сатысына көтерілуге қабілетті.


(Н.Назарбаев)

§1.

Табиғат ресурстары және олардың түрлері



1. Ресурс ұғымы қандай мағынаны білдіреді? Табиғат ресурстары дегеніміз не? Суреттерден қандай табиғат ресурстарын көріп түрсундар?



2. Мәтінді түсініп оқып, ғылыми деректерді дәлел ретінде алып, түсіндіріңдер. Авторына немесе дереккөзіне сілтеме жасаңдар.

Табиғат ресурстары – адам пайдаланатын және адамның материалдық игіліктерін жасау үшін қолданылатын табиғат нысандары. Қоғам мен қоғамдық өндірістің өртүрлі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын табиғи ортаның маңызды құрамдас бөлшегі. Сондай-ақ табиғат ресурстары кейіннен қайта өндіреуге ұшырайтын табиғатты пайдалану нысаны болып саналады.

Табиғат ресурстарының басты түрлері – су ресурстары (тұщы сулар), жер ресурстары (топырақ жамылғысы), минералдық ресурстар (қазба байлықтар), биологиялық ресурстар

(өсімдіктер мен жануарлар өлемі), отын және энергетикалық ресурстар (көмір, мұнай мен газ), табиғи процестер қуатының ресурстары (Күн жарығы, Жердің ішкі жылуы, жел қуаты және т.б.), рекреациялық (табиғи аумақ) ресурстары.

Рекреациялық ресурстар дегеніміз – адамдардың физикалық және рухани жағдайын қалпына келтіруге арналған табиғи, табиғи-техникалық, әлеуметтік-экономикалық кешендердің бірлігі. Рекреациялық ресурстар қурорттық, сауықтырғыш, спорттық және экскурсиялық-туристік болып бөлінеді.

Салалас құрмалас сөйлемдерге байланысты қойылатын тыныс белгілері

1. Жалғаулықсыз және жалғаулық шылаулар арқылы байланысқан салалас құрмаластың жай сөйлемдері, негізінен, үтір арқылы ажыратылады: *Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман* (Абай).
2. Жалғаулықсыз қарсылықты салалас құрамындағы жай сөйлемдер арасына үтір мен сызықша қойылады: *Тұрайын деп еді, – тұра алмады* (С.Мұқанов).
3. Салаласқа енген жай сөйлемдегі іс шүғыл түрде өткен болса не біріндегі іске екіншісіндегі іс қарама-қарсы қойылып айттылса, арасына сызықша қойылады. *Айтты – көндім, алды – бердім* (Абай)...
4. Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдердің арасына қос нұкте қойылады: *Дүниеде адам баласының ұлы қасиеті екеу-ақ: олар – ой ұлылығы мен сұлулық ұлылығы* (Ғ.Мұсірепов).
5. Түсіндірмелі салаластың алғашқы жай сөйлемі сонша, сондай, сол, мынау, себебі сөздерімен аяқталса, олардан соң сызықша қойылады. *Оның қорыққандығы сондай – не айтқанын білген жоқ*.
6. Өйткені, себебі жалғаулықтары түсіп қалып жасалған салаластардың жай сөйлемдері арасына қос нұкте қойылады: *Жайлаудың көлдеріне сене беруге болмайды: құргақшылық жылы олардың көбі тартылып қалады* (С.Мұқанов).
7. Салаласа байланысқан жай сөйлемдердің арасында және жалғаулығы тұрса, үтір қойылмайды: *Бұл бие ерте құлышнайды және құлышы өзіне тартқан құла болады* (С.Мұқанов).
8. Алғашқы жай сөйлемі сұраулы сөйлем болып, соңғысы хабарлы сөйлем болса, арасына сұрақ белгісі емес, үтір қойылады: *Екі жас сөйлессін деді ме, ылдиға қарай шаба жөнелді* (М.Иманжанов).





3. Оқылым мәтініндегі мәліметтерден салалас құрмалас сөйлемдер құрастырып, тыныс белгілерінің қойылу ережесін түсіндіріңдер.

Үлгі:

Табиғат ресурстары – адамның материалдық игіліктерін жасау үшін қолданылатын нысандар, сондықтан оларды сақтау керек. (Жалғаулықсыз және жалғаулық шылаулар арқылы байланысқан салалас құрмаластың жай сөйлемдері, негізінен, үтір арқылы ажыратылады).



4. Табиғат ресурстары туралы ақпаратты негізге алып, «Дебат» әдісімен пікір таластырындар.

1. Адамзат өз игілігі үшін табиғат ресурстарын қалағанынша пайдалануы керек.
2. Болашақ үрпақтың қамы үшін табиғат ресурстарын үнемдеп пайдаланған абзал.



- Табиғат – тал бесік.
- Жер – таусылмайтын қазына.
- Орман – жер сөулеті.
- Даланың көркі – ағаш.
- Бір тал кессең, он тал ек.
- Тау кезеңсіз болмас, өлкे өзенсіз болмас.



5. Нақыл сөздердің бірін эпиграф етіп алып, ойтакыдағы екі пікірдің біріне таңдау жасап, өртүрлі жанрда мәтін құрастырындар. Тыныс белгілерінің қойылуын түсіндіріңдер.



6. Табиғат ресурстары және олардың түрлері туралы түйген ойларынды «ПСМТ формуласы» әдісімен түсіндіріңдер.

1-сөйлем: «Мениң ойымша,...».

2-сөйлем: «Мен оны былай түсінемін...».

3-сөйлем: «Оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын...».

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...».

§2.

Қазақстан жеріндегі табиғат ресурстары



1. Қазақстанның табиғат ресурстарына қандай қор жатады? Табиғат ресурстарының құрамдас бөліктеріне нелер кіреді?
2. Мәтінді түсініп оқып, онда көтерілген мәселеге қатысты оқырманның қарым-қатынасын анықтайтын сұрақтар құрастырындар. Топтарға бөлініп, талқылап, жауаптарындар салыстырындар.

Қазақстанның табиғат жағдайы мен табиғат ресурстары

Табиғат ресурстары – шаруашылықтың дамуына қажетті табиғи қор. Пайдалы қазбалар, жер, су, ауа, жел, топырақ, есімдік және жануарлар дүниесі табиғат ресурстарын құрайды. Республикамыздағы минералды ресурстардың ерекшелігі – олар көбіне жер бетіне және бір-біріне жақын орналасқан. Сондықтан да минералды ресурстар арзан өрі ашық әдіспен өндіріліп, кешенді түрде пайдаланылады.

Еліміз пайдалы қазбалардың аса бай қорына ие. Жер қойнауынан Менделеев кестесіндегі 109 әлементтің 99-ы ашылып, оның 60-қа жуығы зерттеліп, өндіріске таратылған. Еліміз дүниежүзі бойынша вольфрам қорынан бірінші; хромит, уран, фосфор кендерінен екінші; марганец қорынан үшінші; қорғасын мен молибденнен төртінші; ал темір қоры бойынша сегізінші орында. Қазақстан мұнай мен газ қоры бойынша да көптеген елдерден алда тұр.

Қазақстанның жер ресурсы орасан зор: оның жалпы көлемі 270,1 млн гектарды құрайды. Мұндағы жер көлемінің 82%-і – ауылшаруашылығына жарамды жер. Оның жайылым мен шабындыққа жарамдысы – 190 млн га, ал жыртылған жер көлемі – 36 млн га. Бірақ еліміздің нарықтық экономикаға көшуіне байланысты жыртылған жердің көлемі біртіндей деп азаюда. Қазақстан дүниежүзінде жыртылған жер көлемі жөнінен алтыншы; ал жайылым мен шабындықтан төртінші орында тұр. Республиканың әрбір тұрғынына 15 га ауылшаруашылығы жерінен келеді. Өзге елдермен салыстырсақ,

Ресейде бұл көрсеткіш – 0,87 га; Канадада – 1,7 га; АҚШ-та – 0,54 га; Жапонияда 0,03 га-ға тең.

Қазақстан су ресурсына онша бай емес және олар біркелкі тараулмаған. Елімізде ішкі су ресурсы 115,3 млрд м³-ты құрайды. Оның 60,4 млрд м³ су қоры республика аумағында, ал 54,9 млрд м³ су қоры көрші елдерден келеді. Су қорының жиналуды еліміздің географиялық жағдайымен тығыз байланысты. Қазақстанда жалпы саны 85 мыңға жуық өзен, 48 мыңнан астам көл бар. Қоғалтасындағы өзен сортаңдар мен құмдарға сіңіп, ізін жоғалтады. Қөлдердің жалпы ауданы – 45 мың км², оның 94% -інің ауданы 1 км²-ден аспайды. Ирі қөлдерге Балқаш, Зайсан, Алакөл, Теңіз, Марқакөл т.б. жатады. Елімізде 4 мыңнан астам тоған мен су қоймалары бар. Ондағы сұлар егістік жерді суару үшін, электр энергиясын өндіру үшін, сондай-ақ өндірісте пайдаланылады.

Қазақстан аумағы өсімдіктерінің алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Елімізде өсімдіктердің 5700-дей түрі кездеседі. Оның 14% -і біздің еліміздеған өссе, 279 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына енген.

Республика аумағы орманға өте тапшы. Орман алқабы бар болғаны – 13 млн га. Бұл барлық аумақтың 4% -ін ғана құрайды. Қазақстан орманының басым бөлігі – сексеуіл ағашы. Ол көбіне шөлді аумақтарда өседі. Қылқанжапырақты ормандар Тянь-Шань, Жетісу Алатауы, Алтай тауларында кездеседі.

Жануарлар дүниесінде сүтқоректілердің 155 түрі; құстардың 480 түрі; бауырымен жорғалаушылардың 49 түрі; балықтардың 150 түрі бар. Биологиялық ресурстардың ішіндегі негізгісі – балық ресурсы. Қымбат бағаланатын қызыл балықтың 90% -і Каспий теңізінен ауланады.

Қазақстанның табиғат ресурстарымен қамтамасыз етілуі өте жоғары және шаруашылықты өз ресурстарын пайдаланып дамытуға мүмкіндігі зор. Табиғат ресурстарына жауапкершілікпен қарау, табиғи ортаны қорғау, оның ресурстарын ұтымды пайдалану – әрбір азаматтың міндеті. Еліміз аумағындағы табиғат ресурстарының алуан түрлілігі мен оның қорының молдығы – біздің ұлттық мақтанышымыз.



Сабақтас құрмалас сөйлемдерге байланысты қойылатын тыныс белгілері

1. Сабақтаса құрмаласқан жай сөйлемдердің арасына, негізінен, үтір қойылады: *Сол жылы Есіл мол тасып, егін мен шөп көп шықты* (С. Мұқанов).

2. Шартты бағыныңқы сабақтастың баяндауышы шартты райдан жасалып, бағыныңқы сөйлемге мән бере айттылса, одан кейін сзықша қойылады: *Қой өлсе – қозы қалады*.

3. Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің ортасында келсе, үтір екі жағынан қойылады: *Көңілің, сұын ішсөң, басылады* (Ы. Алтынсарин).

Ескерту. Тұлғасы жағынан бағыныңқы сөйлемнің баяндауышына ұқсас болып келетін сөздері бар сөйлемнің бәрі құрмалас емес, үтір қойылмайды. Атап айтсақ:

1. *Болса* деген сөзбен келетін күрделі бастауышты, күрделі анықтауышты сөйлемдер: *Әсем болса* (күрделі бастауыш) *құлқіден жарылғалы тұр*. *Оның болса* (күрделі анықтауыш) *құлуғе мұршасы жоқ*.

2. *Болмаса* шылауымен келген сөйлемдер: *Кітап болмаса альбом қарай тұр*. *Бүгін болмаса ертең сәті түсер*.

3. Тұлғасы жағынан бағыныңқы сөйлемге ұқсас (*ай туа, ымырт үйіріле, күн шыға т.б.*) тіркестер: *Таң ата үйге жеттік*. *Көз байлана ауылға ат басын тіредік*.

4. Себеп-салдар пысықтауыш: *Қатты жүргендіктен шаршал қалды*. (Себеп-салдар пысықтауыш пен себеп-салдар бағыныңқыларды шатастырмау керек. Әр сөйлемнің өз алдына бастауыш, баяндауышы болса ғана, құрмалас сөйлем болады. Мысалы: *Әсем онымен көп арапасқандықтан барлық амал-тәсілін біледі*. *Мәшине жылдам жүргендіктен, біз тез жеттік*. Алғашқы сөйлемде бастауыштар – *мәшине, біз*; баяндауыштар – *жүргендіктен, жеттік*).



3. Мәтіндегі салалас және сабақтас құрмаластарды анықтаңдар. Тыныс белгілерінің қойылу ережесін түсіндіріңдер.

Үлгі:

Оның 14%-і біздің елімізде гана өссе, 279 түрі Қазақстанның Қызыл кітabyна енген. (Сабақтаса құрмаласқан жай сөйлемдердің арасына, негізінен, үтір қойылады).



- Қоршаған ортаны қорғау туралы бірінші заң б.з.б. III ғасырда Шри-Ланқада қабылданды. Дүниежүзіндегі алғашқы қорықта осы аралда ұйымдастырылды.
- Жер шарында тұщы су қорымен қамтамасыз етілмеген елдер саны артуда. БҰҰ-ның болжамы бойынша, 2025 жылы 1 млрд адам су қорының тапшылсығын көреді.
- Ағаш бір жылда мың км жол жүрген көлікten шыққан газды жұтады. Бір ағаш бір жылда 150 кг оттегі шығарады. Мұнша оттегі шағын отбасына бір жылға жетеді.




4. «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген қызықты деректер негізінде шағын мәтін жазындар. Жұптастып, бір-біріңің жұмыстарында логикалық түзетулер енгізіп, редакцияланадар.



5. Картаны пайдаланып, «Қазақстан жеріндегі табиғат ресурстары» тақырыбында шағын ізденіс жұмысын дайындаңдар.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРЫ



6. Оқылым мәтініндегі сандық деректерді пайдаланып, Қазақстан мен басқа шет мемлекеттердің табиғат ресурстарын салыстырып, қысқаша шолу жасаңдар.

§3.

Табиғат ресурстары – ел байлығы



1. Бұгінгі таңда табиғи қорларды қорғау неліктен дүниежүзілік маңызы бар мәселе ретінде қарастырылады?
2. Мәтінді оқып, рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратындар.

Табиғи қорлар – қоғамның материалдық және рухани мұқтажын қамтамасыз ету үшін өндірісте пайдаланылатын бөлігі. Табиғи қорларды тиімді пайдалану, адамзаттың қажеттілігін табиғи қормен қамтамасыз ету – өте күрделі мәселелердің бірі. Табиғи қорларды сарқылтпау үшін қалпына келмейтін табиғат байлықтарын тиімді пайдалануға, шикізаттың, отынның, энергияның жаңа көздерін іздеуге барлық күш жұмылдыруда. Бұл шараларды іске асырудың маңызды жолы – басқа (арзан) шикізатты пайдалану.

Табиғи қорларды қорғаудың бұгінгі таңда дүниежүзілік маңызы бар мәселеге айналуы заңды. Табиғи қорларға зиянын тигизетін факторлар – литосфера, гидросфера, атмосфераның ластануы. Бұл күрделі мәселені шешу бір ғана елдің қолынан келмейді, өлемнің көптеген елі тізе қосып, бірлесе әрекет етсе ғана жүзеге аспақ.

Қазақстандағы тектоникалық құрылымдардың ерекшелігі, геологиялық даму тарихының күрделілігі, аумағының көлемді болуы – барлығы сан алуан табиғи қорларының шоғырлануына жағдай жасайды. Республика аумағынан табиғатта кездесетін пайдалы қазбалардың көптеген түрі табылған, сондай-ақ климаттық және минералдық, отын-энергетикалық қорлар жөнінен де республикамыз дүниежүзінде алдыңғы қатардан орын алады.

Қазақстанда кездесетін табиғи қорларды мынадай топтарға болуге болады:

- 1) отын-энергетикалық қорлар;
- 2) минералдық қорлар.

Отын-энергетикалық қорлардан Қазақстанда тасқомір, қоңыр көмір, мұнай, табиғи газ және жанғыш тақтатастар өндіріледі.

Тасқөмір өндірілетін аудандар: Екібастұз, Майқұбі, Қарағанды, Кендірлі, Тасқөмірсай, Алакөл кен орындары. Осылардың ішінде ірілері – Қарағанды және Екібастұз алаптары. Мұнай мен газ қорлары Қазақстанның батысында шоғырланған: Маңғыстау түбегі мен Жемнің төменгі ағысындағы алқаптарда игеріледі. Барлық кен орында мұнайға қосымша табиғи газ өндіріледі. Ембі мұнайының сапасы жоғары болғандықтан, мұнда жаңа кен орындары игеріле бастады.

Қазақстан минералдық қорлардың түрлері мен көлемі жөнінен теңдесі жоқ аймақ болып табылады: мұнда Менделеев кестесіндегі элементтердің барлығы дерлік кездеседі. Солтүстік облыстарда әйгілі Соколов-Сарыбай, Қашар, Лисаков, Қоржынкөл кен орындары орналасқан. Сондай-ақ темір кені Алтайда (Шығыс Қазақстан), Қарсақпайда, Қаражалда (Орталық Қазақстан) кездеседі.

Қазақстан полиметалл кендеріне де бай: негізгі қорлары Кенді Алтайда, Сарыарқада, Оңтүстік Қазақстанда шоғырланған. Сирек және бағалы металл түрлерінің кен орындары бүкіл аумақта таралып орналасқан. Қазбалардан фосфориттер мен тұздардың, құрылыш материалдарының кен орындары, негізінен, Батыс және Оңтүстік Қазақстанда (Қаратай өңірінде) кездеседі. Фосфориттің қоры және сапасы жөнінен республикамыз дүниежүзіне әйгілі болып отыр.



3. Оқылым мәтінінен құрмалас сөйлемдерді анықтап, түрлері мен тыныс белгілерінің қойылу ережесін түсіндіріңдер.

Улгі:

Қазақстан минералдық қорлардың түрлері мен көлемі жөнінен теңдесі жоқ аймақ болып табылады: мұнда Менделеев кестесіндегі элементтердің барлығы дерлік кездеседі. (Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдердің арасына қос нүктө қойылады).



4. Құрмалас сөйлемнің түрлерін пайдаланып, өз таңдауларың бойынша әртүрлі жанрдағы мәтіндер құрастырыңдар. Жазылған мәтіндердің қандай аудиторияға арналғанын анықтап, сипаттандар.



- Жер бетінің 72%-ін су алып жатыр.
- Жер бетіндегі ең үлкен мұхит – Тынық мұхиты. Оның аумағы жер бетіндегі құрлықтан да үлкен, 169 млн 100 мың шақырымды құрайды. Тіпті қалған 3 мұхит осы мұхиттың көлеміне сыйып кете алады.
- Жердің атмосферасы 78% азоттан, 21% оттегіден және 1% басқа газдардан тұрады. Бұл қабаттар жерді түрлі радиоактивті қауіптерден сақтайды.
- Жердің литосфералық қабаты үнемі қозғалыста болады. Сол қозғалыс әсерінен болған түрлі қақтығыс кезінде жердің тектоникалық плиталары ажырап, жер сілкінісі орын алады.
- Жер бетіндегі ең биік шың – Эверест, ал мұхиттың ең терең нүктесі – Мариан шұңғымасы. Тарихта Мариан шұңғымасында үш-ақ адам болып көрген.



5. Оқылым мәтінінде қарастырылған деректерді топтастырып, «Қосжазба күнделігі» өдісімен тұжырымдаңдар.

Мәтіннен алынған деректер	Менің пікірім



6. «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген қызықты деректерден 5 құрмалас сөйлем құрап, тыныс белгілерінің қандай принципке негізделіп қойылғанын түсіндіріңдер.



7. Қазақстан Республикасындағы табиғи қорларды топтастырып, презентация дайындаңдар. Алынған деректерге сілтеме жасандар.

§4.

Табиғат ресурстарын қорғау мәселесі



1. Қалай ойлайсыңдар, неге табиғат ресурстарын қорғау бүгінгі күнің өзекті мәселелесі болып отыр? Еліміз бен әлемдегі табиғат ресурстарын қорғауға өз тараптарыңдан қандай үлес қосар едіндер?



2. Мәтінді түсініп оқып, онда берілген мәліметтер бойынша талқылау сұрақтарын құрастырыңдар.

Табиғат – адамзат қоғамы өмір сүретін орта. Өнім өндіру және өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру процесінде адамзат табиғат ресурстарын пайдаланады. Сол себепті адамзаттың негізгі міндеті – қоршаған ортаны жақсы жағдайда сақтау арқылы қоғамның бірте-бірте көбейіп келе жатқан қажеттіліктерін әртүрлі табиғат ресурстарымен қамтамасыз ету.

Қазіргі кезде қоршаған ортаның тұрақты жағдайын қамтамасыз ету, оны антропогендік, яғни адамзат тудырған экологиялық факторлардан қорғау басты міндет болып отыр.

Табиғатты қорғау – табиғат ресурстарының сақталуы мен қалпына келтірілуін қамтамасыз ететін, адам денсаулығына тікелей және жанама өсерін ескертетін шаралар жүйесі.

Қазіргі кезеңде қоршаған ортаның жағдайына еki түрлі фактор шешуші ықпал етеді. Олардың біріншісі – ғылыми-техникалық революцияның адамзат қоғамының өндірістік қызметі аясындағы көрінісі. Екіншісі – демографиялық аспектілер, яғни жер бетіндегі тұрғындар санының көбеюі мен урбанизация (қала тұрғындары санының өсуі). Бұл факторлар біріге келіп, өндіргіш күштердің даму қарқынына тікелей ықпал жасайды, ол, өз кезегінде, табиғат ресурстарының интенсивті турде азауына және қоршаған ортаның ластануына өкеліп соғады.

Геожүйелердің экологиялық тұрақтылығының бұзылуы адамның өмірлік қажеттіліктері мен өндірістік технологиялардың мүмкіндіктері арасындағы динамикалық тепе-тендіктің өзгеріске ұшырауының нәтижесінен болады. Қоғам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастың жүйесі болу керек. Ол – қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында табиғат ресурстарын орнымен пайдалануға бағытталған ғылыми-тәжірибелік ережелердің жиынтығы.



3. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрындар. Диалогтің мақсатты аудиториясы мен көркемдегіш құралдарының рөлін талданадар.

1. Табиғат ресурстарына нелер жатады?
2. Қазақстанның табиғи жағдайы мен табиғат ресурстарына қандай баға бересіндер?
3. Табиғат ресурстарын қорғаудың, сақтаудың, үнемдеудің қажеті бар ма?
4. Антропогендік, яғни адамзат тудырған экологиялық факторлардың белен алуды қандай ой тудырады?
5. Өндіріс пен адам санының өсуі табиғат ресурстарының азауына, қоршаған ортаның ластануына өкеліп соғары анық. Осыған қарсы қандай шаралар қолдануға болады?
6. Адамзат қоғамы мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты реттеу үшін ереже қабылданса, қандай бөлімдер қосар едіндер?



Аралас құрмалас сөйлемдерге байланысты қойылатын тыныс белгілері

1. Көп жағдайда аралас құрмаластар үтімен ажыратылады: *Бөкенші тобы келген соң, Бәжей лезде кісі жіберді де, жақын жердегі Байдалы мен Түсіпті шақырып алды.*
2. Арапастың құрамында қарсылық мәнді жай сөйлемдер болса, үтір және сызықша арқылы ажыратылады: *Қарсылық білдірмек бол көтеріле беріп еді, – әкесінің ызғарлы қабағына көзі түсіп, батылы жетпей, сылқ етіп отыра кетті.*
3. Арапастардың құрамында түсіндірмелі мәнді немесе себеп мәнді сөйлемдер болса, қос нүктे не сызықша қойылады: *Ол арқаланып кетті: елдің ұрандағанына елтіп, өлең жолдарын төгіп-төгіп жіберді. Армандалап кеткені сонша – көзін жұмған күйі қолын жайып, өзін ұшып бара жатқандай сезінді.*

Ескерту. Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің ішінде келсе, үтір екі жағынан қойылады. Аралас құрмалас сияқты болып көрінгенімен, бұл – сабақтас сөйлем. Мысалы: *Қиссаны оқудан, тыңдаушыларым кейде бірінен соң бірін айтқыза берсе, жалығып та кетем.*



4. Тақырыпты негізге алып, 5 аралас құрмалас сөйлем құрастырындар. Тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріндер.



- Жер – ана, ел – бала.
- Қара жерге халық ие.
- Жер – ел ырысы.
- Жер – таусылмайтын қазына.
- Жері байдың елі бай.
- Ағаш жапырағымен, жер топырағымен сәнді.



5. «Фибратты сөз» айдарымен берілген мақалдардың бірін эпиграф етіп алып, жинақы мәтін жазындар. Жұптасып, бір-бірінің жұмыстарыңа логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакцияланадар.



6. Қосымша дереккөздерін пайдаланып, «Табиғат ресурстарын қорғау» тақырыбындағы тұжырымдарынды жазындар.

§5.

Қазақстан Республикасының минералдық ресурстары



1. «Минералдық ресурстар» деген ұғымды қалай түсінесіңдер? Оған қандай ресурстар жатады?
2. Мәтінді оқып, негізгі ақпаратты анықтаңдар. Рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін, тілдік құралдары арқылы стилін анықтаңдар.

Қазақстан – кен байлықтарының қоры мен әр алуандығы жағынан жер шарындағы бай аймақтардың бірі.

Минералдық шикізат қорлары – Қазақстанның ұлттық экономикасының тұрақты дамуы мен қауіпсіздігінің маңызды кепілі. Қуатты минералдық шикізат базасының қазіргі жай-күйі республиканы шетелдердің кен қазбаларына төуелділіктен толық арылтып, Қазақстанның дүниежүзілік нарыққа минералдық шикізат қорлары мен оның өнделген өнімдерін шығаруына мүмкіндік берді.

Минералдық шикізат ресурстары – еліміздің даму стратегиясын анықтайтын негізгі факторлардың бірі. Маңыздылығы жағынан олар үш топқа бөлінеді. Бірінші топқа негізгі қаржы түсімін қамтамасыз ететін мұнай, газ, көмір, уран, хромит кен орындары жатады. Екінші топты қаржы түсімін қамтамасыз ететін әрі Қазақстанның индустріялық бет-бейнесін танытатын темір, марганец, мыс, қорғасын, мырыш, алюминий және алтын кен орындары құрайды. Үшінші топқа ішкі және сыртқы нарықта жоғары сұранымға ие қалайы, күміс, фосфор, барит кен орындары кіреді.

Кен байлықтардың барланған қоры негізінде мұнай, газ және кентас өндіретін кәсіпорындар жұмыс істейді. Олар 70-тен аса минералдық шикізат түрін өндіреді және өндейді.

Қазіргі уақытта Қазақстанның кен орындарындағы өндірістің даму дәрежесін ірі өлемдік өндірушілермен салыстыруға болады.

*(Қазақстан Республикасы Президентінің
ресми сайтынан)*



- 3.** Берілген жай сөйлемдерден құрмалас сөйлемдер құрастырып жазып, тыныс белгілерін қандай ережеге сүйеніп қойғандарында түсіндіріңдер.

Берілген сөйлемдер	Құрмалас сөйлем түрлері
Минералдық шикізат ресурстары – еліміздің даму стратегиясын анықтайтын негізгі факторлардың бірі. Олар үш топқа бөлінеді. Бірінші топқа мұнай, газ, көмір, уран, хромит кен орындары; екінші топқа темір, марганец, мыс, қорғасын, мырыш, алюминий және алтын кен орындары; үшінші топқа қалайы, күміс, фосфор, барит кен орындары кіреді.	Салалас құрмалас сөйлем
Кен байлықтардың барланған қоры негізінде мұнай, газ және кентас өндіретін кәсіпорындар жұмыс істейді. Олар 70-тен аса минералдық шикізат түрін өндіреді және өндейді.	Сабактас құрмалас сөйлем
Минералдық шикізат қорлары – Қазақстанның ұлттық экономикасының тұрақты дамуы мен қауіпсіздігінің маңызды кепілі. Құатты минералдық шикізат базасының қазіргі жай-күйі республиканы шетелдердің, кен қазбаларына тәуелділіктен толық арылтып, Қазақстанның дүниежүзілік рынокқа минералдық шикізат қорлары мен оның өндделген өнімдерін шығаруына мүмкіндік берді.	Аralас құрмалас сөйлем



- 4.** Екі пікірдің бірін жақтап, ойталқы өткізіңдер.

1. Қазақстан минералдық ресурстарын шикізат күйінде шетелге экспорттап, бай елге айналуы керек.
2. Еліміз минералдық ресурстарын үнемдеп пайдаланып, өз өндірісін дамытқаны жөн.



- 5.** Ойталқыдағы пікірлерінді жинақтап, мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер (сұхбат, мақала не баяндама) құрастырындар.



6. Фаламтор желісінен алынған сөйлемдердегі ақпараттарды дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакцияланадар. Құрмалас сөйлемдерге қатысты қойылған тыныс белгілерін түсіндіріңдер.

1. Биологиялық ресурстың кез келген түрін оны толық жойғаннан кейін қайтадан қалпына келтіру мүмкін еместігін ескеру қажет. Мысалы, ақбөкендердің шағын табынын сақтап, оны көсіпшілік мөлшерге дейін толтыруға қол жеткізілді. Бірақ егер барлық ақбөкендер жойылса, онда ешқандай шаралармен оларды қалпына келтіру мүмкін емес.

2. Адамның табигатқа өсер етуінің барлық түрлері және осы өсерлерден туындаған табигаттағы барлық өзгерістер антропогендік қатарға жатады. Олардың салдары өртүрлі болуы мүмкін.

3. Көптеген көсіпорындардың шоғырлануы, көптеген энергетикалық қондырғылар мен көптеген мың автомобильдердің көп шоғырлануы нәтижесінде қалалардың ауасы оттегінің аз шоғырлануымен және көмірқышқыл газының жоғары болуымен ерекшеленеді. Соңдықтан үлкен қалалардың тұрғындары жасырын оттекті аштықты бастан кешіреді, өз ағзаларында зиянды заттарды жинақтайды.



7. Қосымша әдебиеттерді пайдаланып (энциклопедиялар, баспасөз материалдары мен оқулықтар), «Қосжазба күнделігі» әдісімен Қазақстанның минералдық ресурстары жөнінде пайымдаулашынды жазыңдар.

§6.

Қазақстан Республикасының энергетикалық ресурстары



1. Сендердің ойларыңша, энергетикалық ресурстардың түрлері мен құрамадас бөліктері қандай? Өзара ой бөлісіндер.
2. Мәтінді оқып, құрылымы мен рәсімделуіне көңіл аударыңдар.

Энергетика жүйесі – электр энергиясы мен қуатын өндіру және электрмен жабдықтау жүйесі. Қазақстанның энергетика жүйесі – ұлттық экономиканың өндірістік және өлеуметтік инфрақұрылымындағы маңызды сала өрі өнеркәсіптің басқа салаларын дамытудың басты базасы.

Кеңестік билік дәуіріне дейінгі кезеңде Қазақстанда өндіргіш күштердің даму деңгейі тәмен болды, сол себепті оның энергетикалық базасы тым кенже қалды. Фалымдардың деңгектері бойынша, қазақ жерінде барлық электрстансылардың қуаты 2,5 мың кВт/сағ-тан аспаған, оларда жылына 1,3 млн кВт/сағ электр қуаты өндірілген. Тек 6 қалада ғана қуаты шағын қалалық электрстансы болған.

Кеңестік дәуірдің бас кезінде қабылданған ГОӘЛРО жоспарының (1920 ж.) елді электрлендірудегі экономикалық және саяси мәні зор болды. Бұл жоспардың Қазақстанға да тікелей қатысы болды. Онда Сібір теміржолы бойындағы ірі сауда-өнеркәсіп орталықтарын электрлендіру, Павлодарда қуаты 15 мың кВт электр стансысын салу межеленген. Осы жоспарға сай 1925 жылы Қарсақбай электрстансының құрылышы басталып, 1928 жылдары мұнда мыс қорыту зауыты іске қосылды. Осы жылы Жоғарғы Харуиз СЭС-і пайдалануға беріліп, соның негізінде Риддер қорғасын зауыты іске қосылды. 1925–1926 жылдары Доссорда мұнайдың 41,2%-і, Майдатта 87,8%-і электр қуатын қолдана отырып өндірілді. Осы жылдары мұнай оқпандарын бүрғылау және мұнайды барлау үшін КСРО-да тұңғыш рет электр қуаты қолданылды.

Қазақстандағы отын-энергетикалық қорларды іздестіру жұмыстарының нәтижесінде көмір мен мұнайдың ірі кеништері табылды. Қазбалы отын қорлары жөнінен Қазақстан Кеңес Одағында екінші орынға шықты.

Жалпы, кеңестік дәуірдегі Қазақстанның әлектр энергетикасының даму жолын негізгі үш кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңде (1918–1945 жылдары) ірі әлектрстансылары салынып, алғашқы энергетикалық тораптар пайда болды. Екінші кезеңде (1946–1958 жылдары) аймақтық әлектрстансыларында әлектр қуатын бір орталықтан өндіру құрт артты, алғашқы энергетикалық жүйелер құрылды. Үшінші кезеңде (1959–1990 жылдары) республиканың энергетикалық базасы жедел қарқынмен дамып, аймақтық энергетикалық жүйе қалыптасты. Сөйтіп, Қазақстан өзінің әлектр қуаты жөніндегі мұқтаждарын толық қамтамасыз ететін әрі оны өзге елдерге шыгаратын ахуалға жетті. Бұл кезеңде Алматыда, Қарағандыда, Петропавлда, Жамбылда, Шымкентте, Павлодарда ірі аймақтық су әлектрстансылары (АСЭС) салынды. Ертіс өзенінде Өскемен және Бұқтырма су әлектрстансылары (СЭС), Іледе Қапшағай СЭС-і жұмыс істеді. Аса ірі Ақсу АСЭС-ы Екібастұз кеңішінің арзан көмірін пайдаланды.

Әлектр энергетикасы секторын реформалау бағдарламасын дәйектілікпен іске асыру нәтижесінде 2000 жылдан бастап оң өзгерістерге қол жеткіздік: 2001 жылдың басында Қазақстанның әлектр энергетикасы секторының экспорттық әлеуеті 500–1000 мВт деп бағаланды. Мысалы, Екібастұз АЭС-ы 2001 жылдан Ресейге (Омбы облысы) 300 мВт әлектр қуатын экспортқа шыгара бастады.

2030 жылға дейін әлектр энергетикасын дамыту бағдарламасы шеңберінде Қазақстанның әлектр энергетикасы жөнінен тәуелсіздігін қамтамасыз етудің кешенді жоспары өзірленді.

(«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан)

-  3. Оқылым мәтініндегі құрмалас сөйлемдерді анықтап, тыныс белгілерінің қандай ережелер бойынша қойылғанын түсіндіріңдер.
-  4. Оқылым мәтініндегі аймақ атаулары мен сандық ақпаратты қолданып, «Текстесін» толтырыңдар.

Аймақ атаулары	Сандық ақпарат



- Энергетикалық ресурс – техниканың қазіргі даму деңгейінде қолдануға болатын энергия қоры. Шартты отын – әртүрлі органикалық отын түрлерін қолданатын электрстансылардың жұмыс істеу тиімділігін және басқа көрсеткіштерін салыстыру үшін қолданылатын түсінік.
- Кәсіпорынның отын (энергетикалық) балансы – энергетикалық ресурстардың кірісі мен шығысы тепе-теңдігін анықтайдын, оларды әртүрлі қолданушылардың тиімді пайдалануын сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі.
- Тұтынушысына байланысты отын энергетикалық (қайраттық) және тәсілдемелік (технологиялық) деп бөлінеді. ЖЭС-да пайдаланатын отын «энергетикалық отын» деп аталады. Металлургияда, химиялық, құрылым жадығат (материал) өнеркәсіптерінде және т.б. тұтынатын отын «тәсілдемелік отын» деп аталады.
- Тәсілдемелік отынның сапасы қайраттық отынға қараста әдетте жоғары болады. Қайраттық отынның негізгі түрлері: қатты отын (тасқөмір, қоңыр көмір және олардың өндіеу қалдықтары) және сұйық отын (мазут, табиғи газ).



5. «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген ақпаратты пайдаланып, құрмалас сөйлем түрлеріне екі мысалдан жазындар. Қойылған тыныс белгілерін түсіндіріңдер.



6. «Қазақстанның ірі электр стансылары» тақырыбында шолу мәтінін жазындар. Құрмалас сөйлемдердің түрлерін (салалас құрмалас, сабактас құрмалас, аралас құрмалас) қатыстырындар.



7. География оқулығындағы мәліметтер мен қосымша ресурстарды пайдаланып, «Қазақстанның энергетикалық ресурстарының болашағы» тақырыбында презентация дайындаңдар.

§7.

Қазақстан Республикасының биологиялық ресурстары



1. Биологиялық ресурстар дегеніміз не?



2. Мәтінді түсініп оқып, негізгі мәліметті анықтаңдар. Дереккөзі мен авторына сілтеме жасай отырып, ой бөлісіндер.

Қазақстан жерінде алуан түрлі жануар мен өсімдік өлемі кездеседі.

Республикамыздың флорасы бай және сан алуан. Елімізде өсімдіктердің 400-ден аса, ал дәрілік өсімдіктердің 250-ден аса түрі кездеседі.

Елімізде омыртқалы жануарлардың 835 түрі, сүтқоректілердің 155 түрі; құстың 500-ге жуық; бауырымен жорғалаушылардың – 49; қосмекенділердің – 12; балықтың – 150; балық тәрізділердің 3 түрі тіршілік етеді. Атап айтқанда, кез келген адамға таныс аю, қасқыр, тұлкі, қарсақ, қоян, кірпі, үйрек, тырна, қаз, аққу, бүркіт, қараторғай, бұлбұл, улы сұр жылан, бақа, алабұға, шортан, сазан және тағы басқалар кездеседі.

Қазақстан палеарктикалық-зоогеографиялық облысқа кіреді. Қазақстанның жануарлар дүниесінің қалыптасуында физикалық-географиялық жағдайлар үлкен рөл атқарған. Жануарлар дүниесінің үштік және төрттік дәүірдегі даму тарихы өсімдік жамылғысының даму тарихымен үқсас.

Ормандар республика аумағының шамамен 4%-ін алып жатыр. Орманның жартысын сексеуіл өсетін жерлер құрайды. Орманды жерлердің 10%-і – Шығыс Қазақстанда, қалғаны – Алматы және Түркістан облыстарында.

Қазақстанның орман қоры – 21 млн гектар. Орман – өндірістегі бағалы материал ғана емес, сонымен қатар топырақты әрозиядан сақтау, құм көшкінің тоқтату, суды реттеу, егінді қорғау, атмосфераны шаң-тозаңнан тазартуда оның маңызы зор. Сонымен қатар орман ағаштары жерді қуаңшылық пен аңызақ желден сақтайды.

Республиканың орманды алқаптарына көз жүгіртсек, солтүстік бөлігінде қайыңды, қарағайлы орман; шығысында, Алтай тауы бектерінде майқарағай, балқарағай, Сібір шыршасы орманы; оңтүстік бөлігіндегі таулы аймақта Тянь-Шань шыршасы; оңтүстікке шөлді аймақта сексеуіл, ал өзендердің бойында жиде, тораңғыл, жыңғыл, шырғанақ тоғайы өсетінін байқаймыз. Ел байлығы – орман ресурсын сақтай білудің маңызы зор. Орман – жан-жануарлардың мекені, адамдардың тынығатын орны. Орман ресурсына ең көп за-лал келтіретін тілсіз жау – өрт. Өртке басты себеп – адамдардың ұқыпсыздығы. Орман алқаптарын ұқыпты пайдалану, оларды қорғау – бүкіл халық алдындағы негізгі міндеттердің бірі.



3. Оқылым мәтінінен бірыңғай мүшелі жай сөйлемдерді анықтап, олардан құрмалас сөйлемдер құрастырып жазындар. Тыныс белгілерінің дұрыс қойылуын сипаттаңдар.

Үлгі:

Елімізде өсімдіктердің 400-ден аса, ал дәрілік өсімдіктердің 250-ден аса түрі кездеседі. Елімізде өсімдіктердің 400-ден аса түрі бар, ал дәрілік өсімдіктердің 250-ден аса түрі кездеседі.



- Орман – ел дәuletі, жер сәuletі.
- Орманды жерде отын көп.
- Көп адаспас, көл таусылmas.
- Ер – елімен, жер – кенімен.



4. Оқылым мәтіні мен «Фибратты сөз» айдарымен берілген мәліметті пайдаланып, диалог құрындар. Өмірлік мәселелермен байланыстырындар.



5. «Фибратты сөз» айдарымен берілген мақалдарды пайдаланып, жинақы мәтін жазындар. Мәтіндерінді жұптасып тексеріп, логикалық түзетулер енгізіп, редакцияландар.



6. «Қазақстанның биологиялық ресурстары» тақырыбында ғылыми шолу дайындаңыз, дереккөздеріне сілтеме жасаңдар.

§8.

Баламалы ресурс көздері: бүгіні мен ертеңі



1. Аудиожазбада (16. mp3.) берілген мәтінді тыңдаң, тақырыбы мен мақсатты аудиториясын (қоғамдық-сақси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми) анықтаңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.
 1. Баламалы ресурс көздеріне нелер жатады?
 2. Баламалы энергия көздері әнергетикалық тәуелділіктен құтқара ма?
 3. Олардың келешекте табиғи ресурстармен қатар қолданылуына қалай қарайсындар?
 4. Суретте қандай баламалы ресурс бейнеленген?



2. Мәтінді оқындар. Фаламтор, энциклопедия, газет-журналдар мен ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолданып, осы мәселе жөнінде өз ойларынды ортаға салыңдар.

Бүгінде елімізде баламалы энергия көздерін игеруге деңгей ұмтылыс көңіл қуантады. Оны кейбіреулер жерасты кен қазбалары көлемінің азаюымен байланыстырып жүр. Негізінде, мұлде олай емес. Жер қойнауы табиғи қазбаларға бай

болғандықтан, елімізде энергия тапшылығы айтарлықтай байқалмайды. Дегенмен қоршаған ортаны таза сақтап, жаңартылмайтын энергия көздерінің мол қорын келер үрпаққа аманаттап қалдыру – басты міндетіміз.

Жаңартылған және баламалы энергия көздерін өндіруге өлеуетіміз мол. Ендеше, неге бізге экологиялық тұрғыдан тиімді, залалсыз істі қолға алмасқа? Осы орайда Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан–2050» Стратегиясында «Көмірсуге шикізатының нарығында ірі ойыншы болып қала отырып, біз энергияның баламалы түрлерін өндіруді дамытуға, Құн мен желдің энергиясын пайдаланатын технологияларды белсенді енгізуге тиіспіз. Бұл үшін бізде барлық мүмкіндік бар. 2050 жылға қарай елде энергияның баламалы және жаңғыртылатын түрлерін пайдалану барлық энергия тұтынудың тен жартысын құрауға тиіс» деп алдымызға асқаралы міндет те қойды. Олай болса, «осы бағытта елімізде қандай жобалар жүзеге асырылуда?» деген сауалға жауап ізден көрейік.

Баламалы энергия көзін табу, ең алдымен, өлемдегі барған сайын құрделіленіп бара жатқан экологиялық апат қаупін азайтуға бағытталған игі іс болмақ. Олай етпеген күнде көмірсуге шикізатын көптеп пайдалану ауаны ластап, қоршаған ортаның тепе-тендігін бұзады. Жаһандық жылыну үрдісінде көмірсуге шикізатынан шығатын зиянды қалдықтардың өсері мол. Фалымдардың болжамынша, осы жүзжылдықтың сонына таман ауаның температурасы 6,4 градусқа жылынып, өлемдік мұхиттардың деңгейі 58 сантиметрге көтеріледі еken. Қазірдің өзінде құрлықтарды басып жатқан топан су соның салдары десек, қателеспейміз. Соңдықтан өлем сарапшылары энергетикалық қуат шикізаттарына балама табу мәселесін күн тәртібіне қойып отыр.

Еліміздің баламалы энергия көздерін дамытудың «жасыл» жолына көшуіне елордада өткен «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі қуатты серпіліс берді. Қазақстан бұл істе алғашқы болып бастама көтеріп, энергияның баламалы түрлеріне көшуді, табигатқа да, адамзатқа да залалсыз баламалы қуат көздерін дамытуды насиҳаттап, елімізде жасалып жатқан сол бағыттағы жаңа технологияларды ұсынды.

Көрмеге келушілер «жасыл экономиканың» жетістіктерін өз көздерімен көрді. Өлемдік деңгейдегі баламалы энергияның өндіріс жолдарының жай-күйіне де қанықты. Аталған

шарадан Күннен, желден, судан электр қуатын өндіруде тың идея, соны жаңалықтар көптер күтілуде. Оның қатарына қоғамдық көліктерге қолданылатын экологиялық таза отын, электрокөліктердің іске қосылуы жатады. Өсіреле оңтүстік өңірлердің климаттық жағдайы Күн қуатын пайдалануға қолайлыш: жылына 2,5 миллиард киловатт-сағат Күн энергиясын өндірудің мүмкіндігі бар. Бұл – отандық ғалымдарды жаңа жобаларды жүзеге асыруға жетелеп отыр.

(Ерман Әбдиев



- 3.** Оқылым және тыңдалым мәтіндері мазмұнын өз пікірімен және достарыңың пікірімен салыстырып, төменде берілген үлгі бойынша талқылаңдар.

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ...».

Екінші сөйлем: «Мен оны былай түсіндіремін ...».

Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ...».

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мынадай қорытындыға келдім: ...».



- 4.** Оқылым мәтінінен құрмалас сөйлемдерді анықтап, жасалу жолына қарай қай түрі екенін дәлелдей, тыныс белгілерінің қойылуын түсіндіріңдер.



Болашақтың энергиясы

Энергия – бұл адамзат тіршілігінің дамуына жағдай жасаушы және ынталандыруши бірден-бір табиғи қайнар көз. Қоғамның энергия көздеріне қол жеткізуі оның өлеуметтік, экономикалық және экологиялық тұрақты дамуының аспектілерін анықтайты. Технология саласындағы әртүрлі қуат көздерін оңтайландырумен байланысты ғылыми зерттеулер мен жетістіктер қоғамдастықтардың функционалды тәсілдерін анықтап, энергетиканың тұрақты даму болашағын қалыптастырады.

Астанада «Болашақтың энергиясы» тақырыбымен өткен «ЭКСПО-2017» көрмесі кең ауқымды және барлығын қамтушы жоба ретінде ойластырылды.

Болашақ энергиясы қазіргі заманның келелі мәселелеріне және болашақтағы шешімдерді болжауға қатысты

міндеттерді шешуге бағытталған, ойлануға нәр беретін ауқымы кең тақырып болып отыр.



5. «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген мәліметті пайдаланып, мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін, әртүрлі жанрда (сұхбат, мақала, баяндама т.б.) мәтін құрастырындар.



6. Сөйлемдердің құрмаластың қай түрі екенін анықтап, тыныс белгілерінің қойылуын түсіндіріңдер.

Мысалдар	Құрмалас сөйлемнің қай түрі?
Еліміз пайдалы қазбалардың аса бай қорына ие: жер қойнауынан Менделеев кестесіндегі 109 элементтің 99-ы ашылды.	
Қазақстан су ресурсына онша бай емес, себебі өзендердің жартысына жуығы көрші елдерден келсе, ал кей өзендер сортандар мен құмдарға сіңіп, ізін жоғалтады.	
Әлемнің көптеген елі бірлесе әрекет етсе, экологиялық мәселелер шешіледі.	
Көмір мен мұнайдың ірі кеніштері табылып, еліміз қазбалы отын қорлары жөнінен Кеңес Одағында екінші орынға шықты.	
Көрмеге келушілер «жасыл экономиканың» жетістіктерін өз көздерімен көрді, баламалы энергияның өндіріс жолдарының жай-күйіне де қанықты.	



7. «ЭКСПО-2017» – болашақтың энергиясы» тақырыбында қысқаша ғылыми шолу жасандар.

Тындалым мәтіндері

01. mp3

Мәңгілік Ел құндылықтары

Тәуелсіздіктің елең-алаңында қандай едік? Зауыт-фабрикалар жұмысын тоқтатып, жұмысшылар сенделіп кетті. Жалақы да, зейнетақы мен балалар жәрдемақысы айлас қолға тимеді. Қазір соның бәрі көрген түстей өте шықты. Тәуелсіздік еліміздің қарқынды өркендеуіне серпін берді. Қазақстанды өлем елдері таныды. Қазақстанға өлем елдерінің назары ауды. Әлемнің барша елімен іскерлік, әріптестік байланыс орнықты. Елімізге инвестиция салуға ұмтылған елдер қатары, шетелдік компаниялар қебейді. Өз жастарымыздың шетелдік мамандармен бәсекелестік деңгейі артты. Еліміздің экспорттық өлеуеті көтерілді. Әрине, мұның бәрі бір мезетте іске аса қойған жоқ. Бұған Елбасы Нұрсұltан Назарбаевтың Қазақстанды қуатты мемлекетке айналдыру идеясының өміршешендігі оң ықпалын тигізіп отыр. Енді алдымызда үлкен мақсат тұр. Ол – Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына енгізу. Бұл үшін отандық экономиканы жан-жақты өркендетіп қана қоймай, келешекте қуатты өрі мәңгілік мемлекетке айналдыруды іске асыруымыз қажет. Осы орайда, Елбасы Нұрсұltан Назарбаев ұсынған нақты 100 қадамның маңыздылығын баршаға кеңінен насиҳаттау қажеттігі туындейды. Өйткені нақты 100 қадамның өркайсысына зер салар болсақ, бұл құжатты тәуелсіз Қазақстанымызды өлемдегі көшбасшы елге айналдыру мақсатын көздейтін кешенді стратегия деуге өбден болады. Соның бірі – 89-қадам. Мұнда: «Нұрлы Болашақ» ұлттық жобасын өзірлеу және жүзеге асыру – мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына «Мәңгілік Ел» құндылықтарын енгізу» – делінген. Шын мәнінде, мектептердің оқу бағдарламаларына «Мәңгілік Ел» құндылықтары туралы мол мәлімет енгізілуі дұрыс дер едім. Өйткені бұл батыстық даңғырлақ музыка мен ғаламтор желісіндегі ұлттық құндылықтарымызға жат ақпаратпен өуестенетін жас буынды отаншылдық рухта тәрбиелеуге жол ашар еді. Әрбір жас өз Отанын сүюі, Отанға қызмет етудің парыз екенін жете сезініп осуі қажет қой. Ендеше, қазіргі оқу бағдарламалары

әр саланың нақты деректеріне құрылған мәліметтермен қамтылуы керек.

(Айдар Сабыров)

02. mp3

Мәңгілік Ел белгісі (қысқартылған нұсқасы)

«Мәңгілік Ел» ұғымы қасиетті, киелі,
Елжіретіп жаңыңды, иітеді жүйені.
Тебіреніп бұл сөзге бабалардың аруағы,
Терендей тарихтың ағытылар тиегі.

Аласұрған теңіздей төңкерілген жалғанда
Өлмейтүғын өмірді ансамайтын ел бар ма?
Арпалысып бағыпты Құлтегіндей батырлар,
Тонықөктей данышпан, Елтерістей хандар да.

Тұлпарымыз тұралап тайғақ кешу, тар жолдан,
Бодан едік кешегі бостандыққа зар болған.
Мәңгілік Ел бола алсақ – жұлдызымыз жанғаны,
Жердің жұзі, күн көзі дидарына таңғалған.

Не көрмедің, қазағым, тайталасқан тірлікте,
Мәңгілік Ел белгісі – береке мен бірлікте!
Ұл-қызың да жол көрген, бесігінде тербелген,
Алтын жіптей арқауы үзілмейтін кіндікте!

Босағаңды ұмытпа, төрге шықсаң тегінде,
Мәңгілік Ел белгісі – есік пенен төрінде,
Қалатұғын артыңда дәстүр менен салтында,
Өнерінде ешқашан бас имеген өлімге!

Қазақ болсаң қадірле өз тілінді тірінде,
Мәңгілік Ел белгісі – мемлекеттік тілінде!
Танымаған төркінін, менсінбекен өз тілін
Талапай боп талай жұрт құрып біткен түбінде.

Мейірімі төгілген алыс пенен жақынға,
Мәңгілік Ел белгісі – парасатта, ақылда!

Жүрек қанын ағызып, тілдің майын тамызып,
Жырлап кеткен ақындар кеменгерлер хақында.

Бақыт құсы қонарда, Мәңгілік Ел боларда,
Періштенің қасына сайтан, сірө, жолар ма?
Мәңгілік Ел белгісі – аспандаган Бәйтерек,
Жайнап тұрған астана, жарқыраған Ақорда!

Жақсы-жайсаң кеңесіп, төрт құбыла теңесіп,
Арман болмас айналсақ алынбайтын қамалға!

(Несілбек Айтұлы)

03. mp3

«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»

Жансейіт Түймебаев: Жолдау – жаңғырудың даңғыл жолы. Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында жаңару мен жаңғырудың даңғыл жолына түскен Қазақстан ширек ғасырдың ішінде бүкіл өлемге қуатты, дамыған, ынтымағы жарасып, ырысы артқан мемлекет ретінде танылғаны айтылады. Ендігі кезекте әрбір қазақстандық осы береке-бірлік пен саяси тұрақтылықты одан әрі нығайтып, еліміздің іргесін бекіте түсугі қажет.

Нұрлан Нығматуллин: Елбасы Жолдауы Қазақстаниң мұздың даму тарихындағы жаңа кезеңді бастағы. Жолдау – еліміздің тарихи белесін бастаған өте маңызды құжат. Онда Елбасымыз Қазақстан дамуының жаңа бағыттарын белгілеп берді. Осы кезеңде, әсіресе ұлттық экономиканы көтеруге ерекше көңіл белінді. Бұл, ең алдымен, халықтың әлеуметтік жағдайын күшетуге ықпал етеді.

Бердібек Сапарбаев: Біз Елбасы Жолдауын орындау үшін бар құшімізді саламыз. Президенттің саяси жігерінің арқасында еліміз осы деңгейге жеткенін білесіздер. Бұл Жолдау бұрынғыларынан өзгерек, өйткені бұл құжат еліміздің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруға, жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізуге бағытталған.

Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы: Жолдау ұрпақ тәрбиесіне басымдық берді. Онда өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік рухында тәрбиелеу үшін қосымша

қадамдар жасау және бұл іске діни бірлестіктерді белсенді түрде тарту қажеттігіне ерекше тоқталды. Расында, бүгінгі аға буын, орта буын өкілдерінің негізгі миссиясы – жастардың көкірек көзін ашып қана қоймай, олардың рухани дүниетанымын байытып, мемлекетшіл, толерантты, ұлтжанды үрпақ сабактастығын қалыптастыру.

04. mp3

Жаһандық мәселелерді шешуде Қазақстанның орны айрықша

Өтіп бара жатқан қой жылындағы өлемдік экономикада қылаң берген дағдарыс көріністеріне, халықаралық өзекті мәселелерге, тұрақсыздық нүктелерінің кеңейе түсуіне қатысты Қазақстан ұсынған бейбітшілік пен қауіпсіздік тұрғысындағы бастамалар өлем назарын өзіне аударғаны белгілі.

Иә, есте болса, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің өлемдік денгейдегі арағайындық қабілетін тағы бір танытып қана қоймай, жаһандық бітімгершілікте де ойып тұрып орын алатындығын дәлелдеген еді. Орыс пен украин арасындағы текетірестің жігін жатқызуға барын салды, елорда төрінде өлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының басын қосып, ортақ ымыраға ұйытқы болды. Мұнан бөлек қыркүйек айында БҰҰ Бас ассамблеясының мерейтойлық 70-сессиясына қатысып, өлем жұртшылығының егжей-тегжейлі талқылауына түскен өзекті жайттардың ұшына шығар ұтымды ойлар айтты. Қазақ елінің, қазақ тілінің мәртебесін асқақтатып, ұлы мінберден қазақ тілінде баяндама жасады. Көрі құрлықта да болды. Тағы да қазақ тілінің мәртебесін көтерді, ЮНЕСКО-ның Бас Ассамблеясының бас мінберінен үн қатты. Мұның барлығы да елдің, ерін сүйер елдің ертеңі үшін жасалған нақты қадамдар еді.

05. mp3

Қазақстандық бренд «Monde Selection» алтын сапа белгісін алды

«Monde Selection» – 1961 жылдан бері су, сусын, ірімшік, шоколад және басқа да тамақ индустриясы өнімдеріне сараптама жүргізетін тәуелсіз халықаралық үйым.

2017 жылды маусымда Малъя аралында «Monde Selection» халықаралық тәуелсіз сараптамасы жеңімпаздарды мара-паттады. Қазақстандық бренд «TURAN» табиғи минералды сұры осы үйымның алтын сапа белгісін алды. Тарихта алғаш рет қазақстандық бренд халықаралық сапа институтының сараптамасына ілігіп, жылда алтын иеленіп кетіп жүрген жапондық өндірушілермен бір сатыдан көрінді. Ендігі жерде елімізде шығатын «TURAN» табиғи минералды сұнының сыртына өлемдік сапаның алтын белгісі соғылатын болады.

«TURAN» табиғи минералды сұры жасы 15 мың жылдан асатын жерасты мұздық көзінің орнынан (Көкшетау маңындағы Құскөлден) алынады. «Asia Waters» компаниясының бас директорының орынбасары Шалқар Нұртілеуовтің айтуынша, жапондық өкілдер «TURAN» сұнының бөтелкесіне таңдана қараған. Ал суды татып көргенде дереу байланыс телефондарын сұраған.

– Жасыратыны жоқ, бұл – біз үшін қандай мақтаныш болса, еліміз үшін де сондай мәртебе. Біз енді Жапонияға «TURAN» сұын экспорттау ұсынысын қарастырып жатырмыз, – дейді «Asia Waters» компаниясының басшылары.

«Monde Selection» халықаралық тәуелсіз сараптамасының қазылар алқасы «Мишлен» ресторандарының атақты аспаздарынан, ғалым-диетологтерден және өлемнің тамақ индустриясының технологтерінен тұрады. Сондықтан «Monde Selection» марапаты бүкіл өлемде өділдігімен жоғары бағала-нады және сөзсіз сенім үялатады.

(«Егемен Қазақстан» газетінен)

06. mp3

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты

1991 жылды тәуелсіздік алған сөттен бастап Қазақстан Республикасы өлемнің 130 мемлекетімен дипломатиялық қа-рым-қатынас орнатты.

Қазақстан Орталық Азиядағы географиялық сипаты бо-йынша ең ірі мемлекет болып табылады, оған қоса экономи-калық даму қарқыны бойынша, біздің мемлекет – аймақтағы көшбасшы. Бұғынгі күні қазақстандық сыртқы саясат басым-дыштығы, ең алдымен, Ресей, Қытай, АҚШ, ЕО, Орталық Азия аймағындағы көршілес мемлекеттермен, ислам өлемімен тең

құқылы қарым-қатынас құруға бағытталып отыр. Бұл түрғыда 2006–2007 жылдары атаптыш мемлекеттермен және аймақтармен екіжақты байланыс едөуір алға басты. Ел мұддесіне қатысты бірталай маңызды құжатқа қол қойылған мемлекет басшылығының Вашингтон, Мәскеу, Брюссель, Лондон, Бейжің, Каир, Тегеран, Ташкент, Бішкек және тағы да басқа мемлекеттердің астаналарына ресми сапарларының қорытындылары да осыны айғақтай түсуде. Осылайша мемлекетіміздің әлемнің жетекші державалары мен көршілес ТМД мемлекеттері арасындағы стратегиялық серіктестігі жаңа деңгейге көтерілді. Қазіргі кезде Қазақстанның көп ғасыр бойы туысқандық, мәдени, саяси және экономикалық, қарым-қатынаста болып келген көршілес Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастығы ерекше серпін алышп отыр. Біздің мемлекетіміздің ендігі жердегі қарқынды дамуы атаптыш республикалармен қалыптасатын қарым-қатынаспен де тығыз байланысты. Сол себепті Қазақстан Орта Азиялық Одақ құру идеясын алға тартып отыр. Бұл бірлестікке Қазақстаниң басқа аймақтың Өзбекстан, Қыргызстан, Тәжікстан және Түркіменстан сияқты мемлекеттері де кіруі мүмкін.

2006–2007 жылдар аралығында Орталық Азия мемлекеттері президенттерінің Астанаға іс-сапарлары барысында және Қазақстан басшылығының атаптыш аймақ мемлекеттеріне ресми сапарлары барысында мемлекетаралық, саяси-экономикалық және әлеуметтік-мәдени қарым-қатынастардың дамуына негіз болатын маңызды екіжақты келісімдер қабылданды. Бұл құжаттар Қазақстанның көршілес мемлекеттермен байланысын нығайта түсіп, Орта Азиялық Одақ идеясын жүзеге асуру үшін айтартықтай серпін беріп отыр.

07. тр3

Арман қала – Астана

Ағылып Атыраудан, Алатаудан,
Көш қонды Қараөткелге таласа ауған.
Жайнайды Астана ару алқасындей,
Гажайып ғимараттар жаңа салған.

Сарыарқа сауырында,
Ерке Есіл бауырында
Келеді бой көтеріп арман қала.
Арман қала!
Асыл дала!
Жаңа астана! Өз Астана! Астана!
Төріне туған жердің туын тігіп,
Ерекше ел еңсесі бүгін биік.
Астана – Ақ Ордасы қазағымның,
Алтын тәж ақ маңдайға қонған сүйіп.
Сарыарқа сауырында,
Ерке Есіл бауырында
Келеді бой көтеріп арман қала.
Арман қала!
Асыл дала!
Жаңа астана! Өз Астана! Астана!
Көз тоймас келбетіңе – қандай көркем!
Астанам – жаңа қала жайған өркен.
Астанам – жүргегі елдің, жүргегі елдің,
Соғатын сәтіменен бүгін де, ертең!
Сарыарқа сауырында,
Ерке Есіл бауырында
Келеді бой көтеріп арман қала.
Арман қала!
Асыл дала!
Жаңа астана! Өз Астана! Астана!

(Е.Шаймерденов,
М.Омаров)

08. mp3

Ата Заң – мемлекеттің негізі

Қазақстан Республикасының Конституциясы – Қазақстан Республикасының Ата Заңы. Ағымдағы Конституция 1995 жылы 30 тамыз күні жалпыхалықтық референдум негізінде қабылданды және 5 қыркүйек күні өз күшіне енді. Конституция 9 тараудан, 98 баптан тұрады.

Конституция – мемлекеттік құрылыштың құқықтық негізін қалыптастыруши құжат. Ол мемлекеттілік тетік, қоғамдық, саяси институттар ретінде қызметтің негізі боларлық принциптерін орнықтырды, адам мен азаматтың Конституциялық мәртебесін белгіледі, экономикалық құрылыштың негіздерін айқындады.

Бұл – төуелсіз Қазақстанның қабылдаған екінші Конституациясы. Алдыңғы Конституция 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған болатын.

1995 жылы 30 тамызда республикада бүкілхалықтық референдум өтті, нәтижесінде Қазақстанның жаңа Конституациясы қабылданды. Дауыс беру еліміздің қалалары мен ауылдарындағы 10253 сайлау участкерінде жүрді.

Бұл Конституацияның 1993 жылғы Конституциядан айырмашылығы оның мазмұнының сапасында еді.

Жаңа Конституацияға алғаш рет азаматтың құқығына қатысты ғана емес, адам дүниеге келген сөттен бастап одан ажырамас құқықтарына да қатысты нормалар енді. Онда Қазақстан Республикасының Президенті саяси жүйенің басты тұлғасы болып табылады және билік тармақтарынан жоғары тұрады. Бұл президенттік басқару жүйесіндегі мемлекетке сай келеді. Парламент туралы Конституциялық бөлім өзгерістерге ұшырады. 1995 жылы желтоқсанда екі палаталы (жоғарғы палаталы – Сенат, төменгі палаталы – Мәжіліс) Парламентке сайлау өткізілді.

09. mp3

Ювеналды әділет – кәмелетке толмағандар құқықтарын қорғау кепілі

Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет негізін қалаушы бағыттарының бірі – бала құқығын қорғау мәселесі.

Қазақстан Республикасы Конституациясының 27-бабына сай, неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғаудың болады.

Бала құқығын қамтамасыз ету қазіргі заманың ауқымды проблемасына жатады, оның шешіміне барлық дүниежүзілік қауымдастық мүдделі.

Біздің республикада балалар құқығына үлкен назар аударылатынын атап өту керек. Мәселен, бала құқығын қамта-масыз ету мәселелеріне 2008 жылғы 8 тамыздағы «Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы арналған, 1998 жылғы 17 желтоқсандағы «Неке және отбасы туралы», сондай-ақ басқа нормативтік құқықтық актілер бар.

Өркениетті елдерде сот ісін жүргізу нысанында сүрінген балаға көмек беру жүздеген жыл бойы жасалып келеді, яғни көмелетке толмағандар үшін ювеналды (латын сөзінен *ювеналий* – «жастық») соттар өділет жүйесіне енген.

«Ювеналды өділет» – көмелетке толмағандар істері жөніндегі сотпен байланысты өділет, яғни сот өділдігі деген түсінікті белгілейді. Көмелетке толмағандар істері жөніндегі алғашқы сот 1899 жылдың 2 шілдесінде Чикагода Иллинойс штатының Заңы негізінде құрылғаны белгілі. XX ғасыр басында көмелетке толмағандар үшін соттар басқа елдерде, яғни Канада, Англия, Бельгия, Нидерланд, Ресей, Польша, Венгрия, Испания, Грекия, Ирландия және тағы басқа елдерде құрылғаны белгілі болды.

Ювеналды соттар көптеген өркениетті елде қызмет атқарды, іс-тәжірибеде олар өздерінің тиімділігін дәлелдеді. Ең алдымен, ювеналды соттар балалар құқығын қорғауды және баламен жасалатын қылмыстың алдын алуды мақсат етеді.

(Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі сайтынан)

10. тр3

Балаларды қорғау күні

Бүкіл әлемде 1 маусым «Балаларды қорғау күні» ретінде аталып өтіп, ескі халықаралық мейрамдардың бірі болып саналады. Оны өткізу жөнінде шешім 1949 жылдың қараша айында Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының арнайы сессиясында қабылданды.

Алғашқы халықаралық балаларды қорғау күні 1950 жылы өткізілді. БҮҰ аталған бастаманы дер кезінде қолдап, балалардың өмірін, құқығын, денсаулығын қорғауды өз қызметтінің басты бағыттарының біріне айналдырды.

«Балаларды қорғау күні – олардың өмірін соғыстан қорғау, денсаулығын сақтау, болашақ ұрпаққа демократиялық негізде білім мен тәрбие беру жөніндегі барша өлемдегі озық пікірлердің тоғысқан арнасы» десек – артық айтқандық емес.

Дәл осы күні болашақта адамгершілікке, әділдікке, баянды өмірге толы қоғам құру үшін оның негізі – балаларға барлық жағдай жасау керектігі тағы да паш етіледі.

БҰҰ-ның жүргізген сауалнамасына жүгінсек, бүгінгі таңда өлемде өрбір оныншы бала үлкендер тарарапынан жасалатын зорлық пен зомбылыққа ұшырайды екен.

Өлемде өмірі қатерге толы балалар да баршылық. Аш-жалаңаштық, соғыс өрті, терактілер балалардың ғана емес, үлкендердің де психикасына кері өсерін тигізеді. Бұл – қорғансыз балалардың басына түскен үлкен ауыртпалық екендігі шындық. Жасөспірімдер арасында нашақорлар саны өсуде, олардың жартысынан астамы ішімдік ішуден де кет өрі емес.

Балаларды қорғау күні – мереке ғана емес, сонымен қатар, болашаққа бағдар жасайтын маңызды шараның бірі. Адамзаттың алдында тұрған зор міндет – болашақ ұрпақтың бақытты өмірін қалыптастыру.

11. mp3

Отбасы тәрбиесі қай кезден басталады?

Баланы балабақшадан бастап тәрбиелеу керек дейміз ғой, шындал қелгенде, қазақ халқы тәрбиені балаға іште жатқан кезде-ақ бере бастаған. Келінді тәрбиелеу арқылы іште жатқан шарананы тәрбиелеген. Мысалы, келіннің аяғы ауырлағаннан бастап, оның болашақ ана екенін елге білдіріп, сол үйдің шаңырағына ақ шүберек байлап қойған екен. Содан бастап ол келінге үлкен-кіші демей жүрттың бөрі қамқор болып жүреді. Айталық, жүкті келінге лас жұмыстарды істептейді, жаман хабар естіртпейді.

Енесі келінді айлы түнде бұлаққа ертіп апарып, жуындыратын болған, себебі Жер-Ана адам бойындағы барлық жаман энергияны алып кететінін атам қазақ өу бастан білген ғой. Ал айлы түнде жуындыруының мәні мынада: ол – болашақ немерем айдай көпке ортақ болсын, жарығы, шарапаты көпке

түссін, содан кейін судай таза, мөлдір болсын дегені екен. Ай нұрлы, сұлу болғанымен, алыста ғой, келін ел-жұртынан, ағайын-туыс жұрағатынан алыстап қалмасын деп; су мөлдір болғанымен салқын ғой, сұық қой, келін сұық мінезді болмасын деп, бұлаққа жуындырып келе салып, оны лаулап жанып тұрган отта жылдындырады екен. Ол дегеніңіз – оттай опалы болсын, оттай жылды болсын, оттай мейірімді, берекелі болсын деп ырымдағаны екен. Енді осыны медициналық тұрғыдан қарасаңыз, ыстық пен сұқыттың алмасуы адамның ағзасына пайдалы өсер етеді емес пе? Осының барлығын қазақ білген ғой...

Бұның бәрі – өзінше бір үлкен тәрбие, жатқан үлкен философия. Ақылды ене ырымдаң: «Қарағым, биік тауга қара, немеремнің өресі биік болсын; кең жазира далаға қара, немеремнің пейілі кең болсын; жайқалып тұрган шалғын шөпке қара, әдемі гулге қара, немеремнің жаны мен тәні сұлу болсын, сұлулықты түсінетін болсын», – деп айтады екен.

Бала дүниеге келген күні, кіндігі кесілгеннен кейін, сәбілі болған шаңырақта тұнімен ән айтылады, күй тартылады, шілдехана жасалады. Не үшін сол күні? Ол жай тойлау емес! Себебі дүние есігін ашқан балаға сол күні тек қана жақсы энергия беріледі, өйткені ән айтылып, күй тартылған жерде тек жақсы көңіл күй, жақсы тілек, таза ниет қана болады деп жорыған қазақ. Қысқасы, қазақ қанша көшпелі ел болса да, келінді де, баланы да 40 күн күтіп, үрпағының қамын ойлаған.

(Зейнеп Ахметова)

12. mp3

Гендік инженерия – заман талабы

Евгений Климов, эколог-биолог:

– Гендік модификацияланған өнімдердің зиянын көптеген мамандар айтып жүр. Мен де олардың пікірімен келісемін. Біз 2002 жылды ГМО қауіпсіздігі және экотуризмді дамытумен айналысатын қоғамдық қор құрдық. Осы уақыттан бастап трансгендердің жан-жақты зерделей келе, мұның, шынымен де, өзекті мәселе екенине көз жеткіздік. Жасанды

тағамдардың пайдалы екенін айтып жүргендердің көбі – өнімдерге аз уақыт қана зерттеу жүргізгендер. Негізінен, генетикалық тұрғыдан өзгеріске ұшыраған ағзалардың адамға қалай өсер ететінін білу үшін ұзақ мерзімді зерттеу қажет. Модификацияланған өнімдерді тұтыну тұрмақ, осындай азық-тұлікті өсіріп шығаратын елдерде қуықалды безі мен сүт бездерінің қатерлі ісігі басқалардан төрт есеге көп болатыны анықталған. ГМО өсіресе енді жетіліп келе жатқан организмге қауіпті. Сондықтан баланың тамағына трансгендік қоспалар араласқаның құптамаймын. Балаға шырын, басқа да сусындарды, қалбыр, шыны ыдыстарда сатылатын тамақтарды сатып аларда сақ болыңыздар, міндепті турде сыртқы жазуын оқыңыздар. ГМО қосылған болса, алмауға кенес беремін. Мұндай өнімдер бала туу жасындағы әйелдерге де зиян. Белгілі ғалым Ирина Ермакованың зерттеулері соны мензейді. ГМО туу көрсеткішін кемітіп, жер бетіндегі адамдар санын азайту үшін ойлап табылған деген пікірдің жаны бар.

Асқа асылық айтпаймыз десек те, көзге көрінгенде жей берген де дұрыс емес екенін есте ұстаған жөн.

(*Қымбат Тоқтамұрат*)

13. mp3

Газет пен радионың пайда болу тарихы

Алғашқы газеттер Ежелгі Римде қоғамдық орындарда ілінген жаңалықтар жазылатын тақтайшалар түрінде болды. Онда сенаттың жұмысы, шекара маңындағы жаңалықтар, қолбасшылардың есебі жарияланды.

Папиуста жазылған газеттер Египетте фараондар сараянда шыққан болатын. Олардың мақсаты ел билеушісінің бүйрықтарын халыққа жеткізу болды.

Ал өлемдегі ең алғашқы баспа газеті VIII ғасырда Қытайда «Астана хабаршысы» деген атпен шыққан. Онда ел билеушісінің бүйрықтары және маңызды хабарландырулар жазылған.

1450 жылы Иоган Гуттенберг құйма әріптерден тұратын баспа станогін жасағанға дейін газеттер өте қымбат болды. Газеттердің қазіргі келбеті XVII ғасырда пайда болды. «Газет» сөзі итальяндық монета «gazetta» атауынан шыққан. Жаңалықтар жазылған қағаздарды осы монетаға сатып алған.

Фалымдардың айтуы бойынша, бүгінгі газеттерге ұқсас ең бірінші басылым 1631 жылы шыққан француздық «La Gazette» болды. Газеттің редакторы – Францияның король Людовик XIII болды.

Америкада алғашқы газет 1690 жылдың 25 қыркүйегінде Бостонда «Publick Occurrences» деген атпен шықты.

Ресейдегі алғашқы газет қолмен жазылған «Вестовые письма» еді. Кейін атауын «Куранты» деп өзгертті. Ұлы Петрдің жарлығымен 1702 жылдың 17 желтоқсанында тұнғыш газет «Ведомости» атауымен басылып шықты.

Газеттердің әлемде көп жазылып, танылып, таралған кезеңі – XIX ғасыр. Еуропаның саяси, қоғамдық және мәдени өмірі газеттерде кеңінен көрініс тапты.

1946 жылы ақпанның он үші күні «БҮҰ Радиосы» эфирге шыққан еken. Жалпы, ең алғашқы радио дат ғалымы Ганс Христиан Эрстедтің 1820 жылдың жүргізген кездейсоқ тәжірибелік жұмысынан кейін дүниеге келді. Ол электр мен магнетизмнің арасындағы байланысты анықтайды. Ал ең алғашқы аппарат 1895 жылдың жасалды. Оның авторы – орыс ғалымы Александр Степанович Попов еken. Алайда Поповтың авторлығына келгенде таластар бар. Оның басты бәсекелесі ретінде италиялық радиотехник Гульельмо Маркони аталады. Ол 1896 жылдың дәл осыған ұқсас аппаратты ойладап тапқан көрінеді. 1909 жылдың (ол кезде Попов қайтыс болып кеткен) Маркони мен неміс инженері Карл Браун сымсыз телеграфты ойладап тапқандары үшін Нобель сыйлығын алған.

14. mp3

Әлемдік бүқаралық ақпарат құралдары

BBC (ағылш. *British Broadcasting Corporation*) – Ұлыбританияның радиохабар бірлестігі, радио, ғаламтор және телевизия кешені. Бірлестік Ұлыбританияның радио және телехабар тарату ісіне басшылық етеді. Корпорация – мемлекеттік емес БАҚ өкілі, қоғамдық ұйым. Оның қызметінен Ұлыбритания патшайымы тағайындағының 12 қамқоршыдан тұратын Бақылау кеңесі басшылық жасайды. Ұлыбританиядан басқа елдерде 28 мемлекетке тарайтын BBC World Service радио қызметімен және BBC World News телеарнасымен танымал.

CNN (*Кейблъ-Ньюс-Ньюорк*) – жаңалықтардың кабельді торабы. 1980 жылы негізін қалаған – Тед Тернер. Оның CNN-ды құруына төрт жыл уақыты, 100 миллион доллар ақшасы кеткен.

Бүгінде CNN өлемнің 200-ден астам елінде 40 тілде сөйлеп, 160 миллионнан астам үйге еніп тұр. Оны қазір 1,5 миллиард адам көреді. Ал қалған 6 миллиард адам кабельді телевизияға қосылса, олар да көре алады. CNN айналасы 30 жылдың ішінде біздің мына өлем туралы түсінігімізді өзгерту. Америкалық супермаркеттер тәулігіне жиырма төрт сағат, аппасына жеті күн бойы жұмыс істейді. CNN де солай. Бұл тұрғыдан қарашанда, тіпті CNN бүкіл планетаны бір супермаркетке айналдырды десе де болатындей. Иә, қазір бүкіл адамзат CNN-нің арқасында бір тауарды бір мезетте ала алады.

«Таймс» (ағылш. «*The Times*») – Ұлыбританияның күнделікті газеті, өлемдегі ең танымал газеттердің бірі. 1785 жылдан бері басылып келеді. Қазіргі таңда «Таймс» газетін «Times Newspapers Limited» басып шығарады. Газет «News Corporation» медиакорпорациясына тиесілі. Медиакорпорацияның басшысы – Руперт Мердок. Газеттің жекенелік нұсқасы – «The Sunday Times».

Қазір көптеген газет Таймс сөзін өздерінің аттарына қосып алды, мысалы, американдық «The New York Times», үнділік «The Times of India» және басқалар.

«Таймстің» негізін 1875 жылы Джон Уолтер қалады, редакторы да өзі болды. Ол кезде газет «The Daily Universal Register» (Күнделікті жаңалықтар тізбегі) деп аталған, ал 1788 жылдың 1 қаңтарынан бастап «The Times» деп аталып келеді.

15. mp3

Әлемдік мұдде

Қазіргі таңда әлемдік тәртіппер мен мемлекетаралық қатынастардың өзара төуелділік пен ортақтасу принципіне бейімделе түскендігі нақты байқалады. Әлем халықтары мен мемлекеттері жаһандық қауіптер мен мәселелерді бірлескен күшпен, өзара келісім саясатымен ғана шешуге болатынын

ұғынып отыр. Әлем мемлекеттерінің жаһандық мәселелерді шешуге қатынасу жолдары БҰҰ, ЕІҚҰ, ШЫҰ, БСҰ сияқты халықаралық ұйымдар арқылы жүргізілсе, әлем халықтары жаһандық қауіптерге қарсы халықаралық азаматтық ұйымдар Гринпис, Халықаралық Қызыл Крест, Шекарасыз дәрігерлер, феминистік, гендерлік ұйымдар қызметтері арқылы жүргізлуде.

Мемлекеттер мен халықтар жаһандық мәселелерді бірлесіп шешу мақсатында әлемдік қауымдастық құрып отыр. «Әлемдік қауымдастық» ұғымын алғаш рет ресми түрде 1969 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясында сөйлеген сөзінде АҚШ Президенті Ричард Никсон қолдаған. Ол: «Бұкіл тарихи ғұмырымызда біз бірінші рет әлемдік қауымдастық болып отырмыз», – деп көрсетті.

Әлемдік қауымдастықтың мақсаты – әлемдік тәртіптерге әсер ете отырып, әлемдік бейбітшілік пен адамзатты сақтау. Бұл ретте әлемдік және аймақтық державалардың бейбітшілік пен татулық ұлгілерінің маңызы зор. АҚШ, Қытай, Ресей, Үндістан, Бразилия, Жапония, Германия, Ұлыбритания, Пәкістан сияқты халқының саны көп, ірі мемлекеттердің агрессияға бармауы әлемдік қауымдастықтың жаһандық мәселелерді тиімді шешіп, қауіптің алдын алу саясатын жүргізуіне жағдай туғызатыны анық. Әлемдік тәртіптерде, әлемдік геосаяси құрылымда бейбітшіліктің басым болуына жағдай жасайтын мемлекеттерді нағыз бейбітшіліксүйгіш мемлекеттер ретінде бағалауға болады.

16. mp3

Баламалы энергия көздері энергетикалық тәуелділікten құтқара ма?

Қазіргі күні Қазақстанда электр энергиясының 74% -тен астамы орталық және солтүстік аймақтардағы көмір кен орындарынан өндіріліп, оның 66% -тейі дәл сол өңірлердің өзіндегі қажеттілікке жұмсалады. Ал онтүстік өңірлерде энергия тұтыну оны өндіруден екі есеге дейін артып, қуат көзінің белгілі бір мөлшерін Өзбекстан мен Ресейден сатып алуға, Қыргызстанмен айырбас жасау арқылы импорттауға

тура келіп отыр. Энергетика министрлігінің мәліметіне сүйенсек, тәуелсіздік жылдарында еліміздегі көмір өндіруші кәсіпорындар 2,3 млрд тонна көмір өндіріп, оның 600 млн тоннадан астамы экспортқа шығарылса, қалған көлемі ішкі қажеттілікті өтеген. Еліміз көмірдің барланған қоры жағынан 8-орын алатыны белгілі. Десек те, көмір көзінің де таусылатын кезі болады. Қазба байлықты өндіру арқылы өндірісті ұлғайтудың өзі шығын мен үлкен тәуекелді қажет ететіндіктен, өлемнің көптеген мемлекеттері жаңа жолды таңдаш отыр. Ол – энергияның баламалы түрлері, яғни қалына келетін, сарқылмайтын және қоршаған ортаға зиян келтірмейтін энергия көздері.

Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты ел халқына арнаған Жолдауында: «Көмірсутегі шикізатының нарығында ірі ойыншы болып қала отырып, біз энергияның баламалы түрлерін дамытуға, Құн мен желдің әнергиясын пайдаланатын технологияларды белсенді енгізуге тиіспіз. Бұл үшін бізде барлық мүмкіндік бар», – деп қадап айтқан болатын.

(Бауыржан Сабырбеков)

Халықаралық зерттеулер (timss, pisa) форматындағы тапсырмалар үлгілері

I тоқсан

1. Мәтінді оқып, сұраққа жауап нұсқасын таңдаңдар.

Сұрақ және жауап нұсқалары	Мәтін
<p>Ханкелді Әбжановтың «Мәңгілік Ел – бабалар арманы» мақаласынан алғынған үзіндідегі негізгі ойды қай сөйлем арқылы беруге болады?</p> <p>A) «Мәңгілік Ел» автоматты түрде биік технологияларды алақанымызга салмайды.</p> <p>B) Оның миссиясы – қоғамның бар саласындағы адам факторын ізгілікке, жасампаздыққа жегу.</p> <p>C) «Мәңгілік Ел» әлеуметтік инфрақұрылымды алақанымызға салмайды.</p> <p>D) «Мәңгілік Ел» идеялар мен бағдарламалардың алтын діңгегі бола береді.</p>	<p>Интеллектуалдық ұлы ізденіспен түзілген «Мәңгілік Ел» өздігінен, автоматты түрде биік технологияларды, материалдық игіліктерді, әлеуметтік инфрақұрылымды алақанымызға салмайды. Оның миссиясы – қоғамның бар саласындағы адам факторын ізгілікке, жасампаздыққа жегу. Ендеше, «Мәңгілік Ел» еліміздің ілгері өркендеуіне септесетін ұлы жобалар мен бастамалардың, идеялар мен бағдарламалардың алтын діңгегі бола береді.</p>

2. Ережелерді толықтырып, берілген сұрақтың қажетті жауап нұсқасын таңдаңдар.

Сұрақ және жауап нұсқалары	Ережелер
<p>Морфологиялық принцип бойынша жазылған сөздер қатары қайсы?</p> <p>A) Аман+келді, Бота+көз, кітап+ым, сегіз+он</p> <p>B) Хат-хабар, қанаар, жаһан</p> <p>C) Жазса, жанбады, жанганда</p> <p>D) Өкімет, үкімет, тиын, тиін</p>	<p>Морфологиялық принцип деп</p> <p>Фонетикалық принцип деп</p> <p>Тарихи принцип деп</p>

3. Орфографиялық нормага сай жазылған сөздердің қай принципке негізделгенін түсіндіріңдер.

A) Тенізші, мұзжарғыш, тасжүрек
B) Қарагөз, Сатыбалды, қолғап
C) Гаянап, қолхат, жиһаз
D) Хан – қан, хал – қал, өкім – үкім

II тоқсан

1. Ережені негізге ала отырып, тапсырманы орындаңдар.

Тапсырма мен мысалдар	Ереже
<p>Берілген сөйлемдерді құрылышына қарай ажыратыңдар.</p> <p>A) Біздің ғаламшарымыз, адамзат өмірі үнемі өзгеріп отырады.</p> <p>B) Әлемдік маңызы бар іс-шараға дайындық барысında үлкен мақсат, жауапкершілік және міндеттер тұрады.</p> <p>C) Осылайша тарихи әділеттік орнап, бабаларымыздың ұлы арманы орындалды.</p> <p>D) Әр қазақстандық бүгінгі күнді өзінің жеке тәуелсіздігі мен табысты күні есебінде мерекелей алады.</p>	<p>Жай сөйлем бір не бірнеше сез бен сез тіркесінен құралып, жалаң ойды білдіреді.</p> <p>Құрмалас сөйлем екі не одан да көп жай сөйлемнен құралып, құрделі ойды білдіреді.</p>

2. Мәтін мазмұнымен танысыңдар. Сұраққа жауап нұсқасын таңдаңдар.

Мәтін	Сұрақ және жауап нұсқалары
<p>Астанадагы бүкіләлемдік көрме З айға деңін жалғасты. Оған әлемнің 100-ге жуық елі және 10 халықаралық үйым қатысты. «ЭКСПО-2017» көрмесінің «Болашақтың энергиясы» тақырыбы ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясын – баламалы энергия көздерін пайдалануда жаңа өзірлемелер мен технологияны қолдануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ көрме елдің өндірістік қуаты мен ғылыми базасын технологиялық жаңғырту және экономиканы жүйелі әртараптандыруға қуатты серпін береді.</p> <p>Мұндай ауқымды іс-шараны өткізуге, соның ішінде көрмелердің құрылышы мен инфрақұрылымына шағын және орта бизнес атсалысатын болады.</p>	<p>Мәтіндегі негізгі ой қайсы?</p> <p>A) Бүкіләлемдік көрме З айға дейін жалғасты.</p> <p>B) «Болашақтың энергиясы» тақырыбы – ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясы.</p> <p>C) Экономиканы жүйелі әртараптандыру үшін қуатты серпін береді.</p> <p>D) Мұндай іс-шараны өткізуге шағын және орта бизнес атсалысатын болады.</p>

3. Берілген сөйлемдерді ережемен сәйкестендіріндер.

Мысалдар	Ережелер
<p>А) БҮҮ-ның Бас Ассамблеясы біздің ел Президентінің ұсынысын мақұлдаپ, 29 тамызды Халықаралық ядролық қару-жарақта қарсы күрес күні деп жариялады.</p> <p>В) 1993 жылғы қаңтардың 28-інде Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданды: негізгі Заң 4 бөлімнен, 21 тараудан, 131 баптан түрді.</p> <p>С) 1995 жылы 30 тамызда еліміздің жаңа Конституциясы қабылданды және бұл негізгі Заңымызда республиканың экономикалық күш-қуаты мен мүмкіндіктері ғылыми түргыдан тиянақталды.</p>	<p>Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдердің байланысу тәсілдері:</p> <ol style="list-style-type: none"> интонация арқылы іргелесе байланысады; жалғаулық шылаулар арқылы байланысады; алғашқы жай сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз тұлғада келіп, келесі жай сөйлеммен ұласпалы түрде құрмаласа байланысады.

III тоқсан

1. Салалас құрмалас сөйлемнің мағыналық түрлерін анықтап, тапсырманы орындаңдар.

Тапсырма және мәтін	Салалас құрмалас сөйлемнің түрлері
<p>Мәтіндегі сөйлемдерден салалас құрмалас сөйлемдер құрастырындар. Қай түріне жататынына түсінік беріңдер.</p> <p>Статистикалық мәліметтер бойынша еліміздің 5 миллионнан астам халқын балалар құрайды. Соңғы жылдары балалар санының түрақты өсу тенденциясы байқалады. Мысалы, 10 жыл бұрын жылына 250 мыңдан астам бала дүниеге келсе, 2009 жылы 360 мыңдай, ал 2013 жылы туған нәрестелердің саны 400 мыңдан асты.</p> <p>Отбасы күнін мерекелеу адамгершілік пен рухани дамуға, отбасы құрудың жауапкершілігін нығайтуға жол ашады. Отанға деген махаббат отбасынан басталады. Туған шаңырағында алған тәрбие – келешегінің кепілі.</p>	<p>Құрамындағы жай сөйлемдердің мағыналық қарым-қатынасына қарай салалас құрмалас сөйлемнің 6 түрі бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем; қарсылықты салалас құрмалас сөйлем; себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем; түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем; кезектес салалас құрмалас сөйлем; талғаулы салалас құрмалас сөйлем.

2. Берілген үзінділерден құрмалас сөйлемдердің түрлерін (салалас, сабақтас, аралас) ажыратындар.

Жұмағұл мен Қадиша іске кірісті. Бұлар әр жерге барып сұрастырып, ізденіп жүріп, аяғында оқу бөлімінің жаңында жас баланың қамын жайтін кеңсөні тауып алып, соған арыз кіргізді. Кеңсе қызметкерін жаңылдырып, тез иландыру үшін Жұмағұл бір жайды көптіріп, екінші жайды шемейте сөйлеп, есебін тауып жүр. Ақыры бұл кеңсе Қадишаның арызын қаастырып, аяғында Мақсұттан қалған дүние-мұліктің бәрі «жас баласы – Жемилаға ауысады, содан басқа ие жоқ, ол ержеткенше «опекун» Жұмағұл болады» деп бүйрық берді.

Қадишаның ұлықтан әкең отырған бүйрығын естіген соң және өзінің көмексіз жалғыздығын ойлаған сайын, кемпір есінен адаса бастады. Қоріне зорлық-қияннатты сезіп тұрса да, не амал қыларын білмеді. Аяғында Құдайға жылап-жалбарынып, «ah» ұрып отырғанда, есіне баласының бұрынғы жолдасы Мейірхан түсті. Сол күні қасына ақсақ бауырын ертіп алып, кемпір Мейірханға келді, жылады.

Мейірхан сұлдері құрып, жолдасынан түңіліп қала берді. Бұл әңгіменің артынан Жұмағұл, Ақтайлар сол күні-ақ «Мейірхан қызғаншақтық қылып жүр» деп, сөзге таңа бастады. Кемпір Жұмағұлдың ниеттерін естіген соң, бір-екі күннің ішінде күйікті ойдың салмағынан езіліп, бөлекше ауруға ұрынды. Есі ауып қалып, шатасып сандырақтайдын әдет пайда болды.

IV тоқсан

1. Аралас құрмаластың ережесін негізге алып, тапсырманы орындаңдар.

Тапсырма және мәтін	Ереже
Берілген сөйлемдерді аралас құрмалас сөйлемге айналдырындар. Жасалу жолын түсіндіріңдер.	Аралас құрмаластың ерекшеліктері: 1) аралас құрмалас сөйлемде білдіретін ой салалас пен сабақтастағы ойдан құрделі болады; 2) аралас құрмалас сөйлем салаласа да, сабақтаса да байланысып, кемінде уш не одан да көп компоненттен тұрады; 3) аралас құрмалас сөйлемдердің құрамында жалғаулықты да, жалғаулықсыз да сөйлемдер болады; 4) аралас құрмалас сөйлемде сабақтастағы және салаластағы тыныс белгілерінің ережелері сакталады.
Бейбітшілік пен келісім сарайы – архитектуралық құрылым кешені, сөүлет өнерінің бірегей туындысы. Ол қолдан жасалған жота үстінде орналасқан. Сарай әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезінің өткізілетін орны ретінде әлемге әйгілі архитектор Норман Фостердің жобасымен салынған.	

2. Мәтінді оқып, сұраққа жауап нұсқасын таңдаңдар.

Мәтін	Сұрақ және жауап нұсқалары
Республиканың орманды алқаптарына көз жүгіртсек, солтустік бөлігінде қайыңды, қарағайлы орман; шығысында – Алтай тауы бөктерінде майқарағай, балқарағай, Сібір шыршасы орманы; оңтүстік бөлігіндегі таулардың теріскей беткейінде Тянь-Шань шыршасы; оңтүстіктегі шөлді аймақта сексеуіл; ал өзендердің бойында жиде, тораңғыл, жыңғыл, шырганақ тоғайы өсетінін байқаймыз. Ел байлығы – орман ресурсын сақтай білудің маңызы зор. Орман – жан-жануарлардың мекені, адамдардың тынығатын орны.	Қай сөйлем арқылы мәтіндегі негізгі ой берілген? A) Солтүстік бөлігінде қайыңды, қарағайлы орман; шығысында – Алтай тауы бөктерінде майқарағай, балқарағай, Сібір шыршасы орманы өсетінін байқаймыз. B) Ел байлығы – орман ресурсын сақтай білудің маңызы зор. C) Орман – жан-жануарлардың мекені, адамдардың тынығатын орны. D) Оңтүстік бөлігіндегі таулардың беткейінде Тянь-Шань шыршасы, ал шөлді аймақта сексеуіл өседі.

Глоссарий

Құндылық – бір заттың маңыздылығы, пайдалылығы, зат не құбылыстың қасиеті.

Тәмсіл – өсиет, нақыл түрінде айтылатын астарлы мазмұны бар әңгіме, улгі сөз.

Жаһандану немесе **глобализация** (ағылш. *global* – «әлемдік», «дүниежүзілік») – жалпыөлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастықтың құрылу үрдісі.

Реплика – диалог үстінде қарсылық білдіру мәнінде айтылатын қысқаша жауап.

Инфографика – ақпаратты, білімді графикалық тәсілдер арқылы ұсыну. Мәтін мен графиканың (диаграмма, блок-сзыза, кесте, карта) үйлестіріліп берілуі.

БҮҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы) – екінші дүниежүзілік соғыстан кейін КСРО, АҚШ, Қытай және Ұлыбритания мемлекеттерінің белсененділік танытуымен құрылған халықаралық үйым. Бас кеңесі АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында орналасқан.

ЮНЕСКО (ағылш. *United Nations Educational Scientific and Cultural Organization*) – БҮҰ-ның білім, ғылым мен мәдениетті дамыту істері бойынша мамандандырылған үйым. 1945 жылы 16 қарашада құрылды, штаб-пәтері Францияның Париж қаласында орналасқан.

ЕҚЫҰ (Еуропадағы Қауіпсіздік және Үнитымиқтастық Ұйымы, ағылш. *Organization for Security and Co-operation in Europe*) – саяси диалог құруға арналған халықаралық үйым. Негізгі мақсаты – жетілдірілген басқару мен демократиялық үрдіс негізіндеғі аймақтық тыныштық пен қауіпсіздікті сақтау.

ШЫҰ (Шанхай Үнитимиқтастық Ұйымы) – 1996 жылы «Шанхай бестігі» деп атаумен құрылған халықаралық үйым. Құрылтайшылар болып Қазақстан, Қыргызстан, Қытай, Ресей және Тәжікстан кірген. 2001 жылы Өзбекстан үйимға кіргеннен бастап Шанхай Үнитимиқтастық Ұйымы (ШЫҰ) деген атпен тұрақты істейтін үкіметаралық үйым.

Конституция, Ата Заң (лат. *constitutio* – «құрылым») – мемлекеттің негізгі заңы, мемлекеттік құрылыштың құқықтық негізін қалыптастыруши құжат.

Императив – талап, бүйрық, заң. Жеке тұлғаның ұстанған ережелеріне қарсы жалпыға бірдей ережелер.

Конвенция (лат. *conventio* – «келісім») – кез келген саладағы адамдардың мінез-құлқының және іс-әрекетінің, сондай-ақ жаһандық мәселелерді шешу барысында келісім бойынша қабылданған ережелер мен қағидалар.

Опекун – көмелет жасына жетпеген балаға бекітілген қамкоршы.

Гендік инженерия (генетикалық инженерия) – генетикалық және биохимиялық өдістердің көмегімен тұраалық кедергілері жоқ, тұқым қуалайтын қасиеттері өзгеше, табиғатта кездеспейтін жаңа гендер алу.

Иммунитет (лат. *im-munitas* – «босап шығу», «арылу», «құтылу») – организмнің жүқпалы аурулар қоздырғышын немесе олар бөліп шығаратын кейбір улы заттарды қабылдамаушылық қасиеті және оларға қарсы тұру қабілеті.

Ген (грек. *genos* – «тұқым», «тек») – тұқым қуалаудың қандай да бір белгісін қалыптастыруға жауапты материалдық бірлік.

Генофонд (франц. *genos* және *fond*) – бір популяциядағы не бір түрге жататын организмдегі әртүрлі гендердің саны, құрамы.

Популяция (лат. *populus* – «халық») – белгілі бір кеңістіктеге генетикалық жүйе түзетін, бір түрге жататын және көбею арқылы өзін-өзі жаңғыртып отыратын ағзалар тобы.

Штамм (нем. *stamm* – «негізі») – морфологиялық және биологиялық қасиеттері бірдей микроорганизмдердің таза дақылы.

Альманах – тақырыптық, жанрлық т.б. сипатына қарай топтастырылған әдеби шығармалар жинағы.

Бюллетень – қоғамдық маңызы бар істер, орын алған оқиғалар туралы қысқаша ресми хабарлама.

Ребрендинг (ағылш.) сөзі «брэндті өзгерту» деп аударылады. Оның деңгейі әртүрлі болуы мүмкін: компанияның жай ғана логотипін ауыстырудан бастап, толық тұжырымдамасын, миссиясын, ұстанымын және стилін өзгертуге дейін бара алады.

Экстерьер (франц. *extérieur*, лат. *exterior* – «сыртқы») – сөулет өнеріндегі термин, ғимараттың сыртқы келбеті.

Антисемитизм – еврейлерге қатысты жауласқан өшпенделіктің, ұлттық санаспаушылықтың түрі.

Протестанттар – христиан өлемінің басты бөлімшелерінің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ тілі. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9-сыныптарына арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2016.
2. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы, 2011.
4. Айбын. Энциклопедия. Бас редакторы Жақып Б. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011.
5. Назарбаев Н. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017.
6. Сапаров Қ. Тіл мен тарих тамырлас / «Ана тілі» газеті, 28 маусым, 2014.
7. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы: Дайк пресс, 2008.
8. Өуезов М. Шығармаларының 20 томдық толық жинағы. 1-том. – Алматы: Жазушы, 1979.
9. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005.
10. Мұсірепов Ф. Қазақ әйелі. Роман және әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1982.
11. Жұмаділов Қ. Қаздар қайтып барады. – Алматы: Жазушы, 1968.
12. Әбдіхалықова Г. Ұлағатты отбасы – ұлт құндылығы / «Егемен Қазақстан» газеті, 8 қыркүйек, 2016.
13. Ермекова Т., Оданова С. Кестелі грамматика. – Алматы, 2015.
14. Отарбекова Ж., Нұржанова Б., Байтымбетова П. Нормативті қазақ тілі. – Алматы, 2015.
15. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000.
16. Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы. – Алматы, 2004.
17. Үөлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984.

Электронды қорлар

1. www.akorda.kz
2. abai.kz
3. history.kz
4. www.aktobegazeti.kz
5. massaget.kz
6. www.enu.kz
7. egemen.kz
8. baq.kz
9. alashainasy.kz
10. kitap.kz/audiobook
11. [www.youtube.com/watch?](http://www.youtube.com/watch?v=JyfXWQDwOjU)
12. bnews.kz/kz/news
13. latyn.mtdi.kz
14. 7kun.kz
15. zakon.kz
16. inform.kz
17. stat.gov.kz
19. www.enbek.gov.kz
18. biocenter.kz
20. kartv.kz

МАЗМУНЫ

Алғы сөз 4

I БӨЛІМ. МӘҢГІЛІК ЕЛ – МҰРАТЫМ. СТИЛИСТИКА 5

§1. «Қазақстан-2050» – Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы жол 6
§2. Мәңгілік Ел құндылықтары 9
§3. Мәңгілік Ел – бабалар арманы 12
§4. «Мәңгілік Ел» идеясы – ұлы мұратымыз 15
§5. Мәңгілік Ел болу үшін 18
§6. Тәрбие мен тәлім – әл-Фараби теориясының ажырамас бір бөлігі 21
§7. Астана – тәуелсіздік тұғыры 23
§8. Мәңгілік Ел – ұлт пен ұлым тілегі 25

II БӨЛІМ. ЖАҢАНДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ. СТИЛИСТИКА 27

§1. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» 28
§2. Жаһандану дәуірі мен ана тілі 31
§3. Қазіргі заманғы жаһандық мәселелер 35
§4. Мәдени жаһандану процесі 38
§5. Латын әліпбіне көшу – жаһандану талабы 40
§6. Жаһандағы қымбат 7 бренд 44
§7. Жаһандану процесіндегі Қазақстанның құндылық бағдарлары 48

III БӨЛІМ. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН.

«ЭКСПО-2017». СИНТАКСИС 51

§1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні 52
§2. Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық жетістіктері 56
§3. Тәуелсіз Қазақстаным 60
§4. Қазақ елінің тұңғыш Президенті 64
§5. Қазақстан Республикасының елордасы 68
§6. Есіл жағасындағы арман қала 72
§7. Болашақтың энергиясы 75
§8. «ЭКСПО-2017» – Қазақстанның мақтанышы 78

IV БӨЛІМ. АДАМ ҚҰҚЫҒЫ МЕН БОСТАНДЫҒЫ. СИНТАКСИС 81

§1. Азаттықтың Ата Заңы 82
§2. Азаматтардың құқықтары мен бостандығы 85
§3. Адам құқығы – мемлекеттің басты қуаты 88

§4. Әйел құқығы	92
§5. Бала құқығы – басты құндылық	96
§6. Бала құқықтарының қорғалуы.....	100
§7. Тұған жерге туың тік	104
V БӨЛІМ. ОТБАСЫ ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІС.	
СИНТАКСИС.....	107
§1. Отбасы – ұлт құндылығы	108
§2. Демография деген не?.....	111
§3. Қазақстан Республикасының демографиялық жағдайы	114
§4. Қазақстанның демографиялық саясаты.....	117
§5. Демографиялық ахуалы нашар мемлекеттер.....	121
§6. Әлемдегі демографиялық өзгерістер	124
§7. Қазақстандағы отбасы күні	127
VI БӨЛІМ. БИОТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНДІК ИНЖЕНЕРИЯ КЕЛЕШЕГІ. СИНТАКСИС	131
§1. Биотехнология – XXI ғасыр сұранысы.....	132
§2. Гендік инженерия – заман талабы.....	135
§3. Биотехнология саласындағы жаңалықтар.....	138
§4. Қазақстандағы биотехнология ғылымының дамуы	141
§5. Атақты биотехнологтер.....	144
§6. Әлеуметтік көзқарастар қақтығысы	146
VII БӨЛІМ. БҮҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ. СИНТАКСИС....	149
§1. Бүқаралық ақпарат құралдары – көпшілікке ақпаратты жеткізу құралдары	150
§2. Төртінші биліктің пайда болу тарихы.....	154
§3. Бүқаралық ақпарат құралдарының түрлері	156
§4. Әлемдік бүқаралық ақпарат құралдары.....	158
§5. Қазақстан Республикасының телеарналары.....	160
§6. Дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиаәлем	163
VIII БӨЛІМ. ӘЛЕМДЕГІ ҚАҚТЫҒЫСТАР ЖӘНЕ БЕЙБІТШІЛІК.	
СИНТАКСИС.....	165
§1. Әлемдегі саяси және әскери қақтығыстар ошағы	166
§2. Ұлтаралық қақтығыстар: себебі мен салдары	169
§3. Дінаралық қақтығыстар: шығу себебі мен салдары.....	172
§4. Әлем тыныштығын сақтайтын халықаралық үйімдар	175
§5. Бейбітшілікті аңсаған әлем елдері	177

§6. Қазақстан – бейбітшілік пен ынтымақтастық жаршысы.....	179
§7. Бейбітшілік және келісім сарайы	181
§8. Әлем тыныштығы – ел тыныштығының кепілі	184

IX БӨЛІМ. ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ.

ПУНКТУАЦИЯ	187
§1. Табиғат ресурстары және олардың түрлері	188
§2. Қазақстан жеріндегі табиғат ресурстары	191
§3. Табиғат ресурстары – ел байлығы	195
§4. Табиғат ресурстарын қорғау мәселесі	198
§5. Қазақстан Республикасының минералдық ресурстары.....	201
§6. Қазақстан Республикасының энергетикалық ресурстары.....	204
§7. Қазақстан Республикасының биологиялық ресурстары	207
§8. Баламалы ресурс көздері: бұгіні мен ертеңі	209
Тыңдалым мәтіндері.....	213
Халықаралық зерттеулер (timss, pisa) форматындағы тапсырмалар ұлгілері	229
Глоссарий	234
Пайдаланылған әдебиеттер	236



Назар аудар

Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда,
қосымшаны *arman-pv.kz* сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктел
алуыңа болады

Оқулық басылым

**Тыныштық Нұрдәулетқызы Ермекова
Клара Әлібекқызы Бертилеуова
Райхан Абайқызы Абишева**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің
9-сыныбына арналған оқулық

Суретшілері	А.Айтжанов, Д.Қдыров
Бас редакторы	Қ.Қараева
Редакторы	Н.Абдижаппарова
Техникалық редакторы	В.Бондарев
Көркемдеуші редактор	Е.Мельникова
Бильд редакторы	Ш.Есенкулова
Суретші-безендіруші	О.Подопригора
Мұқабаның дизайны	В.Бондарев, О.Подопригора
Беттегендер	С.Сулейменова, Т.Жумагулова, Л.Костина

Сатып алу үшін мына мекенжайларға хабарласыңыздар:
Нұр-Сұлтан қ., 4 м/а, 2-үй, 55-пәтер. Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54.
E-mail: astana@arman-pv.kz
Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй. Тел.: 8 (727) 316-06-30, 316-06-31.
E-mail: info@arman-pv.kz
«Арман-ПВ» кітап дүкені
Алматы қ., Алтынсарин к/сі, 87 үй. Тел.: 8 (727) 303-94-43.

Теруге 24.05.18 берілді. Басуға 30.05.19 қол қойылды. Пішімі 70x100 $1/16$. Қағазы офсеттік.
Қаріп түрі «ММ Мекептік». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 19,35. Таралымы 50000 дана.

Артикул 809-002-001к-19